

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ

**МЕДИХАНОВА А.Б.
ИСАЕВА Л.Н.**

МАМАНДАНУ ЕЛІНІҢ ТАРИХЫ (АҚШ ТАРИХЫ)

5B020200 - «Халықаралық қатынастар»
мамандығы студенттеріне арналған оқу-әдістемелік құрал

Ақтау, 2012

УДК 94.(7/8)
ББК 63.3 (7АҚШ)
М39

РЕЦЕНЗЕНТТЕР: Бекешев С.С., тарих ғылымдарының кандидаты,
Манғыстау «Болашақ» институтының доценті

Абланова Э.А., тарих ғылымдарының кандидаты,
Манғыстау политехникалық колледжі

М 39 Медиханова А.Б., Исаева Л.Н.

Мамандану елінің тарихы (АҚШ тарихы): Оқу-әдістемелік
құрал/А.Б.Медиханова, Л.Н.Исаева.- Актау: Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ-і,
2012.- 133б.

ISBN 978-601-7349-45-5

Оқу-әдістемелік құралда Солтүстік Америка аумағында алғашқы адамдардың пайда болуынан бастап Азамат соғысы (1861 – 1865 жж.) мен Қайта құруға (1865 – 1877 жж.) дейінгі аралықтағы АҚШ-тың тарихи дамуының мәселелері қарастырылады.

Оқу-әдістемелік құрал «Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша оқитын студенттерге және АҚШ тарихының мәселелеріне қызығушылық танытқандардың барлығына арналған.

УДК 94.(7/8)
ББК 63.3 (7АҚШ)

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің Оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған

ISBN 978-601-7349-45-5

© Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік
технологиялар және инжиниринг университеті, 2012

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
1. Солтүстік Америкада отарлар құрылғанға дейінгі кезең.....	5
2. Солтүстік Америкада отарлардың құрылуы.....	17
3. Америкалық отаршылдық қоғам.....	23
4. Мемлекет пен ұлттың қалыптасуы: Тәуелсіздік үшін соғыс (1775 – 1783 жж.).....	32
5. АҚШ-тың құрылуы және ұлттық үкіметтің қалыптасуы.....	42
6. АҚШ-тың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары (ХҮІІІ ғ. аяғы – 1860 ж.)	58
7.Джексондық демократияның дамуы.....	68
8.ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы АҚШ-тың аумақтық экспансиясы.....	79
9.Азамат соғысы (1861 – 1865 жж.) және Реконструкция (1865 – 1877 жж.).....	102
Өзін-өзі тексеруге арналған тест тапсырмалары.....	124
Әдебиеттер тізімі.....	133

КІРІСПЕ

«Мамандану елінің (АҚШ) тарихы» пәні АҚШ елін мамандану елі ретінде таңдаған халықаралық қатынастар мамандығының студенттеріне арналған.

Курстың мақсаты мамандану елінің тарихы бойынша білімдерін кеңейту және тереңдету, маманданатын елдің саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі мәселелерін талдау, тарихи дамуы мен өмір сүруінің жалпы заңдылықтарын анықтауды оқыту болып табылады.

Мамандану елінің сыртқы және ішкі саясатының басты мәселелерін қарастыру, қоғамдық-саяси ой дамуының кезеңдерін айқындау, әлеуметтік қатынастардың қалыптасу және даму, халықаралық қатынастар және идеология динамикасын талдау, мамандану елі тарихының негізгі кезеңдерін белгілеу, елдің тарихи дамуының мазмұнын құрастыратын оқиғаларын анықтау, әлемдік қауымдастықтың негізгі бір елі ретінде АҚШ-тың даму тенденцияларын көрсету, мамандану елінің әлеуметтік және тарихи жүйелері арасындағы байланысты көрсету, психологиялық ерекшеліктерін, идеологиялық ұстанымдарын, саяси мәдениетін, қоғамдық саяси қозғалыстарды, партияларды көрсету курстың міндеттері болып табылады.

Мамандану елінің тарихы пәнінің ерекшелігі күнделікті ағымдағы оқиғаларды жақсы білу. Сондықтан да тек дәрістік мағлұматтарды игеріп, арнайы әдебиеттермен танысып қана қоймай, баспасөзде, ақпарат құралдарында, басылымдарда шыққан мәліметтермен танысу қажет. Мамандану елінің тарихы географияны жақсы білуді талап етеді. Өзіндік жұмыс барысында студент әр түрлі әдебиеттермен жұмыс істейді. Сондықтан ол әртүрлі көзқарастарды, пікірлерді талдай отырып, өзінің жеке пікірін қалыптастыруға үйренеді.

«Мамандану елінің тарихы» пәні студенттің Еуропа және Америка елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихы, Азия және Африка елдерінің тарихы, Дипломатиялық және консулдық қызмет пәндері бойынша мағлұматтарды меңгергеннен кейін, сонымен қатар Халықаралық қатынастар тарихын қоса меңгеріп жатуымен сәйкес сабақталып жатады.

Автор мәселелік, пәндік байланыс сияқты әдістерге негізделген дәстүрлерге сүйенеді. Оқытудың осындай түрі студент болмысын қалыптастыруға, оларды ғылыми және тәжірибелік мәселелерді шешуге жігерлендіруге тиімді.

Оқу-әдістемелік құралды жасау барысында қалыптасқан білім негіздері мен аналитикалық ойлау тәжірибелерінің дамуына, мамандану елін кешенді танып-білудің қазіргі қажеттілігіне сәйкес білім беру аспектісі таңдалынып алынды.

1. СОЛТҮСТІК АМЕРИКАДА ОТАРЛАР ҚҰРЫЛҒАНҒА ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢ

XX ғасырды көбінесе «америка ғасыры» деп те атайды. XX ғасырға өз атауын берген және қазіргі заманғы әлемнің басты ірі державасы болып табылатын бұл елге деген қарым-қатынас Американың тарихи тәжірибесі сияқты қарама-қайшылықты.

Көпшілік Америка Құрама Штаттарын тарихы қысқа, сондықтан да тарихи дәстүрлері мен мәдениеті аса көрініс бермейтін ел ретінде түсінеді. Іс жүзінде бұл үстірт түсінік. Шын мәнінде солтүстікамерикалық қоғам «таза беттен» емес, ол XVII ғасырда, ағылшын және жалпы батыс өркениетінің жалғасы ретінде пайда болды. Жаңа Дүниеге түп-тамырлары Ежелгі Греция мен Ежелгі Римнен басталатын өркениеттік сипаттамалар енгізілді. Олардың қатарына – қоғаммен қатынастағы жеке тұлғаның дербестігі (автономиясы) идеясын, жеке меншікке деген ерекше құрметті, саяси биліктің құқықтық сипатын жатқызуға болады. Бұл құндылықтардың Солтүстік Америкада орнығу себебіне олардың дамуына Ескі Дүниеге қарағанда Жаңа Дүниеде жағымды мүмкіндіктердің болғандығын айтуға болады.

Европалық Отанымен саналы түрде қоштасқан қоныс аударушылардың көпшілігі Жаңа Дүниеде Ескі Дүниедегі (Европадағы) феодалдық мұра мен қалдықтардың терең енуіне қарсы болды. Олар мұхиттың арғы жағында ерікті буржуазиялық қоғам орнатуға тырысты. Алайда бұл тәжірибе толық іс жүзіне аспады, себебі Жаңа Дүниеге ақсүйектердің бір бөлігі де қоныс аударды, ал оңтүстік отарларда құлиеленушілік тарады. Соған қарамастан, солтүстікамерикалық қоғам өзінің пайда болған кезінен бастап буржуазиялық бастамаларды қабылдауда феодалдық-буржуазиялық Англияға қарағанда көп алда болды. Ол радикалды түрде жаңарған Англия сияқты еді және бұл жағдай шығыс атлантикалық қоныстардың орталығында көрініс тауып, ол оның атауы Жаңа Англиядан көрінді. Жаңа Англияда ескі Англияға қарағанда буржуазиялық еркіндік жоғары болып шықты.

Буржуазиялық еркіндіктің, дарашылдық пен капитализмнің дамуы үшін, сол кезеңнің өлшемі бойынша, Солтүстік Америкадағы жердің кең болуы да қолайлы болды. Англиядан бірнеше есе үлкен болып табылатын орасан зор құрлық бос еді (үндістер оның аз ғана бөлігін мекендеді және олардың жерлерін барған сайын ақ түсті, айлакер пилигримдер алдап алып отырды). Көптеген жер бөліктері миллиондаған тәуелсіз буржуазиялық жеке меншікшілердің (жер иелерінің) пайда болуына мүмкіндік берді. Үш ғасыр бойы – XVII, XVIII, XIX ғасырларда америкалықтардың қалың бұқарасы, оның ішінде төменгі топ өкілдері батыс жерлерге қоныс аударып, тәуелсіз жеке меншік иелеріне айналып отырды. Мұндай әлеуметтік алмасушылық АҚШ-тың экономикалық өрлеуінің маңызды негізі болып, XIX ғасырдың соңында АҚШ дүниежүзілік экономикада басты позицияға ие болды.

АҚШ-тың экономикалық тез дамуына ықпал еткен, қолайлылық туғызған тағы бір фактор – иммигранттардың толассыз ағылып келуі болып табылады, америкалық тарихтың алғашқы үш ғасырында қоныс аударуға заңды түрде шек

қойылмады. Әрине, иммигранттар әртүрлі адамдар еді, алайда олардың ішінде кәсіпкер, батыл, өжет, тайынбайтын адамдар көп еді (мұхиттың арғы жағына, білмеген, көрмеген жерге саяхат жасау – батылдықты қажет ететін еді). Америкаға келгеннен кейін олар жанын салып еңбектеніп, жағдайы жақсарып, ұлттың жалпы байлығының өсуіне үлес қосты.

АҚШ-тың тұрақты қоғамдық-тарихи дамуының тағы бір қолайлы факторы – басқа елдерге қарағанда, оның географиялық, геосаяси жағынан қолайлы орналасуы болып табылады. Әлемдік өркениеттің басқа орталықтарынан екі мұхит арқылы бөлініп жатқан АҚШ-қа ірі ауқымдағы әскери-саяси жанжалдарға тікелей қатысу қаупі төнген жоқ. XX ғасырдағы екі дүниежүзілік соғыс еуропалық және азиялық ірі державаларды титықтатып, әлсіретті. Ал АҚШ өзіне достық ниеттегі коалицияларды қаржылай қолдай отырып, бұл соғыстардан экономикалық жағынан күшейіп шықты.

Міне, бұл факторлардың барлығы АҚШ-тың қоғамдық-тарихи табысты дамуының маңызды объективті себептері болды.

Мамандану елінің (АҚШ) тарихы пәнінің тарихнамасына келсек, кеңестік (ресейлік) американистика елтанудың ерекше бағыты ретінде XIX ғасырдың II-жартысында пайда болды. Алайда XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың I-жартысында Ресейде Америка тарихын алғашқы зерттеушілер пайда болды, оларға Ф.К.Каржавин мен П.П.Свиньинді атауға болады. Америкаға, оның ерте тарихына өз шығармаларын арнаған орыс жазушылары мен ақындарынан А.Д.Кантемирді, М.В.Ломоносовты, А.П.Сумароковты, Г.Р.Державинді, И.А.Крыловты, Д.И.Фонвизинді, А.Н.Радищевті, Н.М.Карамзинді, А.С.Пушкинді және т.б. атауға болады.

XIX ғасырдың II-жартысында Ресейде АҚШ-ты зерттеумен айналысатын маманданушы зерттеушілердің саны арта түсті. Жаңа ғылыми пәннің көрнекті өкілі, құқықтанушы, Харьков университетінің профессоры Д.И.Каченовский болды. Тау-кен инженері, жазушы А.А.Скальковскийдің білімі кең болып, ол өзінің «АҚШ-тағы тау-кен заңнамасы» (1876), «Езгі мен еркіндік елінде: Жол барысындағы әсерлер» (1878), «Тынық мұхиттағы орыс саудасы» (1883), «Ресейдің сыртқы саясаты және шетел державаларының жағдайы» (1897) атты кітаптарын шығарды. Экономистер және статистер ерлі-зайыптылар И.И.Янжул және Е.Н.Янжул-Вельяшева мынадай еңбектердің авторлары болып табылады: «Солтүстік Американың Құрама Штаттарындағы кәсіпшілік синдикаттар немесе өндірісті реттеудің кәсіпкерлік одақтары», «АҚШ-тың бастауыш мектептеріндегі оқыту әдістері», «Америкалық мектеп: америкалық педагогика әдістерінің очерктері». Сонымен бірге олар көптеген мақалалар жазды. Тарихшы, заңгер, әлеуметтанушы М.М.Ковалевский америкалық конституциялық құқық және АҚШ Конституциясының тарихы, АҚШ-тағы жергілікті өзін-өзі басқару мен аграрлық мәселелер туралы еңбектердің авторы, сонымен қатар оның «Парламент деген не?» (1906) деген еңбегі бар. ММУ-дің профессоры, философ, заңгер және тарихшы Б.Н.Чичерин – саяси ғылым курсының авторы, оның еңбегінің бөлімдері Азамат соғысынан кейінгі АҚШ-тың тарихына арналған. ММУ профессоры, АҚШ-тың конституциялық құқығы

мен саяси тарихы бойынша дәрістер оқыған С.Ф.Фортунатов – «АҚШ-тағы саяси ілімдер» (1879) атты екі томдық еңбектің авторы. «Саяси ғылымға еңбектерін арнаған М.Я.Острогорский – «АҚШ-тағы демократия және партиялық жүйе» (1903 жылы француз тілінде шыққан) деген зерттеудің авторы. Бұл еңбек 1912 жылы Нью-Йоркте ағылшын тілінде жарық көрді. 1927 және 1930 жылдары Москвада оның «Демократия және саяси партиялар» деген еңбегінің екі томы француз тілінен аударылып шықты. Кейінгі кезеңдегі американистер қатарына ғылым, қоғам қайраткері, «Америка Құрама Штаттары және Ресей» (1965) деген еңбектің авторы болған Н.А.Бородинді жатқызуға болады.

XIX ғасырда және XX ғасырдың алғашқы он жылдықтарында АҚШ тарихы бойынша фундаменталды энциклопедиялық еңбектер шыққан жоқ. АҚШ туралы барынша толық мәлімет Ф.А.Брокгауз бен И.А.Ефронның Энциклопедиялық сөздігінің (1890-1907) 1-томындағы «Солтүстік Американың Құрама Штаттары» мақалаларында берілді.

АҚШ туралы анықтамалық-ақпараттық мақалалар Үлкен кеңестік энциклопедияның үш басылымында (1926 – 1945, 1949 – 1958, 1970 – 1978 жж.) жинақталды. АҚШ бойынша алғашқы фундаменталды анықтама 1942 жылы Ф.Н.Петровтың, П.И.Лебедев-Полянскийдің және Б.Ю.Сливкердің редакциясымен жарық көрді.

Елтанудың арнайы бағыты ретінде американистиканың гүлденуі КСРО-да екінші дүниежүзілік соғыстан кейін басталды, бұған АҚШ пен КСРО-ның соғыс жылдарындағы одақтастық қатынастары да ықпал етті. Алайда оның тарихын қоса алғанда, АҚШ туралы фундаменталды зерттеулер тек қана 1960 – 1970 жылдары шықты.

1972 жылы А.В.Аникиннің редакциясымен «Америка Құрама Штаттары» атты анықтама жарық көрді, онда негізінен АҚШ-тың экономикалық және әлеуметтік-экономикалық мәселелері көрініс тапты. 1989 жылы Э.А.Иванянның редакциясымен «Қазіргі заманғы Америка Құрама Штаттары» деген фундаменталды энциклопедиялық анықтама шықты, оны жасауға 100-ден аса автор қатысты. 1991 жылы АҚШ экономикасына арналған «Америка Құрама Штаттары» атты ұжымдық монография шықты. Алғашқы ағылшын-орыс лингвоелтанулық «Американа» сөздігі 1996 жылы Г.В.Черновтың жалпы редакциясымен шықты. Сөздік АҚШ туралы толық энциклопедиялық мәліметтерді қамтиды: тарихы, мемлекеттік, экономикалық, әлеуметтік құрылысы, әдебиеті, өнері және т.б. туралы 20 мыңдай мақала бар. Оған сонымен бірге америка тарихының, ғылымы мен мәдениетінің көрнекті өкілдері туралы мәліметтер де енгізілген. 1999 жылы 10 мыңнан аса сөздіктік мақаладан тұратын Г.Д.Томахиннің сөздігі шықты.

Алайда революцияға дейінгі Ресейде де, кеңестік билік жылдары да АҚШ-тың жана және қазіргі заманғы тарихы туралы оқулық болған жоқ. Оның ролін түрлі монографиялар алмастырды: А.В.Ефимовтың «АҚШ тарихының очерктері: Американың ашылуынан Азамат соғысының аяқталуына дейін» (1955), Г.Н.Севостьяновтың редакциясымен «АҚШ-тың жаңа және қазіргі

заман тарихының очерктері» (1960) атты екі томдығы, Л.И.Зубоктың «АҚШ тарихының очерктері» (1956) және «АҚШ-тың қазіргі заманғы тарихы» (1972), Л.И.Зубок пен Н.Н.Яковлевтің «АҚШ-тың қазіргі заман тарихы» (1972), Н.В.Сивачев пен Е.Ф.Язьковтың «АҚШ-тың қазіргі заманғы тарихы» (1972) еңбектері. Г.Н.Севостьяновтың редакциясымен шыққан фундаменталды 4 томдық «АҚШ тарихын», Н.Н.Болховитиновтың редакциясындағы 3 томдық «Орыс Америкасының тарихын» (1997 – 1999) , сонымен бірге Э.А.Иванянның редакциясындағы «Орыс-америка қатынастарының энциклопедиясы: XVIII – XIX ғғ.» еңбектерін ерекше атауға болады. Сонымен бірге Америка тарихының жекелеген кезеңдеріне арналған тарихшы-американистер И.А.Беляевскаяның («Теодор Рузвельт және АҚШ-тың қоғамдық-саяси өмірі», 1978), Н.Н.Болховитиновтың («Орыс-америка қатынастарының қалыптасуы: 1775 – 1815 жж.», 1966), Р.Ф.Ганелиннің («Ресей және АҚШ: орыс-америка қатынастары тарихының очерктері: 1914 – 1917 жж.», 1969; «1917 жылдың аяғы мен 1918 жылдың басындағы кеңес-америка қатынастары», 1975), И.П.Дементьевтің («АҚШ-тағы 1861 – 1865 жылдардағы Азамат соғысының америкалық тарихнамасы», 1963; «Экспансия мәселелері бойынша АҚШ-тағы идеялық күрес: XIX – XX ғасырлар межесі», 1973), А.В.Ефимовтың, Р.Ф.Ивановтың («Америкалық тарих және негрлер мәселесі», 1976; «Дуайт Эйзенхауэр», 1983; «Авраам Линкольн дипломатиясы» 1987; «Сталин және одақтастар: 1941 -1945жж.», 2000), Э.А.Иванянның («Ақ үй: Президенттер және саясат», 1979; «Джордж Вашингтоннан Джордж Бушқа дейін: Ақ үй және пресса», 1991; «Рональд Рейган: өмірі мен уақыт хроникасы», 1991), Г.П.Куропятниктің («Екінші америкалық революция», 1961; «АҚШ-тағы фермерлік қозғалыс: грейнджерлерден Халықтық партияға қарай», 1971; «Тәуелсіздік жолындағы соғыс және АҚШ-тың құрылуы», 1976; «Ресей және АҚШ: экономикалық, мәдени және дипломатиялық байланыстар: 1867 – 1881 жж.», 1981), В.И.Ланның («АҚШ-тағы таптар мен партиялар», 1932; «АҚШ», 1939; «АҚШ: Бірінші дүниежүзілік соғыстан Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін», 1947, 1976; «Соғыс және соғыстан кейінгі жылдардан кейінгі АҚШ: 1940 – 1960 жж.», 1964; «Испан-америка соғысынан Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін», 1975), В.Л.Мальковтың («АҚШ-тағы жаңа бағыт: әлеуметтік қозғалыстар және әлеуметтік саясат», 1973; «Франклин Рузвельт: ішкі саясат және дипломатия мәселелері», 1988), А.С.Манькиннің («АҚШ-тың екіпартиялық жүйесінің тарихы», 1981), Ю.М.Мельниковтың («АҚШ және гитлерлік Германия: 1933 – 1939 жж.», 1959; т.б.), В.А.Никоновтың («Эйзенхауэрден Никсонға дейін: Республикалық партияның тарихынан», 1984; «Республикашылдар: Никсоннан Рейганға дейін», 1988), В.А.Печатновтың («АҚШ: саяси ойы және тарихы», 1976; «Гамильтон және Джефферсон», 1984 т.б.), Г.Н.Севостьяновтың, Л.Ю.Слезкиннің («1898 жылғы испан-америка соғысы», 1956; «Америка тарихының бастауында: Виргиния және Жаңа Плимут: 1608 – 1642 жж.», 1980 т.б.), В.В.Согриннің («АҚШ-тың негізін салушылар: Саяси портреттер», 1983; «Америкалық тарихтың мифтері мен нақтылықтары», 1986; «Джефферсон: Адам. Ойшыл. Саясатшы», 1989; «АҚШ-

тың саяси тарихы», 2001 т.б.), А.И.Уткиннің («Вуро Вильсон дипломатиясы», 1990; «АҚШ және Жапония: кешегісі, бүгінгі, ертеңі», 1990 т.б.), А.А.Фурсенковтың («Америка мемлекеттілігінің қалыптасуы», 1992; «Кубалық ракеталық дағдарыс», 1993 т.б.), Б.М.Шпотовтың («АҚШ-тағы өнеркәсіп төңкерісі», 1991; «АҚШ-тағы фермерлік қозғалыс: 1780 – 1790 жж.», 1982), Н.Н.Яковлевтің («Вашингтон», 1973; «Франклин Рузвельт: Адам және саясатшы: Жаңаша оқу», 1981) және т.б. еңбектерін атауға болады. Олардың еңбектері америкалық тарихты зерттеу ісіне қомақты үлес қосты.

Колумбқа дейінгі Америка әлемдік өркениет дамуының аса маңызды кезеңдерінің және қызықты мысалдарының бірі болып табылады. Кеңінен таралған көзқарас бойынша, ежелгі уақытта Американы көптеген үндіс тайпалары мекендеген, олардың арасында мәдени дамуда анағұрлым жетістікке пирамидалар соғып, алпауыт тас мүсіндер жасап, ақырында испандық конкистадорлар бағындырған ацтектер, майя, инктер жеткен.

Ежелгі америкалық өркениеттер бізге техникалық және шаруашылық, мәдениет, қоғамдық даму салаларындағы қабілеттердің биік жетістіктеріне бізге үйреншікті құралдарсыз жетудің жарқын көріністерін ұсынады. Еуропалықтар келгенге дейін үндістер ешқашан темір қарулар жасамаған, олар жануарларды арбаға жекпеген, дөңгелектерді пайдаланбаған. Олар Ескі Дүниеде белгілі болған ауыл шаруашылық мәдениетінің ешқайсысына бейімделмеген. Тамаша пирамидалар мен сарайлар салу үшін күрделі техникалық құрылғыларды қолданбаған. Алайда, соған қарамастан олардың жетістіктері таңданыс пен сүйсіну тудырады.

Америка құрлығында адамдардың қалай пайда болғандығы жөніндегі мәселе барлық кезеңдердің зерттеушілерін қызықтырған. Бұл жөнінде бірыңғай көзқарас жоқ. ХІХ ғасырда сол уақыттың ғылыми әлемі екі жаққа бөлінді: диффузионистер және изоляционистер. Алғашқылар ежелгі америкалық өркениеттер: майя, ацтек, инктердің пайда болуын Ескі Дүниенің ежелгі өркениеттерінің тікелей ықпалымен деп түсіндіреді. Ең алдымен, теңізде жүзе білетіндердің және Атлант мұхитынан өтіп, Америка жағалауына өте алатындардың: египеттіктердің, финикиялық гректердің, римдіктердің, кельттердің, қытайлардың, полинезиялықтардың ықпалы зор болған деседі. Тіпті мүлдем фантастикалық мазмұндағы теориялар да пайда болып жатты: үндістер – жоғалып кеткен, бір кездері Атлант мұхитының ортасында орналасып, жойылып кеткен Атлантида құрлығын жайлаған атақты атланттардың ұрпақтары. Изоляционистер болса, керісінше, аталмыш байланыстардың барлығын жоққа шығарды, колумбтық кезге дейінгі өркениеттің автохтонды сипаттағы шығу тегіне сілтеп жүрді.

Америкада әлі күнге дейін қазылып алынған ешқандай антропоидтың немесе адам тектес маймылдың қалдығы табылған жоқ. Осыдан келіп ғалымдар Американың алғашқы қоныстанушыларының бұл құрлыққа дүниенің басқа бөлігінен келгендігі туралы қорытынды жасайды. Қазіргі заманғы зерттеулер, атап айтқанда Солтүстік Америкадағы ежелгі палеолиттік мекендерден табылған заттарға қарағанда, америкалық құрлыққа алғаш рет адамның енген

жері Берингия болып шықты, бұл – Чукот түбегі мен Аляска арасындағы құрлықтық жер, ол мұзды дәуір кезеңінде әлемдік мұхит деңгейінің төмендеуі әсерінен пайда болған. Осылайша, палеолиттік аңшылар тобы азиялық құрлықтан америкалық құрлыққа өте алды, одан кейінгі бірнеше мыңжылдықтар бойы олардың ұрпақтары америкалық құрлыққа оның оңтүстіктегі шеті – Отты жерлерге дейін қоныстанды. Мұны америкалық үндістердің моңғолдық нәсілге жататындығы да растайды, яғни олардың арғы тегін Азиядан іздеген жөн. Басқа нұсқа да бар, оған сәйкес бір уақытта немесе сәл кейінірек құрлықтың оңтүстік бөлігін батыс жақтан бастап игеру жүрген болуы да мүмкін, ол жерлерге Полинезиядан шыққандар да баруы мүмкін. Қалай болғанда да, бұл алғашқы қоныстанушылар Американың шын мәніндегі алғашқы ашушылары болып табылады және олардың басқа қоныстанушылардың барлығынан да ұзағырақ қоныстануына орай олардың Американың байырғы тұрғындары деп аталуына толыққанды негіз бар.

Америкаға адамзаттың аяқ басу уақыты туралы мәселе таласты болып қала бермек, бір көзқарас бойынша, бұл өте ерте кезеңде, шамамен б.з.д. 50000 жылы, басқа бір пікір бойынша – кейінірек, шамамен б.з.д. 20000 жылы болған. Қалай айтқанда да, Солтүстік Америкадағы ерте археологиялық қазбалар б.з.д. 18000 жылмен белгіленеді.

Жабайы аңшылар мен терімшілер топтары табиғи-географиялық жағдайлары бойынша әр түрлі аумақтарды игерді: Солтүстік Американың тундра, тайга, шөл далалар мен жазықтары, Кариб теңізінің аралдары, Амазонияның шексіз тропикалық ормандары, Андтың таулы өлкелері және Патагонияның көгалды шалғынды жерлері, мұның барлығы олардың мәдени даму дәрежесінен көрініс тапты, бірақ тек кейбір салаларда ғана жоғары дамыған өркениеттің пайда болуына жағдайлар қалыптасты.

Колумбтық кезеңге дейінгі бүкіл Американы зерттеу аса маңызды екі аймақпен – Мезоамерика және Анд өркениетімен байланысты, олар өздерінің бай тарихымен, көптеген архитектуралық ескерткіштерімен, монументалдық мүсіндерімен, өнер туындыларымен және XVI ғасырдағы отарлау кезеңіндегі европалық шежірешілердің көптеген жазбаларымен танымал. Тек осы аймақтардың шеңберінде Америка аумағында белгілері мен сипатты қырлары бойынша толық түрде жоғары дамыған өркениет анықтамасына сай келетін мәдениеттер қалыптасты.

Нақты солтүстікамерикалық құрлық туралы айтар болсақ, археология ғылымы арқасында жинақталған білімдер Солтүстік Америка аумағында прогрессивті түрде дамыған үндіс қоғамдарының он бір мыңжылдыққа жуық созылған бірізді ауысуының барысын бақылауға мүмкіндік береді. Археологтар континент аумағында екі ежелгі палеоүндістік мәдени дәстүрлердің өмір сүргендігін анықтады:

- жайлаулық зонадағы орталығы бар, ірі жабайы құстарды аулаған аңшылар мәдениеті;

- тынықмұхиттық солтүстік-батыстағы Кордильер мәдениетінің маманданбаған аңшы-терімшілері.

Олар б.э.д. VIII мыңжылдыққа дейін өмір сүрді және орманды зонаның үлкен кеңістіктерінде, шығыста, үстіртте, Үлкен бассейнде және материктің солтүстік-батысында қалыптасқан барлық кейінгі жергілікті деңгейде жіктелген мәдениеттер үшін негіз болды.

Материктің шығыс орманды зонасында, далалардан шығысқа қарай қоныстанған үндіс халқының тарихында археологтар үш жалғасқан кезенді анықтады: архаикалық кезең, вудленд кезеңі және Миссисипи мәдениеті кезеңі.

Палеоүндістердің ірі құс аулаған аңшылардың кезеңін алмастырған Архаикалық кезең (б.з.д. VIII-I мыңжылдықтар) маманданбаған иемденуші шаруашылық кезеңі ретінде сипатталады, онда қоңыр салқын климаттың ормандарының түрлі табиғи байлықтары мен су қоймаларын тиімді пайдаланылды. Аңшылық, балық аулау, жабайы дәнді дақылдар мен жемістерді жинау көп жағдайда отырықшы өмірге бейімдеді және сонымен бірге ағашты өңдеу, тас ыдыстарды дайындау, сүйек бұйымдар мен әшекейлерді дайындау сияқты машықтардың дамуы қатар жүрді. Бұл кезеңнің жерлеу құралдары өлгендерді кастерлеудің дамығандығын көрсетеді және әлеуметтік жіктелістің болғандығы туралы болжамдар жасауға негіз береді. Материктің батысында дәл осы кезеңде Кордильер ежелгі мәдениеттерінің негізінде жергілікті маманданған мәдениеттер пайда болады. Үлкен Бассейн, Оңтүстік-Батыс, Төменгі Калифорния аумақтарында мәдениеттің «жартылай шөл» деп аталған түрі қалыптасады, онда жабайы дақылдар мен жемістер жинау үстем болды. Солтүстік-батыста жағалаулық балықшылардың, аңшылардың, терімшілердің (Тынық мұхит жағалауында) және өзендік балықшылардың, орман аңшыларының және терімшілердің (үстірт) мәдениеттері қалыптасты. Калифорнияда Приморье мен өзендік алқаптардың терімшілерінің, балықшылары мен аңшыларының мәдениеттері дамыды.

Б.з.д. I мыңжылдықта Солтүстік Американың орманды зоналарының архаикалық мәдениеттері вудленд мәдениеттерімен алмасады, оның бір нұсқалары материктің далалық зоналары мен солтүстік-шығысында орын алды. Вудленд мәдениеттері алдыңғы кезеңнің мәдени дәстүрлерінің дамуының жалғасы болды, алайда аңшылық пен балық аулауға жер өңдеу, керамика жасау қосылды. Бұл мәдени дәстүрдің жаңа қыры зираттық қорғандарды салу болды. Жерлеу құрылғылары әлеуметтік жіктелістің дамығандығын көрсетті. Жер өңдеу мен аңшылық - терімшіліктің маңызының ара қатынасындағы айырмашылықтардың негізінде бұл кезеңнің үндістік мәдениеттеріндегі аймақтық айырмашылықтар қалыптасты.

Вудленд мәдениетінің тарихын археологтар екі кезеңге бөледі: зират қорғандарының бірінші сатысы (б.з.д. I мыңжылдық – б.э. III ғасыры), оларды құрылысшылар Аден халқы деп атайды және зираттық қорғандардың екінші сатысы (б.з. III-VII ғасырлары), хоупвеллдік деп аталған кезең. Хоупвелл мәдениеттері вудленд мәдени дәстүрлерінің гүлденуін көрсетті. Оған тән белгілер: үйілген жерлермен бекітілген үлкен елді мекендер, кәсіптердің дамуы – мыс, күміс, метеориттік темірді өңдеу және қолданбалы өнердің дамуы (көркем керамика, қыш және тас мүсіндер); үлкен зираттық қорғандар және

әлеуметтік жіктелістен хабар беретін күрделі жерлеу дәстүрі. Хоупвельдіктердің ықпалы материктің далалық зонасы мен шығысындағы мәдениеттердің қалыптасуында да көрініс тапты. Вудленд мәдениеттері далаларда б.з. X ғасырына дейін өмір сүрді, ал солтүстік-шығыста материкті европалықтардың ашу кезеңіне дейін жалғасты.

Б.з. VII ғасырының соңында мәдени орталық Миссисипи өзенінің ортаңғы және төменгі ағысындағы алқабы мен Мексика шығанағының жағалауына шоғырланды. Б.з. VII-XV ғасырлары кезеңі Миссисипи өзенінде Миссисипи мәдениетінің дамуымен сипатталады. Бұл негізінен жер өңдеу мәдениеті. Бұл мәдениеттің ескерткіштері отырықшы мекендер болып табылады: үлкен, бекітілген қалалар; храмдық немесе сарайлық типтегі ғимараттарға платформа ретінде болған қорғандар. Керамикалық бұйымдардың орнаменттерінің жаңа формалары, ағашты жоғары көркемдік ою, ұлу тас пен металдан жасалған көркем бұйымдар, тасты көркемдеп өңдеу пайда болды. Мұның барлығы Жаңа Дүниенің ашылу уақытына қарай үндістер мәдениетінің жоғары жетістіктерге жеткендігін білдіреді. Мұнда сол уақыттағы үндіс қоғамы таптық қоғамға өту кезеңін бастан кешіп жатты. Археологиялық зерттеулер арқасында «кочиз», «могольон», «хохокам» және «анасази» үндіс мәдениеттерінің қалай дамығандығын байқауға болады.

Кочиз алғашқы жер өңдеу мәдениеті болды. Олардың қыш бұйымдары тұрпайы болды. Баспана ретінде үңгірлер пайдаланылды. Могольон мәдениеті Аризонаның оңтүстік-шығысы мен Нью-Мексиконың оңтүстік бөлігінде дамыды. Оның тұрғындары шағын ауылдар болып өмір сүрді және жер өңдеумен айналысты. Біраз уақыттан кейін Аризонының оңтүстік-батысында хохокам мәдениеті дами бастады. Бұл мәдениетті жасаушылар Солтүстік Америкадағы сол кездегі жер өңдеудің ең жетілген ирригациялық жүйесін дамытты. Оларда мақта, мақтадан мата жасау пайда болды. Олар керамикаға жазуда, қыш мүсін жасауда үлкен көркемдік жетістіктерге жетті; қыш пен тастан жер асты көп бөлмелі жатақ үйлер тұрғызды, оны испан конкистадорлары «пуэбло» деп атады. Өздерінің алдындағы буындардан қалған жер асты үйлерін хохокам үндістері киелі орын – «киваға» айналдырды.

Анасази мәдениеті Солтүстік Американың анағұрлым дамыған жер өңдеу мәдениеті болды және ол оңтүстік-батыс аймақтың солтүстік бөлігінде дамыды. Анасази мәдениетінің тарихын археологтар екі кезеңге бөледі: «дамыған пуэбло» (б.з. VII-X ғғ.) және «ұлы пуэбло (б.з. X-XIII ғғ.). Бұл кезеңде үндістер өзендердің терең шатқалдарында немесе жартастардың өздерінде алып көпқабатты үйлер тұрғызды. Олар негізінен Колорадо және Са-Хуан өзендерінің шатқалдарында топтасты. XII ғасырдың соңына қарай үндістер өздерінің үлкен қала-қоныстарын тастап, жазық қыраттарға қоныстанып, үйлерін сала бастады. Мүмкін, бұл – осы жерлерде жауынгер атапаска тайпаларының – апачей және навах жасақтарының пайда болуымен, сондай-ақ XIII ғасырда ацетектердің қоныс аударымымен байланысты болған шығар. Археологиялық зерттеулер көрсеткендей, Солтүстік Американың үндіс халқы материкті европалықтар ашып, отарлау басталған кезеңге қарай үлкен әрі

күрделі тарихи даму жолынан өткен. Солтүстік Америкадағы аборигендердің шаруашылық өмірі әр алуан болған.

Материктің ашылу уақытына қарай оның аумағында алты шаруашылық-мәдениеттік тип қалыптасты: 1) теңіз жануарларын аулаушылар және арктикалық жағалаудың жабайы құстарын аулаушылар – эскимостар мен алеуттер; 2) тайгалық аңшылар мен балықшылар – Солтүстік Канададағы атапаскілер мен алгонкиндер; 3) отырықшы балықшылар, теңіз аңшылары, моллюска, жабайы өсімдіктер мен жемістерді жинаушылар – солтүстік-батыс жағалаудағы тлинкиттер, хайда, квакиютлдер және нуткалар, Флориданың оңтүстігіндегі калузалар. 4) Калифорния мен Ұлы көл ауданының жабайы дақылдарын жинаушылар мен аңшылар; 5) материк шығысындағы жер өңдеушілер мен жабайы құстарды аулаушылар – ирокез, алгонкин, муског тайпалары; 6) қолдан суландыруды пайдаланған жер өңдеушілер – оңтүстік-батыстың үндістері. Жаңа Дүниені ашқаннан кейін, XVII-XVIII ғасырларда, материктің далалық зонасында жаңа, жетінші шаруашылық-мәдени тип – жылқы өсірушілер және ат үстінде жүріп бизон аулаушылар (каманчи, дакоталар) пайда болды.

Солтүстік Американың ашылу уақытына қарай абориген топтарының әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің үлкен айырмашылықтары байқалған. Олардың көпшілігі алғашқы қауымдық құрылыстың түрлі сатыларында өмір сүрді, оңтүстік-шығыстың, оңтүстік-батыстың және солтүстік-батыстың үндістері тапсыз қоғамнан таптық қоғамға өтті. Отарлау кезеңіне қарай болашақ Америка Құрама Штаттарының аумағында 400-дей үндіс тайпалары мекен еткен, олардың жалпы саны 2-3 млн. адам болып, олар 200 түрлі тілде сөйлеген.

Солтүстік Американың еуропалық отарлаудың басталуына қарай құрлықтың байырғы тұрғындары Құрама Штаттардың қазіргі аумағының барлығын дерлік қоныстанды. Үш мәдени орталық қалыптасты, қазіргі АҚШ шекараларының аясында үндістер былайша орналасқан: басым бөлігі елдің шығысында өмір сүрді. Ұлы Өзендер және Жаңа Англия тұрғындардың өте тығыздығымен ерекшеленді, онда ирокездердің көптеген тайпалары тұрды. Атлантиканың оңтүстік-шығыс жағалауы мен оған шектесетін батыста Миссисипи өзенімен тұйықталатын аудандарға да байырғы тұрғындардың үлкен тығыздығы тән болған. Онда алгонкин тілдерінде сөйлеген ючи, кусабо, поухата, нантикок тайпалары өмір сүрді. Отарлауға дейінгі кезеңнің өзінде-ақ үндіс тұрғындарының ерекше мәдени-шаруашылық кешендері қалыптасты. Дамудың анағұрлым биік сатысына Литл-Калорадо және Рио-Гранде өзендерінің бассейндеріндегі аудандар тұрғындары жетті. Онда өмір сүрген пуэбло және пима тайпалары жартылай жер өңдеуге негізделген өзіндік жоғары мәдениетті жасады. Қазіргі таңға дейін бұл аймақта үндістер өз қолымен тұрғызылған суару жүйелерін, күйдірілмеген кірпіштен тұрғызылған екі және көпқабатты тұрғын үйлерден тұратын олардың қоныстарының қалдықтарын көруге болады.

Үндіс мәдениетінің екінші жоғары дамыған орталығы Миссисипидің

солтүстік жағалауынан Атлант мұхитына дейінгі кең аумақта орналасты. Оның тұрғындары болған криктер, чироки, чокто, натчез, чикасо тайпалары – кешенді шаруашылық жүргізді, оның негізгі элементі кетпенді жер жырту болды. Олар дамудың жоғары деңгейіне жетті, бұл туралы егіндіктерді мұқият тыңайту әдістері мәліметтер береді. Жер өңдеу маусымдық аңшылықпен және терімшілікпен толығып отырды. Бұл ареалдың тұрғындары ақ нәсілді отаршылардан мәдениет компоненттерін алуға деген жоғары қабілеттілігімен танылған. Дәстүрлі әлеуметтік ұйымдасуды ағылшын отарларының саяси құрылымының белгілерімен ұштастыра отырып, үндістер ерекше мемлекеттік құрылым – онда басым болған криктердің атымен аталған криктер конфедерациясын құрды. XIX ғасырдың басында Оңтүстік-шығыстағы тайпалар латын графикасының негізінде өздерінің жазуын шығарды, оны құрастырушы чироки-үндіс Секвойя болды.

Дамудың жоғары дәрежесіне жеткен үшінші үндіс мәдени орталығы – Ұлы Көлге жақын орналасқан ирокездердің мекені. Бұл аймақтың халықтары негізінен отаушы жер өңдеу шаруашылығын жүргізді. Мускогтарға қарағанда оларда аңшылық, терімшілік пен балықшылық үлкен роль атқарды. Әлеуметтік тұрғыдан ирокездердің прогресі расында да айтулы болды. Олардың тайпалық одағы – XVII ғасырдың басында құрылған атақты ирокездер Лигасы ағылшын отаршылдары санасуға мәжбүр болған алып күш болды. Солтүстік америкалық көгалды шалғынды аймақ пен үстірт кешені үлкен мәдени алуан түрлікпен ерекшеленді. Бұл аумақты дакота, ассинибойн, кроу, хидатса, мандан, айова, омаха, ото тайпалары қоныстанды. Археологтардың мәліметтеріне қарағанда, ежелгі дәуірде көгалды шалғында аймақ тайпаларына жер өңдеу таныс болса да, отарлық кезеңде европалықтардан оқ-дәрілік қару мен жылқы ұстауды үйренген үндістер толықтай бизондарды аулаумен күн көруге көшті.

Атты аңшылардың шаруашылық-мәдени типінің қалыптасуы XVIII ғасырда аяқталды. Сол кезеңде көгалды шалғында аймақтың тұрғындарының өмірінде жылқы бағу маңызды орын ала бастады. Калифорния тұрғындары шаруашылықтың ерекшелігімен өзгешеленді. Көп жағдайда ол жер өңдеу мен мал бағуды білмеді және өмір сүрудің көшпелі салтын ұстанды. Бұл аймақ тұрғындарының негізгі күнкөріс көзі жаңғақ, қайың жаңғағы, тамырлар, жемістерді жинау болды. Жағалаулық зонада теңіз жануарын аулау және моллюска жинау үлкен маңызға ие болды.

XV ғасырда европалықтардың Американы ашуын ресми түрде мойындау негізінен хронологиялық жағынан екінші болып саналады, өйткені құрлықты Азия мен Полинезиядан шыққандар, түрлі мәліметтер бойынша 10-15 мың жыл бұрын игере бастаған.

Жаңа Дүниедегі алғашқы европалықтар испандықтар болып саналады. Американы испандардың ашуына португалдық теңізшілердің дүниенің басқа бөліктеріне көптеген саяхаттар жасауы алғышарт болды – осылайша Африканың батыс жағалауы, Қайырымды Үміт мүйісі және Үндістан ашыған болатын. Португал және испан монархтарына орасан зор экономикалық пайда әкелуге тиіс болған Европадан Үндістанға апаратын қысқа жолды іздеу

барысында Америка ашылды.

Рас, ғылыми әдебиетте испандар мен португалдарға дейін кейбір батыл голланд теңізшілері Американың солтүстік-шығыс жағалауына жеткендігі туралы айтылатынын атап өту қажет. «Исландиялық Сагаларда (аңыз-әңгімелерде)» - ортағасырлық деректерде – 1000 жыл шамасында Солтүстік Америка жағалауына жеткен Лейф Эриксонның теңіз саяхаттары туралы жазылған, ол қазіргі Лабрадорды Хеллулэнд («тегіс тастар мекені»), Жаңа Шотландияны – Марлэн-дом («ормандар мекені»), сондай-ақ Массачусетс штатының аумағын – Винлэнд («жүзімді мекен») деп атаған. Сондай-ақ Жаңа Дүниеде, дәлірек айтқанда оңтүстік Американың шығыс жағалауына тамплиерлер орденінің мүшелері болған рыцарь-храмовиктер тұрақты түрде барып тұрған, олар сол жақта Европаға америкалық күміс тасыған – бұрын барынша сирек кездескен бұл металлдың Батыс Европада осы орденнің гүлдену кезеңінде кең танымал болғаны кездейсоқтық емес. Алайда бұл байланыстар америка үндістерінің мәдени дамуына ешқандай айтулы әсерін тигізбеген.

1492 жылы қазанда үш испан каравелласы Батыс жартышарда өздері тапқан шағын аралдың жағалауына зәкір тастады, оны экспедицияға жетекшілік еткен адмирал Христофор Колумб Сан-Сальвадордың есімімен – «Қасиетті Құтқарушы» деп атады. 1492 – 1504 жылдар аралығында жасаған өзінің төрт экспедициясы барысында Колумб бірнеше орталық америкалық аралдарды ашып, зерттеді және карталарын жасады, ол өмірінің соңына дейін «Панама мен Гангтың арасы Пиза мен Генуяның арасынан алыс емес» деп ойлады, ақыры өзі Жаңа Дүниені ашқанын білместен кетті.

XV ғасырдың соңы – XVI ғасырдың басында бірнеше саяхаттар жасалды, олардың нәтижесінде Батыс жартышардың жаңа аймақтары зерттелді. Зерттеушілердің ішінде ағылшын королі VII Генрихке қызмет еткен италиялық Джованни Кабот 1497-1498 жж., португалиялық Педру Алваришем Кабраль 1500-1501 жж., испаниялық Васко Нунье-сом де Бальбоа 1500-1513 жж., испан королінің қол астында болған португал Фернан Магеллан 1519-1521 жж. жасаған саяхаттар да бар.

1507 жылы лотарингиялық географ Мартин Вальдземюллер Жаңа Дүниені флоренциялық теңізші Америго Веспуччидің құрметіне оның есімімен атауды ұсынды. Ол 1499-1504 жж. Оңтүстік Американың шығыс жағалауын зерттеудің бірнеше экспедицияларына қатысқан және осы саяхаттары туралы есептері мен әлемге әйгілі болған хаттарын қалдырды. Веспуччи мұраларындағы ақпарат негізінде Жаңа Дүние одан кейін де көп уақыт бойы жер шарының «төртінші бөлігі» болып саналып келді.

Сол уақыттарда Мексика шығанағы жағалауын, сондай-ақ қазіргі АҚШ-тың Атлант және Тынық мұхиттық жағалаулары игеріле бастады. 1513-1521 жж. испандық конкистадор Хуан Понсе де Леон Флорида түбегін ашты, төрт онжылдық өткеннен кейін онда, 1565 жылы алғашқы европалық тұрақты отар пайда болды, осылайша Солтүстік Американың ең ескі қаласы – Сент-Огастиннің негізі қаланды. Кейінірк басқа экспедициялар да жасалды. Испаниялық Луис Васкес де Айонн және португалиялық Эстебан Гомес XVI

ғасырдың 20-жылдары құрлықтың атланттық жағалауын зерттеді. Эрнандо де Сото, Флоридадан саяхатқа шығып, 1541 жылы Миссисипи өзенінің жағалауына, одан әрі Оклахомаға дейін жетті. Кабеса де Вака Техас пен Нью-Мексико арқылы қазіргі Аризонаға дейін, ал Франциско Васкес де Коронадо өз адамдарымен бірге Нью-Мексикоға енді. Осымен бір уақытта Калифорния жағалауын игеру жүргізілді, бұл игеру барысында қазіргі Орегон шығанағына дейінгі аумақта испан туы желбіреді.

Ағылшындар мен француздар Американы отарлауды жаңа бастаған кезде, испандар Флорида мен америкалық оңтүстік-батыста нық орныққан болатын. 1570 жылға қарай испан королі II Филипп Кариб бассейніндегі, Орталық және Оңтүстік Америкадағы алып аумақты иемденді. Ол Европада теңдесі жоқ әскери күштің қожасы болды, бұл ең алдымен испан конкистадорлары Жаңа Дүниеден әкелген баға жетпес байлықтың арқасында мүмкін болды. Жаңа Дүниедегі испандардың билігі мен үстемдігі 1588 жылы испандық Жеңілмейтін армаданың күйреуінен кейін құлдырады, бұл Испанияның теңіздегі үстемдігін жойып, Англияны жетекші теңіз державасына айналдырды.

Француз жиһанкездері Солтүстік Американың орталығында XVII ғасырда пайда болды. Алайда 1524 жылдың өзінде француз королі I Франциска (Франсуа) I қызметінде болған италиялық Джованни да Вераззано Американың атлантикалық жағалауын зерттеп, қазіргі Нью-Йорк айлағын ашты, ал француз Жак Картье 1534-1535 жж. Ньюфаундленд аралын ашып, құрлықтың тұңғиығына апаратын, француздар бақылау жасайтын жалғыз өзен Әулие Лаврентий бойымен жүріп өтті. XVI ғасырдың соңғы ширегінде Квебектен алыс сапарға шыққан зерттеушілер мен саудагерлер Арканзас пен Миссисипи өзендерінің сағаларына жетті және 1682 жылы өздері король XVI Людовик тің(Луи) құрметіне Луизиана деп атаған отардың негізін салды. XVII ғасырдың басында француздар қазіргі Канада аумағына да бекіне бастады, онда 1604 жылы өздерінің алғашқы тұрақты қонысы – Порт-Руаяльдің негізін қалады. 1608 жылы Солтүстік Америкадағы француз ықпалындағы форпост – Квебек отары құрылды.

Ағылшын теңізшілері қазіргі АҚШ аумағында және Канадада алғаш рет XVI ғасырдың 60-70 жылдары, яғни испандар мен португалдар Мескиканы, Вест-Үндістанды және Оңтүстік Американы игергеннен кейін бірнеше онжылдықтардан кейін пайда болды. 1584-1585 жж. ағылшын кемелері құрлықтың солтүстік-шығыс жағалауына келгеннен кейін, болашақ британ отарының алғашқы үлгісі пайда болды, ол ағылшындардың пәк ханшайымы Елизаветаның құрметіне Вирджиния деген атқа ие болды. Жаңа Дүниедегі алғашқы ағылшын қонысы – Роанок отарын салуға арналған аумақ 1584 жылы зерттелді, бірақ оның салынуы байырғы америкалықтардың дұшпандығы мен жабдықтау мәселелеріне байланысты кешеуілдей берді. 1587 жылы шілдеде ағылшын теңізшісі У. Роли Американы отарлауға жаңа талпыныс жасады: капитан Дж.Уайт бастаған экспедиция ұйымдастырылды, оның мүшелері Роанок аралында орнықты.

Испан, португал және италиялық алғашқы ашушылардың саяхаттар

туралы есептеріндегі, сапар күнделіктеріндегі және хаттарындағы Америка мен оның байлықтары туралы ақпарат Европада XVI ғасырдың өзінде-ақ пайда бола бастады, бұл Жаңа Дүниені «ашушылардың» ағымын көбейтті.

Бақылау сұрақтары:

1. Солтүстік Америка құрлығында алғашқы адамдардың пайда болуы туралы қандай ғылыми концепциялар бар?
2. Солтүстік Америка құрлығында қандай палеонүндістік мәдениеттер өмір сүрді?
3. Еуропалықтардың ішінен Американы алғашқы ашқан кім болып саналады?
4. Америка аумағында француз және ағылшын теңізшілері алғаш рет қашан пайда болды?

Өзіндік жұмысқа арналған тапсырма: «Үндістердің негізгі топтары, өмір сүру ареалы, шаруашылық құрылымының ерекшеліктері» атты кесте құрастырыңыз.

2. СОЛТҮСТІК АМЕРИКАДА ОТАРЛАРДЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Ашылған уақытынан бастап Америка оның байлықтарын иеленгісі келген еуропалық державалардың қанды күрестерінің аренасына айналды. Алғашқы рольді Жаңа Дүниені ашып, оны отарлауды бастаған Испания атқарды. 1496 жылы Гаитиде испандар Жаңа Дүниедегі алғашқы ақ нәсілділердің алғашқы қонысы – Сан-Домингоның негізін салды. Одан кейін Пуэрто-Рико, Куба және Вест-Үндістанның басқа аралдарына қоныстана бастады. 1518-1521 жж. Кортес алтынға бай Мексиканы басып алып, аяусыз тонады. Испандар аса бай Перуді ашып, тонады. Одан кейін Флоридадан алтын таба алмай, олар төрт жыл бойы белсенді түрде солтүстікке қарай жылжыды және «Өзендердің әкесі» - Миссисипидің жағалауында пайда болған алғашқы еуропалықтар болды. Солтүстік Америкадағы алып испан отарлық империясы – Жаңа Испанияның негізі осылай салынған болатын.

XVII ғасырдың басына қарай Солтүстік Америкада испандар Атлант жағалауы бойымен қазіргі Флорида, Джорджия және Оңтүстік Каролина, сондай-ақ Мексика шығанағы жағалауында, Алабама ауданында қоныстар салды. Америкадан тоналған сол кездегі ұшан-теңіз алтын ағымы Европадағы «бағалар революциясын» туғызды.

Испанияның алғашқы бәсекелесі Португалия болды. 1494 жылы Испания мен Португалия Тордесилья келісімін жасады. Осылайша өздері ашқан отарлық әлемді бөліске салды. Америкада өзінде тек Бразилияны қалдырып, Португалия Жаңа Дүниенің қалған бөліктеріне деген дәмелерінен бас тартты, бірақ бүкіл Африка мен бүкіл Шығысқа деген өзінің «күқықтары» туралы жария етті. Әлемнің бұл бөлісін мойындамаған басқа державалар Америка үшін күреске кірісті және жаңа құрлықты отарлауды бастады.

Жаңа Испаниядан басқа, Америкада уақыт өте келе Жаңа Голландия, Жаңа

Англия, Жаңа Франция, одан кейін Ресейдің де отарлық саласы пайда болды. Америкадағы үстемдік үшін қатыгез күресті Испанияға қарсы Англия жүргізді. Қақтығыстар құл саудасынан басталды. 1567 жылы ағылшын қарақшыларының бірі Гвинея жағалуларынан негрлерді тиеп, Гаитиге аттанды, ол онда бұл негрлерді сатты. Сонда испан билігі ағылшындарға өздерінің Вест-Үндістан аралдарында сауда жасауға тыйым салды. Бұған жауап ретінде ағылшын үкіметі Вест-Үндістанға өзінің «теңіз иттерін» - Фрэнсис Дрейк бастаған көпес-қарақшыларын жөнелтті, ол испан факторияларын тонап, кейін сол үшін королева Елизаветадан рыцарь титулымен марапатталды. Бірақ испан королі II Филип «Англияны біржола жер бетінен жоюға» шешім қабылдады. Англияны жаулау үшін ол «Жеңілмейтін армаданы» жасақтап, аттандырды, оны 1588 жылы ағылшын флотының негізгі күштері күтіп алды. Бұл күресте «Жеңілмейтін армада» талқандалды, Испанияның да теңіздегі үстемдігі осымен күйреді.

Испания артта қалып, әлсірей бастаған кезде әлемдік отарлық және теңіздегі үстемдік үшін үш негізгі бәсекелес болды: Голландия, Англия және Франция. XVI ғасырдағы Нидерланды революциясынан кейін голландықтар Солтүстік Америкада Жаңа Голландия отарының негізін сады. 1609 жылы олар Гудзон өзенінде қоныс тұрғызды, оған қоныстың негізін қалаған Генри Гудзонның есімі берілді. 1613 жылы Манхаттан аралында ол елтірі сақтауға арналған лашықтар тұрғызған, осылайша болашақ голланд қаласы Жаңа Амстердамның негізі салынды (1674 жылдан бастап – ол ағылшын қаласы Нью-Йорк деп аталды).

Голландық «патрондар» деп аталған отарлардағы жер иеленушілер ол жаққа шаруа-фермерлердің қоныстануына әдейі кедергі жасады. Олар бағалы елтірі саудасына аса мүдделі болды және қоныстанушы-фермерлердің үндістермен жер үшін қақтығыс бастағандарын қаламады. Жаңа Нидерландымен сауда жөніндегі Ост-Үндістан компаниясының 1626 жыл бойынша берілген есебінде Ост-Үндістан компаниясының бір кемесі 7246 күзен терісін және және басқа бір жануардың мың терісін әкелгені туралы жазылған, олардың барлығы 25 мың долларға бағаланған. Егер қазіргі Нью-Йорк аумағының 24 долларға сатып алынғандығын ескерсек, бұл мекеменің барынша табысты болғанын байқауға болады.

1664 жылы барлық голланд отарларында шамамен 10 мың тұрғын болды, олардың жартысы ағылшындар. Голланд отарлары ағылшын қоныстарымен қиысып жатты. Олардан солтүстікке қарай және оңтүстікке қарай шамамен 150 мың Англиядан қоныс аударғандар тұрды.

XVII ғасырдағы буржуазиялық революциядан кейін Англия күшейді. Қатаң экономикалық күрестер мен соғыстарда навигациялық актілер мен дипломатиялық ықпалдарды қолдана отырып, ол ең басты бәсекелестерінің бірі – Нидерландының теңіздегі, саудадағы және отарлық үстемдігін күйретті және Солтүстік Америкадағы голланд отарларын басып алды.

1664 жылы ағылшын флоты Жаңа Амстердамды басып алуды бастады, бірақ ешқандай қарсылыққа кезіккен жоқ. Осылайша бір де бір оқ

шығындамастан Жаңа Дүниедегі голланд иелігі тізе бүкті. Рас, 1673 жылы голландықтар өз отарын қайтаруға талпыныс жасады, бірақ олар оны ұзақ ұстап тұра алмады, бір жылдан соң ол қайтадан ағылшындарға өтті.

XVII-XVIII ғасырларда Голландия және Англиямен қатар Американы иемденуге дәмеленгендердің бірі Франция болды. 1604 жылы ағылшындардан бұрын француздар Солтүстік Америкадағы алғашқы тұрақты европалық қоныс – Порт-Руаяльді салды (Канададағы Жаңа Шотландия). 1607 жылы француз сарайының қызметкері де Шамплен Квебек отарының негізін салып, оны Американың солтүстігінде француз ықпалын тарату орталығына айналдырды. Ағылшындар мен француздардың Америкадағы бітпейтін қақтығыстары басталып, олар осы екі елдің Европадағы қатаң бәсекелестіктерімен қатар жүрді.

Солтүстік Америкадағы алғашқы ағылшын отарлары XVI ғасырдың соңына қарай пайда болды. Бірақ олардың өмірі ұзаққа бармады. Қоныстанушылар Солтүстік Америкадан алтын таба алмады, ал құрлықтың нағыз байлығын талмай еңбектену арқылы иемдену олардың жоспарында болмаған еді.

1606 ж. Англияда екі компания құрылды – Лондон және Плимут. Олардың алғашқысы Солтүстік Американың Атлантикалық жағалауын 34 және 41° с. е., аралығында, ал екіншісі 38 және 45° с. е. аралығында қоныстануға құқық алды, әрі 38 бен 41 арасында екі компания да қоныс тұрғыза алатын болды, бірақ қоныстар 100 мильден артыққа жақындамауы тиіс. Корольдік кеңес құрылды, оған Лондон және Плимут компанияларын басқарған екі бөлек кеңес бағынды. Бұл компанияларды тіркеу туралы корольдік хартияға сәйкес, отарлауға жататын Солтүстік Америкадағы облыс «пәк ханшайым» Елизаветаның құрметіне Вирджиния деп аталатын болды. Кейінірек бұл атауды Солтүстік Американың Атланттық жағалауындағы ағылшын отарларының бірі ғана сақтап қалды.

Тарихшылардың болжамынша, Лондон және Плимут компаниялары екі негізгі мақсатты ұстанған. Алғашқысы – Америка құрлығының жанынан Үндістан мен Қытайға апаратын жолды табу. Екіншісі – Америкада алтын мен күмістің көзін ашу. Алайда мұнымен келісуге болмайды. Саяси мүдделер де үлкен роль атқарды, атап айтқанда Испаниямен күрес, оны отарлық держава ретінде басып озу. Компанияларды құру кезінде Вирджинияның өзінде екі отардың да кеңестерін құру қарастырылды. Бұл кеңестерге заң шығару құқығы берілген, алайда олар ағылшын заңдарына қайшы келмеуі керек және оларға атқарушы, сот биліктері бойынша артықшылықтар берілген; кеңестер ағылшын тағы өкілдерінен құралған. Бұл кеңестер шығарған заңдар Англиядағы отарлар кеңесінің немесе королевалық биліктің мақұлдауын қажет еткен.

Ағылшындардың Америкадағы алғашқы тұрақты қонысы 1607 жылы құрылды. Тек қана ер адамдардан тұратын жүз жиырма отаршылдар үш үлкен кеменен жүзіп келді және Виргиниядағы Джеймс өзенінің сағасындағы түбекті қоныс салу үшін тандап алды – бұл шыбыны көп балшықты жер болатын, бірақ ыңғайлы айлағы бар әрі мүмкін болатын шабуылдардан қорғануға тиімді

болды. Қоныс король І Яковтің құрметіне Джеймстаун атауына ие болды. Отардың тұрғындары Лондон компаниясының «тәуелді қызметшілерінен» (сервенттерден) тұрды. Бұлар 7-10 жыл бойы жоқшылықтан қажыған кедейлер немесе Америкаға жөнелтілген қылмыскерлер болды. Тәуелді қызметшілер – негізінен уақытша құлдар – бақылаушыларға бағынып, топ болып еңбек етті. Отаршылдар еңбектері үшін ақы алмайтын, бірақ компания дүкендерінен қажет жабдықтармен қамтамасыз етілді. Отаршылдар үндістерге қарсы әскери қызметті де атқарған.

Аурулар мен үндістермен болған қақтығыстар нәтижесінде отаршылдардың санын тез азайып отырды. Екі жыл өткен соң 120 адамнан бар-жоғы 38 адам тірі қалды. Компания тағы жүздеген эмигранттар тиелген кемелер жіберді, алайда отарлардағы жағдайдың қиын болғандығы соншалық, 1610 жылдың соңына қарай жөнелтілген 700 отаршылдан тек 60 адам тірі қалған. Оба, шешек, сары безгек, үндістермен күрес және отаршылдардың өз ортасындағы ішкі қайшылықтар оларды өлімге соқтырды. 1622 жылы қарай отарға келе жатқан жолда шамамен 4100 адам қаза тапты, 900 адам тірі қалған.

1611 жылдан бастап отаршылдарға жеке жер үлестері берілді. Осы уақыттан бастап темекі өсіру және оны Англияға жіберу басталды. Көп ұзамай отарда ценздік өзін-өзі басқару органдары пайда болды. 1619 жылы түрлі қоныстардан шыққан делегаттар Бас Ассамблеяға сайланды. Ассамблея қаулылары Лондондағы компанияның бекітуін талап етті. 1654 жылдан бастап Вирджиния корольдік провинцияға айналды. Оны басқару компаниядан король қолына өтті, ол отар губернаторы мен оның жанындағы кеңесті тағайындады. Ассамблея сақталды, бірақ оның қаулылары губернатордың бекітуін талап етті. Плимут компаниясының иелігіндегі аумақ 1603 жылы француз компаниясы өз королінен алған аумақтың айтарлықтай бөлігімен қиысып жатты (40 және 46° с. е. аралығында). Алғашында француздар ағылшындарды ығыстырды, бірақ 1613-1614 жылдары Вирджиниялық ағылшындар Фунди шығанағындағы француз қонысы – Порт-Руаяльды қиратты, үйлерді өртеп, аумақ ағылшын билігінің қарамағында екендігін білдіретін белгілер орнатты.

1619 жылдың тамыз айының соңында Америкаға алғашқы қара нәсілді африкалықтар тиелген кеме келді, олардың жиырмасын отаршылдар бірден қызметші ретінде сатып алды. Негрлер өмірлік құлдарға айнала бастады, ал XVII ғасырдың 60-жылдарында Вирджиниядағы және Мэрилендтегі құл статусы мұраға қалдырылатын болды. Құл саудасы Шығыс Африка мен Америка оталарының арасындағы сауда операцияларының тұрақты элементтерінің біріне айналды.

Егер Вирджиниядағы алғашқы тұрғындар белгілі шарттармен келген құлдықтағы қызметшілерден тұрса, Солтүстікте құрылған, Плимуттағы басқа ағылшын отары жеке бас бостандығы бар қоныстанушылардан тұрды. Дәстүрлі болжам бойынша, қазіргі Плимут қаласы орналасқан жерде (Массачусетс штаты) 1620 жылы қоныс салған «пилигрим-әкейлер» Солтүстік Америкадағы ағылшын отарлауының жаңа кезеңін ашты деп саналады, егер бұған дейін отарлау экономикалық себептермен болса, енді Америкаға қоныс

аудару діни мүдделер тұрғысынан жүзеге асырылды бастаған. Әрине, діни себептер Плимут отарын құру кезінде белгілі бір маңызға ие болды, бірақ олар шешуші роль атқарған жоқ. Отардың құрылуына ағылшын шіркеуіне оппозиция ретінде болған сектанттардың, Роберт Браунға ергендердің Англиядан қоныс аударуға шешім қабылдауы негіз болған. Браунның жақтастарын Англияда қудалап, түрмелерге жапты, кейбіреулерін дарға асты. Сонда сепаратист-браунистер тобы Скрубиден (Ноттингемширдегі) Голландияға, Лейденге көшеді, кейін оларды пилигримдер деп атай бастады. Бұл 1609 жыл болатын. Голландияда олар 12 жыл тұрып, кейін Америкаға қоныс аударуды ұйғарады.

Мұхитты басып өткен «Мейфлауэр» кемесінің бортында тұрып-ақ, олар өзара келісім жасады, бұл кейін «Мейфлауэр келісімі» деген атқа ие болды (Mayflower Compact). Онда ең жалпылама формада жаңа америкалық отаршылардың демократия, өзін өзі басқару және азаматтық бостандықтар туралы ең алғашқы түсініктері көрініс тапқан. Бұл түсініктер кейінірек Коннектикут, Нью-Хемпшир және Род-Айленд отаршыларының осыған ұқсас келісімдерінде және Америка Құрама Штаттарының тәуелсіздік Декларациясы мен Конституциясын қоса алғандағы Америка тарихының кейінгі шыққан құжаттарында дамытылды.

1620 жылы пилигримдер жаңа отар – Жаңа Плимуттың негізін қалады. Алғашқы қыстың өзінде 44 отаршы, яғни жартысы қаза тапты. Олар аштық пен аурулардың құрбандары болды. Кейбір отаршылар қасқыр үйірлеріне жем болды. Отар өмірінің талаптары әсіресе әйелдерге ауыр тиді. 18 тұрмыстағы әйелден алғашқы төрт айдың ішінде 14-і қайтыс болды. Алғашында отаршылар ортақ тұрақтарда тұрды және өз еңбектерінің өнімін сатуға құқығы болмады – барлығы ортақ қоймаларға түсіп тұрды. Отарды отаршылардың өздері сайлаған лауазымды тұлғалар басқарды.

Отардың басты айналысатын ісі – үндістермен және Виргиния компаниясымен сауда жасау болды, сондай-ақ орман және ауыл шаруашылық өнімдерін өздері пайдалану үшін өндіріді. Алайда, көп ұзамай, 1620 жылы енгізілген бұл тәртіп бұзылды. Егер алғашында отарда жеке меншік болмаған болса, аз уақыт өткен соң отаршылар өздеріне үй салды, 1623 жылдан бастап егістік жер жеке меншік иелігіне өтті, 1627 жылы мал бөліске түсті, 1633 жылы жеребе бойынша өрістерді бөлісті. 1628 жылы плимуттық отаршылар Лондонмен 1880 фунт стерлингке тоғыз жыл мерзім ішінде төлеп біту арқылы отарды жеке меншікке сатып алу туралы келісімге келді. Жаңа Плимуттағы отар және Солтүстік Американың Атлантикалық жағалауының осы бөлігінде кейінірек салынған отарлар Жаңа Англия деген атауға ие болды.

Плимутта және басқа пуритандық отарларда шыдас бермейтін, жауынгерлік протестантизм рухы орнады. Үстем болып тұрған діни сектаға жатпайтын барлық тұлғалар ортақ істерде дауыс беру құқығынан айрылды және қатаң қудаланды. Қоныстанушылар қайтадан қашуға мәжбүр болды, жаңа отар – Род-Айлендті құру үшін пуритандық Массачусетстен немесе католиктік Мэрилендтен Виргинияға көшті.

Американың байырғы тұрғындарына келсек, үндістердің алғашқы қоныстанушыларды жылы шыраймен қарсы алғанын атап өту қажет. Вампаноагалар тайпасының көсемі Массасоит пилигримдерге маис айыруды үйретті. Джеймстаундағы отар ішкі қайшылықтардың, нашар ұйымдасудың және көптеген отаршылардың – оңай олжаға батқысы келгендердің тың жерді қолмен жырту секілді ауыр жұмыспен айналысқысы келмеуінің кесірінен күйреу адында тұрған кезінде, үндістер қоныстанушыларға азық-түлікпен көмектесті.

Алайда отаршылдардың өсіп келе жатқан агрессиясы, үндістерді өз жерлерінен ығыстыру, оларды құлға айналдыру талпыныстары, тонау мен зорлық-зомбылық үндістердің көзін ашты; олар көпестер мен отаршылдарға қарсы күрес бастады. Шамамен үш ғасыр бойы үндістерді жаппай қыру соғыстары тоқтамады. Тек XIX ғасырдың соңында ғана үндіс тайпаларының қарулы қарсыластығы біржола тойтарылды, бірнеше ұсақ топтарға бөлініп кеткен олардың қалдықтары еш қарусыз, резервацияларға – үндістер топтарына арналған қатаң шектелген аудандарға қуылды.

Солтүстік Американы ағылшын және француздардың отарлауында белгілі бір айырмашылықтардың болғанын ескерген жөн. Ағылшын отарлауы жаппай бұқаралық түрде жүргізілді, ол Англиядағы шаруалардың құлдырауы мен жерсізденуіне негізделді, онда XVII ғасырдағы буржуазиялық революциядан кейін капиталистік қатынастар қарыштап дами бастаған болатын. Кедейленген ағылшын шаруалары мен қолөнершілері Америкаға қоныс аударушылардың анағұрлым көп бөлігін құрады.

XVII-XVIII ғасырларда феодалдық-абсолюттік құрылыс әлі де сақталып тұрған Францияда шаруалар феодалдық борышқа шырмалып, жерге бекулі еді. Француз отарларының тұрғындары баяу өсті. Солтүстік Америкадағы Францияға қараған көп жерде ауыл шаруашылықты отарлар болмады. Француздар мұнда шағын қоныс-факториялар салды, француз көпестері мен жер иеленушілері үндістерден өте төмен бағаға тері сатып алып отырды, тері саудасына аса мүдделі болған олар үндістерді өз жерлерінен ығыстырмады.

Ағылшын отарларында жағдай басқаша қалыптасты. Ағылшындарға жер қажет болды. Ағылшын көпестері тері саудасына да қызықты, бірақ бұл мүдде екінші орынға ысырылды: отарлар бұқарасы үшін басты нәрсе – жер алу болды.

Американың саяси картасына айтарлықтай өзгерістер енгізген 1756 – 1763 жылдардағы Жеті жылдық соғыс болды. Америкада ол екі жыл бұрын, 1754 жылы басталып, Европадағы оқиғаларға да өз ықпалын тигізді. Қақтығысқа сылтау – ағылшын королі бірнеше виргиндікке Огайо өзенінің жағасынан жер үлестерін беруі болды. Өздерінің иеліктеріне басқалар кірді деп санаған француз билігі Канададан Огайо алқабынан ағылшындарды қуу үшін отряд жөнелтті, Эри көлі мен Пенсильванияда форттар тұрғызды. Сонда Виргиния губернаторы Роберт Динвиди милиция (жасақ) басшысы Джордж Вашингтонды француздардың ниетін байқап келмекке аттандырады. Вашингтон француздар соғысқа дайындалып жатыр деген хабармен оралды. Көп ұзамай Франция мен Англиядан әскерлердің ірі құрылымдары әкелініп, әскери қимылдар басталды,

соғыстар 1759 жылы ағылшындар аса ірі француз қорғаны Квебекті ала алмағанға дейін алма-кезек жеңістермен жалғасып отырды.

1763 жылғы Париж бейбіт келісімі бойынша Франция Канададан біржола айрылды. Франциядан тартып алынған Канададан басқа, Англия Францияға жақтасып өзіне қарсы соғысқан Испаниядан Флориданы тартып алады. Сонда француз билігі өзінің одақтасы Испанияның жоғы Флориданың орнын толтыру үшін оған Луизиананы берді. Франция Солтүстік Америкадағы басты ірі иелітерінен айырылады. Францияның тек Вест-Үндістандағы иеліктері қалды. Кейінірек, 1783 жылы Версаль бейбіт келісімі бойынша Флорида Испанияға қайтарылды, Испания билігінде ол отыз жыл бойы болды, ал наполеондық соғыстар кезеңінде Луизиана шамалы уақытқа қайтадан Францияға өтеді. Кейінірек, XIX ғасырдың алғашқы ширегінде Луизиананы да, Флориданы да Құрама Штаттар уысына түсіргендігін атап өтеміз.

Бақылау сұрақтары:

1. Тордесилья келісім қашан және оны кімдер жасады?
2. Жаңа Испания өзіне қай аумақтарды қамтыды?
3. Солтүстік Америкада алғашқы ағылшын отарлары қашан пайда болды?
4. Америкаға алғашқы қара африкалықтарды кімдер және қашан әкелді?
5. Пилигримдер деп кімдерді атады және олар Америкаға не үшін келді?
6. Ағылшын және француз отарлауының ерекшеліктері қандай?

Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар:

1. 13 ағылшын отарының пайда болуының хронологиясын құрыңыз.
2. «Мейфлауэр келісімінің маңызы» тақырыбында эссе жазыңыз.

3. АМЕРИКАЛЫҚ ОТАРШЫЛДЫҚ ҚОҒАМ

Отарлық кезеңдегі Солтүстік Американың саяси тарихының барысы, негізінен, ағылшын саяси даму барысымен сәйкес келеді. Онда хронологиялық жағынан шамамен алғанда бірдей екі басты кезең белгіленеді: буржуазиялық тәртіпті үстем еткен 1688 жылғы Англиядағы Даңқты революцияға дейін және одан кейінгі кезеңдер. Бірінші кезеңде Солтүстік Америка Англиядағы буржуазиялық және феодалдық бастамалардың қарсыластығының тікелей ықпалымен дамыды, жалпы алғанда ол жаңа тәртіпке жақтасып, оның салтанат құруына ықпал етті. Екінші кезеңде Солтүстік Америка Англияда жеңіске жеткен буржуазиялық конституциялық және саяси принциптерді белсенді игеріп, дамытты. Мұнымен қоса ол метрополияның тарапынан барған сайын көбірек қарсыластыққа ұшырай берді, кейін белгілі болғандай, буржуазиялық бостандықтар тек өз аумағында ғана ыңғайлы болып шықты, ал отарлық иеліктерде ол қиындықтарға кезікті. Солтүстікамерикалық отарлардың пайда болуы ағылшын монархының саяси ерігіне және ыңғайына байланысты еді, бірақ отарлардың пайда болуының ортақ құқықтық көзінің болуы Солтүстік Америкада әр алуан және кейде бір-біріне тым қайшы келетін үрдістердің

дамуына кедергі болған жоқ.

Жаңа Дүниені игеру Англия монархынан белгілі бір рұқсат алған жеке тұлғалар мен топтардың ісі болды. Бұл топтар мен тұлғалардың әлеуметтік келбетінің айырмашылықтарының болуы отарлардағы үрдістердің айырмашылықтарын анықтады. Басқаша айтқанда, Американы игерушілердің арасында о бастан үш басты топ және соған сәйкес үш отар түрі қалыптасты: біріншіден, бұл король атынан әрекет еткен буржуазиялық типтегі акционерлік компаниялар, олар корольдік отарлардың пайда болуына ықпал ететін нарық, пайда, шикізат көздерін іздеп мұхит асып келді, мұндай отарға, мысалы, жоғарыда айтылған Вирджиния жатады.

Екінші топты жаңа отанында өздерінің діни және эстетикалық принциптерін жүзеге асыруға үміттенген протестанттар құрады, отардың мұндай түрі – бірлескен (корпоративті) – Жаңа Англия аумағына, атап айтқанда Массачусетске, Род-Айлендке, Коннектикутқа тән болды. Род-Айленд пен Коннектикут қоныстарының келісім негізінде бірлесіп басқару Англия бекітпегендіктен, көп уақытқа дейін әлсіз болды. Тек 1662 және 1663 жылдары Род-Айленд пен Коннектикут II Карлден оларға өмір сүруге құқық берген хартияға ие болды. Хартия екі отардың басқару негіздерін қол сұқпастан қалдырды. Ұжымдық статус алған бұл екі америкалық отар ерекше жағдайда болып шықты: басқа барлық отарларға қарағанда олар заң шығарушы органдарды да, губернаторларды да өздері тағайындады. Олардағы өзін өзі басқару мен демократиялық бастамалар анағұрлым жоғары деңгейде болды.

Үшінші топты кең ауқымдағы феодалдық иеліктерді көздеген аристократтар құрады, соған сәйкес отардың мұндай түрі – жеке меншіктік (иеліктік) деп аталды. Оларға Мэриленд, Пенсильвания, Каролина (алғашында бұл ортақ Каролина отары болды) Джорджия және т.б. отарлар жатты. Алғашқы жеке меншіктік Мэриленд отарын 1632 жылы лорд Балтимор құрды. Король I Карл оған феодалдық меншік иесінің құқықтарын берді, бірақ ол Мэрилендте кеңесшілік ассамблеяны құру туралы ойын айтқан болатын. Феодалдық тәртіптердің отарда ұзақа бармайтыны көп ұзамай белгілі болды. 1637 жылы лорд Балтимор өзінің туысы Леонард Калвертке, Мэриленд наместнигіне өкілдік ассамблеясын құруды тапсырды, ол Балтиморға заңнамалық мәселелер бойынша «кеңес пен келісім» беріп отыруға тиіс болды. Ағылшын революциясы жылдарында мэрилендтік ассамблея өз ұстанымдарын нығайтты: ол заңдарға бастама болуға құқық алды және «халықтық палата» ретінде губернаторлық кеңестен бөлек жиналыс жасайтын болды. Мэрилендте феодалдық жерді пайдалануды жүргізу талпыныстары іске аспады: қоныстанушылар лордқа белгіленген, яғни капиталистік емес, феодалдық рента төлесе де, олардың жеке басы тәуелсіз болды, егер рента ауыртпалық салса, таза фермерлік шаруашылықпен айналысу үшін бос жерлерге кетіп жатты. Мэрилендтегі қоғамдық тәртіптер тек бір ғана мәселеде басқа отарларға қарағанда алдыңғы шепте болды: лорд Балтимор католик болғандықтан, протестанттар онда өз үстемдігін орната алмады, олар дін шыдамдылық танытуы тиіс болды.

XVII ғасырдың соңы солтүстікамерикалық отарлар тарихындағы бірінші кезеңнің қорытындысын шығарды. Саны жағынан бұл кезеңде формалды түрде меншіктік отарларға жатқызуға болатын отарлар көп болды, бірақ шын мәнінде, бүкіл Солтүстік Америкада буржуазиялық қатынастар феодалдық қатынастарға қарағанда басым болды. Меншіктік отарларда орнаған феодалдық рента уақыт өте келе капиталистік белгілерге ие бола бастады, басқа отарларда фермерлік типтегі еркін жер иелену дамыды. Барлық отарларда өкілдік басқару тамыр жайды, бірақ меншіктік отарларда оны ағылшын аксүйектері күшті бақылап бақылап, реттеп отырды.

Солтүстікамерикалық отарлар тарихының екінші кезеңінде олардың Англиямен қатынасы жаңа сапаға ие болды. Ағылшын ықпалы бұл кезеңде аса терең қайшылықты салдарға әкелді: бір жағынан, Англияға отарлық тәуелділік Солтүстік Американың саяси басқаруында демократиялық емес белгілердің өсуіне әсер етті; екінші жағынан, Англияның өзіндегі парламентаризм, либерализм мен конституционализмнің нығаюы америкалықтардың дүниетанымындағы және саяси мәдениетіндегі демократиялық түсініктердің таралуына әкелді. Бұл қайшылықтың тереңдеуі Солтүстік Америкада отаршылдыққа қарсы либералдық-демократиялық революцияның пісіп-жетілуінің негізгі себебін құрады. Англияның өзінде осындай қайшылықпен Солтүстік Америкаға әсер еткен ажыратушы белгі 1688 жыл болды. Дәл сол жылы ағылшын оппозициясы қантөгіссіз – «Даңқты» революцияны жүзеге асыра алды, ол екінші рет және Англияны Стюарттардан біржолата азат етті.

Алайда бір қызығы, Солтүстік Америкадағы жағдай басқаша болды: оған қатысты монархтың шексіз құқықтары өсті, ал Жаңа Дүниедегі өкілдік қарсы күштердің билігі – жергілікті ассамблеялардың билігіне қысым жасала бастады. Ағылшын монархиясы корольдік отарларда тәртіп орнатып қана қоймай, сонымен бірге корольдік отарларды меншіктік отарлар есебінен кеңейтуді бастады. Жаңа Плимут Массачусетске қосылды, ал Массачусетс өзін-өзі басқару құқығынан айрылды: король губернаторды өзі тағайындайтын болды, әрі оған бұрынғыдан да көбірек артықшылықтар берілді. Меншіктік аумақтар бірінен соң бірі монарх заңды қол астына берілді, сондықтан XVIII ғасырдың ортасына қарай Солтүстік Америкада тек үш меншіктік отар қалды – Мэрилед, Пенсильваия және Делауэр. Тағы екі бірлескен отар сақталды – олар Род-Айленд пен Коннектикут. Қалған сегіз отар монархқа қарады.

Ағылшын монархтарының атқарушы билігі губернаторлардың көмегімен іске асса, заң шығарушы билігі – король нұсқаулары бойынша жүзеге асты. Жалпы алғанда нақ осы монарх метрополияның отарға саяси үстемдігін кейіптеді. Алайда басқару істеріне парламент те араласты: америкалықтарға қатысты Вестминстердің заң шығару әрекеттері Жеті жылдық соғыстан (1756-1763) кейін қатты байқалды. Оған дейін Англия Солтүстік Американың басым жағдайда экономикалық дамуын реттеп, не өндіру қажет екенін, кіммен және қалай саудаласу керектігін реттеп отырған еді. Жеті жылдық соғыстан кейін метрополия отарлардың ішкі саяси басқаруына да барған сайын белсенді түрде араласа берді, олардың бостандықтары мен құқықтарын ең төмен деңгейге

дейін жеткізді. XVIII ғасырда, Англия парламенттік монархияға айналған уақытта, оның Солтүстік Америкаға деген билігі XVII ғасырдағыға, ол абсолюттік монархия болып тұрған уақытқа қарағанда басымырақ болды деуге болады.

Бірақ XVIII ғасырда, XVII ғасырмен салыстырғанда, Солтүстік Америкада ағылшын либералдық экономикалық және мемлекеттік-құқықтық идеологиясының, атап айтқанда халықтың егемендігі, мемлекеттің келісімдік теориясының, конституционализм идеяларының және т.б. ықпалы күшейіп, шырқау шегіне жетті.

XVIII ғасырдағы ағылшын вигилік идеологиясының америкалықтарға үлкен ықпалын тигізген ең танымал идеяларының бірі «аралас билік» концепциясы болды. Аралас билік концепциясы сырттай қарағанда биліктің бөлінуі, тармақталуы концепциясына ұқсас болды, бірақ шын мәнінде оның айтарлықтай ерекшеліктері болды және Англияда да, Солтүстік Америкада да анағұрлым үлкен танымалдыққа ие болды. Бұл концепцияның түп тамыры антикалық дәуірден бастау алады, ол дәуірдің саяси ойшылдары, ең алдымен Аристотель саяси басқарудың үш мүмкін болатын «таза» формасын ұсынды – монархия (біреудің билігі), аристократия (азшылықтың билігі), демократия (көпшіліктің билігі). Таза күйінде формалардың қай-қайсысы да қауіпті, өйткені әрқайсысының зұлымдыққа айналып кету қаупі бар: монархия тиранияға, аристократия олигархияға, демократия охлократияға. Зұлымдықтың алдын алу үшін, түрлі әлеуметтік мүдделер мен топтардың мүдделерін білдіру және оларды теңестіру, тепе-теңдікті сақтау үшін үш форма араласуы қажет. Англияда XVIII ғасырда аралас билік концепциясы «қауымдар палатасы – лордтар палатасы – монархия» үшбұрышындағы саяси балансты іздеуді білдірді. Вигилік концепцияға сәйкес, үш билік институтының дербес функциялары болуға тиіс және олар бір уақытта бірге әрекет етуі және бірін бірі теңдестіріп отыруы қажет. Солтүстік Америкада аралас билік концепциясы биліктік құқықтарды губернаторлар, кеңестер мен ассамблеялар арасында бөлудің дұрыс формуласын табуды білдірді.

Америкалықтар арасында танымал болған ағылшын саяси идеологиясын америкалықтар отарлардың өздерінде тәжірибеден өткізді және жергілікті саяси басқаруда нені жөндеу керектігі анықталса, соны үлгі ретінде ұстанды. Дегенмен, қажет болған жағдайда, америкалықтар Солтүстік Америкада өзекті болған талаптарға сүйене отырып, оған түзетулер енгізіп отырды, кейде түбегейлі өзгертті. Алайда ағылшындық үлгілер олар үшін XVIII ғасырдың соңғы ширегіне дейін үлкен маңызға ие болды, өйткені америкалықтар Англиямен «қан туыстығын» онай үзгісі келмеді, ал олардың бүкіл отарлық кезең барысындағы «америкалық арманы» - Англиядағы оның толық құқықты азаматтары сияқты өмір сүру еді.

Ресми өлшемдер бойынша, XVIII ғасырдағы америкалық отарлар олардың корольдік, меншіктік немесе ұжымдық болуына қарамастан, Англияда жоғары бағаланған аралас билік жүйесін жүзеге асырды. Қазіргілердің сипаттауы бойынша, отарлардағы билік «корольдің атынан шыққан губернатор түрінде

монархиялық болды, Кеңес түрінде - аристократиялық, өкілдер палатасы түрінде немесе халық сайлағандар түрінде – демократиялық» болды. Бірақ бұл тармақтардың өзара қатынасы мен іс жүзіндегі мәні Англияға қарағанда әлдеқайда үлкен ерекшеліктерге ие еді.

XVIII ғасырдағы отарлардың барлығындағы саяси басқарудағы басты тұлға губернатор болды. Бірлескен (корпоративті) отарлар Род-Айленд пен Коннектикутта губернаторларды ассамблеялар сайлады, қалғандарының барлығында оларды не ағылшын монархы, не отардың меншік иелері тағайындады. Корольдік және жеке меншік отарлардағы губернаторлардың билігі өте ауқымды болды, олардың қолында Англия монархтары 1688 жылғы «Даңқты революциядан» кейін жоғалтқан артықшылықтар жинақталды, олар атқарушы биліктің толық құқығына ие болды, ең алдымен оларда кең заң шығарушылық өкілдік болды, заң шығарушы жиналысты шақыру және тарату секілді, отарлық ассамблеялардың шешімдеріне абсолютті veto құқығы да болды, сот билігінің барлық құқықтарын өздеріне шоғырландырды. Олардың қолына жинақталған артықшылықтардың санына қарағанда губернаторлар өз отарларының аясында абсолюттік монархтарға ұқсас болды. Алайда шын мәніне келгенде, олардың билігі айтарлықтай шектеулі болды. Олардың билігі екінше дәрежелі билік еді: барлық губернаторларды Англиядан монархтар немесе меншік иелері тағайындады. XVIII ғасырда лауазымға тағайындалған губернаторлардың көпшілігі метрополиядан отарларға жіберілгендер еді (тағайындалғандардың тек 20%-ы ғана америкалықтар болатын) және қайтадан қызметі біткеннен кейін метрополияға оралатын болды. Губернатор лауазымында болу салыстырмалы түрде алғанда аз уақытты қамтыды – шамамен бес жылдай және кез келген уақытта жоғары жақтың шешімімен тоқтатылуы да мүмкін еді. Өз саясатында губернатор бірінші кезекте корольдің нұсқауларына сүйенді, ол Солтүстік Америкадағы биліктің ешбір тармағы, басқа да кез келген институт немесе жеке адамдар бұза алмайтын нұсқауларға толы болды.

Америкалық аралас биліктің екінші тармағы ретінде отарлық кеңестер болды. Бірақ олардың да ағылшындық балама – лордтар палатасына қарағанда ерекшелігі болды. Оларды «аристократиялық» тармақ деп атау қиын: кеңестерге отарлық элитаның өкілдері тағайындады, бірақ аристократтар емес еді, аристократтар Солтүстік Америкада өте аз болды. Кеңес мүшелері Англияда бекітілді. Массачусетсте жағдай басқаша болды, онда кеңесті төменгі палата тағайындап, оны губернатор бекітті және Пенсильванияда да басқаша, мұнда кеңес мүлдем болған жоқ. Саны 12 адамнан аспайтын кеңестер атқарушы және заң шығарушы өкілдіктерді бірдей қамтыды: бір жағынан, олар губернаторлар жанындағы министрлер кабинеті секілді болып, оларға барлық істерде көмек көрсетсе, екінші жағынан, олар заң шығарушы биліктің жоғары палатасы ретінде қызмет етіп, төменгі палата шешімдеріне қатысты veto құқығын иемденді. Кеңестер де губернаторларға сот шешімдерін қабылдауда көмектесті. Жалпы алғанда кеңестер дербес «аристократиялық» тармақтан гөрі «монархиялық» тармақтың бөлшегі болды, сондықтан аристократияның

америкалық аралас билік схемасында болды деу аса қиын.

Сонда XVIII ғасырда Солтүстік Америкадағы «монархиялық» тармаққа соншалықты көп өкілдік берілсе, «демократиялық» тармаққа не қалды? Және шынайы билік туралы, осыған орай америкалық аралас биліктің маңызы туралы әңгіме айтуға бола ма? Бұл мәселе америкалық зерттеушілер арасында ауқымды әрі ұзақ пікірталас тудырды. XX ғасырдың екінші жартысында анағұрлым белсенді зерттеушілер, олардың ішінде Дж. Грин, Дж. Поул, Б. Бейлин, Э. Морган отарлық ассамблеялардың билігі ресми түрде губернаторлар билігіне орын бере отырып, іс жүзінде тұрақты түрде бүкіл XVIII ғасыр барысында өсіп отырды, сондықтан «демократиялық» тармақ «монархиялық» тармаққа қарсы тең күш болды деген қорытындыға келді.

Отарлық ассамблеялардың ықпалы не нәрсеге негізделді? Ең алдымен, ассамблеялар біртіндеп өз қолдарына қаржы мен бюджетке жүргізетін билікті жинап, губернаторларды барлық шығындарда тәуелді етіп қоюына сүйенді. Ассамблеялар жергілікті жерлерде салық салу, отардың жыл сайынғы бюджетін анықтау, губернатордың өзін қосқанда барлық лауазымды тұлғаларға жалақы мөлшерін тағайындау құқықтарына ие болды. Атқарушы биліктің заң шығарушы билікке толық қаржылық тәуелділігін пайдалана отырып, ассамблеялар губернаторларды қандай да бір заң жобаларын мақұлдауға, түрлі қызметтерге өздеріне қажетті адамды тағайындауға, өздеріне ыңғайлы шешімдерді қабылдауға мәжбүрледі.

Солтүстік Америкадағы ағылшын отарларының экономикалық дамуына келсек, мұнда да айтарлықтай ерекшеліктер болғанын атап өту қажет. Шаруашылық дамудың ерекшелігіне орай, келесі аймақтар қалыптасты: солтүстік отарлар – Жаңа Англия (Нью-Гемпшир, Массачусетс, Коннектикут, Род-Айленд), орта-атлантикалық (Нью-Йорк, Пенсильвания, Нью-Джерси, Делавэр) және оңтүстік (Виргиния, Мэриленд, Солтүстік және Оңтүстік Каролина және Джорджия).

Солтүстік отарларда қолөнер және мануфактура өнеркәсібі, кеме ісі және теңіз саудасы ерекше дамыды. Алғашқы мануфактуралар жеке капиталистерге қараған жоқ, қауымдық, яғни муниципалды сипатқа ие болғанын айта кету керек. Бұл кезеңге 1640 жылы Массачусетс отары туралы және қала басшыларына ұлдар мен қыздарды барлық қалаларда тоқуға үйрету үшін қандай шаралар қабылдау керек деген мәселені алға қойған заңның қабылдануы жатады. Алты жылдан кейін Джеймстаунда (Вирджиния) жастарды тиімді мамандықтар мен мануфактуралардағы жұмысқа жақсырақ дайындау үшін зығыр өнімдерін өңдеу бойынша екі қоғамдық мануфактура салу туралы нұсқау шықты, онда әрбір графтықтан екі баланы тағайындалған шеберлер кард (мата лента) жасауға, тоқу мен өруге үйрететін болды. 1663 ж. Вирджинияның әрбір графтығында анағұрлым ауқымдырақ бағдарламамен (мұнда тігін де кірді) осындай үйлер салу туралы нұсқау шықты. Мұндай талпыныстар тек мата өнеркәсібінде ғана болған жоқ. Мысалы, 1663 жылы Вирджинияда терімшілер мен етікшілерді жабдықтау үшін әр графтықта бір не одан да көп қоғамдық илеушілер орнын ашу туралы бұйрығы бар акт шықты. Мұның үстіне тері

бұйымдары мен илеген материалдардың бағалары да белгіленді.

Бірақ тіпті өнеркәсіп пен сауда күштірек дамыды деген Жаңа Англияның өзінде ауылшаруашылығымен айналысқан тұрғындар отаршылдардың 9/10-ын ғана құрады. Өнеркәсіппен айналысатын қалалықтардың өзінде көп жағдайда өздерінің егістік жер алаңы, бақшасы мен малдары болды. Солтүстік отарларда кеме жасау, теңіз бұйымдарын өндіру, ағаштан бұйым жасау, мал сату дамыды. Жаңа Англияның теңіз жағалауы аудандарында көбіне кеме жасалды. Бай балық кәсіпшіліктерінде 30 мың адамға дейін жұмыс істеді. Оған қоса отарлардың Англиямен саудасында 29 мың теңізшісі бар 1100 кеме болды. XVIII ғасырдың ортасында британ жалауымен жүзетін кемелердің үштен бір бөлігі америкалық отарларда жасалған болатын. Солтүстік отарлардың басты қаласы және сауда айлағы 15 мың тұрғыны бар Бостон қаласы болды.

Англия отарларға темір бұйымдар өндіруге тыйым салған болатын, бірақ бұл ашықтан ашық бұзылып отырды. Пенсильвания, Нью-Джерси және Массачусетсте тіпті темір бұйымды зауыттың іргесін көтеріп бергендерге сыйақы тағайындады және бұл 1750 жылғы олардың ашылуына тыйым салынған заңнан кейін орын алған еді. 1775 жылы америкалық 13 отарда (Вирджиния, Нью-Хэмпшир, Массачусетс, Рой-Айленд, Коннектикут, Нью-Йорк, Нью-Джерси, Пенсильвания, Делавэр, Мэриленд, Солтүстік Каролина, Оңтүстік Каролина, Джоржия) Англия мен Уэльске қарағанда домна пештері көп болды, ал орташа жылдық өнім (әр домнадан 300 тонна шойын құйылған, әр өңештен 150 тонна жолақты темір өндірілген) Америкада да Англиядағыдай болды. Отарлардан Англияға темір тасу 1750 жылы 3 мың тоннаны, ал 1771 жылы 7520 тоннаны құрады. XVIII ғасырдың аяғында америкалық отарлар темір өндіру жөнінен Англия және Швециямен бір деңгейде болды, дегенмен Ресейден әжептәуір артта болды.

Отарларда тек металлургия ғана емес, өнеркәсіптің басқа түрлері де елеулі дәрежеде дамыды. Ірі, «шашыраңқы» мануфактуралар XVIII ғасырдың ортасында кеңінен тарады. Отаршыл жер иелерінің өздері темір ұстасы да, тері илеуші де, құмырашы да, тігінші де болды. Әйелдердің барлығы да тоқи білді. Отарларда басқа жақтан келген қолөнершілер де болды.

Ортаатлантикалық отарлар - Пенсильвания, Нью-Джерси және Нью-Йорк – бидай шаруашылығы дамыған аудандар болды. Мұнда ұсақ шаруашылықтармен бірге аристократтардың фермерлерге ұсақтап, бөліп жалдайтын ірі жер иеліктері де болды. Бұл жерлерде темір бөлшектерін шығаратын мануфактуралар да, сыра қайнатушылар да тоғысты. Пенсильванияның бас қаласы Филадельфия отарлардың ішіндегі ең ірі қала болды. Тәуелсіздік үшін болған соғыстың қарсаңында оның 23 мың тұрғыны болды. Нью-Йоркте Бостонға қарағанда сәл көп, 15 мыңнан астам халық тұрды. Әжептәуір қарасы бар жалдамалы жұмысшылар бірінші рет теңіз жағалауындағы портты қалаларда - Бостонда, Филадельфияда, Нью-Йоркте пайда бола бастады.

1685 жылы Уильям Пенн Филадельфия туралы онда сүргіші, ағаш ұстасы, кірпішші, тас қалаушы, жиһазшы, ұсталар, әшекейшілер, терішілер, тігіншілер,

етікшілер, т.б. «пайдалы шеберлердің» тұратындығын жазды. Көп жағдайда бұл жерде әңгіме қолөнершілер жайлы болды десек те, кеме жасау сияқты кейбір салада отаршылдық кезеңде-ақ жалдамалы еңбек кеңінен тарады.

1720 жылы, мысалы Бостонда 14 айлақ (верф) болды, оларда жыл сайын 200 кемеден жасалды. 1713 жылы Жаңа Англияның тек екі портында Бостон мен Сейлемде 3500 теңізші болды. Тәуелсіздік үшін соғыстың алдында Массачусетсте 70-тен астам шарап шығаратын орындар болды. Ұсталар, ағаш шеберлері, тас қалаушылар, басқалары да негізінен саяхаттап жүрген күндік жұмысшылар болды. 1770 жылы Нью-Йоркте күндік жұмысшыларды жалдайтын арнайы бюролар ашылды.

Оңтүстік отарлар негізінен құл иеленуші аудандар болды. Жоғарыда айтып өткеніміздей, 1619 жылы голландиялық кеме Вирджинияға құл-негрлердің үлкен партиясын алып келді. Оның соңынан голландиялық және ағылшындық кемелер жаңа партияларды әкеле бастады, ал 1638 жылы негрлер бірінші рет Массачусетске әкелінді. 1683 жылы Вирджинияда 3 мың құл негрлер және 12 мың «кіріптар қызметшілер» болды. Құлдар тәуелсіздік жолындағы соғысқа дейін негізінен темекі плантацияларында жұмыс істеді. XVIII ғасырдың 70-жылдарында мақта өндіру ешқандай рөл атқара қойған жоқ-ты. Негізінде мақта белгілі болды, бірақ ол көбіне үйден тігілген жібек тоқымаға қосу үшін пайдаланылды. Оңтүстік Каролина мен Джорджияның батпақты аудандарында күріш өсірілді. Плантациялық шаруашылыққа жарамайтын таулы аудандарда дербес фермерлер сақталып қалды. Онда бидай мен индиго өндірілді. Ондаған құлдың иесі болған ұсақ плантация иелерімен бірге жүздеген еріксіздерді иеленген ірі плантаторлар да болды. Оңтүстік отарлардың ең ірі қаласы Оңтүстік Каролинадағы 9 мың тұрғыны бар Чарльстон болды.

Оңтүстікте құлдардың саны өсе түсті. Тәуелсіздік үшін соғыстың қарсаңында негрлер Вирджиниядағы халықтың жартысын құрады, олар ақ түстілерден екі есе көп болды. Ортаатлантикалық отарда 1775 жылы негрлер 60 мыңдай болды, ал Жаңа Англияның барлық отарларында одан аз – 16 мың болды.

Отарларда сауда елеулі дәрежеде дамыды. Еуропаға жолақты темір мен ыдыстардағы шойын, мыс, кендер, аң терісі, темекі пен индиго әкелінді, ал барлық қалған экспорт - теңіз керек-жарақтары, қара май, скипидар, астық, балық пен ет және басқа тауарлар Вест-Үндістанға жөнелтілді. Америкалық отарлардан көбіне тауарларды Англияға, солтүстік немесе орта отарларға емес, оңтүстікке жіберді.

Мысалы, 1770 жылы Жаңа Англиядан Ұлыбританияға 650 мың долларға, Нью-Йорктан 300 мың долларға, Пенсильваиядан бұдан да төмен – 125 мың долларға бағаланған тауар әкетілген, ал Вирджиния мен шағын отар Мэриленд Англияға 2 миллион доллардың, Каролина – 1 250 мың доллардың, және ең жас отар – 1732 жылы салынған Джорджия 250 мың доллардың тауарын шығарған. Осылайша, Англияға негізінен ауыл шаруашылық өнімдері, атап айтқанда темекі, күріш, индиго және орман шаруашылығы өнімдері шығарылып отырған.

Ірі капиталдар құл саудасында, үндістермен саудада, жерді алыпсатуда шоғырланды. Үлкен қаражатқа балық және орман шаруашылығымен айналысқан кәсіпкерлер де ие болды.

Сауданың маңызды салаларының бірі адам саудасы болды: «кіріптар қызметкерлер» - ақ құлдар (сервенттер) және қара құлдар – негрлер саудасы. Америкада ағылшын отарларының негізі қаланғаннан кейін жуық арада Жаңа Англиялық пуритандар құл саудасы қызметіне белсенді қатыса бастады, олар голланд және ағылшын құл саудалаушыларымен бәсекелесті. 1644 жылдан бастап бостондық көпестер құл әкелу үшін Африкаға сапар шегіп тұратын болды.

XVIII ғасырда делдалдық құл саудасы гүлденді. Жаңа Англия порттарынан сонда жасалған кемелер Вест-Үндістанға ірі бұршақ, бұршақ, астық, күбілік өнімдер, орман өнімдері, төменгі сортты балық, жылқы, сүт өнімдері және қолөнер өндірісінің түрлі өнімдерін жеткізді. Вест-үндістандық отарларда бұл өнімдер ромға ауыстырылып, оларды кемелер Африкаға жөнелеткен. Африкада ром құлдарға алмастырылып, одан әрі Вест-Үндістанға жеткізілді. Мұнда құлдар сатылды немесе ромға, қантқа және сірнеге айырбасталып, осы тауарларымен кемелер Жаңа Англияға қайта оралды. Сірне Жаңа Англияда спиртті ішімдіктер дайындау үшін пайдаланылды, бұл сала тәуелсіздік үшін соғысқа дейін мануфактуралық өндірісте жетекші орынға ие болды.

Құл иеленушілердің кемелері өзара үш облысты бөлісті: Жаңа Англия, Вест-Үндістан және Африка. Осыдан келіп делдалдық сауда «үштік» немесе «үшбұрышты» сауда деген атауға ие болған. Кей кездері құлдарды солтүстікамерикалық материктің тек оңтүстік отарларына ғана жеткізген, кейде құл саудагерлерінің арзан мата мен металдан жасалған ұсақ-түйек әшекейлерге толтырылған кемелері Жаңа Англиядан бірден Африкаға аттанған, кейін осы заттарды құлдарға айырбастап алып отырды. Жаңа Англия көпестері құл саудасы кәсібін өсімқорлықпен, жерді алыпсатумен бірлестіріп отырды, ал олардың кейбіреулері бір уақытта мануфактуралар ұстаған.

Бақылау сұрақтары:

1. Отарлардың қандай түрлері болды және олар қалай құрылды?
2. Америкалық аралас басқарудың ерекшеліктері қандай?
3. Солтүстікамерикалық отарларға қатысты метрополияның саяси және экономикалық мақсаттары қандай болды?
4. Құл саудасы қашан және не себепті дамыды?

Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар:

1. «Солтүстік, ортаатлантикалық және оңтүстіктік отарлардың экономикалық даму ерекшеліктері» атты таблица құрастырыңыз.
2. Отарлардағы діннің сипаты мен ролі туралы конспект дайындаңыз.

4. МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҰЛТТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ: ТӘУЕЛСІЗДІК ҮШІН СОҒЫС (1775 – 1783 ЖЖ.)

Отарлар тек саны жағынан ғана өсіп қойған жоқ. XVIII ғасыр Европадан келген эмигранттар ағымының арқасында тұрақты аумақтық экспансияны қамтамасыз етті. Жағалаудағы жақсы жерлерге тұрғындар бұрын қоныстандықтан, жаңа қоныстанушылар елге ішкерлей ене берді, өзендердің бойымен жоғары өрледі, XVIII ғасырдың 30 жылдарына қарай қоныстардың алғашқы шебі Вирджиниядағы Шенандоа өзенінің алқабына (Потомак өзенінің құйылысы) орныға бастады.

Ағылшындардың саяси бостандықтар үшін ұзаққа созылған күрестерінің дәстүрлерін мұраға алған отаршылдар, оларда Англияда тұрған жағдайдағы деңгейде барлық бостандықтар, дауыс беру құқығы және жеке басына қолсұғылмаушылықтар бар деп ойлады. Сондықтан отаршылдар бастапқыда ағылшын заңдары және тәртіптері бойынша – заң шығарушы ассамблеяларымен, өкілдік жүйесімен және мойындалған әдеттегі жеке адам құқықтарымен мойындалған жеке бостандықтарымен өмір сүрді. Бірақ олардың заң шығарушылығы барған сайын америкалық талаптарға бейімделе берді және соған сай британ құқықтық тәжірибесі мен үлгілеріне (прецеденттеріне) аз мән берілді. Метрополия билігінің күшеюіне жол бермеу үшін отаршылдар оның әкімшілігімен кикілжіңдерге барды, сондықтан отарлық кезең тарихы халық сайлаған ассамблеялар мен король тағайындаған губернаторлар арасындағы күреске толы болды.

Губернаторлар мен ассамблеялар арасында қайта-қайта болған қақтығыстар отаршылдардың санасын оята бастады, бастапқыда олар Англия мен Американың түпкі мүдделерінің айырмашылығын көре бастады. Отар тұрғындары барған сайын метрополиямен саяси және экономикалық мүдделердің кең ауқымы бойынша қарама-қарсы жағдайда тұрған адамдардың қауымдастығы ретінде көріне бастады. Бұған америка мемлекетінің өзі қалыптасқанға дейін ұзақ уақыт бұрын қоғамдық-саяси шындыққа айналған отарлық баспасөздің қалыптасуы мен дамуы, қоғамдық ортадан америкалық тәуелсіздік идеяларының жақтастары мен насихаттаушыларының бөлініп шығуы үлкен ықпалын тигізді. Олардың арасында Бенджамин Франклин аса ықпалды және танымал болды.

1754 жылы маусымда бірқатар отарлардың – Жаңа Англия, Нью-Йорк, Пенсильваия және Мэриленд делегаттары Олбани қаласында (Нью-Йорк отары) келісім жасау үшін ирокездер тайпасының елшілерімен кездесті. Кейін «Олбанидегі Конгресс» деген атауға ие болған бұл кездесу отарлардың ирокездермен байланысын нығайтып, Англияға қатысты олардың ниеттестігін қамтамасыз етуге тиіс болатын. Алайда отаршылдардың өздері америка отарларының одағын олардың қауіпсіздігі үшін қажетті шара деп жариялады, оның құрылымының жоспары көрсетілді. Бұл жоспардың авторы Бенджамин Франклин болды. Ол король тағайындайтын отар президенті қызметін және мүшелерінің санын әрбір отардың жалпы қазынаға қосқан ақшаай жарнасының көлеміне қарай отарлық ассамблеялар сайлайтын жоғары кеңесті енгізуді

ұсынды. Бұл билік британ тағының Америкадағы – үндістерге қатысты, сауда, қорғаныс, жерлерге қоныстану істерінде барлық мүдделерін сақтауға міндеттенді. Жоспар тез өркендеп келе жатқан буржуазиялық отардың дербестікке және өзіндік және жалпыұлттық сана-сезімін арттыруға талпынуын көрсетті, бірақ әлі метрополиядан толық тәуелсіздікті алуды қарастырған жоқ болатын. Алайда өз ойлары бойынша шектелген мұндай жоспардың өзі Лондонның жағымсыз реакциясын туғызды, отарларда да ол қолдау таппады. Отарлар Франклин жоспарымен салық жинау немесе батыстағы жерлерді игеруді бақылау құқықтарынан айрылғысы келмегендіктен келіспеді.

1763 жылға дейін Ұлыбритания өзінің отарлық иеліктеріне қатысты ешқандай айқын саясат жүргізген жоқ. Метрополияның басты принципі меркантилизм болды – отарлар оны шикізатпен қамтамасыз етіп тұруы және оның өнеркәсібімен бәсекеге түспеуі тиіс болды. Францияны жеңгеннен кейін Англия осы кезге дейін мән бермей келген мәселеге назар аударды, атап айтқанда – өз империясын басқаруды ұйымдастыру мәселесі. Ол үшін өзінің ауқымды иеліктерінің қорғанысы мәселесін айтарлықтай жеңілдету, түрлі аумақтар мен халықтардың мүдделерін реттеу және империялық әкімшіліктің шығындарын ретке келтіру маңызды болды.

Англияның тек солтүстікамерикалық иеліктері екі еседен де кеңейді. Атлант жағалауының жіңішке жолағына өз алдына империя болып тұрған Канада кеңістігі және Миссисипи мен Аллеган таулары арасындағы алып аумақ қосылды. Негізінен протестант-ағылшындардан және ағылшынданған Европадан шықандардан тұратын оның тұрғындары енді француз-католиктерін және бір бөлігі христиандықты қабылдаған көптеген үндістерді қамтыды. Бұрынғы және жаңа аумақтарды басқару және олардың қорғанысы үлкен қаражатты және үлкен әкімшілік аппаратын талап етті. Ескі отарлық жүйе айқын түрде өзінің жарамсыздығын көрсетті. Англиядағылар империяның қайта құрылуы қажеттілігін түсінсе де, Американың өзіндегі жағдай бұл үшін жағымды болмады. Дербестікке үйреніп қалған отарлар азырақ емес, көбірек еркіндікті талап етті, әсіресе Франция тарапынан қауіп сейілген кезде бұл байқала түсті. Жаңа жүйені іске қосу үшін, билікті нығайту үшін ағылшын парламентарийлерін өзін-өзі басқару рухында тәрбиеленген және сырттан ешқандай араласуды көтермейтін отаршылдармен күрес күтіп тұрды.

Британ үкіметінің алғашқы қадамдарының бірі аумақтық мәселені шешу болды. Канада мен Огайо өзенінің бассейнін біріктіру француздар мен үндістерге өздерін жек көрінішті етпейтіндей саясатты талап етті. Бірақ дәл осы жағдай корольдік үкіметті отарлармен қақтығысқа алып келді, олардың халқы тез өсіп жатты және өздеріне де жаңа жерлерді қажет еді. Жер қорының толығын қажетсініп отырған отарлар қоныс шекарасын Миссисипи өзеніне дейін ығыстыруды талап етті.

Британ үкіметі Батысқа бағытталған миграция үндістермен араны шиеленістіреді деп алаңдап, отаршылдардың жаңа жерлерге қарай қозғалуын реттеу керек деп тапты. 1763 жылғы Корольдік нұсқауға сәйкес Аллеган таулары, Флорида, Миссисипи өзені мен Квебек арасындағы барлық батыс

аумақ үндістерге тиесілі деп жарияланды. Осылайша үкімет он үш отардың жерге деген дәмесін үзуге және олардың экспансиясын тоқтатуға тырысты. Бұл шараның тиімділігі аз болса да, отаршылдар оны өздерінің батыстағы жерлерді алып, онда қоныс тебуге деген қарапайым құқығын тым аяқ асты ету деп бағалады.

Британ үкіметінің жаңа қаржылық саясаты бұдан да үлкен салдарға алып келді, оған көбірек қаражат қажет болды. Өсіп келе жатқан империяны асырау жүгін тек ағылшын салық төлеушілерінің мойнына аспау үшін, Лондондағылар бұған отарлар да өз үлестерін қосуы тиіс деп шешті. Бірақ олардан салықты тек отарлық өзін-өзі басқару есебінен орталық билікті күшейту арқылы ғана алуға болатын еді.

Бұған жасалған алғашқы қадам 1764 жылы парламенттің сауданы реттеу үшін емес, кедендік салым алу үшін Қант актісін қабылдауы болды. Ол 1733 жылғы сірне туралы Актіні алмастырды, ол кезде ағылшын иеліктеріне ром мен оның өндірісіне арналған шикізат – сірнеге тыйымдық баж салығы салынған болатын. Қант актісі арқылы ромды импорттауға тыйым салынды, бірақ сірнеге азғантай баж салығын салу сақталды, ал жүзімнен жасалған шараптар, жібек, кофе және басқа сән бұйымдарына елге әкелу кезінде салық салынып отырды. Билік кеденшілерден мұқият болуды талап етті, ал америка суларындағы британ әскери кемелері контрабандистерді ұстауға бұйрық алды. Корольдік шенеуніктерге кемелер мен жүктерді тінту мен қарау құқығын берген ордерлер берілді.

Қант актісі Жаңа Англия саудагерлерінің ашуын туғызды – оларды салықтың өзі де, актті орындау шаралары да шошытты. Отарлық көпестердің бүтін бір буыны француздық және голландық Вест-Үндістаннан сірненің көп бөлігін еш баж салығынсыз әкелуге үйренген болатын. Енді олар тіпті ең төменгі мөлшердегі салық салу бұл тауардың саудасын құлдырататынын дәлелдеп бақты. Саудагерлер, заң шығарушы ассамблеялар және отарлардағы жиналыстар Қант актісіне қарсы шықты, ал отарлық заңгерлер оның преамбуласын «себепсіз салық салудың» алғашқы көрінісі деп бағалады. Бұл тұжырымдама америкалық патриоттардың ұранына айналып, көптеген отаршылдарды метрополиямен күреске тартты.

Одан кейін, 1764 жылы Парламент Ақша актісін қабылдады, ол бойынша отарларда төлем құралы ретінде қағаз ассигнацияларды пайдалануға тыйым салынды. Отарлардағы сауда дамудың жоғары деңгейіне жете қоймағандықтан және темір тиындар жетіспегендіктен, аталмыш шешім отарлық экономиканың қиындықтарын одан сайын шиеленістірді. 1765 жылы қабылданған Пәтерлік актті де отаршылдар қабылдай алмады, ол бойынша король әскерін отаршылдар пәтермен және жабдықтармен қамтамасыз етуге тиіс болды.

Британ билігінің бұдан кейінгі отарларды басқарудың жаңа жүйесін құру бойынша жасаған қадамы ең күшті және ұйымдасқан қарсылықты туғызды. Герб салығы (1765 ж.) деп аталған Акт бойынша отардың кез келген баспалық өнімі – барлық газеттер, үндеулер, хабарландырулар, памфлеттер, сондай-ақ заңдық құжаттар: лицензиялар, жалға алу туралы құжаттар және т.б. – салық

салынатындар қатарына жатқызылды, оның төленгендігі туралы оған жапсырылған гербтік марка айғақ болады. Америка кеденшілері жинайтын бұл салық отардың қорғанысы мен қауіпсіздігіне арналды. Негізі қаланған кезден бері отарлар алғаш рет салықтарды жергілікті билікке емес, Лондонның өзіне төлеуге мәжбүр болды. Англия бұл салықтың енгізілуін отарды қорғау қажеттілігіне байланысты туындаған үлкен мемлекеттік қарызбен түсіндірді.

Герб салығы жайындағы акт тұрғындардың ең ықпалды және «шешен» топтарын: бүкіл Америкадағы журналистерді, адвокаттарды, діндарларды, көпестерді және кәсіпкерлерді ашуландырды, өйткені салық барлығына қатысты болатын. Ірі саудагерлер өзара тауар алмасуға байкот жариялау мақсатында бас біріктірді.

1765 жылы жазда метрополиямен сауда бірден қысқарды. Герб салығы жайындағы Актпен күресу үшін отаршылдардың көшбасшылары «Еркіндіктің ұлдары» деп аталатын құпия ұйымдар құрды, олар күштеуді жиі пайдаланып тұрды. Саяси оппозиция көп ұзамай бүлікке айналды. Массачусетстен Оңтүстік Каролинаға дейінгі бүкіл кеңістікте герб салығы жөніндегі Акті ешкім орындаған жоқ, халық зұлым салық жинаушыларды лауазымдарынан бас тартуға мәжбүрледі, ал жек көрінішті маркалардың көзін жойды.

Виргиния ассамблеясының төменгі палатасының делегаты Патрик Генридің бастамасымен палата өкілдіксіз салық салуды отарлық бостандықтарға қол сұғушылық ретінде сынайтын бірқатар қарарлар қабылдады. Бірнеше күн өткен соң Массачусетс ассамблеясы барлық отарларға делегаттарын Нью-Йорк қаласына герб салығы жөніндегі мәселені талқылау үшін конгресске делегаттарын жіберу туралы үндеу жолдады. 1765 жылы қазанда жиналған бұл конгресс америкалықтардың бастамасымен жасалған отараралық алғашқы мәжіліс болды. 9 отардан келген 27 делегат отаршылдарды олардың өміріне британ парламентінің араласуына қарсы жұмылдыру мүмкіндігін пайдаланды. Біраз уақытқа созылған пікірталастардан кейін конгресс тек легислатуралар енгізетін салықтарды ғана заңды деп тану туралы қорытынды шығарды, ал герб салығы жөніндегі Акт Лондонның отарларды барлық құқықтары мен бостандықтарынан айыру ниеті ретінде бағаланды.

Салық салу жөніндегі мәселе өкілдік туралы мәселемен тығыз байланысты еді. Отарлар өздерін парламентте өкілдендірілген деп санамады, өйткені қауымдар палатасы сайлауына қатыспайтын еді. Бұл ортодоксальдық ағылшындық «шынайы өкілділік» принципіне қайшы келді, ол бойынша парламентте дербес жерлерден гөрі, қоғамдық таптар мен мүдделер өкілдендірілуі тиіс болатын. Англияның лауазымды тұлғаларының басым көпшілігі парламент – империялық орган, оның заңдық күші метрополияға да, отарға да бірдей таралады деп тұжырымдады. Отаршыл көшбасшылар ешқандай «империялық» парламентті мойындамады және заң бойынша олар тек корольмен істес болуымыз тиіс деп ойлады: өйткені король теңіздің арғы жағында қоныстардың негізі қалануына және оларға билік органдарын құруға рұқсат берді. Олар Англияның королі – отардың да королі екендігіне талас

тудырмады, бірақ олар отарлардың Англия үшін заң шығаруы секілді ағылшын парламентінің де отарлар үшін заң шығаруға құқығы жоқ деген талап қойды.

Парламенттегілердің отарлардың көзқарасына бағынатын сыңайы жоқ еді, алайда Америкадағы өз тауарларына деген бойкоттың салдарын сезінген британ көпестері парламенттік шешімдердің қайта қаралуы үшін бар күштерін салды. 1766 жылы герб салығы жөніндегі Акт алынып тасталды және Қант актісі өзгертілді. Отаршылдар жеңісті тойлап жатты: саудагерлер әкелінетін тауарға байкотты тоқтатты. «Еркіндіктің ұлдары» тынышталды, сауда қайта жанданды – бейбітшілік орнағандай болды.

Алайда, бұл уақытша тынығу болатын. 1767 жылы Лондон қайтадан Англия мен отарлардың арасын шиеленістерген қадамдарға барды. Қазына ісінің канцлері Чарлз Тауншенд қазынаны толтырудың жаңа жоспарын дайындады. Англиядағы салықтарды америкалық саудагерлерден жиналатын баж салықтарының күшейтілген салымдары арқылы төмендетуді ойлай отырып, ол кедендік бақылауды қатайтуды және бір уақытта отарларға қағаз, әйнек, қорғасын, бояу мен шай жеткізуге салық салуды ұсынды.

Алымның бір бөлігін губернаторларға, соттарға, сондай-ақ Америкадағы британ әскерлерін ұстау үшін жалақы ретінде төлеу көзделді. Тауншенд ұсынған келесі бір акт отарлардың жоғары соттарына тінту жүргізуге құқық берді. Бұл шаралар герб салығы сияқты отаршылдардың қатты дүмпуін тудырған жоқ, бірақ оған қарсыластық айтарлықтай күшті болды. Көпестер қайтадан ағылшын кемелерімен жеткізілетін тауарларға байкот жариялай бастады, халық тек отарлардан шығатын өнімдерді пайдалануға көшті. Олар қолдан тоқылған киімдер киіп, шайдың орнын алмастыратын өнімдерді тапты, отарларда дайындалған қағаздарға ғана жазып, үйлердің қасбеттерін боямады. Бостонда жаңа заңдардың қолданылуы зорлықтың жауапты актісін туғызды. Кеденшілер өз істеріне кірісе бастаған кезде, оларды бүлікшілер ұрып-соқты. Кеденді күзету үшін екі тұрақты полк жөнелтілді. Бостонда британ әскерлерінің болуы тәртіпсіздіктердің тұрақты сылтауы болды. 1770 жылы 5 наурызда қаладағы 18 ай бойы әбден шиеленіскен жағдайдан кейін қалалықтар мен солдаттар арасындағы өзара дұшпандық жаппай төбелеске ұласып, қантөгіспен аяқталды. Мұндай қарсыластыққа кезіккен парламент 1770 жылы «стратегиялық шегінуді» бастап, шайға салынатын салықтан басқа Тауншендтің барлық актілерін алып тастады. Отаршылдардың басым көпшілігі парламенттің акциясын айтарлықтай жеңілдік деп бағалап, Англияға қарсы науқанды тоқтатты десе де болады. «Ағылшын шайын» әкелуге тыйым салу сақталынды, бірақ қатаң қадағаланған жоқ.

XVIII ғасырдың 70-жылдарының басына қарай метрополиядан толық тәуелсіздік алу үшін қоғамдық күштер мен қозғалыстардың бірігуі байқалды, бұл олардың ұстанымдарының Лондонмен ара қатынастардың түрлі аспектілері бойынша тығыз жақындасуынан көрінді. Тәуелсіздік үшін күрестің алдыңғы қатарында солтүстік-шығыс жағалаудағы аса ірі порт Бостон ерекше көзге түсті. 1777 жылы Массачусетс отарында Гарвард колледжінің түлегі салық жинаушы С.Адамс алғаш рет отарлар арасындағы байланысты, метрополиия

диктатына қарсы бірлескен әрекеттерді үйлестіру органы болған Корресподенттік комитетті құрды. Массачусетстен кейін Вирджинияда, ал 1773 жылы мұндай комитеттер отарлардың барлығында дерлік құрылды, олар Британ империясымен ара қатынасты біржола қол үзуге дайындықта маңызды роль атқарды.

1773 жылы 6 желтоқсанда Бостонда театрландырылған қарсылық акциясы өткізілді, бұл америка тарихына «Бостондағы шай ішу» деген атпен енді. С.Адамстың үндеуімен «Еркіндіктің ұлдары» ұйымының мүшелері үндістің могаук тайпаларының киімін киіп, ағылшындық Ост-Үндістан компаниясына тиесілі 342 шай салынған жәшіктерді теңізге лақтырды. Ағылшын экспортерінің америкалық кедендік баж салығын төлемеуі ресми сылтау болды, бірақ іс жүзінде бұл америкалық патриоттардың мұқият дайындалып, өткізген акциясы еді. Лондон оны метрополияның экономикалық мүдделеріне келтірілген нұқсан және отаршылдардың ағылшын тауарларына қойған байкотына байланысты онсыз да үлкен қаржылық қиындықтарға тап болған компанияға келген айтарлықтай шығын деп бағалады. (атап айтқанда шайға жарияланған байкоттың салдарынан шайды пайдалану отарларда 1769 бен 1772 жылдар арасында үш еседен артық төмендеген). «Бостондағы шай ішу», негізінен, тәуелсіздік үшін белсенді күрестің бастамасын білдірді.

Парламент бірқатар жаңа ережелермен жауап берді, оларды отаршылдар «мәжбүрлеуші» немесе «адам төзгісіз актілер» деп атады. Алдымен Ост-Үндістан компаниясының шығындары өтелмейінше, Бостон портын жабу көзделді. Портты жабу туралы билль қалаға экономикалық апат қаупін төндірді. Екінші қаулымен корольге осыған дейін сайланып келген Массачусетстің жоғары палатасының мүшелерін тағайындау құқығы берілді. Үшіншісі осы отардағы қалалық жиналыстарда ант беруші мәжіліске қатысушыларды сайлауды алып тастады. Сот құрамын таңдау губернаторға бағынатын шерифтерге берілді. Губернатор мұндай жиналыстарға рұқсат беру немесе тыйым салу, соттар мен шерифтерді тағайындау және алып тастау құқығына ие болды. Төртіншісі 1765 жылы қабылданған Пәтерлік актіні бекітті, ол бойынша жергілікті билік орындарын британ гарнизондарына бөлме беруге міндеттеді.

Сонымен бір мезгілде парламент Квебек актісін қабылдады, ол Квебек провинциясының аумағын кеңейтіп, француздарға діни бостандық пен кемелерін жасауға кепілдік берді. Америкалық отаршылдар бұл актіге қарсы болды, өйткені ол бұрынғы хартиялармен заңдастырылған батыстағы жерлерге деген талапты алып тастайтын еді, ол жерлерге баруды қиындататын болды, ал рим-католиктік провинцияны құру отаршылдардың құрлықтың солтүстігі мен солтүстік-батысына бару жолдарын жабатын еді. Квебек актісі жазалаушы ретіндегі шара болмаса да, америкалықтар оны жоғарыда аталған төртеуінен бөліп қараған жоқ, оларды бірге «адам төзгісіз 5 акт» деп атап кетті.

Виргинияның өкілдер палатасының ұсынысы бойынша 1774 жылы 5 қыркүйекте Филадельфияда Джорджияны қоспағанда, барлық отарлардан 56 өкіл қатысқан Бірінші Континенталдық конгресс өз жұмысын бастады.

Вирджиниядан келген жеті делегаттың біреуі Джордж Вашингтон болатын. Конгресс барысында метрополияға қойылатын талаптардың жобасы жасалды. Конгресс құрастырған «Құқықтар декларациясы» америкалық отарлардың «өмірге, еркіндікке және жеке меншікке» деген талаптары туралы арызын және британ тағы өзінің қаржылық-экономикалық саясатында жеңілдіктерге бармаған жағдайда ағылшын тауарларына байкотты қайта жандандыратыны туралы шешімді қамтыды. Декларацияда сонымен қатар, егер Лондон өз бірбеткейлігінде қала беретін болса, 1775 жылы 10 мамырда жаңа Континенталдық конгресс шақырылатыны туралы ой айтылды. Метрополияның жауапты қадамдары көп күттірмеді – король отарлардың британ тағына бағынуын талап етті, ал ағылшын флоты Америка құрлығының солтүстік-шығыс жағалауын блокадалауға кірісті. Генерал Гейдж «ашық бүлікті» басуға және отарлардың «мәжбүрлеуші» заңдарды қажет жағдайда күш қолдану арқылы орындауын қамтамасыз ету туралы бұйрық алды.

1775 жылы 1 ақпанда Массачусетстің провинциалдық конгресі мүмкін болатын әскери қақтығысқа дайындықты бастауды қажет деп тапты және осы мақсатта өзінің халықтық жасағын – милицияны құрды. Лондоннан нұсқаулар алғаннан кейін Т. Гейдж ескерту соққысын беруге шешім қабылдады. 19 сәуірде ағылшындар отарлардың негізгі жабдықтау орталығы, Бостоннан 21 миль жерде орналасқан – Конкордты қоршауға және ондағы азық-түлік пен әскери қару-жарақты жойып жіберуге тырысты. Дәл осы жерде тәуелсіздік үшін соғыстың алғашқы шайқасы болды. Сол күні Конкорд түбіндегі отарлық милициямен болған алғашқы ұрыс нәтижесінде ағылшындар айтарлықтай шығындарға ұшырады – 73 адам қаза тауып, 174 адам жараланды. Отаршылдар да шығынға ұшырағанымен қарсыластарды шегінуге мәжбүрледі. Лексингтоннан шегіну жолында жергілікті тұрғындардың көптеген қарулы шабуылдарына ұшырай отырып, ағылшын әскерлері Бостонға кірді. Лексингтон түбіндегі жеңіліс туралы хабар барлық отарларға бірден тарап кетті. Массачусетстік конгресс көршілес отарлардың билік орындарынан көмек сұрады. 20 мамырдан кейін Массачусетске көршілес Род-Айленд, Коннектикут және Нью-Хэмпширден отаршылдар келе бастады. Тәуелсіздік үшін соғыс жалпы ұлттық ауқымды қамти бастады.

Лексингтон мен Конкордтағы атыс жаңғырықтары әлі тыншымай тұрып, 1775 жылы 10 мамырда Филадельфияда Екінші Континенталдық конгресс жиналды. 15 мамырда ол Англиямен соғысты қолдап дауыс берді. Отарлық милиция қызметке шақырылды, ал полковник Джордж Вашингтон бас қолбасшы болып тағайындалды. Соғыстың алғашқы ірі шайқасы Континенталдық армия мен ағылшын жасақтарының арасындағы 1775 жылғы 17 маусымдағы Банкер-Хилл (Бостонға жақын) маңындағы қақтығыс болды. Екі тарап та ірі шығындарға ұшырады, бірақ шайқаста өзінің 2 мың адамнан тұратын әскерінің жартысын жоғалтқан ағылшындар Вашингтонды жеңді. Бұл жеңіліс отаршылдарға өз тәуелсіздігі үшін соғыста жеңіске жету мақсатына кері әсер етпеді – ағылшындардың бүлікшілерге кешірім беру арқылы тізе бұғу туралы ұсынысына отаршылдар үзілді-кесілді қарсы шықты. Канададан

ағылшындардың келуінің алдын алу үшін конгресс ол жаққа 1775 жылы күзге қарай экспедициялық корпус жіберуге шешім қабылдады. Америкалықтар Монреальді алды, бірақ қыста Квебекке жасалған жорық сәтсіз аяқталып, олар Нью-Йоркке қайтып оралды.

Соғыс жүріп жатты, бірақ Англиядан толық тәуелсіздік алу туралы идея Континенталдық конгрестің кейбір делегаттарын әлі де шошытты. 1775 жылы шілдеде Пенсильваниядан келген Джон Дикинсон «Зәйтүн бұтағының петициясы» деп аталған қарардың жобасын жасады. Бұл корольге бейбіт келісім жасалғанға дейін әскери қимылдарды тоқтату туралы жасалған өтініш болатын. Лондондағылар петицияға құлақ аспады, 1775 жылы 23 тамызда III Георг отарларды бүлік жағдайында деп жариялады.

1775 жылы желтоқсанда ағылшын өкілдігінің шешімімен барлық америкалық сауда кемелерінің Ұлыбританияның әскери-теңіз флоты күштері арқылы тәркіленуге жататындығы туралы жария етті. Бұған конгресс ағылшындармен күресу үшін жеке меншік ағаштан жасалған (каперлік) кемелерді қаруландыру шешімімен жауап берді, бұл америкалық әскери-теңіз флотының негізін салуға әкелді. Сонымен бір мезгілде конгресс жанынан құпия корреспонденция Комитетін құру және оған аса маңызды міндет – Еуропа құрлығында отарларға әскери және қаржылай көмек іздеу жүктелетіндігі туралы шешім қабылданды.

Бір айға жетпейтін уақыт ішінде конгреске Англияның басты саяси және экономикалық бәсекелесі Францияның мұндай көмекті көрсетуге дайын екендігі туралы хабар келіп жетті. 1776 жылы Парижге арнайы миссиямен аттандырылған Б.Франклиннің қайраткерлік қызметінің нәтижесінде, 1777 жылы мамырдың басында француз королі XVI Людовик (Луи) Америка отарларына 1 млн. доллар сомасында қару мен әскери жабдықтар бөлу туралы шешім қабылдады. Көп ұзамай оларға көмек беруге дайын екендігі туралы Испания да жариялады, ол бүлікшіл отарларға жақтасудан гөрі өзінің одақтасы Франциямен ынтымақтастығын сақтау мақсатында ғана осы қадамға барған болатын. Мадрид қару, оқ-дәрі, мыс, қалайы, аттың әбзелдерін, әскери мундирлер, аяқ киімдер және т.б. жеткізіп тұрды. Алайда Испания көрсеткен материалдық көмек Франция көрсеткен көмектен 13 есе төмен болатын.

Отаршылдардың тәуелсіздік жолындағы өздерінің күресінің әділетсіздігіне деген сенімнің қалыптасуына 1776 жылы қаңтарда Филадельфияда жарық көрген Америка тарихының маңызды еңбектерінің бірі Томас Пейннің «Дұрыс мағына» деген памфлеті біраз ықпал етті. Онда монархиялық басқару формасының дұрыстығына күмән келтіріліп, III Георгті «патшалық құбыжық» деп атап, отаршылдарға қарсы әділетсіз актілердің бәріне оны кінәлі делініп айыпталды. Американың тәуелсіздігі ғана оның халқын гүлденуге жеткізеді деп тұжырымдады Пейн. Бұл кітапша 120 мың данамен шығарылып, америкалықтардың жүрегінен орын тапты және отарлардың Англиядан бөлінуі жолындағы күресінің негізгі насихаттық қаруы болды.

1776 жылы 25 мамырда С.Адамстың бастамасымен Континенталдық конгресс отарларды Англиядан тәуелсіз республикалар – өз конституциялары

бар штаттарға айналдыруды санкциялады. 2 шілдеде конгресс делегаттары ресми түрде тәуелсіздік үшін дауыс берді, ал 1776 жылы 4 шілдеде Тәуелсіздік декларациясын – Америка революциясының басты құжатын қабылдады. Негізгі авторы Т.Джефферсон болып саналатын бұл құжатта мемлекеттік құрылымның негізі ретінде халық егеменділігі принципі жария етілді. 13 отардың британ метрополиясынан бөлінуі және Америка Құрама Штаттарының құрылғандығы ресми түрде бекітілді.

Америкалықтар тәуелсіздік жариялағаннан кейін көптеген айлар бойы ауыр жеңілістерге ұшыраса да, олардың қажырлығы мен табандылығы ақыры өз жемісін берді. 1776 жылы тамызда Нью-Йорк қаласына жақын жердегі Лонг-Айленд түбіндегі шайқаста Вашингтон армиясы позицияларын сақтап қала алмай, Бруклиннен Манхэттенге қайықтармен жүзіп барып, шебер шегінуді орындады. Ағылшын генералы Уильям Хоу екі рет кідіріп, америкалықтарға шегінуге мүмкіндік беріп алды. Алайда қарашада Хоу Манхэттенді алды және Нью-Йорк соғыстың аяғына дейін ағылшындардың қолында қалды.

Желтоқсанға қарай Вашингтон армиясының күштері әбден қалжырады – оған қосымша көмекке күш келмеді және нашар жабдықталды. Алайда Хоу әскери қимылдарды көктемге қалдырып, америкалықтарды талқандау мүмкіндігін тағы да жіберіп алды. Ал бұл уақытта америкалық бас қолбасшысы жасақты Делавэр өзені арқылы Трентон (Нью-Джерси) қаласынан 14-шақырымға бағыттап, 26 желтоқсан күні таңертең ерте оның гарнизонына шабуыл жасап, шамамен 900 адамды тұтқынға алды. Бір апта өткен соң, 1777 жылы 3 қаңтарда Вашингтон ағылшындарға Принстон түбінде тағы шабуыл жасады. Трентон мен Принстон түбіндегі жеңістер америкалықтардың әскери рухын көтеріп, қарсыластар алған аумақтардың көп бөлігін азат етуге мүмкіндік туғызды.

1777 жылы Хоу америкалықтарды Брандивайн түбінде (Пенсильвания) жеңіліске ұшыратып, Филадельфияны алды, Континенталдық армия тек қашып құтылуға мәжбүр болды. Армия 1777 - 1778 жылғы қатал қысты Валли-Фордж (Пенсильвания) лагерінде өткізуге мәжбүр болды, азық-түлік пен жылы киім тапшылығы қатты байқалды.

Валли-Форждағы қыстау Континенталдық армия үшін ең ауыр сын болса да, 1777 жыл соғыс барысындағы өзгеріске бет бұрған жыл болды. Шілдеде ағылшын генералы Джон Бургойн америкалықтардан Нью-Йорк-Канада шекарасындағы Тайкондерога фортын тартып алды, одан кейін Шамплейн көлі – Гудзон өзені жолын басып алып, Жаңа Англияны басқа отарлардан үзу үшін оңтүстікке бағыт алды. Алайда Бургойнның азық-түлік алуға тырысқан әрекеттері Беннингтонға (Вермонт) жақын жерде ұзаққа созылған ұрыстарға айналып кетті. Оның корпусы ұсталды, бұл Вашингтонға Олбанидан (Нью-Йорк) Бургойнмен шайқасып жатқан жасақтарға қосымша күш жіберуге мүмкіндік берді. Ағылшындар қайтадан шабуылға шыққан кезде, америкалықтар оларды дайын күйде қарсы алды. Бенедикт Арнольдтың қолбасшылығымен (кейінірек Вест-Пойнтта ағылшындар жағына шықты) олар шабуылдаушыларды екі рет кейін ығыстырды. Бургойн Саратогаға (Нью-Йорк)

шегінді, 1777 жылы 17 қыркүйекте өз корпусымен берілді. Бұл, біріншіден, ағылшындардың үлкен жеңілістерге ұшырай алатындығын, ал екіншіден, бұдан мағыздырақ, америкалықтардың жағына Францияның тартылғандығын көрсетті.

Франция 17 желтоқсанда Англияның мұхиттың арғы жағындағы бұрынғы оталарының тәуелсіздігін мойындады, ал 1778 жылы ақпанда Құрама Штаттармен екі маңызды келісім – достық пен сауда жөніндегі Келісім (атап айтқанда, америкалықтарға саудада барынша тиімді жағдай жасаған) және одақ туралы Келісім (екі елдің АҚШ-тың тәуелсіздік үшін соғысында және Англия мен Франция арасында соғыс бола қалған жағдайда әскери ынтымақтастығын қарастырған) жасалды. Болжам бойынша, бұл Франция үшін тиімсіз болатын америкалықтардың Англиямен мүмкін болатын келісімнің алдын алу үшін жасалған, оның үстіне Парижге Саратога түбіндегі жеңілістен кейін Лондон ұсынған бейбіт бастама туралы ақпарат жеткен болатын.

Англиямен соғысқа 1778 жылы 10 шілдеде Франция кіріскен кезде ағылшындар америкалық оңтүстікке қарай тағы да бағыт алды. Оларға оңтүстіктегілердің көпшілігі өздеріне ниеттес болып көрініп, отарлардағы бүлікті басу оңайырақ болады деп санады. Оңтүстікті алу бағытындағы науқан 1778 жылдың соңында Саванна (Джорджия) қаласын алудан басталды. Шамамен үш жыл бойы ағылшындар онда америкалық-француз кеме және теңіз күштерін тежеп отырды.

1780 жылы мамырда ағылшын әскерлері оңтүстіктің аса маңызды порты Чарльстонды басып алып, 5 мыңнан аса америкалықты тұтқындады. Алайда тағдырдың мұндай бетбұрысы көтерілісшілерді есінен тандыра қоймады. Жуық арада Оңтүстік Каролина тұрғындары ауылды жерлерде жорықтар ұйымдастырып, ағылшын әскерлерінің жабдықталуына кедергі жасай бастады. Шілдеде американ генералы Горацио Гейтс, өз күшін жаттықтырылмаған жергілікті милициямен толықтырып, лорд Чарльз Корнуолисс армиясына қарсы Камден қаласына аттанды. Алайда Гейтс жауынгерлері ағылшындардың тұрақты жасақтарымен қақтығысып, шошынғаннан қаша бастады. Корнуоллис америкалықтармен тағы бірнеше шайқас өткізді, бірақ шешуші шайқас 1781 жылдың басында Каупенс түбінде (Оңтүстік Каролина) болды. Бұл жолы америкалықтар толық жеңіске жетті. Солтүстік Каролинаға жасалған алапат, бірақ әскери көзқарас тұрғысынан қарағанда пайдасыз жорықтан кейін Корнуолисс Виргинияға аттанды.

1780 жылы шілдеде француз королі XVI Людовик Америкаға граф Жан де Рошамбо бастаған 6 мың адамнан тұратын экспедициялық корпусты жіберді. Одан басқа, француз флотының әрекеттері Виргиниядағы ағылшын әскерлерінің жабдықталуы мен толықтырылуына қатты кедергі жасады (британ эскадрасының базасы Нью-Йорк түбінде болатын). Француз-америка күштері – жалпы алғанда 18 мың адам – 1781 жылдың күзіне дейін Корнуолисс соққыларына тойтарыс берді. Ақыры, ағылшын генералы тұзаққа түсті – оны Вирджиния жағалауындағы Йорктаунда басым күшке ие болып тұрған америкалық және француз әскерлері қоршауға алды және 1781 жылы 19

қазанда тізе бүкті. 8 мың британ солдаттары мен офицерлері тұтқынға түсті.

Ағылшындардың жеңілісі бірден соғыстың аяқталуына әкелмесе де – кейбір аудандарда соғыс тағы екі жылға созылды, жаңа британ үкіметі бейбітшілік туралы алдын ала келіссөздерге 1782 жылдың басында Парижде кірісу туралы шешім қабылдады. Америкалық жақтан Бенджамин Франклин, Джон Адамс және Джон Джей өкілдік етті. 1783 жылы 15 сәуірде Континенталдық конгресс келісілген келісімнің мәтін мақұлдады және оған Ұлыбритания бұрынғы отарларымен 3 қыркүйекте қол қойды. Париж бейбіт келісіміне сәйкес, 13 бұрынғы отар тәуелсіз, еркін және егеменді штаттар деп танылды. Ұлыбритания батыста Миссисипи өзенімен, солтүстікте – Канадамен, оңтүстікте – өзі Испанияға берген Флоридамен шектелетін аумақты олардың меншігі деп мойындады. Келісім лоялистерге олардан кәмпескеленіп алынған меншіктерін қайтаруға штаттарға берілген ұсыныс туралы пунктті қамтыды.

Кез келген ірі революциялық оқиға тәрізді, тәуелсіздік жолындағы Соғыс әлемдік тарихтың дамуына айтарлықтай ықпал жасап, отарлық үстемдік пен феодалдық тәртіпке қарсы жасалған табысты қарсы тұрудың жарқын үлгісі болды.

Бақылау сұрақтары:

1. Отарларды басқарудың жаңа жүйесін құруда британ үкіметі қандай шаралар жүргізді?
2. Тәуелсіздік жолындағы соғыстың басталуының себептері қандай?
3. Континенталды конгрестердің шақырылуының маңызы қандай болды?
4. Солтүстік Америкадағы ағылшын отарларының тәуелсіздік жолындағы соғысына еуропалық елдер мен Ресейдің қатынасы қандай болды?

Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар:

1. Отаршылдыққа қарсы қозғалыстың кезеңдеріне арналған таблица құрастырыңыз.
2. «Америкалық Ағартушылық және оның өкілдері» тақырыбына баяндама дайындаңыз.

5. АҚШ-ТЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҮКІМЕТТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Тәуелсіздік үшін Соғыс кезінде Континенталдық конгресс қызметімен бірге жаңа мемлекеттік биліктің қалыптасуы жолындағы маңызды кезең - таратылған отарлық әкімшіліктің орнына жегілікті ассамблеялар мен конвенттерді сайлау болды. Отарлардың көпшілігінде сайлаушылар санын мүліктік цензді төмендету нәтижесінде бұрын дауыс беру құқығына ие болмағандарға осы құқықты беру арқылы кеңейту есебінен жүргізілді. Ассамблеяларда бұрынғыдай дәулетті төбе топтар басым болса да, айтарлықтай орынды ішкі аудандардың өкілдері алды, орта топтарға жататын депутаттар саны көбейді. Егер бұрын олардың қызметін губернатор және оның жанынан

тағайындалған кеңес реттесе, енді жағдай өзгерді. Соғыс уақытында көп нәрсе «Еркіндіктің ұлдарының», байланыс немесе қауіпсіздік Комитеттерінің бастамасымен шешіліп отырды, олар 70 жылдардың ортасына қарай ерекше ықпалға ие болған еді. Бұл ықпалын олар тәуелсіздік жарияланғанан кейін де жоғалтқан жоқ. Ассамблеялардың қызметі белгілі бір мөлшерде байланыс және қауіпсіздік Комитетінің бақылауында жүрді. Алайда бірте-бірте, жергілікті конституциялардың жасалуына қарай ассамблеялар барған сайын дербес әрекет ете бастады. Мүлігі бар топтардың басты мақсаттарының бірі байланыс Комитеттерінің бақылауы мен қамқорлығынан бөліну еді, үстем таптардың ойынша ондай комитеттер «қара халыққа» тым көп нәрсені беріп, тек анархияның элементін енгізіп отырды.

Қабылданған жаңа конституцияларға сәйкес әрбір штат өзінің басқару жүйесін жасады, оның бұрынғы отарлық құрылымнан айырмашылығы аз болды. Бірақ басқарудың жаңа органдарының буындарын толтырған адамдардың құрамы өзгерді. Барлық штаттарда дерлік атқарушы биліктің басшысы губернаторлар болып қалды. Бұрынғы корольдің қолшоқпарлары қуылып, олардың орнын өз тағдырын азаттық қозғалысы мен тәуелсіздік жолындағы күреспен байланыстырғандар иеленді. Егер бұрын губернаторды король тағайындап, ол өз әрекеті үшін британ үкіметінің алдында есеп беруге тиісті болса, енді ол өзін тағайындаған заң шығарушы ассамблеяға бағынды, немесе Нью-Йорк пен Массачусетстегідей, губернатор тікелей дауыс берумен сайланды. Нью-Йорк, Делавэр және Оңтүстік Каролинадан басқа барлық штаттарда губернатор әр жыл сайын қайта сайланып отырды.

Губернаторлардың айналасында оған тірек ретінде олардың жанынан арнайы құрылған атқарушы кеңестер болды, олар отарлық кездердегі губернаторлардың жанындағы кеңестердің функцияларын атқарды. Бұл кеңестердің құрмына кездейсоқ адамдар сирек өтіп отырды. Штаттардың көпшілігінде кеңес мүшелерін заң шығарушы ассамблеялар тағайындаса, оларда ереже бойынша, тек атақты әрі аумақты адамдар болды. Рас, олардың губернаторлық кеңесте болу мерзімі 1-ден 4 жылға дейін шектелді (әр штатта әр түрлі). Билікте болған кезеңде кеңес мүшелеріне маңызды функциялар жүктелді. Губернаторлар мен олардың жанынан құрылған кеңестер айтарлықтай кең өкілеттіліктерге ие болды, бұл әсіресе Массачусетсте, Нью-Йорк пен Оңтүстік Каролинада, конституцияға сәйкес, онда атқарушы биліктің басшысы заң шығарушы ассамблеялардың шешімдерін, егер қайталап дауыс беру кезінде 2/3 дауыс жинамаса, онда жоққа шығаруға мүмкіндік беретін вето құқығын иемденді. Белгілі болғандай, кейін бұл ереже федералдық конституцияға енгізіліп, әлі күнге дейін күшін жоймай келеді. 10 отарда заң шығарушы ассамблеялар екі палатадан тұрды. Қалғандарында ассамблея бір палаталы болды. Сенат бар жерде (жоғары палата) ол қоғамның жоғары топ өкілдерінен – штаттардың анағұрлым аумақты және беделді тұрғындарынан құралды. Нью-Джерси, Мэриленд және Оңтүстік Каролинада бұл ереже конституциямен бекітілді. Осылайша, сенатқа сайлану үшін жоғары мүліктік ценз талап етілді. Әлеуметтік төменгі таптардың, тіпті орташа таптардың өкілдеріне жоғары

палатаға бару қиынға соқты. Мүліктік ценз болмаған штаттарда, сенатқа кей жағдайда орташа тап өкілдері де өтіп жатты. Бірақ жалпы алғанда жоғары палаталар консерватизмнің тірегі болып қала берді.

Айтарлықтай өзгерістер әсіресе заң шығарушы ассамблеялардың төменгі палаталарында болды. Кейбір штаттар жоғары мүліктік цензді жаңа конституция қабылданғаннан кейін де сақтап қалды, бірақ олардың көпшілігі өз тәртіптерін демократияландыруға мәжбүр болды. Нью-Гемпширде, Пенсильвания мен Солтүстік Каролинада дауыс беру құқығы барлық ересек салық төлеуші ерлерге берілді. Мэрилендте, Нью-Йоркте және Джорджияда мүліктік ценздің мөлшері төмендетілді. Ол тек сайлаушылар үшін ғана емес, ассамблея құрамына сайланатындар үшін де төмендетілді. Бес штатта заң шығарушы ассамблеяның депутаты болып кез келген сайлаушы сайлана алатын болды. Солтүстік Каролинада төменгі палатаның депутаты болып сайлану үшін тұлғаның 100 акр жері болуы тиіс. Солтүстік штат үшін бұл салыстырмалы түрде алғанда төмен мөлшерде болды. Мэриленд, Нью-Джерси мен Оңтүстік Каролинада сайланушы болу үшін ірі байлығың болу керек, яғни 500 ф.стерлингтен кем емес. Заң шығарушы ассамблеялардың демократиялануының маңызды белгісі онда штаттың түрлі аудандарынан шыққан тұрғындарының пропорционалды өкілдігінің болуы еді. Заң шығарушы ассамблеялардың төменгі палаталарының құрамында орташа жағдайдағы адамдардың – фермер және қолөнерші депутаттардың саны артты.

Әр штатта сипаты жағынан әр түрлі конституциялар қабылданды. Біреуінде – анағұрлым демократиялық, кейбіреулерінде - салыстырмалы түрде алғанда демократияның дәрежесі төмен болды. Бұл түрлі штаттардағы саяси жағдай мен таптық күштердің арақатынасының ерекшеліктеріне байланысты болды. Штаттар конституцияларының қабылдануымен саяси тұрақтылыққа қол жеткізілді, жергілікті билік иек артқан құқықтық реттеудің негізі салынды.

Орталық үкіметке келетін болсақ, жалпыамерикалық «Конфедерация және мәңгілік одақ баптары» конституциясы жасалды, ол монархиялық құрылымды теріске шығарған америка республикасының тәуелсіздігін бекіту мақсатында штаттардың бірге әрекет ету шешімін жариялады. Бұл буржуазиялық-демократиялық конституция болды, оның мәтінінде прогрестік қоғамдық қайта құрулардың талап еткен бұқараның талаптары көрініс тапты.

«Конфедерация және мәңгілік одақ баптары» жоспарын алғаш рет Б.Франклин 1775 жылы шілдеде ұсынған болатын. Алайда конгресстің сол кездері тәуелсіздікті жариялауға қарсы шыққан консервативті қанатының депутаттарының ықпалымен Франклиннің ұсынысы қабылданбаған болатын. «Конфедерация баптарын» конгресстің талқылауына екінші рет ұсыну талпынысы жарты жыл өткеннен кейін, 1776 жылы қаңтарда жасалды. Бірақ бұл жолы да сәтсіз аяқталды. Жағдай тәуелсіздік жарияланғаннан кейін өзгерді, «Конфедерация баптары» ақыры құрастырылып, ол штаттарда ратификацияланғаннан кейін, тек 1781 жылы 1 наурыздан бастап күшіне енді. «Конфедерация баптарына» сәйкес жоғарғы орган конгресс болып табылды.

Ол депутаттары жыл сайын сайланатын бір палатадан тұрды. Атқарушы биліктің басшысы ретінде бұл конституцияда президент қызметі болмады. «Конфедерация баптарының» қабылдануы жағымды маңызға ие болды, ол тәуелсіздік күштерінің бірігу жолында қадам жасады. Алайда орталық билік әлсіз болып қала берді. Штаттар көп мәселелерде егемендігін сақтады. Конгресс баж салығын белгілеп, салықтар енгізуге құқықсыз болды; оның 1781 жылғы және 1782 жылғы бұл саладағы өз құқықтарын кеңейтуге деген талпыныстары сәтсіз болды. Конгресс құзырына енген бірқатар мәселелердің шешімін шығару үшін 13 штаттың 9-ының келісімін алуға тиіс болды.

Негізінен штаттар көптеген қатынастарда тең құқықты болды, конгресс шешімдері олар үшін көбінесе тек кеңесшілік сипатта болды. Көптеген себептерге байланысты (отарлық жағдайдан тәуелсіз мемлекет жағдайына өту кезеңі, соғыс уақытының талаптары және т.б.) «Конфедерация баптары» «әлсіз» конституция болды. Онда жазылған нәрселердің барлығын іске асыру үнемі мүмкін бола бермеді. Көптеген қатынастарда олар дәйексіз болды. Алғашқы жалпыамерикалық конституция немесе оны сол кезде атап кеткендей, конституцияның «алғашқы бейнесі» орталық және жергілікті билік арасындағы қандайда бір тепе-теңдікті сақтауға есептелген келісімнің жемісі еді. Оның басты кемшіліктерінің бірі – орталық биліктің елді басқарудың тиімді тетіктеріне ие бола алмауында еді.

Тәуелсіздік үшін соғыстың соңына қарай Құрама Штаттардың мемлекеттік қарызы көбейіп, қолма-қол ақшаның жетіспеушілігінің сезілуімен, тұрғындар жоғары салықтардан күйзеліп, қаржыгерлердің банкротталуы және фермерлердің күйреуі жалпы таралған құбылыс болып, соғыстан кейінгі жылдары елдің ішкі жағдайы күрделенді. Париж келісімінде қаралған 2-ден 5 млн. фунт стерлинг аралығындағы қаржыны құраған жеке ағылшын саудагерлеріне америкалық қарызды, несиелерін төлеуі АҚШ-та мүмкіндіктердің болмауынан төленбеді. Күрделі қаржылық жағдайдан шығуға қатысты Континенталдық конгресстің барлық ұсыныстарын штаттар теріске шығарып отырды. Нәтижеде, 1786 жылы жазда экономикалық жағдайдың айтарлықтай шиеленісіп, елде дағдарыстық жағдай қалыптасты.

Коннектикут пен Нью-Джерсилік саудагерлер азық-түлік өнімдерін Нью-Йоркте сатты. Олардан түскен ақшаны үйге жеткізе отырып, олар нью-йорктік қазынаны ортайтып, жергілікті өндірушілерді шығынға батырды. Нью-Йорктік басшылардың шеттен әкелінген тауарларға жоғары мөлшерде баж салығын енгізуі Нью-Йоркте өндірілген тауарларға байкотты туғызды. Әр штат өзінің кедендік ережелерін енгізіп, өзінің кедендік бақылау органдарын құрды. Басқа штаттар секілді ақша қаражатының жетіспеушілігі мәселесімен кезіккен Род-Айленд өзінің қағаз ақшаларын шығаруға кірісті, коммерсанттар мен кепілдік құжаттарды ұстаушыларды сол ақшаларды қабылдуға мәжбүрледі. 1786 жылы тамызда Континенталдық конгресс АҚШ-та испан долларына негізделген жана ақша жүйесін енгізді, айналымға алтын он долларлық, күміс доллар, сондай-ақ мыс центтік тиындар енгізілді. Үш апта өткен соң Массачусетсте Тәуелсіздік жолындағы соғыстың ардагері капитан Д.Шейс бастаған «күйзелген

борышкерлердің» - күйреген фермерлер мен оларға қосылған қолөнершілер мен солдаттардың көтерілісі тұтанды. Олар жерлерді тең бөлу мен жерге арналған төсемелерді сатып алу құқығын, жоғары салықтарды алып тастауды, әділ сот ісін жүргізуді, сондай-ақ қарыз берушілерден құтылудың жалғыз жолы болып отырған қағаз ақшаның шығарылуын талап етті. Елдің консервативтік көңіл-күйдегі топтары ауқатты топтардың мүдделеріне нұқсан келтіретін осындай әрекеттерді тиімді баса алатын күшті орталық биліктің болмауы жөніндегі өкініштерін ашық білдіре бастады.

Жекелеген штаттар арасында меншіктегі жер иеліктері үшін күрделі қайшылықтар болды. Аумақтық құқықтарға қатысты Коннектикут пен Пенсильваия арасындағы келіспеушіліктер бұл штаттарды қайғылы шешімге әкелді. Кикілжің басылғанымен, жер иелігі туралы мәселе елдің алдында тұрған ең маңызды мәселелердің бірі болып қала берді. Жағдай Вирджиния мен Коннектикутты қосқанда бірқатар штаттар Аппалач тауларынан батысқа қарай созылған аумақты иеленуі немесе дәмеленуімен шиеленісе түсті. Басқа штаттар осы мәселеге орай оларды қанағаттандыратын шешім қабылданбайынша Конфедерация баптарын мақұлдаудан бас тартты. Жер иеленуші штаттар елдің батысындағы өздеріне тиесілі аумақтың бір бөлігін конгресстің құзырына беруге келіскеннен кейін келісімге қол жеткізілді. 1785 жылы жер туралы Ордонанс қабылданды, ол бойынша АҚШ-тың батысындағы жерлерді 640 учаскемен (шамамен 250 га), акр-ын 1 доллардан кем емес бағаға сату тәртібін бекітті. Елдің бүкіл батыс бөлігінде осындай 36 учаске бөлінді, оның барлығы ақыр аяғында, плантаторлар мен жер алыпсатарларына тиді. Дәл сол құжат бойынша әр қалада мектеп құрылысы үшін жер бөлігі бөлінетіндігі қарастырылған болатын.

Конгресс федералдық биліктің қалыпты қызмет етуіне қажетті ақшалай қаражаттың ортақ қазынаға түсуін қамтамасыз ете алмайтындай жағдайда қалды. Депутаттарда Құрама Штаттардың ішкі және сыртқы саудасына ықпал ететіндей және жеке штаттардың келісімінсіз елдің сыртқы саяси бағытын анықтауға өкілеттіліктері болған жоқ. 1783 жылы қарашада америкалық дипломаттар Парижден конгреске париждік келісімнің ақырғы мәтінін жіберген кезде, оны ратификациялау үшін тоғыз штаттың даусын жинау мүмкін болмай шықты. Жас елдің саясаткерлері жалпыұлттық мәселелер мен мүдделердің орнына өз штаттарының шаруаларын артық көрді.

Штаттар арасындағы қатынастардың шиеленіскендігі соншалық, ел азамат соғысы қарсаңында тұрды. Ресми түрде атқарушы билікті кейіптеген Континенталдық конгресс қалыптасқан жағдайды оңтайлы шешуге қауқарсыз болды. Конфедерация баптары саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселелердің ауқымды әрі алуан түрін шеше алатын қандай да бір тиімді шараларды қарастырмады. Штаттардың осыншалықты әлсіз конфедерациясын белсенді сынағандардың бірі А.Гамильтон болды, ол америка мемлекеті өз тәуелсіздігін күйттеген 13 республиканың провинциялық мүдделеріне ере беретін болса, ешқашан ұлы мемлекет болмайды, тіпті тиімді қызмет атқара алмайды деп санады.

1786 жылы қыркүйекте штаттардың өкілдері Аннаполисте (Мэриленд) ішкі сауда ережелерін талқылау үшін конференцияға жиналды. Бұл конференцияны шақыру бастамасы Виргиниялық заң шығару ассамблеясына тиесілі еді. 13 штаттың 9-ы бірден қолдады, бірақ Аннаполиске тек 5 штаттың атынан шыққан 12 делегат жиналды. Конференцияға келген делегаттар штаттардың жартысынан азғантайына өкілдік еткендіктен, талқылау өткізілмейтін болып шешілді. Аннаполистен кетерден бұрын, Гамильтон барлық штаттарға 1787 жылы мамырда федералдық билік конституциясын одақтың ұлғайып келе жатқан қажеттіліктеріне сәйкестендіру үшін конвентке жиналу туралы шақыру жіберуге ұсыныс жасады. 1787 жылы ақпанда бұл үндеу конгрестің арнайы қарарымен мақұлданды, ол бойынша Конфедерация баптарын қайта қарау үшін штаттарға өз делегаттарын конвентке жіберу туралы ұсыныс жасалды.

Филадельфиядағы конвент мамырдың аяғында басталды және 18 аптаға созылды. 12 штаттан (13-ші Род-Айленд, қатысудан бас тартты) 74 делегат сайланды. Кейбіреулері келе алмады, ал кейбіреулері келуді қаламады. Нәтижеде, жиналысқа қатысушылардың барлық саны 55-ке жетті, ал 1787 жылы 17 қыркүйекте соңғы дауыс беруге 42 адам қатысты. «Конфедерация баптарына» түзетулер енгізудің орнына конвент жаңа құжат болып табылатын конституцияны жасап шығарды. Ол 9 штаттың, яғни АҚШ-тың 2/3-сінің дауысына ие болғаннан кейін ғана өз күшіне енуге тиіс болды.

18 апта бойы Филадельфиядағы конвентке қатысушылар ұлттық америкалық буржуазия мен Англияға қарсы отарлық көтерілісті басқарған плантаторлардың билігіне кепілдік беретін жаңа тәртіп орнатуға тиісті болатын елдің мемлекеттік құрылымының конституциялық негіздерін талқылады. Талқылау барысында америка мемлекетінің саяси құрылымы мәселесі бойынша түрлі ұсыныстар айтылды.

АҚШ саяси құрылымының сипаты жөніндегі мәселенің шешілуі орталықтық негізден табылды. Конституция ережелерін жасауда маңызды роль атқарған Дж.Мэдисон болды. Күшті орталықтандырылған билікті құруды қарастырған «виргиниялық жоспарға» дәл осы тұлға жетекшілік етті. Конвент жасаған конституцияның ең маңызды ерекшеліктерінің бірі «биліктің бөлінуі» принципі болды. Жоғары саяси органдардың бүкіл жүйесі үш тармаққа бөлінді: президент басшылық ететін атқарушы билік, заң шығарушы билік – конгресс және сот билігі – Жоғарғы сот болып бөлінді. Сонымен бірге, барлық осы буындар өзара байланысты болды, үш тармақтың ешбіреуі басқалардың келісімінсіз шешім қабылдауда артық құқыққа ие болуға тиісті емес. Мұндай жағдай тек билік тармақтары арақатынасы негізіне «тежеу және қарсы тұру» деп аталатын принцип қойылса ғана қамтамасыз етілетін еді. Элиталық сенатқа бүкіл халық сайлаған Өкілдер палатасының әрекеттері мен шешімдерін бақылау мүмкіндігін беретін өкілеттіліктер берілді. Ал АҚШ Конгресінің екі палатасы да конституция бекіткен атқарушы биліктің басшысын – АҚШ президентін қоса алғанда, органдарының қызметін санкциялау құқығын иемденді. Олардың мемлекет заңдарын сақтауын қадағалау Жоғарғы сотқа берілді.

Сонымен қатар үстемдік еткен таптардың өз ішінде, буржуазия мен плантаторлардың түрлі топтарының арасында күрделі қайшылықтар болды, бұл пікірталастар барысында көрініс тапты. Үлкен және шағын штаттар арасында конгресстегі өкілдік нормасы мәселесі бойынша қайшылықтар анықталды, тұрғындарының саны көп болып келетін оңтүстік және кейбір орталық штаттардың делегаттары сенаттағы өкілдік тұрғындардың санына пропорционалды болуы тиіс деген талап қойды. Тұрғындарының саны аз солтүстік штаттардың делегаттары әрбір штат сенатта бірдей санды өкілге ие болуы тиіс деді. Ақыр соңында конституция тұрғындар санына қарамастан әрбір штаттан екі сенатор болу құқығын бекітті. Ал өкілдер палатасы тұрғындар санына пропорционалдылық принципі бойынша сайлануға тиіс болды.

Құлдық туралы мәселе бойынша болған пікірталас та аса маңызға ие еді. АҚШ конституциясы «құл» және құлдық» сөздерін еске салудан сәтті түрде құтылып кетті, бұл әлеуметтік категорияны анықтау құқығын штаттардың еншісіне қалдырды. Сонымен бірге ол бұл институттың өмір сүруге деген құқығын мойындап қана қоймай, құлдарды жекеменшік иесіне тиесілі деп мойындап, құрылып жатқан америка үкіметіне оны қорғау міндетін артты. Құлдықтың заңдылығын мойындау АҚШ Конгресіндегі штаттар өкілдерін санау барысында Оңтүстіктің делегаттары оңтүстіктік конгрессмендердің санын ұлғайту мақсатында қара нәсілді еріксіздерді жалпы тұрғындар санына қосуды талап етендігіне сүйенді. Оңтүстік штаттардың конгрестегі өкілдігін мүмкіндігінше азайтуға тырысқан солтүстік штаттардың саясаткерлері еріксіздер тұрғындар санағына енгізілмеуі керек деп санады, құлдардың тең өкілдігі елдің ақ нәсілді тұрғындарын қорлау болып табылады деп атап айтты. Келісім Конституцияның 2-бөлімінің 1-бабынан көрініс тапты – конгресте штаттардың өкілдігі және олардың тікелей салық салуы «еркін тұлғалардың» саны мен «барлық қалған тұлғалардың» бестен үшіннің саны негізінде бекітілді, яғни қара нәсілді құл Құрама Штаттардың толық құқылы ақ нәсілді азаматтарының бестен үшінне теңестірілді.

Күздің басына қарай конституция мәтініне соңғы түзетулер енгізіліп, 17-ші қыркүйек күні қол қоюға конвент делегаттарына ұсынылды. Келесі күні конституция жарияланды. Жария болған конституция оның жақтастары – өнеркәсіпті дамыған солтүстік штаттардан өкілдік еткен федералистер (көшбасшысы – англофил А.Гамильтон) мен оған қарсы шықандардың – ауыл шаруашылықты оңтүстік штаттардан өкілдік еткен, дербес штаттарға кең құқықтар беруді жақтаушылар (көшбасшысы – франкофил Т.Джефферсон) – антифедералистердің арасында өткір таластарды туғызды. Қатал саяси күрес басталды. Конституцияны жақтаушылар – федералистер демонстрациялар ұйымдастырып, жиналыстар мен баспасөзге шығып, конституцияның ратификациялануын насихаттады. Конституцияны қабылдаудың қажеттілігі негіздеуге талпынуда оны жасауға қатысқан Дж.Мэдисон, Дж.Джей және А.Гамильтон анағұрлым белседі роль атқарды. Олар өз саяси бағдарламасын мақалалар тізбегі түрінде шығарып, кейін ол «Федералист жазбалары»

жинағында біріктірілді. «Федералист» авторлары конституцияда жобаланған, тек күшті орталықтанған билік қана, елде тұрақты экономикалық жағдайды қолдауға, тәуелсіз сыртқы саясат жүргізуге және ішкі тәртіпті сақтауға және бостандық пен меншікті оларға қарсы тұрғандардан қорғауға қабілетті екендігін айтты.

1789 жылы 4 ақпанда елде АҚШ президентін алғашқы сайлау өткізілді. Он штаттан шыққан 69 сайлаушы (Род-Айленд, Солтүстік Каролина және Нью-Йорк қатысқан жоқ) өз үміткері ретінде Джордж Вашингтонды атады, вице-президент Джон Адамс болды.

Конституция жобасын штаттардың талқылауы барысында партиялылық принципін негізі салынып, партиялардың пайда болуы үшін саяси ортаның пайда болғандығын атап өткен жөн. Алғашқы партиялық бірлестіктердің негізінде жас америка қоғамының белгілі бір саяси орталарының нақты айқындалған мүдделері мен қауіптері жатты. Президент Дж.Вашингтон, вице-президент Дж.Адамс және қаржы министрі А.Гамильтон құрамында болған федералистер ағылшындық бағыт ұстауымен ерекшеленді және тек күшті үкімет қорғай алатын жоғары мораль мен меншік иесінің құқықтарын жақтаушылар болды. Т.Джефферсон бастаған антифедералистер (болашақ республикашылдар) революциялық Францияға деген өз ыңғайларын жасырмады және олардың саяси қарсыластарының мақсаты ағылшындардағыдай, тұрақты армияға, жоғары салықтарға сүйенетін және мемлекет субсидиялайтын монархияны қалпына келтіру қаупін ашық білдірді. Үкімет, оның үстіне күшті үкімет Джефферсонның көзқарасы бойынша, халықтың басты дұшпаны және оны «азғырушы» болды.

Сол жылдары топтық, яғни партиялық мүдделермен байланыстырыла бастаған қоғамның жоғары таптарының арасындағы қайшылықтар азаматтардың құқықтары мен бостандықтары туралы мәселелер аясындағы күрестерде де көрініс тапты. Президенттен, үкімет пен конгресстен штаттар Конституциялық конвент уәде еткен ел азаматтарына олардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беретін құқықтық құжатты күтті. Конституция қабылданғанан кейінгі төрт жыл ішінде конгреске штаттардан көптеген ұсыныстар келіп түсті. Ресми түрде ұсынылған түзетулердің негізгілері Дж.Мэдисон дайындаған пункттерден көрініс тапты. Олар дін бостандығын, сөз және баспа бостандығын, жиналыс жасау бостандығын, қару-жарақ сақтау және алып жүру құқығын, тұлға мен оның баспанасына қол сұғылмаушылықты, әділ сот пен қазылардың әділдікпен шешімдер шығаруын қамтыды. Бұл пункттер АҚШ Конституциясына алғашқы он түзетуді құрады, оларды конгресс 1791 жылы 25 қыркүйекте бекітті. Штаттардың заң шығарушы жиналыстары 1791 жылы 15 желтоқсанда осы түзетулерді ратификациялағаннан кейін, олар АҚШ Конституциясының «Құқықтар жөніндегі Билль» деген жалпы атаумен құрамдас бөлігіне айналды.

АҚШ Конституциясына жалпы баға бере отырып, бұл сол кезеңнің ең жетілген конституциясы екендігін атап өту қажет. АҚШ Конституциясы биліктің феодалдық-монархиялық тәртіптен ада буржуазиялық республикалық

формасын бекітті, ортақ федералдық басқаруды енгізді. Буржуазиялық құрылым жағдайындағы прогресстің шектеулі сипатына байланысты конституцияның кемшіліктеріне қарамастан, оның қабылдануы және жаңа орталықтанған федералдық жүйенің қалыптасуы АҚШ-тың тәуелсіз мемлекеттік құрылымының нығаюына ықпал етті.

Джордж Вашингтонның президенттігі кезеңінде (1789-1797 жж.) мемлекеттік аппаратты қалыптастыру, оның қызметін қамтамасыз ету үшін қаражат іздеу, елдегі әлеуметтік-экономикалық дамуды тұрақтандыру, жас мемлекеттің халықаралық жағдайын нығайту сияқты аса күрделі міндеттер тұрды. Құрама Штаттардың алғашқы үкіметін президент 1789 жылы қыркүйекте, яғни инаугурациядан кейін жарты жыл өткен соң құрды. Ол төрт министрліктен (департаменттен): сыртқы істерді (жуық арада мемлекеттік департамент атауына өзгертілді), қаржы, әскери және әділет, сондай-ақ Бас почтмейстер ведомствосын басқарған кабинеттің бес мүшесінен тұрды. Алғашқы екеуінің жетекшілері болып Т.Джефферсон мен А.Гамильтон тағайындалды. Жас республиканың мемлекеттік қызметкерлерінің бүкіл штатын 350 адам құрады. АҚШ Конгресі алты адамнан тұратын Жоғарғы сотты бекітті.

Қажетті қаражатты жинаудың айқын көзі салық салу баптарын енгізу болып танылды. 1789 жылы 4 шілдеде, яғни алғашқы америкалық әкімшіліктің қызмет етуінің алғашқы айларында, АҚШ Конгресінің шешімімен алкогольді ішімдіктерді қоса алғанда, америка экспортының 30 түрлі тауарына протекционистік салық (8,5 %) енгізілді. АҚШ-қа америка кемелерімен жеткізілетін шетел тауарына, шетелдік сауда кемелерімен әкелінген тауарларға қарағанда аз салық салынды. Ал бірнеше апта өткен соң тоннаж туралы Заңмен америка порттарына келіп кірген кемелерге де соған балама салықтар енгізілді. Бұл шаралардың барлығы шетелдік бәсекелестерден өндірушілер мен саудагерлерді қорғау үшін жасалған болатын.

Қаржы министрі Гамильтон федералдық үкімет штаттардың қарызын өз мойнына алып, оларға қосымша салық енгізуді ұсынды. Мемлекеттік қарызды төлеу мен несие берушілердің сенімін қалпына келтіруді елдің өз еркіндігі үшін беретін бағамен теңестірді. Мұндай ұынысқа барлық штаттар бірдей келісім берген жоқ. Өз қарыздарын толығымен өтеген Мэриленд, Пенсильвания және Вирджиния штаттары қосымша федералдық салық енгізіп, соның есебінен орталық үкімет Массачусетстің немесе Оңтүстік Каролинаның қарыздарын төлеуіне үзілді-кесілді қарсы болды. Үкіметке келместен бұрын Гамильтон Құрама Штаттардың мемлекеттік және жеке қаражаттан, яғни шетел несиесі бойынша алынған және елдің жеке салымшыларының қаржысынан құралған негізгі капиталы бар ұлттық банкіні құрудың, экономика мен қаржыны тұрақтандырудың алғашқы шараларының негізгі қағидаларын ойластыра бастады. Жеке штаттардың мемлекеттік қарыздарын өтеу мәселесі сияқты, бұл мәселе бойынша тағы да Гамильтонның федералистері мен Джефферсонның антифедералистері арасында бітпес күрес тұтанды. Ол елдің министрлер кабинетінің ең ықпалды мүшелерінің жеке арақатынасын да күрделендіріп

жіберді. Ескі қарыздарын қайтарып алуға үміттенген европалық несиелер берушілер Құрама Штаттарға жаңадан несиелер беруге дайын екендігін білдірді. 1771 жылы АҚШ Конгресі Гамильтонның ұсынысымен келісіп, 20 жыл мерзімге ұлттық банк құруды мақұлдады, Джефферсонның оның «конституциялық еместігі» жөніндегі пікіріне қолдау білдірмеді. Гамильтонның өнеркәсіп пен сауданы дамыту және ұлттық экономиканың осы салаларына капитал тартуды жақтаған қызметі сәтсіз болғандығы рас. Негізінен Англиядан жеткізілетін өнеркәсіп өнімдеріне жоғары кедендік тарифтер енгізу арқылы ол қандай да бір деңгейде болсын жас америкалық өнеркәсіпті қорғауға қол жеткізе алды.

Оңтүстіктегі плантаторлардың көпшілігі Гамильтонның қаржылық бағдарламасына қарсы шығып, Джефферсонды қолдады, олар федералистер көшбасшысының бағдарламасы алыпсатарлардың, қаржыгерлердің және өнеркәсіпшілердің пайдасына бұрылып, аграрлық сала мүдделерін көзге ілмейді деп санады. Гамильтонның салықтық саясаты да америкалықтардың көпшілігінің қолдауын таппады, атап айтқанда бұл спирт ішімдіктерін өндіру мен сатуға салынатын акциздік салымның өсуіне қатысты, оған байланысты 1794 жылы Пенсильванияның батысында фермерлердің Спирттік бөлігі тұтанды, ол федералдық үкіметке төнген алғашқы үлкен қауіп деп бағаланған болатын.

1789-1794 жылдардағы ұлы француз революциясы АҚШ-тағы ішкі саяси жағдайдың шиеленісуінің тағы бір факторына айналды. Франциядағы оқиғаларға қатысты қоғамдық жік тағы да федералистер мен антифедералистердің арасында пайда болды. Джефферсонның жақтастары революциялық Францияны ашық қолдады, ол алғашында үлкен қоғамдық қолдауға ие болды. Гамильтон болса Франциядағы революцияны пайдаланып, онымен 1778 жылы жасалған келісімдерді бұзуды ұсынды.

Америка қоғамының бір бөлігінің антифранцуздық көңіл-күйлері Құрама Штаттарға француз министрі Э.Ш.Жененің келуімен пайда болған «Жене ісіне» байланысты одан әрі дамыды. Ол АҚШ-ты революциялық Франциямен бірігуге шақырды, америкалықтарды Францияға қызмет етуге тартып, америка үкіметін айналып өтті. Француз елшісінің мұндай әрекеттері елде америка бейтараптығының өресел бұзылуы деп бағаланып, үкімет Франциядан Женені кері қайтаруды талап етті. «Жене ісі» федералистер мен антифедералистердің қарсыластығының одан әрі ушығуына тағы бір сылтау болды. Джефферсон мен Франциямен бір көңілде болғандарға көлеңке түсірген Жененің қызметі президенттің демократиялық республикашылдарға деген сенімсіздігін арттырып, үкіметтегі дағдарысқа алып келді. 1793 жылдың соңында Джефферсон отставкаға кетті.

1794 жылы маусымда АҚШ Конгресі бейтараптық туралы Заң қабылдады, ал қарашада америка үкіметі Англиямен «Джей келісімін» бекітті, ол бойынша Англияға көп жеңілдіктің берілуі елде үлкен қарсылық тудырды. Джейдің британ сыртқы істер министрі лорд Гренвиллмен келіссөздері бес айға созылып, 1794 жылы 19 қарашада «достық, сауда және навигация туралы

келісімге» қол қоюмен аяқталды. Келіссөздердің қорытындысы келісімге келушілік сипатта болды. Англия америка шекараларындағы форттардан өз әскерін 1796 жылы маусымға қарай алып кетуге келісім берді, ал соғысқа дейінгі қарыздарды төлеу, америка кеме иеленушілерінің талаптары және т.б. мәселелерді қарастыру үшін арбитраждық комиссиялар құрылды. АҚШ пен Канаданың шекаралық аудаарында теріні еркін саудалау заңдастырылды. Басқа нәрселерде америкалық елші жетістікке жете алмады: ағылшындарға қарыз болған плантаторлар тәуелсіздік үшін соғыс кезінде олардан тартып алынған негр-құлдар үшін компенсация ала алмады, ал британдық Вест-Үндістанмен сауда тек шағын кемелермен және тауарларды тек АҚШ-қа жеткізу шартымен рұқсат етілді. Кемелер мен олардың экипаждарын америка туының астында ұстау мәселесі ашық күйінде қалды. Сонымен қатар Құрама Штаттарға өз порттарында Англияға дұшпан елдердің каперлік кемелерін қабылдауға тыйым салынды, ал Америкадағы британ кеме ісіне барынша кең жағдайлар жасалды.

Джей қол жеткізген нәтижелердің шектеулілігіне қарамастан, 1794 жылғы келісім АҚШ пен бұрынғы метрополия қатынастарындағы маңызды оқиға болды. Келіспеушілікті бейбіт реттеу жас республикаға қажет еді және ол жүргізіп отырған бейтараптық саясатына қайшы келмеді. Дегенмен келіссөздердің нәтижесі Құрама Штаттардың өзінде аса жағымсыз пікірлерді туғызды. Тек демократиялық республикашылдар ғана емес, тіпті кейбір федералистердің өздері де Джей жасаған жеңілдіктерді шектен шыққандық деп тауып, АҚШ үшін анағұрлым тиімдірек болатын жаңа келісім бекітуді талап етті.

1796 жылы Джордж Вашингтонның АҚШ президенті лауазымындағы екінші мерзімі соңына таяды, сол жылдың қыркүйегінде ол үкімет пен халыққа жолдау жариялады, бұл тарихқа «Қоштасу жолдауы» деген атпен енді. Онда жан-жақты түрде Одақты нығайту, жемқорлық пен алауыздықты тыю, мемлекеттік қаржыны үнемдеп жұмсау, үлкен тұрақты армияны ұстаудан аулақ болу, және ең бастысы болашақта сыртқы саясатта бейтараптылық қағидасын қатаң ұстану мен басқа мемлекеттермен тек сауда қатынастарын дамыту, саяси қатынастарды ең аз деңгейде жүргізу туралы айтылды. Мұндай жағдайда белгілі бір саяси есеп жасалды: өзін федералистермен тығыз байланыстыра отырып, қызметтен кетіп бара жатқан президент оларды ұзақ жылдарға арналған бағдарламамен қаруландырып қана қоймай, оны мықты етіп, оның дұшпандарын дербес әрекет ете алмастай етуге үміттенді. Алайда, XVIII ғасырдың 90 жылдары бытыраңқы қоғамдастықтар, үйірмелер мен фракциялар ретінде туындаған демократиялық-республикалық оппозиция Вашингтон президенттігі кезеңінің аяғына қарай ықпалды саяси күшке айналып, олармен күресу федералистерге қиынға соға бастады.

Жаңа президентті сайлауға дайындық үлкен саяси науқанға айналды. Джефферсондықтар президенттікке үміткер ретінде өз көшбасшысын, ал федералистер – вице-президент Джон Адамсты ұсынды. Ол Құрама Штаттардың екінші президенті (1797-1801 жж.) болды, ал Джефферсон, конституцияға

сәйкес, вице-президент қызметін иемденді.

Адамс әкімшілігі кезіккен басты мәселелердің бірі – Франциямен арадағы қатынастар болды, бұл қатынастар Джей келісіміне орай күрделеніп кеткен болатын. 1796 жылы француздар америка сауда кемелерін жаппай басып ала бастады, ал келесі жылдың ақпанында Париждегі АҚШ елшісі тұтқынға алыну қаупімен елден кетуге мәжбүр болды. Франция мен АҚШ арасындағы дипломатиялық қатынастар үзілді. Джон Адамс конгресстің кезектен тыс сессиясын шақырды. Президент келіссөздер жолымен Франциямен қатынастарды реттеуге ерекше талап етті, ақыры конгресс оның кеңестеріне құлақ асты.

Америка-француз қатынастарындағы дағдарыс және оның қызған шағында федералистер бақылауындағы конгресс 1798 жылдың маусым-шілде айларында шетелдіктер мен бүлікке азғыру туралы Заңдар деген атқа ие болған заңдық актілер сериясын қабылдады, ол бойынша америка азаматтығын алу үшін иммигранттардан талап етілетін АҚШ аумағында тұру мерзімі 5-тен 14 жылға ұзартылды, президентке Құрама Штаттардың бейбітшілігі мен қауіпсіздігіне қауіп төндірген тұлғаларды түрмеге жабу немесе АҚШ-тан аластау құқығы берілді. Олардың қабылдануы о баста антифранцуздық пікірлердің әсерінен болған еді, бірақ ақыр түбінде ұзаққа созылған ішкі саяси салдарға әкеліп, наразылық пен қарсылықты туғызды.

1799 жылы президент Адамс Құрама Штаттардың Франциямен соғысуға дайын еместігіне көз жеткізе отырып, француз-америка қатынастарын реттеу бойынша нақты қадамдар жасай бастады. Кабинеттің ықпалды мүшелерінің өз позициясына деген теріс пікірлері мен елдің қоғамдық пікірінің антифранцуздық ыңғайына көз жұма қарап, президент 1800 жылы наурызда Парижге эмиссарлардың жаңа тобын жөнелтті, оларға дағдарысты реттеу мақсатында Наполеон Бонапартпен келіссөздер жасауға өкілеттілік берілді. Келіссөздер 1800 жылы қазанда Морфонтейн келісіміне қол қоюмен сәтті аяқталды.

Франциямен бейбітшілікке бет бұру 1800 жылғы сайлауда федералистерді жеңілістен құтқармады. Антидемократиялық заңдар, қаржы шығыны, ақталмаған әскери шығындар, бағалар мен салықтардың өсуі АҚШ-тың үшінші президенті болған (1801-1809 жж.) Т.Джефферсон жақтастарының көбеюіне ықпал етті.

Мемлекеттік хатшылық міндеті Джеймс Мэдисонға жүктелді, қаржы министрі лауазымы – А.Галлатинге беріліп, биліктегі басқа да басты орындарды Джефферсонның пікірлестері иемденді.

Президенттің алғашқы нұсқауларының бірі шетелдіктер мен бүлікке азғырушылар туралы Заңмен қудаланған барлық журналистерге кешірім беру туралы болды. Джефферсон үкіметінің ең радикалды әлеуметтік шаралары өздері және федералистер арасында аса шиеленісті қайшылық тудырып келген барлық тікелей салықтарды алып тастау болды (1798 жылы, федералистер үйлерге, жерге, құлдарға, тұзға салық салу кезінде Джефферсондық республикашылдар идеологтарының бірі Дж.Тейлор тіпті оңтүстік штаттардың

Одақтан шығуын талап еткен болатын). Алып тасталған салықтардың арасында 90 жылдардың ортасында «виски үшін көтерілістің» себебі болған, фермерлер үшін де аса ауырлық тудырған акциздік салымдар да болды. Джефферсон әкімшілігі экономика саласында да кейбір жетістіктерге жетті, олардың арасында ең белгілісі елдің мемлекеттік қарызын 560 млн. доллардан төмендету болды, бұл АҚШ қаржы министрі А.Галлатиннің ұқыпты қаржылық саясатының арқасында іске асты. Тынық мұхитқа дейін созылып жатқан елдің батысындағы жаңа жерлерді әрі қарай игеруге жағдайларды қамтамасыз етуге арналған зерттеу жұмыстарындағы қызмет те сәтті болды.

Т.Джефферсонның экономикалық қайта құруларының жағымды бағдарламасының «қорында» барлық мүжәлсіз және жағдайы нашар азаматтарға ақысыз 50 акрден жер беру туралы идея да болды, бұл идея Америка революциясының алғашқы жылында ұсынылған болатын. Ол президент лауазымында тұрған кезеңінде партия бағдарламасында бұл идеяны іске асыруға тәуекел жасамады. Алайда ол қарапайым америкалықтардың «бос» жерлердің мемлекеттік қорына қол жетімділігін оңайлату шараларын жасады. 1804 жылы 24 наурызда АҚШ конгресі 1800 жылғы актпен салыстырғанда сатылатын жердің 1 акріне қойылған ең төменгі бағаны 2-ден 1,64 долларға төмендеткен ереже қабылдады. Осылайша АҚШ ауыл шаруашылығында капитализмнің фермерлік дамуының нығаюына тағы бір қадам жасалды.

Джефферсондық республикашылдардың Гамильтонның қаржылық жүйесінің негіздерінің бірі болған ұлттық банкке қатысты саясаты қайшылықты сипатта болды. Ұлттық банк пен оның әлеуметтік тірегі – Солтүстік-Шығыстың қаржылық буржуазиясын Джефферсондықтар АҚШ-тағы «аристократиялық қауіптің» таралу көзі ретінде көрді. Банкпен күресте Джефферсондықтар аграрлардың қолдауына ие болып қана қоймай, несие саласындағы осы қаржылық алыптың монополиялық позициясын жақтамаған көптеген сауда-мануфактуралық буржуазия өкілдерінің де қолдауын тапты. Сондықтан штаттардағы жаңа банктердің құрылуы жан-жақты қолдауға болды – Джефферсон президентігі тұсында олардың саны 4 есеге көбейді. Алайда іс ұлттық банкке қандай да болсын шабуыл жасауға дейін барғанда, партия қатарларында терең жіктеліс орын алды.

АҚШ-тың сыртқы саяси жағдайы оңтүстік және солтүстік шекаралардағы жағдаймен қиындай түсті. Елдің оңтүстігінде бұрынғы беделінен айрыла бастаған Испания Мексика шығанағындағы иеліктері – Луизиана мен Флориданы сақтап қалуға барын салып жатты. Бір кездері француздар ашқан Луизиана 1763 жылғы Париж бейбіт келісіміне сәйкес испандарға өткен болатын. Бірақ 1800 жылы І Наполеонмен бекітілген құпия Сан-Ильдефон келісіміне сәйкес ол америка сауда кемелеріне Нью-Орлеан портын жапқан Францияға қайтарылды.

Оңтүстіктің фермерлері мен Американың батыс аумағында дамып жатқан өнеркәсіпшілер өз еңбектерінің өнімін жеткізу мүмкіндіктерінен айрылды. Жағдайды Франция мен Испанияға қараған Луизиана мен Флоридадан үндіс тайпалары мен көптеген бандалық топтардың америка қоныстарынан

қашуының тоқтамауы да қиындатты. Үкімет испандардан Флориданы алу талпынысын жасады, бірақ ол қанағаттандырылмады. Сонда Парижге Наполеон үкіметімен Құрама Штаттарға Нью-Орлеан мен Мексика шығанағы жағалауын сату туралы келіссөздер жүргізу үшін делегация жіберілді. Келіссөздер жүргізу уақыты сәтті таңдалды – Франция метрополияға қант пен кофең басты жеткізушісі болған Гаити аралындағы көтерілісті басуда сәтсіздікке ұшырады. Гаитиден айырылғаннан кейін Мексика шығанағының жағалауы Франция үшін аса маңыз ала қоймады, француз үкіметі Құрама Штаттарға Нью-Орлеаннан басқа жалпы аумағы 2,6 млн км²-ды құрайтын бүкіл Луизиананы 15 млн. долларға (ақр үшін 2,3 долл.) сатуға дайын екендігін білдірді. Шарт нәтижесінде Құрама Штаттардың аумағы 1803 жылға қарай шамамен екі есеге дейін ұлғайды.

1801 жылы көптеген жылдар бойы шетелдік кемелерді тонап, оларды қожайындары үлкен қаржыға сатып алғанға дейін ұстап келген Солтүстік Африканың жерортатеңіздік жағасы - «Қарақшылар жағалауының» теңіз қарақшыларына қарсы әскери қимылдар ұйымдастырылды. Джефферсон Жерорта теңізіне аттандырған әскери-теңіз эскадрасының қатысуымен болған Триполитан соғысы (1801-1805 жж.) нәтижесінде америка үкіметі 1805 жылы Триполимен қанағаттандырарлық бейбіт келісім жасауға мүмкіндік алды. Нәтижеде қарақшыларға төленетін контрибуция мөлшері төмендетілді, бірақ әлемнің осы аймағындағы теңіз қарақшылығы мәселесі 1816 жылға дейін толастамады.

Атап өтуге тұрарлық тағы бір сыртқы саяси аспект – 1807 жылы АҚШ-тың Ресеймен дипломатиялық қатынастар орнатуы. Бұған император І Александр мен президент арасында туындаған жылы лебізді қатынастар себеп болды. Ресеймен дипломатиялық қатынастар орната отырып, Құрама Штаттар өзінің «халықаралық позициясын» бекітуге ұмтылып қана қоймай, Солтүстік Америкада аса ірі аумақты иемденген мемлекетпен келіссөз жүргізуге анағұрлым нық негіз жасау мен қатынастарды нығайту мақсаттарын да жүзеге асырғысы келді, оның үстіне Ресей иеліктерінің болуы америка билігінің алаңдауын туғызуы да мүмкін. Тарихтың осы бір кезеңінде Құрама Штаттар да, Ресей де бір-бірін мүмкін болатын қарсылас немесе халықаралық қатынастардың қандай да бір саласындағы бәсекелес ретінде көрмеген болатын.

Дж.Мэдисон президенттігі кезеңінде (1809-1817 жж.) 1812-1814 жылдары болған ағылшын-америка соғысы маңызды оқиға болды. Ал 1809 жылы америкалықтардың бейтараптық құқығын өрескел бұзған Англия мен Франциямен қатынастардың шиеленісуі жағдайында Құрама Штаттар қатынастарға тыйым салу туралы актіні қабылдау шарасын жасады, ол бойынша Англия мен Франциядан басқа барлық елдермен сауда жасауға рұқсат етілді. Осы екі елдің екеуі де немесе біреуі америка кеме жүзу ісіне қатысты өз шектеулерін алып тастағанға дейін сауда жасауға тыйым салынды.

Алғашында Мэдисон үкіметі британ елшісі Д,Эриксонмен кикілжіңді реттеу жағдайлары туралы келісімге келуге мүмкіндік алды, бірақ Лондонда бұл келісімге үзілді-кесілді қарсылық туды. АҚШ пен Франция қатынастары да

аса жағымды болды деу қиын. Рас, I Наполеон үкіметі сөз жүзінде 1810 жылы жазда америка саудасына қатысты өз декреттерін шартты түрде алып тастау туралы жариялады, бірақ бұл АҚШ пен Англия арасында дұшпандық тудыру үшін жасалған уақытша әдіс қана болып шықты. Америка кемелерін француздардың басып алуы тоқтамақ түгілі, одан сайын күшейе түсті.

Ұлыбританияға соғыс жариялаудың қажеттілігін негіздей отырып, президент Дж.Мэдисон 1812 жылы 1 маусымда конгреске жолдауында Құрама Штаттардың туының әлі күнге дейін қорланып келе жатқанын, америка теңізшілерін зорлықпен ұстап алу, британ әскери кемелерінің АҚШ жағалауы мен сауда қауіпсіздігінің тынышын бұзуын, бейтарап теңізде жүзу мүдделерін өрескел бұзған «қағаз блокадасының», «кеңестегі нұсқаулардың» жариялануын, ақыры, үндіс тайпаларының антиамерикалық бүліктеріне ағылшындардың қолдауына сілтеме жасады. Шынында да, 1803-1812 жылдар арасында ағылшындар Құрама Штаттардың 900-ден аса сауда кемелерін басып алды. Бірнеше мың америка теңізшілері өз кемелерінен зорлықпен алыстатылып, британ флоттарына жұмысқа тартылды.

1812-1814 жылдардағы ағылшын-америка соғысын америка тарихшылары көбіне «тәуелсіздік жолындағы екінші соғыс» деп атайды. Расында да, белгілі мағынасында 1812 жылғы соғыс Құрама Штаттардың 1775-1783 жылдардағы тәуелсіздік үшін әділетті соғысының жалғасы іспеттес болды. Алайда бұл, екі соғыс ұқсас және олардың арасына теңдік белгісін қоюға болады деген сөз емес. АҚШ-тың тәуелсіздік жолындағы соғысынан кейін өткен 30-50 жыл бойы, сөз жоқ, халықаралық саясатта да, Құрама Штаттардың өз ішінде де көптеген өзгерістер орын алды. АҚШ-тың тарихи дамуының ерекшеліктері, ең алдымен Батыстағы «қозғалатын шекараның» болуы капитализмнің өз табиғатында негізделген экспансияға деген үрдістің Құрама Штаттарда кең ауқымды түрде дамуына ықпал етті. Сол оқиғалардың замандастарының айтуынша, АҚШ пен Англия арасындағы қарсыластық жай сауда дауы болған жоқ, бұл оның бүкіл ұлттық мүддесін қозғаған іс болды, өйткені сыртқы нарыққа өзіндік америкалық өнімін экспорттау мәселесі шешіліп жатқан болатын. Мұндай көзқарастың принципті маңызы бар, өйткені сол кездері айтарлықтай экономикалық қиындықтарды бастан өткеріп жатқан Құрама Штаттардың өз тауарларының экспортталуы аясын кеңейтуге деген мүдделілігін көрсетті.

Осылайша, 1812 жылғы соғыс бір жағынан, Англияның өзімшілдік саясатын, оның АҚШ экономикасын күйрету талпыныстарын, теңіздегі жауыздық әрекеттері мен бейтарап теңізде жүзудің қарапайым құқықтарын бұзғандығының нәтижесі болды. Ал екінші жағынан, бұл соғыс АҚШ-тың өзінің билік орталарындағы экспансиялық талпыныстарының, олардың Канада мен Флориданы басып алу ниетінің, үндіс тайпаларын ығыстыру, т.б. талпыныстарының ықпалымен болды.

1814 жылы қыркүйекке қарай ағылшын әскерлері Мэн, Коннектикут, Вирджиния, Мэриленд штаттарын қосқанда АҚШ-тың солтүстік-шығысының басым бөлігін алды. Елдің қалған бөлігі өнеркәсіп өндірісінің қысқаруына,

фермерлердің күйзелуіне, инфляцияның өсуіне және кедендік түсімдердің азаюына байланысты ауыр экономикалық жағдайды сезінді. Америка мемлекетінің күйреу қаупі шындап сезілді. Ресеймен соғыста Францияның жеңілуі және оның ізін ала 1814 жылы сәуірде І Наполеонның тақтан бас тартуы ағылшындарға Жаңа Дүниеге анағұрлым қиратушы әскери күштерді бағыттауына және уақытша болса да айтарлықтай сәттілікке қол жеткізуіне мүмкіндік берді. Европадан әкелінген 14 мың әскермен күшейіп алған ағылшындар 1814 жылы тамызда Вашингтон қаласын алды. Күзде ағылшындар Балтимор қаласында және Нью-Йорк штатында Шамплейн көліне жақын маңда анағұрлым күштірек қарсыластыққа тап болды, осыдан кейін Лондон бейбіт келісім жасауға үлкен ыңғай таныта бастады. Наполеонмен соғыс ағылшын қазынасын біршама құлдыратқаны да маңызды роль атқарды.

1814 жылы тамызда фламандық Гент қаласында тікелей ағылшын-америка келіссөздері басталды, ол сол жылдың желтоқсанында Гент келісімне қол қоюмен аяқталды. Нью-Орлеан түбінде ағылшын-америка соғысының ірі шайқасы болып жатқан кезде бейбіт келісімге қол қойылып қойған болатын. Француз қарақшыларымен, чокто үндіс тайпаларымен, азаттық алған құлдармен және милициялық күштермен нығайған Э.Джексон армиясы ағылшындарға ауыр соққы берді. Америкалықтардың жеңісі соғыс барысында қандай да бір шешуші маңызға ие болған жоқ, бірақ олардың патриоттық сезімін айтарлықтай көтеріп, Эндрю Джексонды ұлттық батырға айналдырды. Осымен бір уақытта Балтиморға жақын маңдағы Форт-Макгенриді табанды түрде қорғау жүріп жатты, бұл ағылшын әскери кемелеріне жеңіс әпермесе де, америка тарихында айтарлықтай із қалдырды – форт қорғаушыларының батылдығына тамсанған жас заңгер әрі ақын Фрэнсис С. Ки олардың құрметіне «Жұлдызы жарқыраған жалау» атты өлеңін жазды, ол 1931 жылы Құрама Штаттардың ұлттық әнұранына айналды.

Келісім *status quo ante bellum* жағдайларында қалпына келтірілді, екі жақ та соғысқа дейінгі шекараларын сақтап қалды. Бірақ ашық теңізде кемелерді басып алуды қосқанда, кемелер мен жүктердің шығынын төлеу, америка теңізшілерін тарту сияқты соғысқа алып келген мәселелер келісімде көрініс тапқан жоқ. Ұлыбритания ақыры америка кемелерінің жүктерін тартып алу «құқығынан» бас тартқан жоқ. Келісімде Ұлы көл ауданындағы және «буферлік» үндіс аумақтарындағы ағылшын әскери кемелері туралы да сөз болған жоқ. Генттегі келіссөздер барысында Англия америка үкіметінен бір уақытта оның жағында соғысқан үндіс тайпаларымен де келісім жасауын және АҚШ пен Канада арасында «буферлік» үндіс мемлекетін құруды талап етті, мұнымен Құрама Штаттар келіскен жоқ. Құрлықтың солтүстік-шығысында америка-канадалық шекара екі жақты арнайы құрылған комиссиямен демаркацияланатын болды; Ұлы көлмен және балық аулау зоналарымен байланысты мәселелер шешімін тапқан жоқ.

Теңіздегі заңды құқықтарын қамтамасыз ету және бір уақытта Канадаға қатысты экспансиялық жоспарларын іске асыру мақсатында Англиямен соғыс

бастай отырып, АҚШ 2,5 жылға созылған ауыр күрес барысында ештеңеге қол жеткізе алмады. Сонымен бірге америкалықтар елді ағылшындардың басып кіруінен сақтап, оның аумақтық бүтіндігін қорғап қалды, америка халқы дербес ұл ретінде шоғырлана бастады, барған сайын өзінің ұлттық сипатын тереңдете түсті. АҚШ-та ұлттық өнеркәсіп нығайып, федералистік партия біржола ыдырады және Жаңа Англияның сепаратизмі де тоқтатылды. Осы мағынада, билеуші топтардың субъективті ниеттері мен мақсаттарына қарамастан, 1812 жылғы соғыс өзінің объективті нәтижелері бойынша тәуелсіздік жолында болған революциялық соғыстың жалғасы болды.

Бақылау сұрақтары:

1. Тәуелсіздік жолындағы соғыс аяқталғаннан кейін отарлардың саяси құрылысында қандай өзгерістер болды?
2. Тәуелсіздік жолындағы соғыстан кейін АҚШ-тың еуропалық мемлекеттермен қатынастары қалай дамыды?
3. Конституциялық конвент не үшін шақырылды?
4. Федералистер мен антифедералистер деген кімдер?

Өзіндік жұмысқа арналған тапсырма:

1. «АҚШ-ты «құрушы әкелер» тақырыбына презентация дайындаңыз.

6. АҚШ-ТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ (ХҮШ Ғ. АЯҒЫ – 1860 Ж.)

Тәуелсіздік жолындағы соғыс барысында және ол аяқталғаннан кейінгі кезеңде елде әлеуметтік-экономикалық өзгерістер болды және капиталистік қатынастардың тез дамуына маңызды алғышарттар қалыптасты. Бұрынғы отарлар орнына біртұтас тәуелсіз мемлекет пайда болды. Метрополияның меркантилді саясаты, британ парламенті енгізген салықтар мен шектеуліктер жойылды, жас республика қарқынды дами бастады.

Алайда XVIII ғасырдың соңында АҚШ негізінен аграрлы ел болып қала берді, солтүстік штаттар тұрғындарының 90%-ы, ал оңтүстік штаттардың 95% - ы солтүстік-шығыстан оңтүстікке қарай созылған аумақтардағы селолық аудандарда, фермаларда, кішірігім поселкелерде тұрды.

Ірі қалалар және тұрғындардың көп бөлігі Атлант мұхитының жағалауларында қоныстанды. Филадельфия, Бостон, Нью-Йорк, Балтимор және басқа да америкалық қалалар басты сауда, қаржы және өнеркәсіп орталықтары болды. АҚШ тұрғындарының жартысын 16 жасқа жетпеген жастар құрады. Афроамерикалықтардың саны 19 % -ды құрады. Олардың 90 %-ы АҚШ-тың оңтүстік штаттарында өмір сүрді. Тұрғындар санағы алғаш рет 1790 жылы жүргізілді, содан бері әр он жыл сайын тұрақты түрде жүргізіліп отырды. Алайда ол үндістердің санын анықтауды қарастырмады. Елде 150 мың адамды құраған 80-нен аса үндіс тайпалары өмір сүрді деп шамаланады. Ақ түсті америкалықтардың 60%-ы – ағылшын, 20 %-ы – ирланд немесе шотланд

тегінен шыққандар, ал қалған 20%-ы Германияда, Францияда, Швецияда және басқа да елдерде туылғандар немесе олардың ұрпақтары еді.

XVIII ғасырдың соңында ел тұрғындарының санының 1800 жылы 5 млн. адамға жетуімен қатар жүрген экономиканың бірте-бірте өсуі байқалды. Көптеген жаңа өнеркәсіп кәсіпорындары, транспорт компаниялары мен банктер құрылды. Экономикалық дамумен қатар америкалықтардың жалпы білімі мен мәдени деңгейін көтеру процесі де белсенді жүрді. 1783 – 1800 жылдар аралығында 17 жаңа колледж, көптеген мектептер, кітапханалар, әйелдерге арналған оқу орындары, сонымен бірге әдеби, тарихи, философиялық қоғамдар құрылды. 1790 жылы АҚШ-та 100-ге жуық газет, жалпы капиталы 5 млн. доллардан аспайтын үш банк және үш сақтандыру компаниялары құрылды.

Бірыңғай ішкі нарықтың қалыптасуы маңызды құбылыс болды, оны бақылау федералдық үкіметтің қолына көшті. Сыртқы сауданың еркіндігі, АҚШ-тың халықаралық аренаға дербес мемлекет ретінде шығуы, Батыс Европамен, Қытаймен, Ресеймен және басқа да елдермен тікелей байланыстардың орнатылуы да маңызды болды. Сыртқы сауда айналымы 1790 жылы 19 миллион доллардан 1800 жылы 85 миллион долларға өсті. XVIII ғасырдың басына қарай бұрынғы ағылшын отарларының сыртқы сауда операцияларының үлесі Британ империясының бүкіл сыртқы саудасының 1/7 бөлігін құрады. Алайда бұрынғы метрополия Құрама Штаттардың сыртқы нарықтарды игеруіне кедергі жасауын жалғастырды: бұрынғысынша олардың Англиямен және Вест-Үндістанның барынша жақын нарықтарымен сауда жасауына шектеуліктер қойылды. Америкалық тауарларды өткізудің жаңа нарықтарын және жаңа сауда әріптестерін (Қытай, Ресей сияқты) іздеу ерекше қажеттілік болды.

Америкалық сауда кемелері Қытайға сары май, сыра, балауыз шамдар әкелді; Бүкіл Оңтүстік-Шығыс және Шығыс Азияның басты порты болған қытайлық Нанкин порты арқылы Қытайдан АҚШ-қа тау женьшені, шәй, ешкі жүні, апиың, бояғыштар, құрғақ инжир және басқа да тауарлар әкелтілді. Ресеймен Құрама Штаттардың сауда-экономикалық қатынастары да осы жылдары біраз дамыды. Америкалық сауда кемелері Ресейге шәй, кофе, күріш, шикі-қант, өңделмеген қант жібек маталар, цитрус тұқымдастар, бадам, тозды ағаш, зәйтүн майын және кітаптарды әкеліп тұрған. Ресейден америкалықтар темірді, кенеп, сора, балауыз майын, зығыр, пенканы және терілерді әкеткен. 1800 жылға қарай америкалық сауда кемелері ресейлік порттарға 400-ден аса рет тоқтаған, нәтижеде, замандастарының пікірінше, Жаңа Англияда құрылысы барысында орыс шегелері қолданылмаған бірде-бір үй, кеме болмаған. Барлық америкалық кемелер орыс кенебінен жасалған желкендермен жүзген, ал олардың якорьлары және метал такелажы орыс темірінен жасалған. Бұл кезге қарай ресейлік экспорттың біраз бөлігі - 15%-ға дейін америкалық сауда кемелерінің күшімен жасалған.

1793 – 1807 жылдарды (1807 жылы желтоқсанда эмбарго енгізгенге дейін) тарихшылар Құрама Штаттардың кемемен сауда жасауының «алтын ғасыры» деп атаған. Америкалық флоттың жалпы тоннажы 1789

жылғы 202 мың тоннадан 1807 жылы 1269 мың тоннаға дейін, 6 еседен астам өскен. Ел тарихында сыртқы сауданың елдің жалпы экономикасына біраз ықпал еткен бұдан басқа ұзақ кезеңі болмаған. Соғыстар, орасан зор армияларды ұстау, қиратушылықтар Европадағы егіннің шықпай қалуы америкалық ауыл шаруашылық өнімдеріне, тамақ өнімдеріне және басқа да тауарларға деген сұранысты күшейтті.

Алайда бұл жылдары АҚШ саудасының бірден өсуі америкалық тауарлардың экспортқа шығарылуының есебінен ғана емес, сонымен бірге орасан зор делдалдық сауда есебінен де өскен. Өздерінің бейтараптық жағдайын пайдалана білген америкалықтар Европаға Вест-Үндістаннан, Оңтүстік Америкадан, Алыс және Таяу Шығыстан тауарлар жеткізіп тұрған. Сол жылдары АҚШ порттарына әкелінген орасан зор шетел тауарларының біраз бөлігі әкеліну баж салықтары төленіп, «бейтараптылық» куәлігі алынғаннан кейін, қайтадан америкалық кемелерге жүктеліп, түрлі елдерге жөнелтілген. Мысалы, 1807 жылғы импорттың 139 млн. доллар көлеміндегі жалпы құнынан 79 млн. долларға жуық сомадағы тауарлар ғана ішкі тұтынуға арналып, ал қалғандары экспортталған.

Теңізде бейтарап жүзуде басты орынды иеленген америкалық кемелер Францияға тамақ өнімдерін, әсіресе ұн әкелген, сонымен бірге француздық Вест-Үндістаннан метрополияға қант, кофе және басқа да тауарлар әкелінеген. Ағылшындар америкалық кемелерді АҚШ-қа өз өнеркәсіп бұйымдарын әкелуге және Америкадан мақта, астық, ұн, темекі, сонымен бірге ағылшын тауарларын европалық порттарға шығару үшін пайдаланған. АҚШ-тың сыртқы саудасында қолданылған басқа елдердің кемелері 1793 жылы – 26,7%-ды, 1807 жылы – 6,8%-ды, ал 1811 жылы 3,4%-ды құрағандығын атап айту қажет. Осылайша, бұл АҚШ-тың бүкіл орасан зор шетелдік саудасының барлығына жуығы тек қана америкалық кемелер арқылы қамтамасыз етілгендігін көрсетеді, ал бұл америкалық кеме жасау ісінің және жалпы ұлттық экономиканың тез дамуын айғақтайды.

Алайда АҚШ экономикасындағы сыртқы сауданың ролін айтқанда, оның маңызын асыра бағалауға болмайды, себебі экономикалық даму мен өсудің басты факторы шындығында өндіріс технологиясындағы өзгерістер еді.

Жоғарыда атап көрсетілгендей, АҚШ-та XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында өнеркәсіп төңкерісінің алғы шарттары көріне бастады. Оның жалпы маңызды белгілерін атап көрсету қажет. Біріншіден, Америкада европалық техникалық және ғылыми жетістіктер, капитал, машиналар және өте маңызды болған білікті жұмыс күші (инженерлер, механиктер, металлургтер, көмір қазушылар) кең ауқымда қолданылды. АҚШ-тағы өнеркәсіп төңкерісінің тағы бір ерекшелігі, оның әркелкілік сипаты, түрлі аймақтарда түрліше дамуы, атап айтқанда солтүстік-шығыста ол тезірек жүрді.

Өнеркәсіп төңкерісі мақта-мата және жүн мата тоқу салаларында басталды. Өнеркәсіп төңкерісінің алғашқы көріністері қарапайым машиналар мен механизмдерді осы салаларда қолдану болды. Зерттеушілер атап көрсеткендей,

ұлы машина революциясының бастамасы тоқыма өндірісінде кеңінен таралған алғашқы машина – автоматты жіп иіру станогын жасаумен байланысты. Тоқу машинасын өзінен кейінгі машиналар мен механизмдердің алғашқы үлгісі деуге болады, сондықтан оның жасалуы өнертапқыштық ретінде жоғары маңыз алып, тоқыма және жіп иіру ісінің тар шеңберінен шыға алды. Оның пайда болуы белгілі бір мағынада қазіргі заманғы әлемнің символын бейнеледі.

Америкада тоқыма өндірісінде және ұйымдастырылуы жағынан кәсіпорынның фабрикалық типіне жақын түрінде жіп иіру машиналарын алғаш қолдану тәжірибелері XVIII ғасырдың 80-жылдарының аяғы – 90-жылдарының басында жүргізілді. Бұрынғы ағылшын шебері С.Слейтер құрастырған Аркрайттың жіп иіру машинасын қолданған мақта-мата фабрикасының ерекше маңызы болды.

Сэмюель Слейтер америкалық тоқыма өнеркәсібінің негізін салушы деп есептеледі. Слейтер Америкаға қалтасында еш қаражатсыз келген, алайда оның басында ағылшын тоқыма станоктарының ең соңғы сызбалары болған. Слейтер Род-Айлендтік бай саудагер Мозес Браунның ағылшын типіндегі жаңа тоқыма фабрика құрмақшы екендігін естіп біледі. Ол Браунға хат жолдап, оған өзінің қызметін ұсынады. Ал Браун ағылшын инженеріне тиімді шарттарды қабылдайды және одан ағылшын типіндегі станокты құрастыруды сұрайды. Слейтер есінде қалған сызбаларды қағазға түсіреді, алайда алғашқы станокты жасау үшін бір жыл уақыт кетті – оны құрастыратын бөліктері және істі білетін механиктер болмады. Барлығын алғаш рет жасау қажет болды, тек қана Слейтердің жақсы техникалық дайындығының арқасында ғана міндетті орындау мүмкін болды. Ақырында, 1790 жылы 20 желтоқсанда Потакетте Аркрайт машинасы орнатылған алғашқы кішігірім фабрика жұмыс істей бастады. Онда Слейтердің басшылығымен тоғыз бала жұмыс істеді. Әрине, бұл қазіргі түсініктегі нағыз фабрика емес еді. Фабрикадағы машина өңделмеген мақтадан жіп өндіру үшін ғана қолданылды. Матаны тоқымашылар үйде дайындады. Алайда өз кезеңі үшін бұл алдыңғы қатарлы және гүлденуші кәсіпорын еді. Бұдан кейін Слейтер өзі жеке жұмыс жасай бастады – «Сэмюель Слейтер және Ко» атты фирманың екі фабрикасын құрды. Оның біреуі кейін Слейтерсвил (Род-Айленд штаты) деп аталған Смитфилд қалашығында құрылды. Одан әрі ол өз ісін кеңейте берді: оның Мерримак өзені Нью-Гэмпшир штатындағы тоқыма станоктары Манчестердің тез дамуының негізін қалады. Сонымен бірге ол Потакетте Мануфактуралық банктің негізін салады. Осылайша Слейтер ірі капиталистке айналып, америка тарихында «америкалық өнеркәсіптің әкесі» деген атқа ие болды. 1808 жылға қарай Құрама Штаттарда 8 мың ұршық қолданылып және 300 мың ф. жуық жіп өндірген 15 мақта-мата фабрикасы салынған.

1814 жылы Уолтемде салынған механикалық жіп иіру механикалық тоқумен біріктірілген Ф.Лоуэллдің мақта-мата фабрикасы да маңызды болған. Бұл ірі кәсіпорында (1700 ұршық) алғаш рет әлемде матаны дайындаумен байланысты, шикізаттан дайын өнімге дейінгі барлық операциялар орындалған, барлық операциялар бір жерде орындалып, олар

жіп иіру және тоқу машиналары қатар пайдаланылған жүйелі, дәйекті біртұтас процесті құраған.

1815 жылға қарай жүн өнеркәсібінде де біраз өзгерістер болды. 1810 жылы бұл салада барлығы 14 фабрика болды, оның әрқайсысы жылына 10 мың ярд (Англияда қолданылатын ұзындық өлшемі, 91,44 сантиметрге тең) материя өндірген. Жүннің барлығына жуыға үйде өңделді. 1815 жылға қарай елде 102 жүннен мата тоқитын кәсіпорындар болды. Жүн өнеркәсібінің басты орталығы Коннектикут штаты болды, онда 25 фабрика жұмыс істеді.

Тоқыма өнеркәсібіндегі өнеркәсіп төңкерісінің өзіне тән ерекшелігі, қозғалысқа келтіретін басты күш ретінде су энергиясының ғана қолданылуы еді. Англиямен салыстырғанда америкалық тоқыма өнеркәсіп және өндірістің басқа да салалары бу машиналарын қолданудан біраз артта қалды (бұл жерде әңгіме темір жолдар мен кемелер туралы болып отырған жоқ). Егер елдегі көптеген өзендердің болуын, қолдануда қарапайым және арзан энергияны пайдаланудың тиімділігін есепке алсақ, бұны оңай түсінуге болады. Тоқыма кәсіпорындарының көпшілігі бірқатар онжылдықтар бойы двигатель ретінде су дөңгелегін табысты пайдаланған. Кеңес тарихшысы А.В.Ефимов атап көрсеткендей, Англиядағы техникалық революцияның формуласы машина мен бу болса, ал америкалық капитализмнің машиналық кезеңінің алғашқы сатысының формуласы – машина және су дөңгелегі болды.

Әрине, бұл АҚШ-та ХІХ ғасырдың бірінші жартысында бу двигательдері мүлдем қолданылмады дегенді білдірмейді. 1838 жылға қарай елде шамамен 1100 бу двигателі болған. Бу машиналары бірте-бірте өндірістің түрлі салаларына, оның ішінде тоқыма өнеркәсібіне де енгізіле бастаған. 1850 жылы Бостоннан солтүстікке қарай аумақта бу двигательдері пайдаланылған алты ірі тоқыма фабрикасы жұмыс істеген. ХІХ ғасырдың ортасында бу двигателі әйнек жасау, металлургиялық өнеркәсіпке тез енгізілген және 1860 жылға қарай шойын мен құрыш өндіретін заводтың 46 %-ы толық немесе жекелеп болса да, бу күшін қолданған. Алайда, жалпы алғанда, 1860 жылы америкалық өнеркәсіп үшін энергияның басты көзі әлі де су болып қала берген.

Одан әрі қарай жаңа процесс – бар кәсіпорындарды ірілендіру және мақта-мата фабрикаларының жалпы санын қысқарту (1840 жылмен салыстырғанда) басталды. Сонымен бірге инвестицияланған сома 1840 жылғы 51,1 млн.-нан 1860 жылы 98,6 млн. долларға дейін артты, жұмысшылардың санына да соған сай 72 119 –дан 120 мыңға дейін, ұршықтың саны – 2284 мыңнан 5236 мыңға, ал шикі мақтаны пайдалану 4 еседен аса өсіп, 1860 жылы 422 704 975 ф. құрады. Техникалық төңкерістің нәтижесінде бір ярд мақта-матаны өңдеу құны 1815 – 1860 жылдары 18 ден 2 ц.-ке дейін төмендеп, ал елдегі өнеркәсіп өндірісі 12 есеге артты. Жалпы алғанда 1859 жылы америкалық өндіріс өнімі алғаш рет ауыл шаруашылығы өндірісінің құнынан басым түсті.

АҚШ-тың ұн тарту өндірісі бұрынғы кезеңдерден өзінің жоғары өнімділігімен ерекшеленетін, мұнда 1810 жылдан бастап-ақ механикаландыру кеңінен қолданылды. 1860 жылы диірмен өнеркәсібінің жұмысшысының

өндiрген өнiмi, статистика бойынша мақта-мата өндiрiсiндегi бiр адамның өндiрген өнiмiнiң құнынан 3 есеге жуық басым болғандығы қызғылықты.

Экономикалық даму жетiстiктерi АҚШ-та кең банк жүйесiнiң пайда болуынан көрiнiс тапты. 1775 жылы елде бiрде-бiр сауда банкi болмаған. 1811 жылы 42,6 млн. доллары бар 89 банк болған, ал 1815 жылға қарай олардың саны 82,3 млн. доллармен 208-ге жеткен.

АҚШ-тың экономикалық табысты дамуында европалық, ең алдымен, ағылшын капиталын тарту маңызды роль атқарған. Мамандардың бағалауынша, 1790 – 1860 жылдары АҚШ-қа шетел капиталын әкелу 500 млн. долларды құраған. Егер 1812 жылғы ағылшын-америка соғысына дейiн АҚШ-қа шетел капиталын әкелу салыстырмалы түрде алғанда төмен болса, ал 1816 жылдан кейiн, әсiресе 30-жылдары шетел инвестицияларының маңызын бағалау қиын.

Осылайша, АҚШ-тағы өнеркәсiп төңкерiсi Батыс Европа елдерiндегi, әсiресе ең алдымен, Ұлыбританиядағы капитализмнiң қалыптасуымен, дамуымен тығыз байланыста жүрдi. АҚШ-тағы капитализмнiң генезисi оқшау америкалық құбылыс болған жоқ, ол жалпы европалық-америкалық, әлемдiк процестiң бiр бөлiгi болды. Америкада европалық техникалық және ғылыми жетiстiктер, капиталдар, машиналар, әсiресе өте маңызды болған бiлiктi жұмыс күшi кең ауқымда қолданылды. АҚШ-тың тарихи дамуының ерекшелiктерi және ең алдымен Батыстағы «бос» жерлердiң болуы капитализмнiң iшкерiлей дамуына жағдайлар жасады.

XIX ғасырдың 60-жылдарының басына қарай барынша дамыған солтүстiк-шығыс штаттарда (Массачусетс, Нью-Йорк, Пенсильвания т.б.) өнеркәсiп төңкерiсiнiң аяқталу кезеңiнiң белгiлерi (машиналардың машина шығаруы) көзге көрiндi. Мұнда тоқыма өнеркәсiбi үшiн қажет машиналарды, метал кесетiн станоктарды, бу машиналарын, локомативтердi және т.б. жасайтын бiрнеше ондаған iрi заводтар болды. Машиналар мен жабдықтар жасайтын үш iрi заводта 800-ден 1200-ге дейiн жұмысшы еңбек еткен. Станок жасаушы бiрқатар кәсiпорындарда бу машиналары, көптеген кәсiпорындарда күрделi станоктар мен механизмдер қолданылған.

Америка қоғамының құрылымында да бiраз өзгерiстер болды. 1820 – 1860 жылдары егер ауыл шаруашылығында жұмыс iстейтiндердiң саны 3 есеге өссе, ал өнеркәсiпте (құрылыс iсiн, өндiрушi өнеркәсiп пен қолөнердi қоса алғанда) жұмыс iстейтiндердiң саны 6 есеге (350 мыңнан 2100 мыңға дейiн) артқан. Ауыл тұрғындары әлi де көпшiлiктi құраса да, оның үлесi шамамен 1820 жылы 72 %-дан 1860 жылы 59,7 %-ға дейiн төмендеген. Осы жылдары өндеушi және өндiрушi өнеркәсiпте, құрылыста жұмыс iстейтiндердiң, саудамен айналысатындардың саны бiраз өскен. Қала тұрғындарының саны 1790 жылғы 202 мыңнан 1860 жылы 6217 мыңға дейiн өскен. 1810 жылы АҚШ-та 50 мыңнан аса тұрғыны бар екi қала болса, 1840 жылы олардың саны – бесеуге, ал 1860 жылы –он алтыға жеткен, оның iшiнде Нью-Йорк пен Филадельфияның тұрғыны 500 мыңнан асқан (813 669 және 565 520).

Ауыл шаруашылығы саласында да бiраз өзгерiстер орын алды. Ауыл

шарушылығы дамуының америкалық жолы деп аталған құбылыс зерттеушілердің пікірінше, өз кезеңі үшін барынша прогрессивті және алдыңғы қатарлы болды. Қоныс аударушы жер иеленушіден емес, федералдық үкіметтен жер бөлігін ала алатын еді, сондықтан бұл жерден абсолютті рента төленбеді. Нәтижеде ауыл шаруашылығы өнімінің өзіндік құны біраз төмен болды, жеке бастама, еңбек өнімділігін арттыру үшін қосымша ынталандыру пайда болды. Сондықтан да Құрама Штаттардағы ішкі қажеттіліктерді ғана емес, сонымен бірге экспортқа шығаратын тауарлар санының барған сайын көптеп шығарып отырған ауыл шаруашылығы өндірісінің тез артқандығы жаңалық емес (америкалық фермерлер өнімінің жалпы құны 1800 жылы 343 млн. доллардан 1860 жылы 2186 млн. долларға дейін өскен).

Батыстағы жерлерді игеру тез қарқынмен жүргізілді. 1790 жылы Аппалач тауларының сыртында 222 мың ғана дам өмір сүрсе, ал 1850 жылға қарай мұнда 10,4 млн. адам – Құрама Штаттардың барлық тұрғындарының 45 %-ы тұрған. Тұрғындар әсіресе орталық батыстағы штаттарға (Огайо, Индиана, Иллинойс, Мичиган, Висконсинг Айова, Миннесота) тез қоныстанған. 1800 жылы бұл аумақтарда 51 мың адам (барлық ел тұрғындарының 1 %-ы), ал 1860 жылға қарай Құрама Штаттардың барлық тұрғындарының төрттен бірі өмір сүрген.

XIX ғасырдың бірінші жартысында ауқатты фермердің шаруашылығы негізінен тауарлық сипатта болған. 1816 – 1820 жылдары астық тұқымдастары (бидай, жүгері, ұн) экспортының құны 58,2 млн. долларды, ал 1856 – 1860 жылдары – 182,4 млн. долларды құрап, 3 есе өскенін айтса да жеткілікті. Осы жылдары ет тауарлары (ет, шошқа еті, шұжық және т.б.) экспортының құны 7,9 млн.-нан 75,7 млн. долларға дейін, яғни 10 есеге жуық өскен. Батыс фермерінің болашағы оңтүстік және шығыс аудандарға тауарлар шығарумен, атап айтқанда ауыл шарушылық өнімдері үшін сыйымды нарықты қамтамасыз етуге және дайын өнеркәсіп тауарларын беруге қабілетті елдің солтүстік-шығысындағы өнеркәсіптік капитализмнің дамуымен тығыз байланысты болды.

Америкалық фермерлер түрлі ауыл шаруашылық машиналары мен құралдарын қолдануда үлкен табыстарға жетті. XIX ғасырдың ортасында өзара алмастырылатын бөліктері бар металл соқалар кеңінен таралды. 1850 жылға қарай АҚШ-та 200-ге жуық түрлі типтегі соқалар өндірілді. Өндірістің ауқымы жөнінде мына фактілер арқылы қорытынды жасауға болады: 1836 жылы Питтсбургтегі екі компания жылына 34 мыңға жуық соқа шығарса, ал Вустердегі тағы бір фирма жылына 150 түрлі нұсқадағы 20 мың соқаны шығарған. Қарапайымдылығына, жеңілдігіне, арзандығына байланысты америкалық соқа соқаның әлемдегі ең жақсы түрі деп есептелінген.

Түрлі аудандар арасындағы тұрақты тауар айналысының орнауына ұзақ уақыт бойы байланыс құралдарының нашарлығы және жүк тасымалының қымбатшылығы кедергі болды. 1807 жылы Р. Фултонның пароходты ойлап табуы кеме жасау ісіндегі төңкеріс болды. 1817 жылы Миссисипи өзенінде Жаңа Орлеаннан Луисвилге дейін алғаш рет пароходпен жүзу мүмкін болды. 1818 - 1819 жылдары Жаңа Орлеанға пароходпен әкелінген тауарлар көлемі 136 300 тоннаға жетіп, 16 771711 долларды құраса, ал 1825 жылға қарай

Миссисипимен тауарлардың жартысынан астамы әкелінген.

Миссисипи – Огайо бассейнін АҚШ-тың Солтүстік-Шығысымен байланыстырған каналдар жүйесінің, ең алдымен Нью-Йорк штаты құрылысын жүргізген Эри-каналдың үлкен маңызы болды. Оның құрылысы 1817 жылы шілдеде басталып, 1825 жылы қазанда аяқталды. Каналдың ұзындығы 363 милльді құрап, Франциядағы барлық каналдардың ұзындығын қосқандағыдан асып түсті. Онымен бір мезгілде 1817 – 1823 жылдары Олбани маңында

АҚШ-та темір жол құрылысының қарқыны да өте жоғары болды. 1828 – 1830 жылдары Балтимор қаласын Огайо өзенімен байланыстырған алғашқы темір жол салынды, ал 1848 жылға қарай АҚШ-та ұзындығы 10 мың километрге жуық темір жолдар болған. 1835 жылдардан бастап темір жолдардың ұзындығы әр бес жыл сайын екі есеге ұзарып отырған.

Транспорт құралдарының дамуындағы төңкеріс, каналдар, темір жолдар және т.б. – барлығы жартылай натуралды шаруашылықтан ең алдымен астық өндіруге мамандандырылған фермерлік шаруашылықтың тауарлы типіне көшуге ықпал етті.

Нәтижеде ішкі сауданың көлемі 1851 – 1852 жылдары сол кезең үшін орасан зор цирфды – 1461 млн. долларды құрады, оның ішінде Ұлы көл арқылы – 157 млн., ал өзендер арқылы – 170 млн., каналдар арқылы – 594 млн. және темір жолдар арқылы – 540 млн. долларды құрады.

Ішкі сауданың дамуы тек қана еңбектің бөлінуі, қала тұрғындарының тез өсуі арқылы ғана емес, сонымен бірге елдің негізгі үш ауданының аумақтық мамандануымен де анықталды. Зерттеушілер аграрлық Батыстың, плантациялық Оңтүстіктің және сауда-өнеркәсіптік Шығыстың арасындағы өзара тәуелділікке бұрында да көңіл аударған. 1830 жылға қарай елдің ішкі саудасы «үшбұрыштық сипат» алған. Батыстың Шығысқа сатқаннан гөрі, сатып алғаны көп болған, ал Оңтүстіктен сатып алғанынан гөрі, сатқаны көп болған. Оңтүстік мақта, қант, күріш пен темекіні Шығыстың өнеркәсіп тауарларының көпшілігіне айырбастаған. Осылайша, отаршылдық кезеңде Жаңа Англия метрополиядан сатып алғанына Вест-Үндістанда өз өнімдерін сату арқылы есеп айырысқаны сияқты, Батыс Шығыстан алып отырған өнеркәсіп тауарларына Оңтүстікке ауыл шаруашылығы өнімдерін сату арқылы есеп айырысқан.

Жалпы алғанда транспорт құралдарының жақсаруына қарай ауыл шаруашылығы өндірісінің мамандануы барған сайын кеңейе және тереңдей түсті. XIX ғасырдың ортасында Чикагоға жанасып жатқан жерлер (Иллинойс, оңтүстік Висконсин және шығыс Айова) қалың темір жол тораптары бар тез өркендеуші бидайлы аудандарға айналды. Жаңа транспорт құралдары фермерлерге қалаларға жаңа өндірілген сүт және сүт өнімдерін жеткізуге мүмкіндік берді. Жаңа Англия, Нью-Йорк және солтүстік Пенсильвания ет және сүт өнімдерінің жоғары тауарлы аудандарына айналды. Ірі америкалық қалалардың нарықтарына (Нью-Йорк, Филадельфия, Бостон, Балтимор және т.б.) түрлі жемістер мен көкөністер түсе бастады.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Солтүстікте өнеркәсіп төңкерісі жүріп,

каналдар мен темір жолдардың тармақталған жүйесі құрылып, ауыл шаруашылығы фермерлік жолмен тез дамып жатқанда, Оңтүстікте құлиеленушілік плантациялық шаруашылық барған сайын кеңінен тарады. XVIII ғасырдағы Америка революциясы кезінде көптеген алдыңғы қатарлы қайраткерлер құлдық жойылады немесе өзінен-өзі бірте-бірте өмір сүруін тоқтатады деп есептеді. Алайда, іс жүзінде жағдай басқаша болды. Темекі орнына Оңтүстікте одан да алып өнім – мақта пайда болды. 1790 – 1792 жылдары мақта өндірісі жылына 3-6 мың буданы (бір будада 500 ф.) құраса, ал 1800 жылға қарай ол 100 мың будаға жеткен. Одан кейінгі кезеңде өндіріс көлемі одан да арта түскен: 1815 жылы – 209 мың буда, 1825 жылы – 533 мың, 1835 жылы – 1062 мың, 1845 жылы – 1806 мың, 1855 жылы – 3221 мың және ақырында, 1859 жылы – 4508 мың буда.

Оңтүстік-Батыстың жаңа және жаңа құнарлы жерлерін пайдалану да маңызды фактор болды. XIX ғасырдың 30-жылдарының нәтижесінде мақта өндірісінің басты орталығы Мииссисипи өзенінің төменгі ағысына ауысты. 1801 жылы бір ғана Оңтүстік Каролинаның өзі елдегі бүкіл мақта өндірісінің 50%-ынан астамын берді, ал 1839 жылы барлық шығыс штаттар (Джорджияны қоспағанда) мақтаның 15%-ын берсе, ал үш басты штат (Алабама, Миссисипи, Луизиана) – 56,6%-ын берген. Мақта патшалығы солтүстіктік шекаралық штаттарды (негізінен темекі өндіруді жалғастырған Виргиния, Мэриленд, Кентукки, Солтүстік Каролинаның бір бөлігі), Оңтүстік-Шығыстың тар жағалаулық жолағын (күріш өсірілген Оңтүстік Каролина, Джорджия, Солтүстік Каролинаның бір бөлігі), Луизиананы (қант плантациялары) қоспағанда бүкіл Оңтүстікке созылды.

Бір қарағанда капиталистік қатынастар тез дамып келе жатқан және сол кезең үшін ең алдыңғы қатарлы еңбек әдістері қолданылған елде құлиеленушілік плантациялық шаруашылықтың табысты түрде қолданылуы парадокс сияқты көрінуі мүмкін. Алайда мұны былайша түсіндіруге болады. Белгілі бір жағдайларда (Англия мен Құрама Штаттардың Солтүстігінде өнеркәсіп төңкерісінің дамуымен мақтаға деген орасан зор сұраныстың туы, негрлерді қатал қанау және құлиеленушілік штаттардың мақтаға монополиясы, плантациялық шаруашылықты таратуға жарамды жердің үлкен қорының болуы, жыл бойы құл еңбегін қолдануға мүмкіндік берген мәдениеттер мен табиғи жағдайлардың алуан түрлілігі, өндірістің салыстырмалы түрде алғандағы қарапайымдылығы және онымен байланысты құл бүлдіре алмайтын еңбек құралдарының дөрекі және жетілдірілмеген түрлерінің қолданылуы және т.б.) плантациялық шаруашылық құл иеленушілер үшін тиімді және экономикалық пайдалы еді. Өз негізі бойынша құлдық капитализмге антитеза болғанымен, XIX ғасырдың бірінші жартысында Америкада қалыптасқан нақты жағдайларда құлдық оның дамуының басты көздері болды. 1791 жылы АҚШ әлемдегі мақта өнімінің 0,4%-н берсе, 1831 жылы оның үлесі 49,6%-ға жетті. Одан әрі әлемдегі мақта өндірісіндегі АҚШ-тың үлесі тағы да өсіп, 1840 жылы – 62,6%-ды, ал 1850 жылы – 67,8%-ды және 1860 жылы - 66%-ды құрады. Мақта АҚШ-

тың сыртқы саудасында ерекше орын алып, бүкіл америкалық экспорттың жартысына жуығын қамтыды. Америкалық мақтаның көп бөлігі европалық, ең алдымен ағылшындық нарықта тұтынылды. 1860 жылғы өнеркәсіп санағының кіріспесінде мақтаны өндіру мен өңдеу даму қарқыны мен нарықтық қамтуына байланысты АҚШ-тың соңғы 50 жыл ішіндегі өнеркәсіптік тарихының өте «ғажайып» ерекшелігі болып табылады деп көрсетілді.

1819 – 1820 жылдардағы жанжалға байланысты құлдық туралы мәселе өткірлене түсті. Ол Миссури аумағының конгреске штат құқықтарын алу жөніндегі петициясымен байланысты туды. 1819 жылы 13 ақпанда Дж. Толмадж (Нью-Йорк штаты) түзету енгізді, ол бойынша Миссури штат болып қабылданар кезде, онда басында құлдықты шектеген, ал кейін оған тыйым салған конституцияны енгізу көзделді. Бүкіл елді қамтып, екі жылға созылған өткір дау-дамай туды. Зандық жанжал конституцияның «тар» және «кең» түсіндірілуі жөніндегі ескі дау сияқты көрінді. Оңтүстіктің өкілдері штаттардың егемендігін қызу жақтап, федералдық конгрестің Миссури аумағының Одаққа енуіне шектеуліктердің қою құқығын мойындамады. Іс жүзінде сөз Миссуриде құлдықты мәңгі сақтау, Одақтағы саяси басымдық, Құрама Штаттарға енген жаңа аумақтардан кім пайдалы болады деген мәселелер туралы еді. Оңтүстіктің плантаторлары үшін құлдықтың Миссисипидің сыртына да таралуына және еркін және құл иеленуші штаттар саны тең болған (11-ден) сенатта күштердің басымдылығына қол жеткізу маңызды еді. Еркін штаттар тұрғындарының санының тез өсуін есепке ала отырып, Оңтүстік палатадағы басым ықпалға енді дәмелене алмайтын еді, сондықтан да ол енді сенаттағы өз позициясын нығайтуға тырысты. Ақырында жанжалды уақытша реттеу мүмкін болды. 1820 жылғы Миссури келісімінің бастаушысы шекаралық Кентукки штатының өкілі, парламенттік қызметте үлкен тәжірибесі бар Г.Клей болды. Штат қатарына қабылдау туралы Мэннің өтінішінен кейін, сенаттағы тепе-теңдікті бұзбай, екі аумақты да құлдыққа қатысты алдын-ала ешқандай шектеуліктерсіз қабылдау туралы шешім қабылданды. Әрине, іс жүзінде Миссури – құл иеленуші, ал Мэн – еркін штат ретінде қабылданғаны түсінікті еді. Миссисипи өзенінен батысқа қарай жатқан аумақ 36°30' с.е. параллелімен бөлініп, оңтүстікке қарай құл иеленуші, ал солтүстікке қарай еркін штаттар етіп бөлінді. Сонымен бірге қожайындар талап етсе, қашқын құлдарды иелеріне қайтару да көзделді.

Жанжал кезінде іс жүзінде федералдық үкіметте батыстың фермерлерімен, Солтүстік буржуазиясының белгілі бір топтарымен блок құрып, өз ықпалын күшейткен құл иеленушілер жеңіп шығатын. Миссури келісімі құл иеленушілердің экспансияға деген ұмтылысын бұрынғыдан да күшейтіп, елдегі жағдайды шиеленістірді. Т.Джефферсон атап көрсеткендей, Миссури келісімі түпкілікті шешім болған жоқ, ол мәселені кейінге қалдырды, топтар арасындағы қайшылықтар уақытша бәсеңдеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Америкалық тоқыма өнеркәсібіндегі өнеркәсіп төңкерісінің ерекшелігі неде?
2. Америка қоғамының құрылымында қандай өзгерістер болды?
3. Ауыл шаруашылығын дамытудың америкалық жолының негіздері қалай қалыптасты?
4. Құлиеленушілік плантациялық шаруашылықтың интенсивті дамуының себебі неде?

Өзіндік жұмысқа арналған тапсырма:

1. 1820 жылғы Миссури келісімінің АҚШ-тың одан әрі дамуы үшін маңызына сипаттама беріңіз.

7. ДЖЕКСОНДЫҚ ДЕМОКРАТИЯНЫҢ ДАМУЫ

Соғыс аяқталған күннен бастап АҚШ Конгресі ел экономикасы ахуалына қолайлы ықпал еткен бірқатар шараларды қабылдады. 1815 жылы тұрақты армия саны бейбіт уақыттағы мөлшерге дейін қысқартылды. Бұл АҚШ-тың жағалауының басты нүктелерінде қорғаныс құрылыстарын салуға, әскери-теңіз күштерін өсіруге, мемлекеттік қарызды төлеуге және темір жолдар құрылысымен қоса, бірқатар экономикалық мәселелерді шешуге ірі көлемде қаржы бөлуге мүмкіндік берді. Конгресс пен үкіметтегі ұзаққа созылған әрі қиын саяси күрестен кейін, сонымен бірге жеке банктердің қарсылығына қарамастан АҚШ-тың Екінші ұлттық банкі құрылды. Оған мемлекеттік қаражаттарды басқару, оларды қолданғаны үшін пайыз төлемеу құқығы берілді. Бұл банктің алдында соғыстан кейінгі мемлекеттің қаржы мәселелерін, оның ішінде басты мәселе болған жоғары инфляцияны шешу тұрды. 1816 жылы импортқа 15-тен 30%-ға дейінгі көлемдегі тауар салықтарын орнатқан және мақта, жүн, зығыр, тері, қағаз, шойын және темірдің ерекше белсенді ағылшын, шотланд және швед экспортерлеріне сенімді тосқауыл қойған, тарифтер туралы Заңды қабылдады.

АҚШ-тың 5-ші президенті Джеймс Монро (1817-1825 жж.) өзінің инаугурациялық сөзінде, елдің ақыры жікке бөліну ауырпалығынан құтылғандығын және АҚШ-тағы саяси және экономикалық көзқарастардағы үйлесімділіктің күшеюі туралы мәлімдеді. Америкалық мерзімді баспасөз қойнауында туған Монроның президенттікке келу кезеңінің сипаттамасы америкалықтардың санасында «мейірімді сезімдер дәуірі» деген атпен қала бастады, ол елдің саяси және экономикалық өміріндегі ешқашан тынбаған аймақтық және фракциялық қайшылықтарды уақытша көлеңкеледі. Негізінде көптеген себептер жатқан, оның ішінде, біреулердің пікірінше, импортталған шетел тауарларының тарапынан туған бәсекелестік, ал екіншілердің пікірінше, жоғары кедендік тарифтер, үшіншілердің пайымдауынша, Екінші ұлттық банк пен елдің жеке банктерінің ақылға қонымсыз саясаттарынан туындаған экономикалық мәселелерді Монро «уақытша сипат» алған мәселелер деп атады.

Алайда 1819 жылғы тоқырау, әсіресе оңтүстік және батыс штаттарға қатты тиді. Айналымдағы ақшаның мөлшері 1817 жылғы 100 млн. доллардан 1819 жылы 45 млн. долларға дейін азайды; жерге деген баға 50-70%-ға төмендеді, азық-түлік тауарлар өнімі екі есеге қысқарды. 1820 жылы елдегі 10 млн.-ға жуық тұрғындардың кем дегенде жарты миллионы жұмыссыз болды.

Газеттер жұртшылыққа мұқтаждарға киім беруге шақырған үндеулерді жариялады, ірі қалаларда кедейлер үшін тегін көше асханалары жұмыс істеді. Оңтүстік және батыс фермерлері борыштарын қайта өзгертуге мүмкіндік беретін жергілікті заңдарды қабылдауды талап етті. Қағаз ақшаларды алтын мен күміс тиындарға алмастыруды талап еткен қимылдар жандандырылды. Тоқырау мен жаппай кедейленудің негізгі себепкері – АҚШ-тың Екінші ұлттық банкі делініп, ол «кұбыжық» деп аталды. Оның құрылуы бірқатар штаттарда конституцияға қайшы және олардың құқығын бұзушы деп есептелініп, нәтижесінде орталық үкімет пен жергілікті билік арасындағы өзара қатынастардың кезекті шиеленісуіне әкелді. 1823 жылға қарай елдегі экономикалық жағдай қалыпқа келтірілді, ол америка қоғамының қалың бұқарасының айрықша құқықты таптарға және олар құрған саяси, экономикалық және қаржы институттарына деген қатынастарынан айқын көрінді. Бірақ елдегі жағдай сыртынан қарағанда тұрақтанғанымен, саяси және әлеуметтік-экономикалық салада бұрынғыдан да күрделі дағдарыс пісіп жетіле берді.

1824 жылғы президенттік сайлауда Джон Квинси Адамс жеңіп, АҚШ-тың 6-шы президенті (1825-1829жж.) болды. Жаңа президенттің қызметтік тізімі мемлекеттік хатшы болған кезіндегі жетістіктерін қамтыды. Ең алдымен Адамс, Батыс жартышардағы елдердің саяси және экономикалық мүдделерін қамтамасыз еткен, «Монро доктринасының» авторы, сонымен бірге ол Флориданың АҚШ-қа өтуіне мүмкіндік берген испан-америка келісімін бекітудің бастамашысы болды. Америкалық республика тез дамыды – федерация құрамында Одақ құрылған кездегіден гөрі екі есе көп штат болды. Мемлекет шекарасы Атлант мұхитынан Тынық мұхитына дейін созылып жатты, ал тұрғындар саны 3 есе өсті, 4-тен 12 млн.-ға дейін адамға жетті. АҚШ әлемнің басты державаларымен бейбітшілік, достық және сауда жөнінде келісімдер жасады. Алайда Адамстың бүкіл президенттілігі кезіндегі ең маңызды мәселе өзін билікке келтірген әкімшілік, үкімет, партия ішіндегі алауыздық болды.

1828 жылғы сайлауда, Адамс үкіметінің аристократтылығына наразылық пен Құрама Штаттардың саяси өмірінің демократиялануы бағытындағы жалпы үрдістерді ескере отырып, генерал Эндрю Джексон демократия үшін күресуші және халық еркіндігін білдіруші ретінде шығуға тырысты. 1828 жылғы сайлауда алғаш рет жасырын түрде Оңтүстік пен Солтүстік үміткерлерінің межеленуінің белгіленгендігін атап өткен жөн: бір жағынан, Солтүстіктен екі өкіл шықты (Дж. К. Адамс және Р. Раш), ал екінші жағынан, оңтүстіктегілер – Э. Джексон және Дж. Кэлхун. Жеңіске Батыс және Орталық-Атлантикалық штаттардың едәуір ықпалын иемденген оңтүстіктер жетті. Джон К. Адамс

Жаңа Англияның қолдауын сақтап қалғанымен, басқа барлық штаттарда генерал Джексон жеңді (Мэриленд пен Дэлаверді қоспағанда).

1828 жылдың сайлау алдындағы науқанының нәтижесі сайлау жүйесінде өзгерістерге байланысты алдын ала анықталды. Бірқатар штаттарда мүліктік және салықтық ценздер, сонымен бірге сайлау және сайлану құқығына діни шектеулер жойылды. 1815 жылдан кейін Одаққа кірген барлық штаттар барлық ақ түсті ер азаматтарға дауыс құқығына кепілдік берді немесе, ел азаматтарының дауыс беруге қатысушылардың санын көбейткен төмен салықтық цензін енгізді. Сайлау ценздерінің жойылуымен немесе либералдануымен қатардағы ақ түсті сайлаушылардың, оның ішінде бұрын дауыс беру құқығы болмаған, иммигранттардың да рөлі өсті. Егер 1824 жылы Таңдаушылардың алқа мүшелері штаттардың легислатураларын таңдаса, ал 1828 жылы оларды штаттардың қатардағы сайлаушылары (Делавэр және Оңтүстік Каролинадан басқа), оның ішінде әкімшіліктің қызметінің нәтижелерімен көңілі толмаған батыс және солтүстік штаттардың да сайлаушылары таңдады. Жалпы алғанда, алайда, саяси және экономикалық мәселелер бұрынғысынша 1828 жылғы президенттік сайлау науқанында да өз таңдауын жасаған ұлттық элиталық топтардың бақылауында қала берді.

Бұл науқандар, негізінде, Адамстың Ақ үйге келуінің алғашқы айларында-ақ басталды. Федералдық партияның америкалық саяси аренадан кетуі сайлау алдындағы күрестің үйреншікті барысының бұзулуына әкелді. Демократиялық республикалық партия (ресми түрде Т. Джефферсон кезеңінен бері Республикалық партия деп аталған, бірақ бейресми түрде Демократиялық республикалық партия ретінде белгілі болды) екі бір-біріне жау қанатқа бөлінді. Солардың өкілдерінің бірі, президент Адамс пен Генри Клей басқарған қанат, ұлттық республикашылдар (болашақ вигилер), ал олардың қарсыласы, генерал Э. Джексон басшылық еткен қанат – демократиялық республикашылдар немес джексондық демократтар (кейін – жай ғана демократтар) деп атала бастады. Президенттік қызмет үшін күрес бұл фракциялар мен олардың жетекшілері арасында өріс алды. Бұл екі саяси күштерден басқа, сайлауға қатардағы сайлаушылардың болмашы ғана дауысын алған Тәуелсіз партия мен Антимасондық партия да қатысты. 1836 жылы Антимасондық партия Виги партиясына қосылды. Тәуелсіз партия 1828 жылғы сайлаудан кейін өзінің өмір сүруін тоқтатты.

1828 жылғы сайлау алды науқаны оған дейінгілердің ішіндегі ең жанжалдысы болды, сайлауда Джексон жеңіске жетіп, АҚШ-тың жетінші президенті болып сайланды (1829-1837 жж.). 1818-1821 жж.-ғы мүліктік сайлау ценздың жойылуы америкалық электоратта жұмысшылар мен сайлаушылардың аз қамтамасыз етілген топтарының дауыс беру санының өсуіне әкеліп, олардың Джексонға дауыс беруі оның жеңіске жетуіне көмектесті. Сонымен бірге генералдың табысқа жетуіне ХІХ ғасырдың 20-жылдары көптеп шыға бастаған газет беттеріндегі оның көбінесе «халықтан шыққан үміткер» деп мақтап, Джексонды қолдап жазылған мақалалардың басылуы да септігін тигізді.

Шынында, Э. Джексон «қарапайым тектен» шыққан АҚШ-тың алғашқы президенті болды. 1767 жылы Оңтүстік Каролинаның шекаралық ауданында кедей фермердің отбасында дүниеге келген, кейін кең көлемді жерлерді, құлдар мен асыл тұқымды жылқыларды иемденген, Теннесидегі бай плантаторға айналды. Джексонның жеке басының қасиеттері арқылы америкалық шындықтың көптеген қарама-қайшылықтары көзге көрінді. Оның демократия туралы түсініктері негрлердің құлдығымен, үндістерді қырып-жоюмен, жаңа аумақтарды басып алу соғыстарымен үйлесіп жатты. Джексонның өмірбаянын жазушы профессор Дж. Бассет, барлық президенттердің ішінде Джексон сияқты бір де бірі кітаптарды аз оқыған және оқығандарынан аз мағлұмат алғандар аз шығар деп жазған. Сонымен бірге ол өзінің білімді қарсыластарынан қарағанда, елдегі жағдайды жақсы түсінген, халықтың қалың топтарының, ең алдымен плантаторлардың, фермерлердің, буржуазиядан көтерілген жаңа топтардың, сонымен бірге кейбір жағдайларда жалдамалы жұмысшылардың да қолдауына сүйенген.

Джексонның жақтастары оның жеңісін «байлар мен мәртебелілерді» «елдің фермерлері мен механиктерінің жеңуі» деп атады. Джексонның жеңісімен 1828 жылғы сайлау науқаны кезінде демократиялық партияның ұйымдық жағынан қалыптасуы бекітілді. Партияның негізгі мүшелерін ел тұрғындарының ауыл өкілдері – фермерлер, ұсақ жер иеленушілер және саудагерлер, сонымен бірге батыс жерлерге белсене қоныстанған «пионерлер» құрады. Олардың саны 1830 жылға қарай АҚШ тұрғындарының 1/3 жуығын құрады.

Тұрғындардың бұл топтары демократиялық құндылықтарға сенімімен және солтүстік-шығыс капиталы бақылаған банк мекемелерінің жеке адам бостандықтарына шек қоюы қарастырылған кез келген жарлықтарына деген жек көрушіліктерімен ерекшеленді.

Джексондық электораттың тағы бір маңызды құрамдас бөлігін Жаңа Англия және Жаңа Англия мен Вирджиния арасында орналасқан, Нью-Джерси, Нью-Йорк, Дэлавер мен Пенсильванияны өз құрамына қамтыған, «орталық» штаттардың жұмысшы бұқарасы құрады. Құрама Штаттардағы қалыптаса бастаған пролетариат елдің бұл аймағын түгел джексондықтардың тірегіне айналдырды және бұрын жартылай жария болған алғашқы жұмысшы одақтарын (сол кезде олар ассоциация деп аталды) құруға кірісті.

Джексон Ақ үйге келген алғашқы күнінен бастап «авгиев (көне мифологияларда патша Авгийдің мүлдем қараусыз қалған) ат қорасын тазалаумен» айналысты. Мемлекеттік шенеуніктердің міндеті, жаңа президенттің ойынша, қарапайым және жеңіл, оларға ешкімнің айрықша басым құқығы болмауы тиіс болды. Нәтижеде көп егде қызметшілер жаңадан келген және ақ үйдің жаңа қожайынының тәжірибесіз әрі жас қолдаушыларымен алмастырылды. Джексонның президенттіктігінің тек қана бірінші жылында 900-ден аса үкімет шенеуліктері алмастырылды. Мемлекеттік қызметтердің жеңген партия жақтастарына берілу жүйесі Құрама Штаттардың саяси өміріне нық енді.

Үкіметтің ресми мүшелерімен қатар жаңа әкімшіліктің саяси бағытын анықтауда «асханалық кабинет» деп аталған кабинет маңызды роль атқарды, оған А. Кенделл, И. Хилл, Ф. Блеир, майор У. Б. Льюис журанлистері, сонымен бірге ықпалды мемлекеттік қайраткер және демократиялық партияның жетекшілерінің бірі М. Ван-Бюрен кірді.

1829 жылғы 8 желтоқсандағы конгреске жылдық жолдауында президент Э. Джексон атқарушы биліктің басшысын таңдау халыққа тиісті және халықтың еркін бұзуға болмайды, жүйенің басты мақсаты көпшіліктің билеуі деп атап айтты. Алайда осындай жағдайларда жиі көрінетіндей, көпшілік еркін Э. Джексон өзінің жеке басының еркіне теңестірді. Өзінің билігі кезінде ол өзіне дейінгілердің барлығын қоса, оларға қарағанда, вето құқығын көп қолданды және демократ Джексонның президенттік жылдарын замандастары «король Эндрюдің патшалық құруы» деп атады.

Адамстың әкімшілігі өзінен кейін шешілмеген көптеген ішкі саяси мәселелерді қалдырды. Конгресстің қарауына берілетін заң актілері, оңтүстік және батыс штаттарының мүдделерін білдірген «Джексон адамдарының» батыл қарсы әрекеттеріне жиі кездесіп отырды. 1828 жылы нуллификациялық дағдарыстан кейін пайда болған ішкі саяси дағдарыстың алғышарттары көрінді. Федералдық орталық пен штаттардың өкіметтерінің арасындағы кезекті қақтығыстың сылтауы 1828 жылы қабылданған протекционистік кедендік тариф болды, ол «жексұрын тариф» ретінде белгілі болды және көптеген оңтүстік штаттардың тарапынан наразылықты туғызды. Адамс заңға қол қойды, бірақ барлық жауапкершілікті оның қарсыластары бақылайтын конгреске артып тастады.

Оңтүстік плантаторлар мен кәсіпкерлердің пайымдауынша, сыртқы саудадағы протекционизм Солтүстіктің кәсіпкерлеріне тиімді болып, оларға ауқаттануға мүмкіндік берді, ал оңтүстік штаттар олардың өніміне деген бағалардың өсуінен шығындарға ұшырап отырды. Бұл мәселе бойынша өз позициясын көрсету үшін, президент өз қызметінің басынан бастап конституцияда көрсетілген федералдық биліктің құқығының кепілі болып табылатындығын атап айтты.

Оның позициясының беріктігін тексерген күрделі саяси жіктеліс қаупінен нышан берген нуллификациондық дағдарысқа қатысты оқиғалар болды. Бұл қауіп-қатерлер шетелдік тоқыма және металл өндіруші-бәсекелестерден америкалық кәсіпкерлердің мүдделерін қорғап қалуға шақырған конгрестің 1816 жылы кедендік тарифты бекітуінің нәтижесінде пайда болды.

1824 жылы дағдарыс асқынудың кезекті кезеңінен өтті, бірақ 1832 жылғы конгресстің кезекті тарифын бекітуінің нәтижесінде пайда болған ахуал Джексоннан орталық биліктің батыл позициясын талап етті. Вице-президент Дж. Келхун мен жергілікті саудагерлер, жер иеленушілерінің қолдауымен Оңтүстік Каролина билік орындары штат құқықтарының жақтастары жарияланған және өз аумағында кез келген федералдық заңды – бұл жағдайда тариф туралы заңды – жарамсыз деп жариялайтын штат құқығын қарастырған

нуллификацияның экстремистік принциптерін жақтады. Олар 1832 жылғы тарифті 1833 жылы 1 ақпаннан бастап штат аумағында жойды, бұл федералдық деңгейдегі штаттың қарулы күштерін нығайтуға үшін қажетті қаржы бөлуді ұлғайту туралы олар қабылдаған шешімдермен тереңдеген саяси дағдарысқа әкелді.

Президент Джексон «нуллификацияны» «орындалмайтын сандырақ» ретінде сипаттаған прокламация шығару арқылы федералдық заңдардың штаттар заңдарынан басымдығын атап айтты. Бұл мәлімдеме АҚШ-тың әскери министріне штаттағы армия бөлімдерін және Чарлстон бұғазындағы әскери-теңіз база гарнизонын әскери дайындыққа келтіру жөніндегі бұйрықпен бекітілді, сонымен бірге тынышсыз аймаққа жеті шағын әскери кеме мен крейсерді жіберуді бұйырды. Бұйрық президенттің сатқындық пен көтеріліс жасаудың аз-ақ алдында тұрған бүлікші ауданға қажет болған жағдайда федералдық әскердің басып кіру мүмкіндігіне бел байлағандығын көрсетуі тиіс болды. Джексон жоғарғы протекционистік шараларды жақтаушылар мен антипротекционистер арасындағы тариф мәселесін шешуде өз партиясының ішінде мәмілеге келуге тырысқанымен, сонымен бірге ол Одақты батыл жақтаушы және нуллификацияның батыл қарсыласы болды. 1833 жылы ол конгреске Оңтүстік Каролинада нуллификацияны жоюға мәжбүрлеу және онда тарифтер жинау үшін күш қолдану туралы Заң шығару ұсынды. Бұл мәселе жөніндегі шиеленіс Клей жасаған және Джексон қол қойған ымыраласу заңымен жойылды. 1833 жылы ақпанда конгресс Президентке кедендік салықтарды жинауды қамтамасыз ету үшін қажет болған жағдайда күш қолдануға өкілдік беретін Заң қабылдады. Бірақ екі апта өткеннен кейін жаңа ымыраластық тарифі бекітілді. Оңтүстік Каролина бағытын ақылға қонымсыз және антиконституциялық деп жариялаған басқа да оңтүстік штаттардың легислатураларының тарапынан қолдау таппаған «нуллификациондық дағдарыс» бәсеңдей бастады, ал қатығысқан екі тарап да оның нәтижесін өздерінің жеңісі деп есептеді. Оңтүстік Каролина үшін дағдарыстың жағымды аяқталуының шектеуліктеріне қарамастан, ол тіпті жеке штаттардың өзі федералдық өкіметке қарсы тұруда белгілі бір нәтижелерге жете алатындығын көрсетті.

Бұл мәселеге қарағанда, 1836 жылы мерзімі аяқталатын АҚШ-тың орталық банкінің өкілеттік мерзімін ұзарту туралы мәселе одан да өткір болды. Зерттеушілердің пікірінше, «банкпен соғыс» және оның салдарлары «джексондық демократияның» мәнін түсінудің кілті болып табылады. АҚШ банкінің өкілеттігін ұзартудың бастамашылары вигилер болды. Вигилер орталық банктің өкілеттігін ұзартуға тырысты, конгресс олардың заң жобасын мақұлдайды және Э. Джексон сайлаушылардың дауыстарының көп бөлігінен айырылуынан қауіптеніп, оның бұл жобамен келісуіне тура келеді деп жорамалдады. Алайда бұл болжамдар расталмады. Конгресстің екі палатасы АҚШ банкінің өкілеттігін ұзарту туралы билльді мақұлдағанымен, 1832 жылы 10 шілдеде президент Джексон бұл заң жобасына вето қойып, сенатқа өзінің шешімін толығырақ түсіндірген жолдау жібереді. Президент

банк акциясының шамамен төрттен бір бөлігінің шетелдіктердің қолында, ал негізгі капитал аумақты таптардан шыққан жүздеген тұлғаларға тиесілі екендігіне назар аударды. Конгреске ұсынылған құжаттардың ішінен атап айтқанда, жеке тұлғалар иеленген 28 млн. доллар сомасындағы акциялардың 8 405 500 доллары шетелдіктерге тиесілі және 140 200 доллары ғана батыс және оңтүстік-батыс штаттар тұрғындары арасында бөлінген болатын. Есесіне орта және шығыс штаттар тұрғындары 13 522 мың, ал оңтүстіктер – 5 623 100 долларды иеленді. Джексонмен бірге билікке келген демократтар банктегі ескі ақша ақсүйектерінің өкілдерінің озбырлығына наразы болды және бұл олардың орталық қаржы мекемесіне көңілі толмаушылығының басты себептерінің бірі болды.

Капиталистік қатынастардың қарқынды дамуымен, өнеркәсіп төңкерісімен, батыстағы жерлерді игерумен және т.б. байланысты елде кәсіпкерлік қызметтің әртүрлі артықшылықтары мен шектеулеріне қарсы наразылықтар күшейді. Буржуазияның жаңа топтары «тең мүмкіндіктерді» және шетел бәсекелестігінен қорғауды талап етті. Президент Джексон АҚШ банкі таза америкалық болу керектігін деп атап айтты. Вето құқығын пайдаланған джексондықтар, ең алдымен саяси мақсаттарды көздеді. Олар бұқара халық ветоны қолдаса, онда бұл Э. Джексонның екінші рет президенттікке сайлануына кепіл болады деп есетпеді. Шынында да олар қателеспеді. 1832 жылы қарашада көпшілік дауыс (687 502) Джексонға берілді. Вигилердің өкілі Г. Клей тек 530 189 дауыс қана алды.

Джексонның жеңісінің маңызды себептерінің бірі елдің қалың бұқарасының банктің қызметіне наразылығы, фермерлер, шеберлер мен ұсақ саудагерлердің сол кездегі инфляция көзі болған – қағаз ақшаға қарсы шығуы болды. Банкке жұмысшылар да сенімсіз қарады, себебі олардың қожайындары тұрақты валютамен емес, құнсызданған қағаз ақшалармен есептесіп отырды. АҚШ Банкі штаттар банктеріне бақылау жасап отырды, олардың несиелік қызметтерін шектеді, ал бұл жеке банктердің иелерінің наразылығын туғызды. Ақырында, Орталық банктің батыл қарсыластары несиеге қатты мұқтаж болған батыс фермерлері болды. Осылайша, тұрғындардың көп бөлігі Э. Джексонның жағында болды, ал бұл өз кезегінде президенттің батыл қимылдарға баруын ынталандырды.

Ақырында Джексон орталық банктен үкіметтік депозиттерді алып, оларды жеке штаттар банктеріне бергізді. Филадельфиядағы АҚШ банкіне келетін болсақ, 1836 жылы оның артықшылық мерзімі аяқталғаннан кейін ол тек Пенсильвания штатының банкі ретінде жұмыс істеуін жалғастырды. Біртұтас орталықтың бақылаудан құтылғаннан кейін, штат банктері елді 30-жылдардың ортасында жайлаған алыпсатарлық тынышсыздық жағдайына араласып кетті. Банктер саны 1829 жылғы 329-дан 1837 жылы 788-ге дейін, ал жалпы қарыздар көлемі 137 млн.-нан 525 млн. долларға дейін өсті. Бұрынғыға қарағанда болмаған деңгейде өскен мемлекеттік жерлерді сату құнсызданған қағаз банкноттар арқылы жүргізілді. Егер 1832 жылы 2462 мың акр жер сатылса, 1835 жылы сатылым көлемі 12 569 мыңға дейін көтерілді, ал 1856

жылы 20 074 мың акрге жетті.

Мемлекеттік жерлердің алыпсатарлар мен капиталистер қолына өтуінің алдын алу мақсатында президенттің нұсқауымен қаржы министрі Л. Вудбури нұсқау хат жариялады, онда 1836 жылы 15 тамыздан бастап жерге төлем ретінде тек ақша монеталар (алтын және күміс) қабылданатындығы айтылды. 1836 жылдың 15 желтоқсанына дейін 320 акден аспайтын жер теліміне ие болған нақты тұрғындарға ғана ерекше жағдайлар жасалды.

1832-1833 жылғы оқиғалар биліктегі Демократиялық республикалық партияға қарсы елде мықты саяси күштің құрылуын көрсетті. Көптеген штаттардағы мүліктік сайлау цензінің алынып тасталуымен, сайлаушылар Алқасы мүшелерін, сонымен бірге жергілікті әкімшілік, заңды және сот билігін тікелей таңдаудың енгізілуімен, ұлттық электорат кеңейді және сайлау нәтижесінде ақ түсті сайлаушы ер адамдардың ролі өсті. Үміткердің бұрынғы жеке беделі мен танылмалдылығы енді оның жеңіске жетуіне жеткіліксіз болды. Барған сайын саяси күресте идеологиялық айырмашылықтардың дәл тұжырымдалуы және партиялық қондырмалар мен мақсаттардың бекітілуі маңызды бола түсті.

Ұлттық республикашылдар және Джексонмен қатынастарын үзген, қызметтен кеткен вице-президент Дж. Келхунның жақтастарының арасындағы одақ ұйымдық жағынан құрылуды талап етті. 1834 жылы бұл саяси альянсқа Г. Клейдің бастамасымен «виги» атауы берілді, алайда ол бұрында да ресми емес түрде өміт сүрген болатын. Өз атауын олар XVII ғасырдағы ағылшын тарихынан алған, ағылшындық вигилер Стюарт әулетінің король-католиктерінің билікті тартып алуына қарсы шыққан. Америкалықтар вигилер де президент Джексонның өзіне корольдік өкілеттікті иемденіп, билікті тартып алуына қарсы күресу үшін бірікті. Партиялық коалиция Дж. Келхун, Г. Клей және Д. Уэбстер есімдерімен байланыстырылды, оған бұрынғы федералистер мен ұлттық-республикашылдар; «нуллификациондық дағдарыс» кезінде Джексон саясатына қарсы шыққан, штаттар құқықтарын қорғауды жақтаушылар; Банкілік дағдарыс кезінде Джексонға қарсы тұрған күштер; Оңтүстіктің ірі плантаторлары мен Солтүстіктің өнеркәсіпшілері және 1836 жылдан кейінгі Антимасондық партияның қалдықтары да кірді. Бірінші жүйеден (федералистер мен республикашылдар) екінші жүйенің айырмашылығы, ол конгрестің ішінде емес, сыртында пайда болды.

Жоғарыда аталғандай, джексондық электораттың негізгі құрамдас бөлігі Құрама Штаттарда пайда бола бастаған пролетариат болды, сондықтан «джексондық демократия» кезеңінің сипаттық мәндерінің бірі жұмысшы қоғалысының өрлеуі болып табылды. 1828 жылы Филадельфияда алғашқы Жұмысшы партиясы құрылды, ол Нью-Йорк пен Бостонда осындай партияның құрылуына түрткі болды. 1828 жылдан 1834 жылға дейін 61 сауда және өнеркәсіпті қалаларда тәуелсіз жұмысшы партиялары пайда болды, ал жұмысшы партиялар болмаған жерлерде, бұл қозғалыс жалдамалы жұмысшылардың пайдасын көздеген заңдардың шығарылуы үшін күрескен

клубтардың өсуін ынталандырды.

20-30-жылдардың аяғындағы АҚШ-тағы жұмысшы қозғалысының жетілмегендігіне қарамастан, бұл қозғалысты жұмысшы қозғалысы деп есептеу қажет, себебі оның қатысушылары еңбек жағдайы мен жалақының өсуін талап еткен болатын. Бұл қозғалыстың негізгі мәселесі 10-сағаттық жұмыс күні үшін күрес болды. Жұмысшылардың жетістігі 1835 жылғы Филадельфиядағы жаппай ереуіл болды, оның нәтижесінде 10-сағаттық жұмыс күні енгізіліп, Құрама Штаттардың түрлі қалаларында жұмыс күнінің осы ұзақтық мерзімі енгізілді. Бұл талаптың ұсақ буржуазия мен болашақ кәсіпкерлерге емес, жұмысшыларға, әсіресе, жалдамалы жұмысшыларға тән екендігі даусыз.

Жұмысшы қозғалысында ерекше орын алған мәселе, әйелдер мен балалар еңбегі туралы болды, өндіру процесін арзандату үшін жалдаушылар барған сайын жаңа иммигранттардың еңбегімен бірге әйелдер мен балалардың еңбегін де қолдана бастады. Тігін шеберханалары мен жеңіл өнеркәсіпте жұмыс жасайтын әйелдердің бас көтерулері жиіленді. Олар ауыр еңбек жағдайларына және ерлермен салыстырғанда жалақының төмендігіне қарсы шықты. Жұмысшылардың өсіп келе жатқан ынтымақтастығы, түрлі мүліктік ценздердің жойылуымен байланысты сайлаушылардың санының өсуі америка жұртшылығының тегін білім беруді енгізуді талап етуінен де көрініс тапты. Бұл талаптардың нақты нәтижесі солтүстік-шығыс штаттарда жергілікті бюджеттен бөлінген мектептік білім беру жүйесінің бірте-бірте енгізілуі болды.

Алайда көп ұзамай жұмысшы партиялары тред-юниондар – кәсіби одақтар негізінде құрыла бастаған, 1833 жылы Ұлттық кәсіптік одаққа біріккендерге орнын берді саяси аренадан кете бастады, тред-юнион-кәсіби одағының негізінде құрыла бастаған, 1833 жылы біріккен Ұлттық кәсіподаққа орын берді. 1836 жылға қарай америкалық кәсіподақ мүшелерінің саны 300 мыңға жетті.

Джексонның президенттігі кезінде аболюционистік деп алған құлдықты жою қозғалыстары кең ауқымды қамти бастады. Бастапқы кезеңде ел ауқымындағы бұл қозғалысқа қатысушылардың саны аздаған мың адамды қамтыған болатын. Аболюционистер Солтүстікте антиқұлиеленушілік көңіл-күйлерінің таралуында үлкен роль атқарды. XIX бас кезінде-ақ құл саудасына және Африкадан еркісіз қара нәсілділерді әкелуге шектеулер қойылған болатын. Алайда мақта плантацияларының Оңтүстігіндегі дәстүрлі мақта өндіру ареалынан асып, тез кеңейі және тігін өнеркәсібінің дамуы жұмыс қолдарын көбейтуді талап етті.

Солтүстік-батыс штаттардың саясаткерлері «мақташылдық белдеу» штаттарының тұрғындарының санының өсуін және болашақта батыс аумақтардың есебінен құлиеленуші штаттардың күшеюін үкімет және ел конгресіндегі өз ықпалына төнген қауіп деп қарады. Құлдықты жоюға қарсы мақсатты түрде бағытталған үгіт жұмыстары жүргізілді, оған солтүстік-батыс штаттардың баспасөзі де қосылды. 1831 жылы маусымда массачусеттік құлиеленушілікке қарсы қоғамының «Либереитор» газетінің бірінші басылымы шықты. Оның баспашысы У. Л. Гаррисон құлдықпен күрес жүргізуде бұрынғы

қашқын құл, публицист, келесі бір беделді аболиционистік «Нозерн стар» апталығының редакторы Фредерик Дугласпен өз күшін біріктірді.

1831 жылы тамызда Вирджинияда қара нәсілді уағыздаушы Ната Тернердің басшылығымен негрлер көтерілісі бұрқ ете түсті, билік оны аяусыз басты және көптеген адам шығыны болды. Он күндік қақтығыс кезінде 57 ақ нәсілді азаматтар мен 100-ден аса афроамерикалықтар қаза болды, ал Тернер бастаған 20-ға жуық көтерілісшілер өлтірілді. Бұл бас көтерудің салдары Оңтүстік штаттарда қара нәсілділердің штаттар арасында қозғалуына бақылау қатайтылып, олардың білім алуына және қоғамдық шараларға қатысуына шектеу қойылуы болды. 1835 жылы Джорджия мен Оңтүстік Каролинада заң қабылданды, ол бойынша еріксіз қара нәсілділерді бүлікке шақыру мазмұнындағы материалдар бар басылымдар өлім жазасына тартылатын болды.

Джексонның құлдыққа деген қатынасы оның Ақ үйде билік еткен жылдарында өзгеріссіз қалды, ірі жер иеленуші болған ол, жеке меншікке нұқсан келтіретін қандай да бір қимылдардың болуына жол бергісі келмеді. 1835 жылғы желтоқсандағы конгреске жыл сайынғы жолдауында президент аболиционистік әдебиеттердің пошта арқылы таралуына тыйым салатын, халық арасында «ауыз кергіш ережесі» деп аталған заңды қабылдау туралы ұсыныс жасады. Конгресстің соған сай қарары 1844 жылы АҚШ Конституциясының алғашқы түзетуіне қарсы келгендіктен жойылды.

Тағы бір күрделі ішкі саяси мәселе Американың жергілікті тұрғындары – үндістерге қатысты саясат болды. Президент Джексон және оның әкімшілігі, Американың ежелгі тұрғындарын өркениетті қоғамның кедергісі ретінде көріп, үндістердің өздерінің ежелгі мекендерін иеленуіне егемендік құқығына балта шабу туралы ниеттерін жасырған жоқ. 1830 жылы мамырда үндістерді көшіру туралы Заң қабылданды, соған сәйкес осы шараларды іске асыру үшін ресми түрде қаржы бөлінді. Осы мақсатпен конгресс Миссисипи өзенінен батысқа қарай жатқан жерлерді үндістердің «ерікті» түрде қоныстанатын жері ретінде белгіледі, ал үндістер бұл жерлерге көшуге асықпады. Үкіметтің Джорджия, Алабама және Миссисипидің өз жерлерін кеңейтуге тырысқан, ақ нәсілді тұрғындарын көрші үндіс тайпаларымен келісімге келтіру әрекеті сәтсіз болды.

Джексонның президенттігі кезінде, жергілікті америкалықтарды соларға арналған резервацияларға күштеп қоныстандыру қарастырылған 94 «үндіс келісімдері» жасалды. Үндіс тайпаларының ішінде ең соңғы болып чероки тайпалары 1835 жылы федералдық үкіметтің қысымына көніп, бір жыл бұрын Арканзаста салынған «үндіс аумағына» көшуге мәжбүр болды, көшіп-қону үшін қажет 5 миллион доллар шығындарды үкімет өзі төлейтін болды. Бұрынғы мекендерін тастағысы келмегендерді шынжырлап, 2 мың км қашықтықтағы резервацияға таулы және батпақты жолдармен әскери қарауылшы отрядтармен жаяу жіберіп отырды. Үш жылға созылған көшіру кезінде «Көз жасы жолдары» деп аталған жолдарда 15 мың үндістердің чероки тайпасының 3500-ге жуық адамы қаза тапты.

1836 жылы президенттің шешімімен, елдің бірнеше штаттарында орналасқан резервацияларды бақылауды қолға алған, үндістер ісі жөнінде

үкіметтік Бюро құрылды. Миссисипи өзені арғы жағына үндістерді қоныстандыру кезінде АҚШ-тың тұрақты әскерлері мен жергілікті еріктілердің үндіс тайпаларымен әскери қақтығыстары болып отырды. «Қара қаршыға соғысы» деген аталған, Миссисипидің жоғарғы ағысындағы төрт айға созылған әскери қимылдар 1832 жылы үндістердің сок және фокс тайпаларының біріккен жеңілісімен аяқталды. Нәтижесінде ақ нәсілді қоныстанушылардың Айова аумағының шығыс бөлігін қоныстануына жол ашылды. 1835 жылдан 1842 жылға дейін созылған Флоридадағы Екінші семинольдық соғыс күшті, әрі ұзаққа созылды және ол үндістердің Миссисипи өзенінің арғы жағына қоныс аударуымен аяқталды. Бекітілген «келісімдер» негізінде үкімет ежелгі үндістердің шығыста 100 млн. акр және елдің батысында 32 млн. акр жерін иеленуге қол жеткізді.

Осылайша, жалпы алғанда 1830-1840 жылдардағы америкалық нақтылық теңдік пен келісім негізделген «джексондық демократиясының» «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» дәулетті, тыныш кезеңі туралы көзқарастарға аз сәйкес келді. Келтірілген айғақтар, шындығында америкалық қоғамның «джексондық демократия» кезеңінде өзіне тән белгілері мен қайшылықтар бары таптық қоғам болғандығын дәлелдейді. «Джексондық демократияның» сипаты мен қозғаушы күштерін түсінудің кілті, ең алдымен, америкалық капитализмнің дамуы және атап айтқанда, Солтүстік-Шығыстағы өнеркәсіп төңкерісінің табыстары болып табылады. Буржуазияның жаңа топтары, оның ішінде жас өнеркәсіп буржуазиясы бұл жылдары Филадельфиядағы АҚШ банкінің бетбейнесі болған ескі «қаржы ақсүйектерімен» бәсекелестікке түсіп, президент Джексон арқа сүйеген коалицияның маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Бұл коалицияның негізіне Оңтүстік плантаторлары мен Батыс фермерлерінің одағы алынды. Олардың қай қайсысы да Батысты экспансиялауға мүдделілік танытты. Олардың екеуінің де жаңа банкноттардың шығарылуы мен айналымын шектеген ұлттық банктың қызметіне көңілдері толмады. Алайда, бұл коалиция саяси күрестің басты мәселесі құлдық мәселесі болғанға дейін өмір сүруін жалғастыра алатын еді. Бұл мәселедегі оңтүстіктегілердің барған сайын қатайып бара жатқан позициясы, ақырында демократиялық партияның саясатының өзінің әлеуметтік базасына қарама-қарсы болып шыққандығын көрсетті. XIX ғасырдың 40-жылдарының ортасында басталған демократтар мен вигилердің екіпартиялық жүйенің дағдарысы бірнеше жаңа үшінші партиялардың құрылуына әкелді: бостандық партиясы, фрисойлерлер, және «ештеңе білмейтіндер» партиясы. Алайда 1854 жылы республикалық партия құрылғаннан кейін ескі саяси жүйенің күйреуі анық көрінді. Ал 40-жылдарындағы басты назар экспансиялық мәселелерге, Техас, Орегонды қосып алу мен Мексикамен соғысқа аударылды.

Бақылау сұрақтары:

1. Монро президенттігі кезеңі неге «мейірімді сезімдер дәуірі» деп аталды?
2. 1828 жылға қарай америкалық сайлау жүйесінде қандай өзгерістер болды?

3. «Нуллификациялық дағдарыстың» себебі неде?
4. Аболиционистік қозғалыс қашан пайда болды және ол қандай қозғалыс?

Өзіндік жұмысқа арналған тапсырма:

1. Салыстырмалы талдау жасаңыз: Демократиялық партия және вигилер партиясы: құрамы, әлеуметтік базасы, бағдарламасы.

8. XIX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ АҚШ-ТЫҢ АУМАҚТЫҚ ЭКСПАНСИЯСЫ

АҚШ-тың аумақтық талаптары алғашында XVIII ғасырдағы ағылшын, испан, орыс, америка теңізшілерінің, саяхатшыларының, аң терісін сатушылардың зерттеулеріне негізделді. Құрлықтағы экспедициялардың арасында XIX ғасырдағы президент Джефферсонның жарлығымен 1803-1806 жылдардағы М. Льюис пен У. Кларктың отряды қатысқан экспедиция ерекше орын алады. Экспедиция 1804 жылы көктемде Сент-Луистан аттанып кетті және алғашқы айларда-ақ оның мүшелері, өз аумақтарына басып кірген құқыл жүзділерге ашуланған сиу-үндістердің шабуылына тап болды. Сол уақытта ри, арикара, манданы, ото және басқа да үндіс тайпалары саяхатшыларды достық пейілмен қарсы алды. Льюис пен Кларк Миссуридің бастауына жетіп, жергілікті тұрғындар, бұл аумақтың флорасы мен фаунасы туралы құнды мәліметтер жинақтады. Бір жарым жылға созылған Льюис пен Кларктың экспедициясы 6500 километр жерді жүріп өтті, алты үндіс каноэларымен Колумбия өзені арқылы, Тынық мұхиттың жағалауына шықты. Олардың саяхаты Жабайы Батыс деп аталған жерлерді америкалықтардың игеруіне бастау болды.

Бұл экспедициялардың соңынан федералдық үкімет ұйымдастырған басқа да экспедициялар жасалды, бірақ олардың көбі тек Құзды тауларға дейін барды. Алыстағы Батысты зерттеу мен игеру үшін маңызды ашулардың көбінесе сауда компанияларының, аң терісін алыпсатарлар мен аңшылардың қызметімен байланысты болғандығын атап өту қажет. 1805 жылы ағылшын С. Фрейзер Құзды таулардан батысқа қарай орналасқан «Солтүстік-Батыс компаниясының алғашқы британдық факториясының негізін салды, ал 1808 жылы Фрейзер өзенді зерттеді. Осы компанияның тағы бір қызметкері Д. Томпсон 1807-1811 жылдары Колумбия бассейнін зерттеуді жалғастырды.

1811 жылы америкалық «Тынық мұхиттық тері компаниясының» басшысы Джон Дж. Астор Колумбия өзенінің сағасында Астория фортын, ал өзеннің ағысы бойына – бірнеше сауда факторияларын салды. Льюис пен Кларк экспедициясының ізімен Миссури бастауы мен батысқа қарай көптеген траппер-аңшылар жүріп өтіп, олар жаңа жолдардың ізін салды және жағалауға қарай қозғалған қоныстанушылардың топтары мен тауарлар салынған арбалы керуенге жол көрсету үшін қызмет етті.

Луизиана – солтүстікамерикалық құрлықтың орталығындағы Миссисипи өзені мен Құзды тау арасындағы үлкен аумақ. Бір кездері француздар ашқан

Луизиана 1763 жылы Париж келісіміне сәйкес испандықтарға өтті. Алайда 1800 жылы I Наполеонмен бекітілген Сан-Ильдефонсо кұпия келісімі бойынша Францияға қайтарылып, америкалық сауда кемелері үшін Нью-Орлеан порты жабылған болатын. Оңтүстік фермерлері мен Американың дамушы батыс аумағының өнеркәсіпшілері өз еңбектерінің өнімдерін әкелу мүмкіндігінен айырылды. Миссисипи өзенінен Құзды тауға дейін созылып жатқан кең аумаққа француздардың бақылау орнатуы Джефферсон әкімшілігін алаңдатты.

Франция мен Испанияға тиесілі болған Луизиана мен Флоридадан үндіс тайпалары мен көптеген бандиттік топтардың америкалық тұрғындарға жасап отырған шабуылдарының тоқтамауы жағдайды одан әрі қиындатты. Үкімет испандықтардан Флориданы алуға әрекет жасады, бірақ олар бас тартты. Джефферсон әкімшілігінің Францияға бағытталған сыртқы саясаты антифранцуздыққа бағытқа өзгерді. 1802 жылғы желтоқсандағы конгреске жолдауында Джефферсон испандық Луизиана провинциясын Францияға беруі АҚШ-тың сыртқы саяси стратегиясының барлық басым бағыттарын өзгертуге әкелетіндігін жариялады. Париждегі америкалық елші Р. Лингвистонға жазған хатында президент Жаңа Орлеанның қожайыны америка халқының табиғи және мәңгі-бақи жауы болатындығын үзілді-кесілді атап айтты. Джефферсон Жаңа Орлеанның Франция иелігінде сақталынса, америкалықтар дос және одақтас ретінде Англияны қабылдайды деп қорытындылады. Мемлекеттік хатшы Дж. Мэдисон конгреске баяндамасында Флорида мен Жаңа Орлеан сатып алу арқылы немесе жаулап алу арқылы АҚШ-тың бөлігіне айналуы тиіс деп атап көрсетті. Мемлекеттік хатшының Париждегі америкалық елшіге жіберген нұсқауында келіссөздер кезінде, ең аз дегенде Миссисипи өзені арқылы кемелердің еркін жүзуіне қол жеткізу міндеті жүктелді. Егер келіссөздер сәтсіз болған жағдайда, ол Ла-Манш бұғазын кесіп өтіп, ағылшын үкіметімен келіссөздер жүргізуі тиіс болды. Джефферсондық республикашылдардың сыртқы саяси доктриналарының эволюциясы айқын көзге көрінді: партия «француздық» болудан бас тартып, «ағылшындық» болуға, яғни өздерінің саяси қарсыластары федералистердің позициясына өтуге дайын екендіктерін білдірді.

Оқиғалардың одан әрі дамуы әлі де болса америкалық-француздық байланыстардың сақталуына жағымды болды. 1802 жылы Леклерк бастаған француз әскерлері Сан-Домингодағы (Гайти аралындағы француз отары) көтерілісті басуда жеңіліс тапқаннан кейін, Наполеон Бонапарттың кеңесшілері оған Сан-Домингосыз Луизиананың Франция үшін еш құндылығы жоқ деген ой салды. Оның АҚШ-қа «луизианалық шөлді» бірталай ақшаға беруге дайындығы 1803 жылы, Франция Европалық театрдағы әскери қимылдарын қайта жандандырғаннан кейін, күшейді. Барлық осы қиын-қыстау кезең оқиғаларының нәтижесінде америкалық өкілдер Париждегі келіссөздерде таңқаларлық табысқа жетті: француздық тарап Луизиананы Жаңа Орлеанмен бірге беруге келісті (жалпы аумағы 2,6 млн. км² жерді – 15 млн. долларға (1 акрге 2,3 доллардан).

Франциядан сатып алынған аумақтың нақты шекаралары келісімде дәл

белгіленбегендіктен, АҚШ әкімшілігі, бұл жағдайды пайдаланып, кейіннен Луизианаға Флорида да кіреді және сондықтан америкалықтар аталған осы екі облыстың қожайыны болуы тиіс деп жариялады. АҚШ үкіметінің экспансиялық дәмелеріне Испания батыл қарсы шықты. Мадридке қысым көрсетуде Джефферсондық республикашылдар қоқаң-лоққы көрсету, параға сатып алу, бопсалауды қолданып, шектен шығып кетті. Енді федералистер Джефферсон мен Мэдисонды, Луизиананы сатып алуды ұйымдастыруда, америкалық конституцияның принциптерінен дөрекі түрде бас тартты деп айыптады.

Луизиананы табысты иеленудің жарқын болашағына қарамастан, америкалық саяси топтар мен баспасөзде бұл «сатып алу» бірімәнді емес реакцияларды туғызды. Федералистер елдің аумағы кеңейгенде ішкі мәселелерінің шиеленісетіндігін бұрыннан болжаған, ал жаңа иеленуге байланысты әкімшіліктің әрекеттеріне деген сын бұрынғыдан да күшейе түсті. АҚШ-тың солтүстік-шығыс штаттарының федералистері, жаңа оңтүстік-батыс штаттардың пайда болуы, елдегі өздерінің саяси ықпалының әлсіреуіне әкеледі деп қауіптенді.

Луизиананы сатып алу есебінен АҚШ аумағы екі есеге кеңейді. Құрама Штаттардың Луизиананы сатып алуын адамзат тарихындағы жылжымайтын мүлікпен жасалған ең ірі сатып алушылық деп жиі атайды. Ал француз сыртқы істер министрі Талейран оны жай ғана «лайықты сатып алушылық» деп атады.

Кейін Джеймс Монроның (1817-1825 жж.) президенттік әкімшілігі кезеңінде, Испаниядан Флориданы алу есебінен аумағын одан әрі үлкейтіп, АҚШ өзінің халықаралық жағдайын нығайтты. Жоғарыда атап өтілгендей, Құрама Штаттар бұрыннан бері Испаниядан Флориданы алуға тырысқан болатын, алайда мұндай мүмкіндікті берген испан отарларындағы сәтті кезең тек 1818 жылы туды. Түбектегі соғыстан испандық метрополия әлсіреді, ал Испаниядағы америкалық отарларда революциялар басталды. Испандық үкімет ары қарай Флоридаға инвестиция салуды қаламады және Құрама Штаттары мен испандық Мексика отары арасындағы шекара үшін қауіптенді. Флоридада испандық мемлекеттік немесе әскери құрылымдар болған жоқ және үндістер шекараны еркін кесіп өтіп жүрді, атап айтқанда, олар Джорджияны және америкалық қоныстарды тонады.

АҚШ-тың жетінші президенті болған генерал Эндрю Джексон 1817 жылы желтоқсанда үндістің семинол тайпаларына қарсы әскери қимылдарын АҚШ үкіметі формалды түрде жоққа шығарғанымен, астанада олар бейресми түрде мақұлданды. Олар алғашында Флоридадағы испан губернаторын орнынан кетіруге, ал кейін ақырында Флорида аумағының 1819 жылғы Адамс-Онис келісімі бойынша АҚШ-қа өтуіне әкелді.

Испандықтар британдықтардың араласуын өтінді, бірақ Ұлыбритания АҚШ пен Испания арасындағы келіссөздерге қатысудан бас тартты. Монро кабинетінің кейбір мүшелері тез арада Джексонды шеттетуді талап етті, алайда АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Джон Адамс Джексонның іс-әрекеті баршаға Испанияның дәрменсіздігін көрсетіп, керісінше Құрама Штаттарға басымдық

бергенін түсінді. Күш ұстанымы тұрғысынан әрекет ете отырып, Адамс келісімнің шарттарының АҚШ-қа тиімді болуына қол жеткізе алды.

Келісімге 1819 жылы 22 ақпанда Вашингтонда АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Джон Адамс пен Испанияның Сыртқы істер министрі Луис де Онис и Гонсалес-Вара қол қойды. Бекітулермен алмасуға екі жыл кетті және 1821 жылы 22 ақпанда келісім өз күшіне енді. Келісімге сай, Испания Құрама Штаттарға Испандық Флориданы тегін берді, ал АҚШ үкіметі америкалық азаматтардың испандық үкіметке талаптарын өтеп беру міндетін өз мойнына алды. Бұл мәселені реттеу үшін Вашингтон комиссия құрды, ол 1821 жылдан 1824 жылға дейінгі аралықтағы 720 инцидентке қатысты 1859 талаптарды жинақтады. Осы талаптар бойынша үкіметтен 5.454.545,13 доллар төленді. Сонымен бірге АҚШ Техасқа қандай да болсын талаптар қоюдан бас тартты.

Жаңа иеліктерді игеру дәстүрлі жолмен жүргізілді: иеленген жерлер АҚШ аумағы деп жарияланып, кейіннен штат статусын алды немесе штатқа жаңа аумақтарға бөлініп, кейін штаттар ретінде қайта құрылып жатты. Мысалы, 1812 жылы 33 параллельден солтүстікке қарай жатқан Луизиана жерлері бес округке бөлінген Миссури аумағына қайта құрылды. АҚШ-тың алдағы аумақтық экспансиясы батыс бағытта жалғасты және 1850 жылға қарай америкалықтар Тынық мұхиты жағалауында берік орнықты.

XIX ғасырдың 20-жылдардағы Құрама Штаттар үкіметінің маңызды сыртқы саяси актісі «Монро доктринасының» жариялануы болды. Доктринаның қалыптасуы мен негізгі қағидалары мынадай факторлармен негізделді. Біріншіден, Құрама Штаттарының өз ішінде болған терең процесстермен: капитализмнің дамуымен, америкалық ұлтшылдықтың оянуымен, экспансиялық идеялардың қалыптасуымен және тағы басқалармен. Екіншіден, сол кезде қалыптасқан халықаралық жағдаймен, атап айтқанда, Қасиетті Одақтың саясатымен.

Қасиетті Одақ – наполеондық империяның құлауынан кейін революциялық және ұлт-азаттық қозғалыстарға қарсы күресу және 1814-1815 жж. Вена конвенциясының шешімдерінің мызғымастығын қамтамасыз ету үшін құрылған европалық монархтардың одағы. Қасиетті Одақтың актісіне 1815 жылы 26 қыркүйекте Парижде орыс императоры І Александр, австриялық император І Франц және прусс королі III Фридрих Вильгельм қол қойылды. 1815 жылы 19 қарашада Қасиетті Одаққа француз королі XVIII Людовик, содан соң Еуропаның көпшілік монархтары қосылды. Қасиетті Одаққа кірмеген Ұлыбритания бірқатар мәселелер жөніндегі оның саясатын, әсіресе одақтың алғашқы құрылған жылдарындағы саясатын қолдады және оның конгрестеріне белсенді қатысты, алайда көп ұзамай Қасиетті Одақ елдері мен Ұлыбритания арасында қайшылықтар шиеленісе түсті.

Европалық монархтардың күш салуына қарамастан, төңкерістік және азаттық қозғалыстары шығыс және батыс жартышарда да дамып, күшейе түсті, нәтижесінде одақтың өзінің өмір сүруіне ауыр соққы берді, ал оны қайта құру әрекеттері сәтсіз аяқталды.

Терең құлдырау жағдайында болған Испандық отарлық империя, күрделі

дағдарысты басынан кешірді. Бірқатар жылдар ішінде Испандық Американы ұлт-азаттық қозғалыстар жалыны шарпып және батыс жартышардағы бұрынғы испан отарларының көпшілігі (Куба мен Пуэрто-Рикодан басқасы) өз тәуелсіздіктеріне қол жеткізді. Алайда Мадридтегілер, нақты жағдайлармен есептесуді қаламады, ал Қасиетті Одақтың Латын Америкасындағы испан үстемдігін қайта қалпына келтіру үшін интервенция ұйымдастыруға дайындалып жатқандығы туралы алып қашпа сөздер баспасөзде де жазылды. Бұл алып қашпа әңгімелердің кеңінен тарауына Францияның Испаниядағы революциялық қозғалыстарды басу мақсатында 1823 жылы Верон конгресінің шешімі бойынша қарулы интервенция ұйымдастыруы себеп болды.

Өз кезегінде Ұлыбритания жаңа өнім өткізу нарықтарын иеленуге және батыс жартышардағы өзінің саяси ықпалын кеңейтуге үміттенді. Лондон өзінің саяси орбитасына Құрама Штаттарды кіргізуге мүдделілік танытты, себебі жас республика экономикалық жағынан әлі де болса бұрынғы метрополияға тәуелді болды.

Жоғары өрлеп дамушы жас солтүстік америкалық ұлт тәуелсіздіктің сақталуы мен бекуіне қызғанышпен қарады және сонымен бірге Солтүстіктегідей, Оңтүстік Америкада да өзінің позициясын кеңейтуге тырысты. Вашингтонның батыс жартышардағы, ең алдымен Солтүстік Америка құрлығындағы, айрықша «құқығын» негіздеу үшін, Құрама Штаттардың саяси қайраткерлері бірнеше рет түрлі дәлелдерді: «табиғи шекаралар» теориясы, «саяси тартылыс» доктринасы, «америкалық жүйе» концепциясы және т.б. алға тартты.

Вашингтонда «америкалық жүйеге», ереже бойынша, ұлтшылдық, кейде нақты экспансиялық түсіндірмелер берілгенін атап өткен жөн. 1819 жылы қарашадағы үкіметтік мәжілісте мемлекеттік хатшы Дж. К. Адамс, барлық әлем Солтүстік Америка құрлығының Құрама Штаттарының заңды иелегі деген ойға үйренісуі қажет деп ашық түрде мәлімдеді. Адамс иелері теңіздің арғы жағында, жүздеген миль қашықтықта болған күйзелген аумақтардың ұлы, күшті, тез өсіп келе жатқан ұлтпен қабыса отырып әрдайым өмір сүруі табиғилыққа қарсы және сандырақ деп есептеді.

«Монро доктринасы» тек ұлтшылдық пен экспансиялық ойлардың эволюциясын көрсетіп қана қойған жоқ, сонымен қатар 1823 жылы орын алған, нақты себептер мен жағдайлардың нәтижесі болып табылды. Құжаттық деректер Жаңа Англия көпестері мен кеме иелері мүдделері және 1823 жылғы маусымда ұсынылған атақты «жаңа отаршылдық принциптерінің» арасында тікелей байланыстың бар екендігін растайды. «Жаңа отаршылдық принциптерін» тұжырымдауға бостондық бай көпес У. Стургис пен сенатор Дж. Ллойдтың (Массачусетс штаты) үндеуі сылтау болған. 15 маусымдағы Ллойдқа жауап хатында және ресейлік елші барон Ф. В. Тейлмен әңгімелесуден екі күннен кейін Дж. К. Адамс америкалық құрлық енді жаңа европалық отарлар құру үшін ашық болмауы керек деген принципті алға тартты.

Кейіннен, президентке конгреске жыл сайынғы жолдауын

дайындаумен байланысты мемлекеттік департаменттің қызметі туралы хатты ұсынған, Дж. К. Адамс «америкалық құрлықтар өздері қол жеткізген және сақтап қалған, еркін және тәуелсіз жағдайда, енді кез келген европалық державаның болашақ отарлауының объектісі ретінде қаралмауы тиіс» деп жазды. Бұл ережені кейіннен президент Монро өзінің 1823 жылғы 2 желтоқсандағы конгреске атақты жолдауының мәтініне (§ 7) кірістірді. Президенттік жолдаудың басқа да екі маңызды ережесі (§ 48 и § 49), британ СІМ Дж. Каннингтің Қасиетті Одақтың (1823 ж. тамыз) интервенциясы туралы қаупі жөніндегі алып қашпа сөздерге байланысты туған испан-америкалық мәселеде АҚШ пен Англияның біріккен қимылдары туралы ұсыныстарына, сонымен бірге Колумбия өкілін және Европадағы одақтық державалардың саясатының принциптерін қабылдаудан Ресейдің бас тартатындығы жөніндегі Тейлдің хабарына байланысты берілген жауапты талқылау нәтижесінде түпкілікті құрастырылды.

1823 жылы қарашадағы америкалық үкіметтің мәжілісіндегі пікірталас барысында екі қарама-қайшы көзқарас айқындалды. Кабинеттің көпшілігі, соның ішінде әскери министр Кэлхун мен президент Монро, Қасиетті Одақтың Оңтүстік Америкаға интервенциясын болуы мүмкін әрекет деп есептеді және Дж. Каннингтың ұсынысын қабылдауға бейім болды. Екінші көзқарасты нақты жағдайдан жақсы хабардар және ықпалды мемлекеттік хатшы Дж. К. Адамс дәйекті түрде қорғады, ол Дж. Каннингтың ұсынысының мәнісі мен мақсатын түсінікті түрде ашып көрсетті.

Дж. К. Адамс Қасиетті Одақтың интервенциясы қаупінің шын мәнінде жоқтығын түсінді. Сонымен қатар Адамс, егер Ұлыбритания жалғыз өзі жас оңтүстікамерикалық мемлекеттерді Қасиетті Одақтың интервенциясынан қорғап қалса, ал Құрама Штаттар тыс қалып, Англия үлкен сауда артықшылығына ие болады және Испанияның бұрынғы иеліктері шын мәнінде Англияның отарына айналады деп есептеді. 1823 жылы 7 қарашада Адамс, британ кемелерінің ізіндегі «кішкентай қайық» ролінде болмай, европалық державаларға АҚШ-тың принциптерін дербес түрде мәлімдеуді ұсынды. Адамстың пікірінше, Дж. Каннинг, бұрынғы испан отарларын қосып алмау міндеттемесін алдыртумен, АҚШ-тың аумақтық кеңеюінің алдын алуға тырысады. Ақырында Адамстың көзқарасы үстем болып, «біріктірілген саясат жүйесі» 1823 жылғы 2 желтоқсандағы президент Монроның конгреске жолдауында көрініс тапты.

«Доктринада» әлемді мемлекеттік құрылыстың европалық және америкалық жүйесіне бөліну принципі ұсынылды, АҚШ-тың европалық елдердің ісіне, ал европалықтардың Америка құрлығының ісіне араласпауы туралы идея жарияланды. Жолдауда атап көрсетілгендей, «Америка құрлығы – өздері қол жеткізген және сақтап қалған, еркін және тәуелсіз жағдайда, енді кез келген европалық державаның болашақ отарлауының объектісі ретінде қаралмауы тиіс». Осыдан «Америка америкалықтар үшін» деген принцип пайда болды.

Жолдауда европалық державалардың Батыс жартышардағы өздерінің

бұрынғы отарларының ісіне араласу бағытындағы әрбір әрекеті АҚШ-тың өмірлік мүддесін бұзған болып есептеледі деп атап көрсетілді. Сонымен қатар америкалықтар бұрынғы испан отарларының метрополияға қарсы күресінде өз бейтараптылығын бекітті. Монро өзінің жолдауының қорытынды бөлімінде АҚШ-тың күшінің жаңа аумақтарды қосып алу мен жаңа штаттарды құру есебінен өсетіндігін ескертті, бұл оның бұрынғы испан отарлары есебінен аумақтарды экспансиялауға ұмтылысын айғақтады.

Монро доктринасының сипатын бағалауда америка тарихшылары, ең алдымен АҚШ-тың Европа елдерімен қатынастарына сүйенді. Бұл жағдайда бірінші орынға Монро доктринасының жағымды, прогрессивті жақтары алынды –Қасиетті Одақ көшбасшылары жақтаған легитимизмнің реакциялық принциптеріне, «заңды монарх» билігін қайта қалпына келтіру мақсатымен интервенция жасау құқығына» қарсы қойылған америка құрлығын одан әрі отарлауға тыйым салған араласпау идеясы.

Бірақ бұл мәселенің бір жағы ғана. Монро доктринасының мәнісі мен «екі жақты түбі» тек АҚШ-тың европалық елдер жүйесімен, тап айтқанда Ресей және Ұлыбританиямен қатынасы арқылы ғана емес, батыс жартышар шеңберіндегі Вашингтон саясаты арқылы да ашылды. Батыс жартышарды одан әрі отарлауға қарсы бола отырып, Жаңа Англияның көпестері, кеме иелері және өнеркәсіпшілері, сол аймақта өз позициялары мен ықпалын бекіту мен кеңейту мүдделерін қолдап, европалық елдердің отарлық монополиясына, америка саудасы мен теңізде жүзуіне ісіне жасалған кедергілерге қарсы шықты. Нәтижеде «жаңа отаршылдық принципі» алдағы уақытта АҚШ-тың өзінің отарлық саласын құру құралына айналды.

Кейін Монро доктринасы АҚШ үшін америка - мексика соғысы кезінде (1846-1848 жылдары) Мексика аумағының жартысынан астам бөлігін басып алу үшін негіз болды. «Монро доктринасының» экспансиондық үрдістері, АҚШ-тың Латын Америкасындағы «халықаралық полицейлік күшті» жүзеге асыру құқығына талаптары тікелей жарияланған Олни (1895 ж.) доктринасында және Рузвельттің (1904 ж.) қосымшасында дамытыла түсті. XX ғасырда «Монро доктринасының» дәстүрлері латынамерикалық елдерді европалық әлемдік державалар ықпалынан, халықаралық революциялық қозғалыстан арашалауға талпынысы арнасында түсіндірілді. Осыған байланысты АҚШ Кубаға, Мексикаға, Гаитиға, Доминикан Республикасына, Никарагуаға, Панамаға, Гренадаға интервенциялар жасады, латынамерикалық елдердің ішкі істеріне араласты, америкалық арнайы қызметтер ондаған мемлекеттік төңкерістерді ұйымдастырды, егемен мемлекеттердің Вашингтонға ұнамайтын үкіметін биліктен кетірді.

Солтүстік Америкадағы АҚШ-тың аумақтық экспансиялық жоспарында Флоридамен қатар Жаңа Испанияның солтүстік-шығыс бөлігіндегі көлемді, бірақ шөлді және тұрғыны аз Техас та маңызды орын алды. 1803 жылы президент Джефферсон Луизиананың батыс шекарасы Рио-Гранде-дель-Норте арқылы өтетіндігін мәлімдеді, бұл арқыл ол Техасқа дәмелерін білдірген

болатын. Бірақ Испания бұл талаптарды қабылдамады.

1806 жылы қыркүйекке қарай Луизиананың шығысындағы Сабин өзенінде, екі жақтан да уақытша демаркациялық сызық деп мойындалған жерде генерал Уилкинсон басқарған ірі күштер шоғырланды. Бұл жерден 1806-1807 жылдары Джефферсонның тапсыруымен Жаңа Испания аумағына Фримэннің, Пайктың және т.б. барлау жасақтары жіберілді. Одан әрі вашингтондық үкімет, Техасқа басып кіруді дайындауға тырысқан топтар мен ұйымдардың қызметін жасырын түрде қолдап отырды.

Алайда 1819 жылғы испан-америкалық Транскұрлықтық келісімге сәйкес Испания мен Құрама Штаттар арасындағы шекара Сабин, Ред-Ривер, Арканзас өзендерімен және Құзды таудан батысқа қарай – 42 параллель бойынша белгіленді. Осылайша, Флориданы басып алуды заңдастырғаннан кейін, АҚШ Техасты Жаңа Испанияның құрамдас бөлігі ретінде ресми түрде мойындауға, оған деген дәмелерінен бас тартуға мәжбүр болды.

Испанияның Техасқа заңды құқығын мойындауға Оңтүстік-Батыс плантатор-құлиеленушілерінің наразылығына және конгрестегі Транскұрлықтық келісімді сынауға қарамастан, ол бекітілді және екі жылдан кейін өз күшіне енді. Алайда испан-америка келісімінің жасалуы мен бекітілуі АҚШ-тың ықпалды топтарының экспансиялық дәмелерінен бас тартатындығын білдірмеді. Керісінше, сол 20-жылдары ол жүйелі түрде жүргізіліп, Техасты кеңінен америкалық отарлау қарқын алды.

Бұл мексикалық шекаралық провинция оңтүстік-батыс штаттардың үлкен қызығушылығын туғызды. Оңтүстіктергілерді оның бай табиғи ресурстары, мақта, темекі және тағы басқа да ауыл шаруашылық өнімдерін өсіруге қолайлы құнарлы топырағы және климаты қызықтырды. Сонымен бірге экстенсивті әдіті қолданған Оңтүстік-Батыстың плантациялық құл иеленушілік шаруашылығы жаңа жерлерді үздіксіз басып алу мен игеруді талап етті, ал, Одақта Оңтүстіктің үстем таптарына саяси басымдықты қамтамасыз ету үшін Миссисипиден батысқа қарай жатқан жерлерде жаңа құлиеленуші штаттарды құру қажет болды.

1820 жылғы Миссури келісімі құлиеленушілердің оңтүстік бағытта аумақтық экспансиясының күшеюіне септігін тигізді. Сонымен бірге 1819 жылы АҚШ-та, бұрынғы кездегі жер алыпсатуларымен асқынған экономикалық дағдарыс етек алды. Көптеген плантаторлар мен фермерлердің мемлекетке үлкен қарызы болды. «Қоғамдық жерлерді» сату бірден қысқарды. Мұндай жағдайда күйзелген Оңтүстік-Батыстың жер иеленушілері, іскерлері, алыпсатарлары, арандатушылары Техасқа көз тікті. Оны қарулы күшпен басып алудың соңғы ұмтылысын, 1819 жылы маусымда Сабин өзені арқылы өтіп, Накогдочесті алып, бірақ жылдың соңында испандықтармен ығыстырылған, Джеймс Лонг деген жасады. Қарумен басып кіру іске аспағаннан кейін, енді басып алу әдісі «бейбіт» түрде енумен алмастырылды.

1820 жылы қарашада Сан-Антониоға, отар құруға жер алу өтінішімен губернатор Мартинеске барған, Коннектикутта туылған саудагер және тау-кен өнеркәсіпшісі Мозес Остин келді. 1821 жылы қаңтарда 300 америкалық отбасы,

егер олар католик дінін қабылдап және испан монархиясына адалдығына ант беруге келіссе, Техаста қоныстануға рұқсат алды. Мексиканың тәуелсіздігі жарияланғаннан кейін (1821 жылы 28 қыркүйек) Остиннің ұлы Стивен Мексика үкіметінен, отаршылдық әкімшілік берген, келісім-шартты бекітуге және құқықтарын кеңейтуіне қол жеткізуге тырысты.

Тапқыр кәсіпкер бұрын қабылданған квотамен 200 отбасының Техасқа кіруіне рұқсат сұрады, отаршыларға милицияны ұйымдастыру мен жеке билік органын құру құқығын беруді ерекше талап етті. Жердің өте арзандығын (акрге 12,5 цент, яғни АҚШ-тағы «қоғамдық жер» акрінің 10%-дық бағасы) және үлес жерлердің үлкен көлеммен берілуін білген басқа кәсіпкерлер мен қоныс аударушылар Остиннің ізімен Техасқа ағылды.

Бұл уақытта Монро үкіметі, Латын Америкасы нарықтарына қол жеткізуге тырысқан, америка буржуазиясының мүдделерін білдіре отырып, жас испан-америкалық мемлекеттерімен ресми қатынас орнатудың қажеттігі туралы шешімге келді. 1822 жылы 22 наурызда конгресс олардың тәуелсіздігін мойындау жөнінде шешім қабылдады. Бірақ дипломатиялық өкілді тағайындаудың орнына Мексикаға бейресми түрде Оңтүстік Каролина штатынан конгресмен Джоэл Робертс Пойнсетт жіберілді. Пойнсетт император І Агустинмен, сыртқы істер министрімен, мексикалық конгресс мүшелерімен және басқа да саяси қайраткерлермен кездесті. Полковник Аскаретемен әңгімелесуінде, ол 1819 жылғы американо-испан келісіміне сәйкес орнатылған шекараның АҚШ-ты қанағаттандырмайтындығын мәлімдеп, картада басқа сызықты жүргізді, онда Техас, Жаңа Мексика, Жоғарғы Калифорния, сонымен бірге Төменгі Калифорнияның бір бөлігі, Сонора, Коауила және Нуэво-Леона Құрама Штаттардың құрамына кіргізілді. Пойнсетт өзінің пікірін ғана білдірдім дегенімен, бұл АҚШ экспансионистерінің ниетін және оның миссиясының шынайы мақсатын көрсетті.

1822 жылы желтоқсанда мексикалық елшінің келуіне және оның Вашингтонда болуына қарамастан, Монро әкімшілігі, өзінің оңтүстік көршісімен қалыпты екіжақты қатынас орнатудан жалтара берді, бұл Мексикада саяси тұрақтылықтың болмауымен және Техасқа қатысты экспансиялық жоспарлармен байланысты еді.

Америкалық кәсіпкерлердің қысымымен І Агустин үкіметі 1823 жылы 4 қаңтарда, мексикалық азаматтармен қатар шетелдік-католиктерге жер беруді, олардың құқығын қорғауға кепілдік беруді, оларға маңызды жеңілдіктер мен артықшылықтар беруді қарастырған отарлау туралы заң шығарды. Қоныс аударушылар үшін берілетін ең аз көлемдегі үлес мөлшері әр отбасыға 1 лабор егістік немесе 1 кв. лига жайылым жерді құрады. Шетелдіктердің бұрынырақ алған жерлері олардың иелігінде сақталынды. Сайып келгенде, Остин келісім-шарты арнайы декреттермен үш рет (биліктің алмасуына байланысты) бекітілді. Нәтижеде Техасты америкалық отарлау біраз белсенді түрде жүргізілді. АҚШ-тан иммигранттар қаптап келе бастады, әсіресе оңтүстік және оңтүстік-батыс аудандардан келу күшейді. Кейбіреулер жер үлесін алуды жеңілдету үшін мексикалық азаматтылық пен католиктілікті

қабылдады.

Америкалықтардың қысымымен Мексиканың Құрылтай конгресі 1824 жылы 18 тамызда шетелдік отаршылдардың мүлкіне қолсұқпаушылыққа кепілдік беретін қаулы қабылдады. 1823 жылғы отарлау туралы заңдағы тұжырымдалған, жалпы ережелерді қайталай отырып, бұл олардың мексикалық федерациядағы жеке штат биліктерінің дамуы мен айқындалуын көрсетті. Осыған сай Коауил мен Техас штатының заңды жиналысы 1825 жылы 24 наурызда жергілікті отарлаушылық заң шығарды, оны қабылдауда легислатура мүшесі, халықаралық авантюрист, Остиннің жақын досы болған Бастроп маңызды роль атқарды. Бұрынғы заңнама бойынша қарастырылған, жер үлестерінің нормаларын сақтай отырып, 1825 жылғы акт қоныстанушыларға оны алудың одан да тиімдірек шарттарын қамтамасыз етті. Жайылымның әрбір квадрат лигасы үшін мемлекетке бар болғаны 30 доллар төлеу керек болды, ең кем суарылатын жер учаскесіне – 3,5, суарылмайтын жерге – 2,5 доллар, алғашқы жарнасын тек 6 жылдан кейін төлеуге, ал қалған ақшаны 15 жылда бөліп төлеуге болатын еді. Алғашқы онжыл ішінде отаршылдар толығымен салықтардан және баж салығынан босатылды.

Ресми мәліметтер бойынша, 1824 жылдан 1835 жылға дейінгі аралықта 5 мыңға жуық шетелдіктер Техаста 26 280 мың акр жер алды. Алайда отарлау ауқымы бұл сандармен анықталмады, себебі Техасқа солтүстіктен қоныс аударушылар топтары ешқандай шарттар жасамай-ақ келіп жатты. АҚШ-тағы қудалау пен қырып-жоюдан қашқандар, сонымен бірге үндіс тайпалары: чироки, делавар, кикапу, крики, семинол және т.б. тайпалары қоныс аударды. Олардың ағымы әсіресе 1830 жылы 28 мамырда конгрестің үндістерді шығыс штаттардан көгалды аймақтар үндістерінен алдап алынған, Миссуриден батысқа қарай және Арканзаста құрылған, «Үндіс аумағы» деп аталған резервацияларға «ығыстыру» туралы қабылданған заң актісінен кейін күшейді. Техастық плантатор-құлиеленушілер құлдыққа қарсы бағытталған мексикалық биліктің шараларына мүлдем наразы болды. 1823 жылғы заң Мексикада құлдарды сатуға және сатып алуға тыйым салған болатын және құлдардың Мексика аумағында туылған 14 жастағы балаларын азат етуді бұйырды. 1824-1825 жылдары Викторияның Гуадалупе үкіметі құл саудасы мен елге құлдарды әкелуге тыйым салды, сонымен бірге құлдарды босату жөнінде декрет шығарды. 1825 жылы Коауил мен Техас штатының легислатурасы жаңа отаршылдарды құлдарды әкелуге қатысты мексикалық заңнамаларды еш қарсылықсыз міндетті түрде орындауға тиісті екендігін арнайы ескертті.

Кейіннен бұдан шығатын амалды тапты: 1828 жылы Остин және оның ықпалды қамқоршылары штат конституциясына түзетулер енгізуге қол жеткізді, ол бойынша құлдарды 70-99 жылға жалданған, яғни өмірлік «жалдамалы қызметші» ретінде әкелуге рұқсат берілді. Алайда 1829 жылы Мексика президенті Висенто Герреро құлдықты толық жоюы туралы жарлықты жария етті. Жарлық Техасқа таралмайды деп тұспалданғанымен, ондағы отаршыл-америкалықтардың арасында күшті толқуды туғызды.

Остиннің және америкалық отарлаудың басқа «пионерлерінің» қызметін

тек олардың жеке бастаған ісі және жеке бастама көрсетуі деп қарауға болмайды. Ол Генри Клей, Эндрю Джексон, Дж. Р. Пойнсетт сияқты АҚШ-тың билеуші топтарының көрнекті өкілдерінің ұстанымдарымен тығыз байланысты болды. Европа державаларының америкалық құрлықтың ісіне араласпаушылыққа қарсы бағытталған «Монро доктринасы», ең алдымен, Испандық Американың жас мемлекеттеріне қатысты АҚШ-тың экспансиялық дәмелеріне байланысты пайда болғандығын ұмытпаған жөн. Тікелей Мексика үшін ол нақты аумақтық экспансия қаупін білдірді. Техасқа америкалықтарды орналастыру жай ғана стихиялық процесс болып қойған жоқ, белгілі бір дәрежеде Құрама Штаттардың ықпалды күштерінің ойластырылған саясаты болды.

АҚШ-тың билеуші топтарының жоспарлары мен Мексикаға төнген қауіп, әрине, мексикалық үкімет үшін құпия болған жоқ. Солтүстіктен төнген қауіптің өсуінен мазасызданған ол, 1819 жылы американо-испан келісінде орнатылған сызыққа сәйкес шекараны нақтылауға және демаркациялауға кірісуді бірнеше рет ұсынды. Бірақ бұл ұсыныстар жауапсыз қалып отырды. Сонымен бірге АҚШ дипломатиялық жолмен Техастың аумағының барлығына немесе жартысына жеңілдік алуға тырысты. Президент Дж. К. Адамс пен мемлекеттік хатшы Г. Клейдің нұсқауымен, 1825 жылы Мехикодағы америкалық елші қызметіне тағайындалған Пойнсетт Мексика үкіметіне Рио-Грандеге дейін немесе ең болмағанда Колорадо өзеніне дейінгі жерлерді Құрама Штаттарға сатуды бейресми түрде табандылықпен ұсынды. Алайда оның бұл әрекеттері сәтті болмады. 1828 жылы АҚШ Мексикамен, 1819 жылғы Транскұрлықтық келісім шарттарын құптайтын шекара жөнінде келісімді (1832 жылы ғана бекітілген) жасауға мәжбүр болды, ал 1829 жылдың аяғында мексикалық биліктің талабы бойынша Пойнсетт кері шақыртылды. Оның ізбасары А. Батлердің де әрекеті осылай сәтсіз болды.

Сонымен бір мезгілде Техастағы америкалық отаршылдардың саны тез өсті және бұрын осы аумақты мекендеген мексикалықтардың санынан әлдеқайда асып түсті. 1829 жылдың аяғына қарай 7 мың отбасына жерді бөлу туралы келісім шарт бекітілді. Олардың көпшілігі өздерімен бірге қара нәсілді құлдарды ала келді. Иммигранттар негізінен плантациялық шаруашылықпен айналысқанымен, олардың көпшілігі ірі жер бөліктерін алу үшін мал өсірумен айналысуға ниет білдірді. Олардың иеліктері ең төмен нормадан біраз көп болды. Көп ұзамай америкалықтар іс жүзінде Техасқа толық бақылау орнатты. Мексикалықтарды үндістер мен негрлер сияқты төменгі нәсіл деп есептеген америкалықтар оларға жеккөрушілікпен, менсінбеушілікпен қарауын жасырмай, Мексика заңдарын елемеді.

1826 жылы желтоқсанда Накогдочес ауданында отаршылдар тобы бүлік шығарды, өз жақтарына чироки тайпаларын тартып, «Фредония Республикасын» құрғандығы жариялады. Келесі жылы қаңтарда мексикалық әскер бүлікшілерді талқандады, бірақ АҚШ баспасөзінде оларды есіркеушілік көңіл білдірушілік сезімдері білдірілді, бұл Мексика үкіметін алаңдатты. Мексикадағы ішкі саяси күрестің шиеленісуіне байланысты іс созылып кетті,

бірақ 1830 жылы 6 сәуірде, Техасқа солтүстік америкалықтардың енуіне алаңдаған, сыртқы істер министрі Аламанның бастамасымен мексикалық конгресс көрші мемлекеттерден Мексикамен шекаралас штаттарға (яғни АҚШ-тан Техасқа) одан әрі иммиграцияға тыйым салды. Тыйым салынғанына қарамастан, Техасқа америкалық иммиграция жалғаса берді.

Бірақ мексикалық биліктің әрекеттері (техастық аумақтағы әскер санын көбейту, салық жинауға және 1830 жылға дейін ұзартылған мерзімнің бітуіне байланысты жерге төлем төлеуге дайындық, 1832 жылғы Техасқа «жалдамалы қызметкерлерді» әкелу келісім шартының ұзақтығын 10 жылмен шектеу және т.б.) отаршылдардың наразылығын тудырды. Бұл наразылық 1832 жылы маусымда Галвестон бұғазы жағалауындағы Анауак селосындағы үкіметтік күштермен қарулы қақтығысқа ұласты. Жағдайды бәсеңдету үшін мексикалық гарнизон Техастың шығыс бөлігінен шығарылды.

1832 жылы қазанда Сан-Фелипеде жиналған техастық отаршылдардың 58 өкілі 1830 жылғы заңның күшін жоюды және Техастың Коауиладан бөлініп өз алдына жеке штат болуын талап етті. 1835 жылдың басында Техасқа кедендік баж салығын жинауды қамтамасыз ету мақсатымен қосымша әскери күштер жіберілді. Бұл өзгерістердің ықпалымен жағдай одан сайын ушықты. Мексикадан бөлінуді жүзеге асыру үшін қолға қару алуға шақырғандардың дауыстары барған сайын күштірек шыға бастады. Сонымен бірге Сан-Фелипеде Техастың муниципалитеттері өкілдерінің конвенті жиналып, 7 қарашада «1824 жылғы Мексиканың федералдық конституциясының принциптеріне» негізделген уақытша үкіметті құратындығы туралы декларация қабылдады. Конвент Техаста орналасқан Санта-Аннаның заңсыз режимінің әскеріне қарсы оның қарулы күрес жүргізуге бел байлағандығын атап айтты. Осы мақсатпен армияны құру қарастырылды, ал басқарушы болып президент Джексон жеке досы және оның адамы, конгрестің бұрынғы мүшесі және Теннеси губернаторы Сэм Хьюстон тағайындалды. Көпті көрген тәжірибелі Остин және басқа екі депутат көмек сұрап АҚШ-қа барды, ол жақтан ақша, қару-жарақ және оқ-дәрілер келе бастады. Көптеген еріктілер шекарадан өтті. Мексикалық кемелердің Техас жағалуына келуіне кедергі келтіру үшін АҚШ-тан бірнеше әскери кемелер сатып алынды. Алайда техастық өкілетті тұлғалар, Техасты солтүстіктен кең және тиімді қолдаудың қажетті шарты, Мексикамен барлық байланыстарды толық үзу екендігін тез арада анықтады. 2 наурызда Конвент Мексикадан бөлісетіндігін және тәуелсіз мемлекет құрылғандығын жариялады. Солтүстік америкалық үлгі бойынша құрастырылған, «Техас Республикасының» Конституциясы құлдықты және құл әкелуді заңдастырды.

1836 жылы наурыз бойы мексикалық әскерлер Мексика бұғазы жағалауынан Колорадо өзеніне дейінгі жерлерді бүлікшілерден тазартты, оларды ығыстырып, шығысқа қарай жылжуға мәжбүр етті. Бүлікшілерді тысқыра отырып, Санта-Анна өз әскерінің алдыңғы бөлігімен Сан-Хосинто өзенінің сағасына жетті, онда ешқандай қарапайым сақтық шараларын қолданбады. Осыны пайдаланған Хьюстон бастаған отаршылдар, тылда тұрақты америкалық бөлімдердің болуына арқа сүйей отырып, 21 сәуірде

кенеттен мексикалықтарға шабуыл жасап, оларды толығымен талқандайды. Санта-Анна соғыс алаңын тастап, қашып құтылуға тырысты, алайда жеңімпаздардың қолына түсті. Тұтқында отырып, ол ешқандай уәкілеттілікке ие болмағынан қарамастан, 1836 жылы 14 мамырда «Техас Республикасының» президенті Бэрнертпен әскери қимылдарды тоқтату және техастық аумақтан мексикалық әскерлерді шығару жөнінде тізе бұгушілік келісімді жасады, сонымен бірге Мексиканың Техастың тәуелсіздігін мойындауын қамтамасыз етуге және олардың арасындағы шекараны Рио-Гранде бойынша орнатуға міндеттеме алды. Бірақ Сан-Хасинто түбіндегі жеңілістен кейін билікке келген, А. Бустаманте үкіметі Санта-Аннаның әрекетін жоққа шығаруға асықты. Мексикалық конгресс 20 мамырда, кейін 29 шілдеде, Санта-Анна тұтқында болған кезінде онымен жасалған келісімдер мен міндеттердің заңдық күші жоқ екендігін жариялады.

1836 жылдың бүкіл барысында АҚШ президенті мен конгрессіне бағытталған «Техас Республикасының» тәуелсіздігін мойындау туралы петициялар көбейді. Бұған бүлік басшыларының өздері және олардың шабармандары арқылы жетуге тырысты. Сонымен бірге олардың мақсаты Техастың тез арада АҚШ құрамына енгізілуі болып табылды. 1836 жылы 5 қыркүйекте өткізілген плебисцит барысында, дауыс бергендердің көпшілігі бірігуді жақтап дауыс берді.

Бірақ президент Джексон техастық «республиканы» формалды түрде мойындауға асықпады. Оның тәуелсіздігінің жалған екендігін жақсы түсіне отырып, ол егер вашингтондық үкіметтің «Техас Республикасын» мойындаса, онда оның алдына оны аннексиялау мәселесінің қойылатындығына еш күмән келтірмеді. Іс жүзінде бұл Джексонға дейінгілердің де, өзінің де және айналасындағылардың да армандағаны еді. Бірақ Вашингтонда мұндай қадам халықаралық қиындық туғызуы мүмкіндеп күдіктенді: Мексикамен қарулы қақтығыс, европалық державалардың, ең алдымен Техаста өз жоспары бар Англияның қарсы әрекеттері. Сонымен бірге, құлиеленуші Техастың АҚШ-қа қосылу мүмкіндігіне нақты қарсы болған, Солтүстік-Шығыстың ықпалды топтарының ұстанымдарымен санаспауға болмайтын еді.

Осы аталған пікірлерге сүйене отырып, Ақ үй шешім қабылдауды соза түсті. Алайда экспансионист-конгресмендердің, жер алыпсатарларының және басқа да техастық «лобби» рухтандырушыларының қысымының күшеюімен, 1837 жылы 3 наурызда Джексон президенттік қызметінің соңғы күнінде, ақырында, сенат және палата өкілдерінің Техастың тәуелсіздігін мойындауы туралы бұрынырақ қабылдаған қарарына қол қойды және техастық үкіметтегі сенімді өкілін тағайындады.

Сонымен бірге АҚШ-тағы ықпалды күштер Техастың Мексикадан бөлінуін оны АҚШ- толық жұтуы жолындағы аралық кезең ретінде қарастырып, бұл бағытта батыл әрекет етті. Олардың ұстанымдары тек Вашингтон саясатының бұрыннан бергі келе жатқан экспансиялық үрдістерімен және Оңтүстік құлиеленушілерінің ерекше мүдделерімен ғана емес, сонымен қоса нақты материалдық себептермен де байланысты болды. Техасқа

солтүстіктен адамдардың, капиталдың және тауарлардың келу қарқыны жыл сайын өсіп отырды. АҚШ-тан келген иммигранттардың есебінен «республикадағы» америкалық тұрғындардың саны ХІХ ғасырдың 30-жылдарының екінші жартысында екі есеге жуық өсті. Солтүстік америкалық кәсіпкерлер Техастағы компаниялардың араласқан акцияларын қуана-қуана иемденді, ақшаларды, тexas үкіметі шығарған, облигацияларға салды, жерлерді алыпсатуға қатысты. 1839 жылы «Құрама Штаттар Банкі» (Пенсильвания) Техасқа 400 мың доллар сомасында қарыз берді. Сауда тез дамыды, Жаңа Орлеан маңызды орталыққа айналды. 1838-1840 жылдары АҚШ порттарынан америкалық әскери-теңіз флотының офицерлік кадрлары басқарған сегіз әскери кеме келді. Олар Мексикалық бұғаз жағалауын жағалай жүріп өтіп, мексикалық жағалаулық қоныстарға шабуыл жасады және олардың кемелерін басып алды.

1839-1840 жылдары Техастың тәуелсіздігін Англия, Франция, Нидерланды, Бельгия мойындады, олар жаңа «республика» АҚШ-тың оңтүстікті одан әрі экспансиялауында кедергі болады деп есептеді. Европалық державалар оған мүдделілік танытты, себебі олардың да осы аймақта өз мақсаттары болды. Алайда мексикалық үкімет «Техас Республикасын» мойындаудан үзілді-кесілді бас тартты және 1839-1841 жылдары техастық шабармандардың бірнеше рет Мехикоға келуі және 5 млн. доллар көлемінде өтемақы ұсыну әрекеттері сәтсіз болды. Саяси жағдайдың тұрақсыздығымен, әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуімен, билік үшін әрдайым күрестің жүргізілуімен, француз агрессиясымен үздіксіз күресуімен байланысты Мексика ол кезде Техастағы өз егемендігін қалпына келтіруге ірі күш жіберуге жағдайы болмады. Бірақ 1842 жылы оның әскері екі рет қыр көрсетіп Рио-Грандені кесіп өтті және бірнеше күнге Сан-Антонионы иеленді. Сол жылы желтоқсанда өзен арқылы жауапты жорық жүргізген техастықтар, тез арада кері қарай, сол жағалауға ығыстырылды.

1844 жылы 12 сәуірде мемлекеттік хатшы Кэлхун және «Техас республикасының» уәкілеттілері Вашингтонда АҚШ-қа қосылу туралы келісімге қол қойды. Осыған байланысты Мексика үкіметі қарсылық білдіріп, 30 мамырда өз аумағына қолсұғушылыққа байланысты тағы да қарсы шықты және бұрынғы сақтық шараларын қайталады. Сонымен бірге аннексиялық жоспарларды құлдықты тарату мақсатындағы оңтүстіктің істері деп есептеген солтүстіктің аболюционистік көңіл-күйдегі буржуазиялық топтарының қарсыласу әрекеттері салдарынан сенат келісімді бекітуден бас тартты.

1844 жылғы сайлау алдындағы науқан барысында аннексия мәселесі маңызды орын алды. Нәтижеде демократтардан үміткер аз танымал адам, өкілдер палатасының бұрынғы спикері және Теннеси штатының губернаторы, экспансиялық саясаттың батыл жақтаушысы, АҚШ-тың 10-президенті Тайлер (1841 – 1845 жж.) мен экс-президент Джексонның қолдауына сүйенген Джеймс Полк болды. 1844 жылғы желтоқсандағы сайлауда Полктың жеңісі (11-президент, 1845-1849 жж.) үкімет Техасты дереу аннексиялауға деген мандат ретінде қабылдады. Тайлердің ұсынысымен өкілдер палатасы мен сенат 1845

жылы 25 қаңтар мен 27 ақпанда, Техасқа АҚШ құрамына штат ретінде кіруді ұсынған, бірлескен қарар қабылдады. Оған президенттік қызметтен кетер қарсаңында, 1 мамырда Тайлер қол қойды. Оның ізбасары Полк 4 мамырда Техасты аннексиялауды, бұрын АҚШ-қа тиесілі болған аумақты «бейбіт түрде иелену» ретінде қараған жөн деп мәлімдеді.

Оған жауап ретінде Мексика тез арада АҚШ-пен дипломатиялық қатынастарын үзді. Сонымен бірге Эррердың жана үкіметі өзінің қаржы-экономикалық жағдайын және елдің әскери мүмкіндігін бағалай отырып, келісімге келуге бейім болды. Сондықтан 19 мамырда «Техас Республикасының» тәуелсіздігін АҚШ-қа қосылмайтын болса ғана, мойындауға дайындығын білдірді. Бұл қадамды оның ойына британдық дипломатия салды, Англия Франциямен бірге делдал бола отырып, Техас «тәуелсіздігінің» кепілі болып, іс жүзінде оған бақылау орнатуға тырысты. Бірақ өте кеш болатын. Техастың тұрғындары мен үкіметі АҚШ-тың ұсынысына өз қатынасын білдіруін күтпей-ақ, бірлескен конгресс қарарында қарастырылғандай, Полк үкіметі 1845 жылы 15 маусымда Сабин өзенінен шығысқа орналасқан генерал З. Тейлор корпусы техастық аумаққа кірді және Рио-Грандені бойын иеленді. Бір ай өткеннен кейін америкалық әскерлер Нуэсес өзеніне қарай шықты және толық әскери дайындықпен оның сағасына жақын жерде, Корпус-Кристи ауданына – Техастың ең оңтүстіктегі елді мекеніне шоғырланды. Күзге қарай олардың саны келген қосымша контингенттермен қоса 4 мыңға жетті, шамамен АҚШ-тың тұрақты әскерінің жартысына жуығын құрады. Әскери департаменттің нұсқаулары Тейлорға Рио-Грандеге жақын келуді және егер мексикалықтар одан өтсе, өзеннен өтіп, әскери қимылдарды оңтүстік жағалауда бастауды тапсырды.

1845 жылы 21 маусымда техастық конгресс Мексикамен келісімге келу идеясын бірауыздан қолдамады, бұдан кейін АҚШ-қа қосылуды жақтады. 4 шілдеде Остиндегі түгелге жуық АҚШ-тан шыққандардан құралған Техас тұрғындарының өкілеттілік конвеніті бұл шешімді қолдады. 13 қазанда өткізілген, 4,5, миллион адам қатысқан бүкілхалықтық референдумда көпшілік дауыс аннексия пайдасына берілді. 29 желтоқсанда Президент Полк конгресс қолдаған Техастың АҚШ-тың құрамына штат ретінде кіретіндігі туралы билльге қол қойды, оның конституциясы құлдық пен құл әкелуді заңды түрде бекітетін еді.

Техас қосылғаннан кейін Полк әкімшілігінің экспансиялық бағдарламасында Орегон мәселесі алдыңғы орынға шықты. Бұл ХІХ ғасырдың 40-шы жылдарының ортасында аймақтағы ағылшын-америка бәсекелестігінің күрт шиеленісуімен байланысты болды. Ресейдің АҚШ (1824 ж.) және Англиямен (1825 ж.) бекіткен келісімдеріне сай, Тынық мұхит жағалауындағы ресейлік иеліктердің шекарасы $54^{\circ}40'$ с.е сәйкес орнатылды. Осылайша, Англия мен АҚШ дәмеленген осы сызық пен 42-ші параллель арасындағы аумақ даулы болып қала берді. Осы аумақты бөлісу туралы келісу сәтсіз болды, себебі АҚШ өзінің солтүстік шекарасының 49 параллель болуын қалады, ал Англия болса шекараны Колумбия өзені арқылы өтуін талап етті. 1818 жылы лондондық

конвенциямен қарастырылған статус 1827 жылғы 6 тамызда егер де бір жыл бұрын ескерте отырып жоққа шығару құқығымен белгісіз уақытқа ұзартылды.

XIX ғасырдың 30-жылдары Орегон үшін күрестің Англия тарапына тиімдірек жүргенін айта өткен жөн. 1821 жылы «Солтүстік-батыс компаниясымен» біріккен «Гудзон шығанағы компаниясы» бірте-бірте америкалық бағалы сатарларды ығыстырды және іс-жүзінде Колумбия өзенінен солтүстікке қарай жерлердегі аң тері саудасын монополиялады. Бұл компания осы өзен бойымен Аляскаға дейін жерлерде сауда факториялары мен бекіністерін салды. Ағылшындардың белсенділігі АҚШ-ты мазасыздандырды және америкалықтардың Орегонды отарлауын ынталандырды.

Орегон аумағын бастапқыда 1830 жылдан бастап америкалық миссионерлер игере бастады. 1839 жылдан бастап Орталық Батысты қамтыған экономикалық тоқырау кезінде Орегонның жерінің құнарлығы туралы хабарлар отарлаушыларды өзіне тартып, олардың санын тез арттырды. 40-жылдардың басында олар Миссуридің сағасынан батысқа қарай, оның оң жақ тармағы Платт өзенін бойлай, Құзды таулардың Оңтүстік асуы арқылы, Снейк өзенінің алқабы (Колумбияның сол жақ тармағы) және Колумбия өзенінен төмен қарай кететін Орегон жолы дегенді салды.

XIX ғасырдың 30-40-ншы жылдардың межесінде Орегонға америкалықтардың ағылып келуі нәтижесінде АҚШ конгресіне осы аумақты қосып алу туралы ұсыныстар бірнеше рет түсті, әйтпесе, америкалық саясаткерлер ойы бойынша Англия бұл аумақты тартып алуы мүмкін. Алайда сол уақытта Орегонға қатысты Англия тарапынан ешқандай да қауіп төнбеген еді. Керісінше, ағылшындардың оған қызығушылығы азая түскен еді, себебі 1840-42 жылдары болған бірінші «апиын» соғысына байланысты және қытайлық порттардың ашылуымен (1842 ж. Нанкин келісімі бойынша) Орегонда бағалы аң терісін сатып алу ісімен айналысатын көптеген көпестер мен кәсіпкерлер Қиыр Шығыспен жүргізілетін сауда ісіне ауысты. Сол себепті Тайлер әкімшілігі Техасты иеленумен қамданған Тайлер әкімшілігі, орегондық мәселені шеуге асықпады, оның ойынша, уақыт АҚШ үшін тиімді еді.

1842 жылы 9 тамызда бекітілген АҚШ-тың Канадамен солтүстік-шығыс шекарасы туралы арада болған дауды реттеген Уэбстер-Ашбертон келісіміне қол қою Орегон туралы келіссөздердің қайта жандануына әкелді. Бірақ өзара тиімді келісімді іздеу Батысқа америкалық иммиграцияның өсуіне байланысты экспансиялық көңіл-күйдің бірден күшеюімен шиеленісті. 1843 жылдың көктемінде «ұлы қоныс аудару» басталды: 1 мыңға жуық адам және 5 мың мал Миссури жағалауынан Орегонға қарай бет алды. Олардың соңынан басқалар да ерді. Нәтижеде, бұл аумақтағы америкалық тұрғындар саны 1841 жылы 400 адамға жуық болған болса, 1845 жылы 5 мыңнан асып түсті. Олар өздерінің жергілікті өзін-өзі басқару органдарын құрды. Осындай жағдайда 1843-1844 жылдары конгресте және баспасөзде бүкіл Орегонды 54°40' с. е. дейін басып алу туралы қарқынды науқан жүргізіліп.

Полк әкімшілігінің экспансиялық бағдарламасын кабинет мүшелері мен конгрестің демократиялық көпшілігі белсене қолдады. Экспансиялық

бағдарлама президенттің 1845 жылғы 2 желтоқсандағы конгреске жіберген жолдауында толығымен көрсетілді. АҚШ-та ерекше назарды аударған жағдай бұл құжат Монро доктринасымен үндескен және белгілі бір мағынада оның жалғасы болған бұл кеңестіктік құжаттың бөлімі АҚШ-та және одан тыс жерлерде де өзіне ерекше назар аударды. Бесінші президенттің кезінде тұжырымдалған принципті ескере отырып, Полк АҚШ-тың Солтүстік Американың қандай да болсын бөлігін европалық державалардың отарлауына жол бермейтінін және сонымен бірге бұл субқұрлықтың істеріне олардың араласуына төзбейтіндігін қайталап айтуды жөн көрді. Президент сонымен қатар қанджай да болсын америкалық мемлекет немесе аумақ АҚШ-қа қосылғысы келсе, онда бұның тікелей мүдделі екі жақтан басқаларға қатысы жоқ екенің атп көрсетті. Бұл жерде әңгіме нақты Техас, Орегон және Калифорния туралы еді. Техасты аннексиялау туралы Полк қысқаша, жүзеге асқан іс ретінде айтып өтті. Ол Мексиканың Техастың тәуелсіздігін мойындады дей отырып, Техас тандаған басқару формасына Мексиканың ешқандай шектеу қоюға құқығы жоқтығын айтты. Президент конгреске мексикалық тараптан қандай да болсын жаулық қимылдар бола қалған жағдайда, үкіметтің қарулы алдын алу шаралары туралы ақпарат берді.

Полктың жолдауындағы Орегонға қатысты бөлік маңызды болды. Англия вашингтондық үкіметтің ұсынысын қабылдамағаннан кейін келіссөздердің тығырыққа тіреліп, олардың тамыздың соңында тоқтатылғаны туралы хабарлады, президент конгреске 1827 жылғы келісімді бекерге шығаруды, Орегондағы америкалық отаршыларды АҚШ-тың қорғауына алуды және Орегонның бүкіл аумағына өз құқығын орнатуды ұсынды.

1846 жылдың алғашқы айларында сенат пен өкілдер палатасында орегон мәселесіне байланысты қызу даулар жүрді. 1846 жылы 23 сәуірде екі палата да 1827 жылғы келісімді бекерге шығару туралы ниетін Англияға ескертуі жөніндегі мәселені Президенттің өзі шешетіндігі туралы қарар қабылдады. Жақын арада Лондондағы америкалық елшіге британ үкіметіне тиісті ескертуді ресми түрде жеткізу туралы тапсырылды.

Алайда Полк әкімшілігі Мексикамен арадағы қатынастың тез шиеленісуіне және Рио-Грандта әскери қимылдардың басталуына байланысты Англиямен күрделі жанжалға барғысы келмеді. Ұзаққа созылып кеткен Орегон мәселесін бейбіт түрде реттеуге Пилл кабинеті де тырысты. Сондықтан АҚШ ағылшын сыртқы істер министрі Эбердин ұсынған келісімдік ұсынысты қабылдады. 1846 жылы 15 маусымда мемлекеттік хатшы Бьюкенен мен британ елшісі Пакенхэм Вашингтонда екі державаның иелігіндегі жерлерді Құзды таулардан батысқа қарай 49-шы параллельмен бөлуді орнатқан келісімге қол қойды. Ағылшындар өздеріне тиімсіз мұндай шешімге америкалықтардың одан да үлкен аумақты талап етуінен қауіптенді және өздері Колумбия өзенінде, яғни 49 параллельден оңтүстікке қарай жерлерде еркін жүруге ие болды. Ағылшын-американ шекарасы трансқұрлықтыққа айналды.

Полктың президенттігі кезінде АҚШ 1 млн. кв. миль көлеміндегі қосымша аумаққа ие болды және америкалық империяның ұмтылыстарын

қорғаушыларға 1845 жылы «алдын ала анықталған тағдыр» теориясын жариялауға негіз берді. Ол АҚШ-тың мүдделері саласына енгізілген Атлант мұхитынан Тынық мұхитқа дейінгі Жаңа Әлемнің қандай да болсын бөлігінде үстемдік ету құқығын ақтады. Бұл Американың жоғарыдан алдын ала анықталған ерекше тағдыры туралы прагматикалық теория оның жариялануының алдында және одан кейінгі кезеңдердегі барлық аумақтық иеленушіліктерін ақтаудың негізіне алынды, бастапқыда Солтүстік Америкада – мексикалық провинция Техастан Аляска мен Алеут аралдарындағы орыс иеліктеріне дейін, кейінірек одан да әрі қарай – Орталық Америкадағы, Кубадағы және Океаниядағы иеленушіліктерін ақтаудың негізі болды. Бұл теорияға сонымен қатар американың ежелгі тұрғындары – бұрын үндістерге тиесілі болған құнарлы жерлерді иелену мақсатында Батысқа ұмтылған пионерлер, фермерлер және миссионерлер сүйенді. Кейін бұл теорияға Азия-Тынық мұхит аймағындағы АҚШ-тың ықпал етуіне, шикізат көзіне және нарығына империалистік талаптарын ақтау үшін де сүйенді.

Үлкен мексикалық провинция, пайдалы қазбаларға бай Жоғарғы Калифорния да (1824 жылдан бастап Мексиканың аумағының бірі) АҚШ-тың маңызды экспансиялық объектісіне айналды. ХІХ ғасырдың басынан оның жағалауларында жергілікті тұрғындардан теңіз кәмшатының терісін сатып алып, алмастырумен айналысатын америка және ағылшын көпестерінің кемелері пайда бола бастады. Аң тері ресурстары азайғандықтан, 1820-шы жылдардан бастап сауда жүргізуде тері, май, азық-түлік және кит аулаушыларға арналған үшін отын басты орын алды, ал АҚШ-қа шығыстан темірден жасалған бұйымдар, киім, аяқ-киім, жиһаз және басқа тауарлар әкелінді. Бірте-бірте Жаңа Англиядан теңіз жолы арқылы келген Монтеререде, Лос-Анджелесте және Калифорнияның жағалауының басқа да пунктерінде кішігірім көпестер ауылдары мен дүкендер пайда бола бастады.

Калифорнияны америкалық отарлаудағы бетбұрыс кезең 1841 жылы Орегон соқпағымен келген қоныс аударушылар тобының бір бөлігі Снейк өзенінің жоғағы жағынан оңтүстік-батысқа қарай бұрылып, Сан-Хоакин өзенінің аңғарынан шығуы болды. 1843 жылы онда тағы жүздеген отаршылдар пайда болды. Олардың кейбіреулері Сакраменто өзенінің аңғарына қоныстанды, онд жерде АҚШ-қа қоныс аударған швейцариялық Джон Саттер Жаңа Гельвеция отарын құрды. 1841 жылы ол ресейлік билік орындарынан Росс бекінісін сатып алды. Калифорнияны америкалықтардың отарлауында Сьерра-Нева тау жоталарынан өтіп, 1844 жылы наурызда Тынық мұхитқа жеткен Джон Чарлздың Фримонттың экспедициясының үлкен маңызы болды.

1845 жылы Калифорниялық соқпақтан өтіп, Орегоннан бөлінген Калифорния аңғарына 250-ге жуық адам келді. 1840-шы жылдардың бірінші жартысында басқа шетелдік отаршылдардың ішінде жалпы саны 400-ден 700-ге дейін жеткен америкалықтардың саны көп болды. Түкпірде орналасқан және Мексика билігі әлсіз бақылаған аумаққа біраз қызығушылық танытқан АҚШ үкіметі Джексонның екінші президенттігі кезінде-ақ Калифорнияның бір бөлігі, Сан-Франциско гаванімен қоса Калифорнияның бір бөлігін сатып алуға

тырысты, алайда ол сәтсіз болды. Сонымен бірге, Тайлер әкімшілігі кезінде де бұл бағыттағы іс-әрекеттер сәтсіз аяқталды.

АҚШ-тың экспансиялы топтары Калифорнияға көрші орналасқан провинция (1824 ж. бастап аумағы) Жаңа Мексикаға да қызығушылық танытты. 30-ншы жылдары негізінен миссуриялық көпестер жүргізген сауда үздіксіз дамып отырды. Олардың керуендері үнемі Санта-Фе жіберіліп отырды. Санта-Феге АҚШ-тан жеткізілген тауарлар бағасы жылына орта есеппен 0,5 млн.доллға жетті.

Техасты аннексиялау мен Орегонның үлкен бөлігін (285 580 кв. миль) АҚШ-қа қосылуы дипломатиялық жолмен іске асқан болса (қысым көрсету, арандату мен бопсаны қоса алғанда), ал Калифорния мен Жаңа Мексиканы иелену үшін соғысуға тура келді. Бұл соғысқа дайындық мексиканың құрлықтағы шекарасы мен жағалауына АҚШ-тың армиясы мен флоты жіберілген кезден бері жүргізілген болатын. Соғысқа дайындықпен бірге Калифорнияда да техастық үлгімен «бүлік» ұйымдастыруға бағытталған әрекеттермен бірге вашингтондық үкімет одан алуға тырысқан аумақтық мүдделеріне «бейбіт жолмен» жеткісі келіп, Мексикаға қысым көрсетуге тырысты. Бұл миссия Луизианадан конгрестің мүшесі болған Джон Слайделлаға жүктелді.

Эррера қабылдауға бұрын келіскен Слайделдің Мехикоға техастық мәселені талқылау мақсатында арнайы өкіл ретінде емес келгеніне көзі жеткен мексикалық президент «модератос» татуластыру саясатының күшеюіне халықтың наразылығының және патриоттық көңіл-күйлердің өсуі жағдайында Ақ үйдің эмиссарымен келіссөздер жүргізуден бас тартты. Бұл туралы мемлекеттік департамент хабарлама алғаннан кейін, келесі күні-ақ (13 қаңтар) Нуэсес өзенінде орналасқан Тейлор әскерлеріне Рио-Грандеге қарай жылжып, өзеннің сол жақ жағалауындағы позицияларға орнығу бұйырылды. Бұл акцияның мексикалықтарды бірінші болып соққы беруге итермелеуге арандату мақсатын көздеді.

Мексикада үкіметтің ауысуына байланысты, 1846 жылы қаңтардың басында билік басына генерал Паредесом-и-Аррильяга бастаған консерваторлар келді, Слайделл 1 наурызда америкалық ұсынысты қарастыруды тағы да талап етті. Бас тартқан жағдайда соғыс ашу қаупін төндіре отырып және егер бейбітшілік бұзылса, онда ол үшін жауапкершілік тек қана Мексикаға жүктелетіндігін мәлімдеді. Алайда Паредес европалық монархиялардың қолдауына сүйенген Паредес жауынгерлік күйде болды.

Бұл арада Тейлор армиясы 8 наурызда Нуэсес өзенінен өтіп, мексикалық аумаққа басып кірді және айдың соңында Рио-Грандеге жетті. Америкалықтар солтүстік жағада бекініп, қарама-қарсы орналасқан Матаморос қаласын қоршады. 12 сәуірде Матаморос қаласы гарнизонының басшысы генерал Ампудия 24 сағат ішінде Тейлордың өз лагерін кейін бұрып, Нуэсестен әрі кетуін талап етті, ал егер де талап орындалмаса, өзінің күшке қолдануға баратындығымен қауіп төндірді. 20 сәуірде мексикалық әскерлерд басқаруды қабылдаған генерал Арист, әскери қимылдардың басталғандығы туралы

Тейлорға хабарлады. Үш күн өткеннен кейін президент Паредес, өз кезегінде әскери күштерге қорғаныс операцияларына кірісіп, Мексика аумағына басып кірген америкалықтарды қуу туралы бұйрық бергенін хабарлады. 25 сәуірде мексикалық атты әскерлер бөлімшесі өзеннен өтіп, қарсы жақтың барлаушы отрядына шабуыл жасады. Көп кешікпей Аристтің басты күші Рио-Грандеден өтті. 8 мамырда Пало-Альто ауданында алғашқы ірі шайқас болды, бұл шайқаста мексикалықтар көп шығынға ұшырап, келесі күні қарсыластың қысымымен шегіне бастады.

Бұл оқиғалардан хабардар болмаған Полк үкіметі Орегон туралы конгрестің қаулысын шығаруға қол жеткізіп, Мексикаға қарсы соғыс ашуға шындап кірісті. 6 мамырда президент Тейлордан мексикалық қосымша күштің келе жатқандығын және америкалық әскерлердің Рио-Гранде сағасын қоршап алғандығы туралы хабарлама алды. Конгреске Полктың 11 мамырда шұғыл түрде жіберген үндеу хатында Мексикамен арадағы қатынастың дамуы туралы түсіндірме берілді. Фактілерді өз бетінше түсінуге сүйене отырып, президент Рио-Гранде жағасында әскерлердің шоғырлануын Мексика тарапынан төнген қауіптен алдын-ала қорғаныс үшін қажетті шара екенін айтып ақталды.

Вигилер мен демократтардың бір бөлігі үкіметтің саясатын ерекше сынға алғанымен, ал кейбіреулерінің әкімшілікті соғысты басталуына себепкер деп тікелей айыптағанымен, өкілдер палатасы мен сенат қызу пікірталастардан кейін, көпшілік дауыспен Мексика республикасы тарапынан соғыстың «басталғандығын» белгілеген билльді қабылдады.

Бір жарым ай өткеннен кейін мексикалық конгресс үкіметтің ұсынысымен АҚШ-қа ресми түрде соғыс жариялады. Мексика техастық бүлікті қолдап Техасты басып алып, мексикалық аумақтың түкпіріне басып кірген АҚШ-тың агрессиялық қимылдарынан қорғануға мәжбүр болғандықтан осы шешімді қабылданын мәлімдеді. Алайда шабуыл жасауға шамасы келмеген мексикалықтар қорғаныс тактикасын ұстанды. Америкалық жақ бастамаға ие болды.

1846 жылы маусымның ортасында Сакрамент аңғарында өмір сүрген америкалық тұрғындар АҚШ пен Мексика арасындағы соғыстың басталу туралы алып-қашпа әңгімелердің шығуынан бұрын Вашингтоннан құпия нұсқаулар алған Фримонттың ықпалымен бүлік бастады. Сономо қаласын алған бүлікшілер жалауында аюдың бейнесі бар «Калифорния Республикасын» жариялады. Шілденің бірінші жартысында Слоут эскадрасы кемелерінен түсірілген, Калифорния жағалауына жеткізілген әскерлер Монтере және Сан-Францисконы алды. 7 шілдеде консул Ларкин мен Слоут Калифорнияның АҚШ-қа қосылғандығы туралы жариялады.

Сол айдың соңында полковник Кирни басқарған Батыс әскерлері Жаңа Мексикаға басып кіріп, қысқа мерзімде оның барлығына жуық аумағын оккупациялады және 18 тамызда Санта-Фе астанасын басып алды. 22 тамызда Кирни бұл мексикалық штатты аннексияланғаны туралы прокламация жариялады. Әскердің бір бөлігін Жаңа Мексиканы басып алу ісін аяқтау үшін қалдырып, ол Тынық мұхит жағалауына қарай бағыт алды. Америкалықтардың

құрлықтық және теңіз күштерінің бірікен қимылдары нәтижесінде 1847 жылы қаңтардың басында Лос-Анджелес басып алынды, осылайша Калифорнияны басып алу аяқталды. Жаңа Мексикадан әрі қарай олар оңтүстікке қарай жылжып, 1 наурызда Чиуауа қаласына кірді.

Маңызды табыстарға жетуіне қарамастан, басты соққыны солтүстіктен беріп, мексикалық әскерлерді тез арада талқандауды және Мексика астанасын басып алуды көздеген америкалық басшылықтың стратегиялық жоспарын іске асыру мүмкін болмады. Мексикалықтар күшті қарсылық көрсетті. Оккупациялаған аумақтарда партизан соғыстары басталды. Америкалық әскерлерге қиын, олар үшін үйреншікті емес табиғи және жергілікті жердің шөл және құрлықты климаттық жағдайында қимылдауға тура келді, олардың коммуникацияларының арасы бір-бірінен алшақтап қалды. 1847 жылы 23-23 ақпанда Буэна-Виста тау асуына жақын жерде Тейлор армиясы жуырда ғана президент болып сайланған Санта-Анна басқарған саны жағынан басым болған мексикалықтардың шабылуына тойтарыс берді. Америкалықтардың өздері де үлкен шығынға ұшырап, моралдық жағынан рухы түсіп, оңтүстікке, Сан-Луис-Потосиге шегінген қарсыластың соңынан қумауды ұйғарды.

Алғашқы ой-ниеттерінің іске аспайтыны білгілі болғаннан кейін АҚШ-тың билеуші топтары басты соққыны беру бағытын өзгертіп, оны шығыстан, Веракрус портты қаласы арқылы беруді шешті. 1847 жылдың көктеміне қарай Мексика бұғазында генерал У. Скотт басқарған 12 мың экспедициялық армиясы бар әскери кемелер флотилиясы шоғырланды. Ол 9 наурызда Веракрусқа жақын жерге түсті, үш апталық варварлық артиллериялық атқылаудан кейін интервенттер қаланы басып алды. Бұдан кейін олар батысқа, Мексиканың астанасына қарай жылжыды. Сәуірдің ортасында америкалық әскерлер Серро-Гордо қыстағы маңында Санта-Аннаның ұйымдасқан түрде қарсылық көрсете алмаған әскерлерін күйретті, ал бір айдан кейін Пуэблуды қарсылықсыз алды. АҚШ-тан қосымша көмек алғаннан соң, Скотт тамыздың басында өз әскерін Мехикоға қарай жылжытты. Астана маңайында қиян-кескі шайқастар жүрді. Чурубуско қанды шайқасында (20 тамыз) америкалықтар өздерінің саны және техникалық артықшылықтарының арқасында ғана жеңіске жетті. Алайда олар да үлкен шығынға ұшырап, тынығуды қажет етті. Скоттың ұсынысы бойынша екі аптаға жуық уақытқа созылған уақытша бітімге жасалды. Өз әскерлерін тәртіпке келтіріру және қосымша көмек алу үшін үзілісті пайдаланған , интервенттер сонымен бірге Мексика үкіметін АҚШ-қа Техасты, Жаңа Мексиканы, Жоғарғы және Төменгі Калифорнияны, Тамаулипасаның біраз бөлігін, Коауила, Чиуауа және Сонораны (өз аумағыныңының $\frac{3}{4}$ бөлігі) беруді, сонымен бірге Теуантепектік мойнақ арқылы транзит жүргізуге құқық беруді талап етті.

Бірақ мексикалық өкілдерге Ақ үйдің қойған бұл талаптарының тиімсіздігі соншалық, Санта-Анна мен оның жақтастары онымен келісімге бел буа алмады. 8 қарашада америкалықтар Молино-дель-Рейге шабуыл жасаумен әскери операцияларын қайта бастады, ал 13 қыркүйекте Чапультепек сарайын басып алып, Мехикоға жақындады. Ертесіне олар мексикалық әскерлер түнде тастап

кеткен қалаға кірді.

Астананы қарсыластың басып алғаны мен тамыз-қарашадағы шайқастарда құрамының ¼ бөлігінен айырылғанына қарамастан оккупанттарға қарсы халық күресі жалғаса берді. Калифорнияда, Жаңа Мексикада, Тамаулипаседе, Веракрусседе, Пуэбл және де көптеген аудандарда интервенттерді үлкен шығынға ұшыратқан патриоттық отрядтар пайда болды. Партизан қозғалысының өсуінен үрейленген Мексиканың үстем таптарының келісімге келуді жақтаушы көңіл-күйдегі бөлігі тезірек әскер қимылдарды тоқтатуға тырысты. Санта-Аннаның қызметінен кеткеннен кейін 1847 жылы қарашаның аяғында билікке келген Керетарода орналасқан үкімет бейбіт бітімге келуге дайын екендігін мәлімдеді.

Осыны АҚШ-тың билеуші топтары да қалады, мексикалық тұрақты әскерлерді күйрету және астананы қоса алғандағы аумағының көп бөлігін, және басқа да Мексиканың ірі орталықтарын басып алуы жеңген тарапқа өзіне тиімді бейбіт келісімнің шарттарын бұйыруға мүмкіндік беретін еді. Сонымен қатар «мистер Полктың соғысының» америка қоғамындағы танымал еместігімен есептесуге де тура келді.

Соғысқа қарсы саяси, экономикалық, моральдық, діни себептерге байланысты вигилердің көпшілігі және демократтардың бір бөлігі, аболиционистер мен пацифистер, жұмысшылар мен көптеген кәсіпкерлер, квакерлер, конгрегационалистер мен унитарлықты жақтаушылар да шықты. Жұмысшылар қарсылық акцияларын жүргізді, баспасөз беттерінде және конгрес трибунасы арқылы Полк үкіметінің агрессиялық қимылдары әшкереленді. Мексиканың қорғаушылардың ішінде қарт Дж. К. Адамс, бұрынғы мемлекеттік хатшылар Клей мен Уэбстер, конгресмен Хиддингс болды. 1848 жылы 3 қаңтарда вигилер енгізген қарарды палата қабылдады, онда, конгресстің алдын ала санкциясыз соғысты бастамау қажеттігі, конституцияға қайшы келетіндігі туралы айтылды. Ол жаулап алынған жерден әскерлерді шығаруға, ешқандай аннексиясыз бейбіт бітімді жасауға, шекара сызығын Рио-Гранде мен Нуэсес аралығында жүргізуге шақырды. Соғысқа қарсылардың ішінде танымал аболиционистік қозғалыстардың танымал басшылары Фредерик Дуглас, Уильям Ллойд Гаррисон, ықпалды газеттің бірі «Нью-Йорк дейли трибэннің» негізін салушы Горас Грили, көрнекті философтар және публицистер Ралф Уолдо Эмерсон мен Генри Дэвид Торо, жазушылар Маргарет Фуллер мен Герман Мелвилл, поэт-сатирик Джеймс Рассел Лоуэлл және басқада америкалық қоғам ойдың өкілдері болы. Мексикамен жасалатын бітімнің шарттары АҚШ-та Мексиканы толық аннексиялауды талап еткен Оңтүстіктің құлиеленушілерінің бір бөлігі мен аумақтық экспансияны шектеуге тырысқан Солтүстіктің өндірістік буржуазиясының арасындағы өткір күрес жағдайында талқыланды. Сол кездегі жағдайда бұл экспансия Оңтүстіктің плантаторларының позициясын нығайта түсетін еді, оны буржуазиялық Солтүстік қаламады. Оның қаупінің көрінісі 1846 жылы 8 тамызда өкілдер палатасының Мексикадан күшпен тартып алынуы мүмкін аумақтарда құлдыққа тыйым салу туралы «Уилмот түзетуі»

(кейін оны сенат қабылдамады) болды.

Бұл факторлардың барлығы Полк үкіметіне әсер етіп, 1847 жылы 7 желтоқсандағы оны президенттік жолдауындағы кейбір талаптарынан бас тартуға итермеледі. 1848 жылдың қаңтарының басында келіссөздер жандандырылды, америкалық дипломатияның күшті ықпалынан кейін 2 ақпанда Гуадалупе-Идальгоселосында (Мехикодан солтүстіке қарай) бейбіт келісімге қол қойылды. Бұл келісім бойынша Мексиканың АҚШ-қа Техаспен қоса Жаңа Мексиканы, Жоғарғы Калифорния, Тамаулипасаның солтүстік бөлігін, Коауила мен Сонораны, яғни жалпы ауданы 919161 кв. миль (2,3 млн. кв. км жуық) болатын елдің бүкіл аумағының 55%-ын беруіне тура келді, Мексиканың солтүстік шекарасы Рио-Гранде болып мойындалды. Өтемақы ретінде АҚШ 15 млн. доллар көлеміндегі ең төмен соманы төлеуі тиіс болды, сонымен бірге 3250 мың долларды құраған қаржылай талабынан бас тартуы керек болды.

Соғыстағы АҚШ-тың жеңісі оның экономикалық, техникалық және әскери жағынан артықшылығымен түсіндіріледі. АҚШ көп мөлшердегі құнарлы жерлер мен табиғи байлыққа мол үлкен аумаққа ие болды. Бітімге қол қойылмастан бұрын Калифорнияда алтынның бағалы кен орны табылған, бұл көп ұзамай дүниенің түрлі бөліктерінен жүз мыңдаған алтын іздеушілерді өзіне тартты.

1846 – 1848 жылдардағы соғыс және оның нәтижелері АҚШ-тың одан әрі дамуына терең із қалдырды. Соғыста жеңіс АҚШ-ты онымен көрші елдер санасатындай державаға айналдырды. XIX ғасырдың басындағы аумағы Атлантикалық жағалау мен Миссисипи аралығын қамтып 888,8 мың кв. мильді құраған болса, жарты ғасырда 3,5 есеге жуық өсіп, 3 022 387 кв. мильге жетті.

Луизиана, Флорида, Мексиканың жартысынан көп жерін және Орегонды өзіне қосып алып, батыста Тынық мұхитына дейін, оңтүстікте – Мексика бұғазына мен Рио-Грандеге дейін, солтүстікте – Канада шекарасына дейін созылған АҚШ ірі құрлықтық мемлекетке айналды. Осы оң жылдықта қосылған француз, испан, мексикалық иеліктер мен облыстар АҚШ-тың қазіргі аумағының 75%-ын құрап отыр және осы жерлердің 4/7 бөлігі үш жыл ішінде аннексияланған (1845-1848 жж.). Аумақтардың кеңеюі мен иммигранттардың келуінің өсуі нәтижесінде ел тұрғындарының саны XIX ғасырдың бірінші жартысында 5,3 миллионнан 23,2 миллионға дейін өскен.

Батыстың байтақ жерін иемдену мен отарға айналдыру сол жерде өндірістік күштің тез дамуына, олардың әлемдік капиталистік шаруашылық жүйесіне тартылуына, буржуазия-демократиялық тәртіп пен институттардың енгізілуіне әкелді.

Осылайша, аумақтық экспансия нәтижесінде 1850-жылдардың ортасына қарай АҚШ ауданы 1776 жылмен салыстырғанда сегіз есеге өсті. АҚШ өзін ұлы держава ретінде басқа мемлекеттерге қарағанда ұлы держава ретінде сезіне бастады, екі америкалық құрылықтың басқа елдеріне қарағанда үстемдікке дәмелене бастады. Шынында да, XIX ғ.асырдың ортасында халықаралық аренада АҚШ-тың ықпалы өсе бастады. Алайда Кубаны басып немесе сатып

алу әрекеттері сәтсіз аяқталғанымен, АҚШ Орталық Америкада орнығудан үмітін үзбеді. 1850 жылы мемлекет Ұлыбританиямен Панама каналының құрылысы жөнінде және оны бақылау туралы келісімді жасады.

Бақылау сұрақтары:

1. Луизиананы иеленудің маңызы қандай еді?
2. «Монро доктринасының» мәні неде?
3. Миссурий келісімі нені білдірді?
4. АҚШ Техасты қалай иеленді?
5. 1846 – 1848 жылдардағы америка-мексика соғысының себептері мен нәтижелері қандай?

Өзіндік жұмысқа арналған тапсырма:

1. Солтүстік Америкадағы АҚШ-тың аумақтық экспансиясының себептерін анықтаңыз.

9. АЗАМАТ СОҒЫСЫ (1861 – 1865 ЖЖ.) ЖӘНЕ РЕКОНСТРУКЦИЯ (1865 – 1877 ЖЖ.)

Жаңа аумақтардың қосылуымен, жаңа штаттардың пайда болуымен құлдық мәселесі, қай штаттар құл иеленуші, қай штаттар еркін штаттар болуы тиіс деген мәселе өткір болды. 1820 жылғы Миссури келісімі құлдықтың одан әрі таралуына кедергі болды. Техас Одаққа құл иеленуші штат ретінде кірді, алайда Құрама Штаттардың құрамына кіруге ниет білдірген Калифорния, Нью-Мексико және Юта құлдықты мойындамады және оған рұқсат беруді ойламады, ал бұдан саяси баланс бұзылатын еді. Оңтүстіктегілер кез келген штаттың өзін құл иеленуші деп жариялауға құқығы бар екендігін айырықша талап етті. Олар «Мэйсон-Диксон бөлу сызығын» одан оңтүстікке қарай орналасқан барлық штаттарды құл иеленуші штаттар санына қосып, Тынық мұхит жағалауына дейін ұзартуды көздеген шешім ұсынды. Бұл ұсыныс бірде-бір штат өзін құл иеленуші деп жариялауға құқығы жоқ деп тұжырымдаған еркін штаттардың батыл қарсылығын туғызды. Өздерімен көрші Канзастың құлдықтан еркін штат ретінде жариялануына Миссуридің құл иеленушілері қарсы шығуын жалғастырды, олар үш кедей штаттармен (Канзас, Иллинойс және Айова) шекараласқан өз штатының құлдыққа қарсылардың белсенді қызметінің объектісі болуынан қауіптенді.

Құлдықты жоюға тыйым салған конституциясы қабылданған Калифорнияның Одаққа қабылдануы туралы мәселе жағдайды шиеленістірді. Осылайша, еркін штаттар саны 16-ға жетіп, ал құл иеленуші штаттар саны 15 болды. Жоғарыдағы құл иеленушілердің позицияларының әлсіреу мүмкіндігі Оңтүстіктегілердің мазасыздығын туғызды. АҚШ-тың саяси дамуының мынадай ерекшелігін атап көрсету қажет: күшті экономикалық позицияны иеленген Солтүстіктің буржуазиясының федералдық билік органдарында соған сай позициясы болмады. 1856 жылға дейін 16 президенттің 11-і оңтүстіктің

өкілдері еді, қалғандарының көпшілігі де құл иеленушілердің ықпалында болды. Джексон кезеңінен азамат соғысына дейін демократиялық партия, құл иеленушілер партиясы үкімет пен сенатты 24, Жоғарғы сотты – 26, өкілдер палатасын - 22 жыл бойы бақылады. Осылайша, плантаторлар мүдделеріне қысым жасалынатын болса, экстремистер бөлінуге шақырды. Солтүстіктің өкілдері келісімге (компромиске) келуге тырысты. 1850 жылы 29 қаңтарда тәжірибелі Генри Клей сенаттың қарауына келісімді бірқатар қарарларды ұсынды: Калифорния Одаққа еркін штат ретінде қабылданды; Мексикадан алынған жерлердің қалған бөлігі құлиеленушілік пе, әлде еркін аумақ па, статусы көрсетілмей Нью-Мексика және Юта аралығында бөлінді; қашқын құлдарды ұстау және оларды иелеріне қайтару механизмдерін қатайту және Колумбия Округінде құл саудасына тыйым салынды.

Бұл келісімдік шешімнің талқылануы мен бекітілуі қашқын құлдар туралы Заңды бұрынғыдан да қатайтқан және қашқын құлдарды ұстауда федералдық үкіметке шексіз құқық берген заңнаманы қабылдаумен қатар жүрді. Алайда солтүстіктің негрлері мен бірқатар солтүстік қауымдар мен штаттардың наразылық әрекеттері бұл заңның іске асуына мүмкіндік бермеді. Солтүстік штаттарда тіпті құл иеленушілердің агенттерінен Оңтүстіктен қашқан құлдарды қорғаған арнайы күзет комитеттері құрылды. Кейбір солтүстік штаттарда қашқын құлдарды ұстауға жіберілген құл иеленушілер агенттері мен аболюционистер арасында қарулы қақтығыстар да болған.

Аболюционистік баспасөз бен әдебиет те қоғамдық пікірге үлкен ықпал етті, ал жазушы әйел Гарриет Бичер-Стоудың «Том ағайдың лашығы» атты романы (1852 ж.) америка қоғамында нағыз дүрліктіретін оқиға болып, қоғамдық пікірге орасан зор әсер етті. Онда құлдықтың бүкіл қайғы-қасіреті, негр-құлдардың нақты жағдайы дәл суреттелді.

XIX ғасырдың 50-жылдары құлдыққа қарсы күрес солтүстік штаттар тұрғындарының кең бөлігін қамти отырып, шынайы халықтық сипат алды. Бұл қозғалыста аболюционистер – құлдықты тез арада жоюды және негрлерге саяси құқықтар беруді жақтаушылар басты роль атқарды. 1833 жылы желтоқсанда Америкалық құлдыққа қарсы қоғам құрылды. Оның басшылары У. Л. Гаррисон, А. Таппан, Т. Велд, Дж. Смит және т.б. болды. Бұл ұйыммен бірге 1830 жылы Филадельфиядағы негрлік конвент кезінде құрылған ерікті түрлі түстілердің Америкалық қоғамы да әрекет етті. Аболюционистік қозғалысқа фермерлер мен қолөнершілер, қаланың ұсақ буржуазиясы, жұмысшылар, зиялылар қатысты. Аболюционистік қозғалыста реформаны жақтаушы байыптылардан революциялық әдістерді жақтаушыларға дейінгі түрлі ағымдар болғанымен, оған қатысушылардың барлығын құлдықты жеккөрушілік және оны тез арада жоюға деген ұмтылыс біріктірді. У.Л.Гаррисон шығарып тұрған «Либерейтор» («Азат етуші») апталық газеті аболюционистердің басты баспасөз органы болды. 1840 жылы аболюционистердің алғашқы саяси ұйымы – Еркіндік Партиясы құрылды. Кейін ол фрисойлерлер партиясының құрамына кірді.

1850 жылы келісім елге уақытша тынығуға мүмкіндік берді, алайда ол

құлдық мәселелесін шешкен жоқ және шеше алмайтын еді. Сонымен бірге ол АҚШ-тың саяси басшылығының елдің одан әрі жіктелісін тежеуге қабілетсіздігінің айғағы болды. Оның қабылдануы саяси және экономикалық өмірге құл иеленушілердің ықпалының күшеюіне әсер етті.

1850 жылғы келісім құлдықпен батыл күрес жүргізуді жақтаған және оған қарсы болғандар, генерал У.Скотт (Мексикамен соғыстың батыры) бастаған Солтүстіктің либералды вигилері мен Филлмор қолдаған Оңтүстіктің консервативті вигилері арасындағы ішкі партиялық жіктелістен туындаған виги Партиясының күйреуінің бастамасы болды. Президент Филлмор (1850 – 1853 жж.) елде қалыптаса бастаған Республикалық партияға қосылудан бас тартып, «незнаек» партиясынан АҚШ президенттілігіне өз үміткерлігін ұсынуға келісті. Вигилер оған генерал Скотты қарсы шығарды. 1852 жылғы президент сайлауында Скоттан қатардағы сайлаушылардың 200 мыңнан аса басым дауысына ие болып және сайлаушылар коллегиясының 85,8 % дауысын алған демократ Франклин Пирс жеңіске жетті (АҚШ-тың 14-ші президенті, 1853 – 1857 жж.). Бұл сайлау вигилер Партиясының президенттік қызметке демократтарға бәсеке ретінде түскен соңғы сайлау болды. Вигилердің орнына енді Республикалық партия келді, ол – фермерлер мен жұмысшылар қолдаған фрисойлерлерден бастап, құлдықтың таралу идеясына қарсы болып, ішкі нарықтың дамуына мүдделі болған өнеркәсіп буржуазиясын қоса алғандағы тұрғындардың буржуазиялық топтарының өкілдеріне дейінгі саяси күштердің кең ауқымын қамтыды.

Одаққа жуық арада қабылданған аумақтарда құлдықтың таралуы туралы мәселе АҚШ Конгресі 1850 жылғы Келісімді жойған 1854 жылғы Канзас-Небраска Биллін қабылдағаннан кейін жаңа серпінмен қайта қызу талқылана бастады. Иллинойс штатының сенаторы, демократ Стивен А.Дуглас Небраска аумағын екіге – Канзас пен Небраскаға бөлу туралы жобаны ұсынды. Құлдық туралы мәселені тұрғындардың өздері, жергілікті аумақтық соттар және АҚШ-тың Жоғарғы соты шешуі тиіс болды, яғни ол АҚШ Конгресінің құзырынан алынатын болды. Солтүстік штаттардың күшті қарсылығына қарамастан, Оңтүстіктің плантаторлары бұл билльдің қабылдануына қол жеткізді, ал Пирс басқа да саяси мәселелерде өзіне қолдауды қамтамасыз ету үмітімен оған қол қойды. Алайда бұл заңның қабылдануы бірлікті қамтамасыз етудің орнына, құлдық туралы мәселеде келіспеушіліктердің шиеленісуіне әкелді. 1820 жылы ерікті және құл иеленуші штаттар арасындағы 36°30' солтүстік ендік бойынша орнатылған шартты шекара жойылды, құлдықты тарату жолындағы барлық географиялық және заңдық кедергілер жойылды. Билльдің қабылдануының нәтижелері бірімәнді болған жоқ: ол оңтүстіктегілердің масайрауын, сонымен бірге аболюционистік қозғалыстың жандануын және аболюционистік баспасөздің Дугласты болашақ 1856 жылғы президент сайлауында өзіне оңтүстіктегілердің қолдауын қамтамасыз етуге ұмтылды деген өткір айыптауларын туғызды.

Аумақтарға өз бақылауын орнату үшін қарсыласушы жақтардың оңтүстіктегілер-құл иеленушілер мен құлдыққа қарсы солтүстіктегілердің

Канзасқа ағылып келуі – олардың арасындағы күрделі қақтығысқа әкеліп, ол қарулы күреске ұласты. Канзасты «қан судай аққан Канзас» деп атай бастады. Бұл күресте АҚШ-тың мемлекеттік билігінің үш тармағы, президентті қоса, көбінесе құл иеленушілер жағында болды. Пирс құлдыққа қарсы болған Канзас тұрғындарын олардың тарапынан болатын билік орындарына қарсы кез келген наразылықтың «сатқындыққа жақын бүлік» деп қаралатындығы туралы ескертті. Тоғыз мүшесінің бесеуі оңтүстіктің өкілі болған АҚШ-тың Жоғарғы соты әрбір америкалық азаматтың ел конституциясы бекіткен жеке меншігін өзімен бірге алып жүруіне құқығы бар деген тұжырымды арнайы шешіммен бекітті. Конституция бойынша құлдар жеке меншік деп есептелгендіктен, Жоғарғы соттың бұл шешімі АҚШ-тың бүкіл аумағында ерікті аумақтарды қоса алғанда, ондағы ақ түсті азаматтардың көпшілігінің келісімінсіз-ақ құлдықты кедергісіз таратуға рұқсат етумен бірдей еді.

Канзас-Небраска Биллін қабылдаудың саяси зардаптары америкалық тарихи оқиғалардың одан әрі дамуында басты роль атқарды. Елде бірлікті сақтауға және «оңтүстіктің үгітшілері мен солтүстіктің фанатиктерін» келістіруге бағытталған Пирстің күш салуы сәтсіз аяқталды. 1854 жылғы аралық сайлау нәтижесінде демократтар өкілдер Палатасына бақылауын жоғалтты. Демократиялық партияның өзінде құлдық туралы мәселе бойынша жіктеліс күшейе түсті, ал Пирс оңтүстіктегі өзінің кеңесшілеріне барған сайын сүйене берді. Губернаторларды бірінен кейін бірін орындарынан алып тастай беру президенттің Солтүстікте де, Оңтүстікте де беделін түсірді. Оңтүстіктегі вигилердің көпшілігі Демократиялық партияға кірді, ал солтүстіктегі вигилер президентке өткір оппозицияны құрады. Пирстің батылсыздығы вигилер партиясының күйреуін тездетті және солтүстіктегі вигилердің басты талаптарының бірі бүкіл елде құлдықты толық жою болған Республикалық партияны құруына жағдайлар жасады.

Ішкі мәселелерді шешу барысында Пирс ел назарын құлдық туралы мәселеден басты мақсаттары Ұлыбританияны Орталық Америкадан ығыстыру, Испаниядан Кубаны, Ресейден Алясканы, сонымен бірге Гавай аралдарын басып алу болған күшті сыртқы саясатқа аударуға тырысты. Мексикадағы қол қойған АҚШ елшісінің атымен «Гадсен сатып алуы» деп аталған 1853 жылғы келісім бойынша АҚШ Мексикадан тағы да Хил өзені шатқалында 140 мың км² аумақты күшпен тартып алды. Көрнекті темір жол шенеунігі Дж. Гадсен бұл шартты жасау үшін жүргізілген келіссөздерді Тынық мұхитына апаратын биік тау массивтерін айналып өтетін оңтүстіктік тиімді маршруттағы темір жол құрылысына негіз дайындау мақсатымен жүргізді. Мексика бұл аумақты 15 млн. долларға сатуға келісті (кейін бұл сома 10 млн. долларға төмендетілді). Батысты Оңтүстікпен оңтүстік маршрут бойынша байланыстыратын темір жол құрылысының жоспары, алайда Канзас-Небраска Биллін қабылданумен жоққа шығарылды.

Пирс әкімшілігінің Кубаны сатып алуға ұмтылысы нәтижесіз аяқталды – Кубаны Испания сатудан бас тартса, оны күшпен басып алуды көздеген Остен манифесі деп аталған құпия жоспар көпшілікке жария болды. Оның құлдықтың

ареалының одан әрі кеңейінен қауіптенген саяси күштердің өткір наразылығын тудырғаны соншалық, АҚШ-тың Мемлекеттік департаменті ресми түрде оның күшін жоюға мәжбүр болды.

1856 жылы маусымда Филадельфияда Республикалық партияның бірінші ұлттық съезі болды, онда келесі президенттік сайлауға әскери картограф және саяхатшы Дж. Фримонттың үміткерлігі ұсынылды. Сонымен бірге съезд конгресс пен жергілікті легислатураларға АҚШ-тың бүкіл аумағында және оның кейбір бөліктерінде құлдықты заңды түрде мойындау құқығын бермеген саяси платформаны қабылдады. Республикашылдардың сайлау платформасы тәуелсіздік Декларациясының принциптеріне адалдығын сақтады, Ф.Пирстің Канзасқа қатысты саясатын айыптады және бұл штатты Одаққа еркін штат ретінде қабылдауды талап етті. Платформада трансұрлықтық темір жол салу және «ішкі жақсартулар» бағдарламасын жүзеге асыру талап етілді. Алайда онда жерді қажет еткендерге тегін жер бөліктерін беру туралы айтылмады және құлдыққа, қашқын құлдар туралы заңға қарсы шықпады. Ұсынылған талаптардың байыптылығына қарамастан, республикалық партияның бағдарламасы құлдықтың өмір сүруіне үлкен қауіп тудырды.

Өз кезегінде Демократиялық партия Франклин Пирстің президенттілікке қайта ұсынылуына қарсы болып, өз үміткері ретінде Пенсильваниялық дипломат, АҚШ-тың Ресейдегі бұрынғы елшісі (1831 – 1834) Джеймс Бьюкененді ұсынды.

1856 жылғы сайлау шиеленісті жағдайда өтті. Ел тарихында болашақ мемлекет басшысын таңдау алғаш рет «Мэйсон-Диксон» сызығы, яғни Құрама Штаттарды құлдықты жақтаушылар мен оған қарсыларға бөлген шартты шекара бойынша өткізілді. Республикашылдар демократтарға құлдар көтерілісімен қауіп төндірді және тіпті оларды құл иеленушілермен бірге одақтан шығуға шақырды. Демократтар Республикалық партияның радикализмін және оны елді жіктеуге ұмтылуда деп айыптады. Өткізілген сайлау нәтижесінде Бьюкенен жеңіске жетті. Оңтүстіктің және солтүстіктегі бес штаттың қолдауымен ол президент болып сайланды (сайлаушылар коллегиясының 174 дауысына ие болды). Фримонт «Мэйсон-Диксон сызығынан» оңтүстікке қарай жатқан штаттар сайлаушыларының бірде-бір дауысына ие болмады, алайда оны 11 еркін штаттар сайлаушылары қолдады.

Президент сайлауынан кейін бірнеше күннен кейін АҚШ-тың Жоғары соты бұрынғы құл Дред Скоттың ісі бойынша шешім қабылдады. Онда құлдықтың кез келген штатта бола алатындығын, себебі конгрестің қожайын мен құл қай штатта болатынына қарамастан америкалық азаматтардың жеке меншікке деген құқығынан айыратын конституциялық құқықының жоқтығы туралы айтылды. Жоғары соттың бұл шешімі Оңтүстікте масайрауды туғызса, ал Солтүстікте күшті наразылықты туғызды. Бұл шешім жарияланған бойда пікірталастар қайтадан өткір бола түсті. Бьюкенен құлиеленушілік бағыттағы және құлиеленушілікке қарсы күштер штатқа бақылау жасау үшін қақтығысқан Канзастағы жағдайға қатысты танылмал егемендік принципін ұстанатындығы туралы жариялады. Алайда, ол, Канзасты Одаққа құлиеленушілік бағыттағы

Лекомптон конституциясына сай қабылдауда өз ықпалын қолдануға тырысқанымен, оның бұл әрекеті табысқа жетпеді.

Канзас-Небраска Биллі бойынша Одаққа штат ретінде қабылданғанға дейін құлдыққа өз қатынасын анықтау құқығын алған Канзастағы жағдай бұл кезде шиеленісе түсті. Жергілікті құлдыққа қарсылардың штаттың болашақ статусын анықтауға қатысудан бас тартуын пайдаланған құлдықты жақтаушылар Канзастың құлиеленушілік статусын бекіткен съезд өткізді. Қалыптасқан шиеленісті жағдайды бәсеңдету үшін президент Бьюкенен Одаққа Канзасты құлиеленушілік штат ретінде қабылдауды ұсынды, бұл оның өзінің Республикалық партиясында да күшті наразылықты туғызды.

Құлдыққа қарсы қозғалысқа жаңа түрткі болған 1859 жылғы Джон Браун бастаған көтеріліс болды, ол замандастарына күшті ықпал етті. Солтүстіктің аболюционистерінің қаржылай және моралдық қолдауына сүйене отырып, құлдыққа бұрыннан бері қарсы болған Браун өз жақтастарының шағын тобын құрып, негрлерді азат ету жолындағы күресті жүргізу үшін болашақтағы аболюционистік армияны қаруландыру мақсатымен, Харперс-Ферри қаласындағы ірі армиялық арсеналды басып алу әрекетін жасады. Көтерілісті басу үшін бірқатар әскер күштері шығарылды, олар екі күннен кейін Браунды және тірі қалған тағы да біраз бүлікшілерді ұстап алды. Екі айдан кейін Браун және біраз уақыттан кейін оның алты пікірлестері де дарға асып өлтіріледі. Көтерілісті Канзас билік орындары басқанымен, Браунның қарулы бас көтеруі құл иеленуші Оңтүстікті қорқытты және оның Солтүстікпен қарама-қарсы тұруын бұрынғыдан да шиеленістірді. Ерікті солтүстік штаттарда Джон Браунның өлтірілуі шіркеу қоңырауларының мәйітті жерлеу үнімен атап өтілді. Осы күннен бастап америкалық аболюционистік қозғалыс, АҚШ-тағы Азамат соғысы және Джон Браунның есімі тығыз байланысты ұғымдарға айналды. Америка қоғамында одақтың ыдырауы болмай қоймайды деген пікір барған сайын күшейе түсті.

Қарама-қарсы тұру 1860 жылғы президенттік сайлау науқаны барысында ерекше күшпен көрінді. Құлдыққа қарсы болған саяси, экономикалық және әлеуметтік күштердің мүдделерін 1846 жылы вигилер Партиясынан АҚШ Конгресінің өкілдер Палатасына сайланған Авраам Линкольн білдірді. Линкольнның конгресте қызмет еткен бір мерзім кезеңі оның және оны сайлаушылардың көңілінің қалуына әкелді. Ол Мексикамен соғысқа қарсы болды, бірақ шайқас алаңындағы әскерлерге қару-жарақ пен оқ-дәрі жеткізуді жақтап дауыс берді. Вигилердің ресми позициясы осындай болатын, бірақ бұл оны округ сайлаушыларының ұнамды адамына айналдырған жоқ, себебі олардың көпшілігі соғысты жақтаған еді. Линкольн Колумбия Округінде құлдықты жоятын заң жобасын ұсынатын жариялады, бірақ бұл уәдесін ешқашан орындай алмады. Сонымен бірге ол АҚШ-тың демократиялық президенті Дж.Полкты АҚШ-тың аумағына басып кірген Мексика соғысқа арандатты деген айыптауын дәлелдеуге шақырған бірқатар «тез іске асырылатын қарарларды» қарауға ұсынды. Мексикамен соғыс мәселесінде сынаушы позицияда болып, сайлаушылардың қолдауынан айырылуына

байланысты уақытша саясаттан кеткеннен кейін, 1858 жылы Линкольн Иллинойстың Республикалық партиясынан сенаторға үміткер ретінде ұсынылады. Ол сенатқа өте алмаса да, оның фамилиясы елге кеңінен танылмал болады, себебі ол сайлау алды науқаны кезінде жалпыұлттық ауқымдағы мәселелерді қойған болатын. Кезектегі сайлауда Авраам Линкольн АҚШ президенттілігіне барынша перспективалы үміткер болған еді.

Бьюкенен мүшесі болған Демократиялық партия 1860 жылғы президент сайлауы қарсаңында бірігіп, республикашылдарға лайықты қарсылық көрсете алмады. Ол екі үміткерді ұсынған екі фракцияға бөлінді. Солтүстіктің демократтары сенатор А.Дугласты, ал Оңтүстіктегілер – Бьюкенен әкімшілігіндегі вице-президент Дж.Брекенриджді қолдады. Өзін Конституциялық одақ партиясы деп атап, шекаралық штаттардың вигг-консерваторларының мүдделерін білдірген төртінші саяси күш өз үміткері ретінде Теннеси штатынан Джон Беллді ұсынды. Республикалық партияның алдында жалпыұлттық сайлауда жеңіске жету үшін ерікті штаттардың көпшілігінде өзіне қолдау табу міндеті тұрды.

1860 жылғы сайлауда Авраам Линкольн жеңіске жетіп, АҚШ-тың 16-шы президенті (1861 – 1865 жж.) болып сайланды. Сайлау қорытындылары белгілі болғаннан кейін, Оңтүстіктің көшбасшылары солтүстіктегілердің көпшілігі сенгісі келмеген қауіпті – егер республикашылдар жеңіске жетсе, Одақтан бөлінуді жүзеге асыруға кірісті. Оңтүстіктегілердің көпшілігі құлдыққа қарсылардан тұрған үкімет тарапынан олардың штаттары қысымға ұшырайды деп есептеді. Олардың теоретиктері штат мүдделері талап етсе, кез келген штаттың Одақтан бөлінуге құқығы бар дегенді бұрыннан бері айтып келген болатын. Президент сайлауының нәтижелері белгілі болғаннан бір жарым айдан кейін және Линкольннің мемлекет басшысы қызметіне ресми түрде кірісуіне екі жарым ай қалғанға дейін Құрама Штаттар ыдырай бастады. Алғашқы қадамды 1860 жылы 20 желтоқсанда сецессия (латынның «secessio» - бөліну деген сөзінен) туралы Ордонансты қабылдаған Оңтүстік Каролина жасады. Одан кейін Миссисипи, Флорида, Алабама, Джорджия, Луизиана және Техас бөлінді. 1861 жылы 4 ақпанда бөлінген штаттар делегаттары Монтгомери қаласында (Алабама штаты) жиналды, ал 8 ақпанда өз конфедерациясының құрылғандығын жариялады. Америка Конфедеративті Штаттарының президенті болып Ф.Пирс әкімшілігіндегі әскери министр және Миссисипи штатынан бұрынғы сенатор Джефферсон Дэвис сайланды.

Оңтүстіктің құлиеленушілік штаттарының Конфедерациясын құру 1861 жылы 11 наурызда Америка Конфедеративті Штаттарының Конституциясын жариялады, онда негрлердің құлдық жағдайы «табиғи жағдай» деп көрсетілді. Шетелдік құл саудасына тыйым салынды. Бұл шешім еуропалық мемлекеттердің Солтүстік Америкадағы жаңа мемлекеттік құрылымды тезірек мойындауын қамтамасыз етуі тиіс болды. Конфедерация үкіметі өзінің арнайы өкілдерін Англия, Франция, Ресей және Бельгия астаналарына дипломатиялық қатынастар орнату үшін жіберді. Сонымен бір мезгілде Вашингтонға жалпыфедералдық меншікті бөлісуге қатысты мәселелерді реттеу және жаңа

солтүстікамерикалық мемлекетті тану үшін делегация жіберілді.

Бьюкенен әкімшілігі Испаниядағы, Бельгиядағы, Швейцариядағы, Германиядағы, Австро-Венгриядағы, Түркиядағы, Англиядағы, Франциядағы, Ресейдегі және Голландиядағы өз дипломаттарына өздері орналасқан елдердің үкіметтеріне бөлінген штаттарды қолдау бағытында ешқандай шаралар жүргізбейтіндігі туралы үміттенетіндігін айтуды тапсырды. Ресми қызметіне кіріскенге дейін Линкольн бұл мәселеге ешқандай түсіндірме берген жоқ. Соған қарамастан бөлінген штаттар өз аумақтарындағы федералдық форттардың, арсеналдардың, почта бөлімдерінің және кедендердің барлығына жуыған басып алып, өз армиясын құруға кірісті.

1861 жылғы 4 наурыздағы өзінің инаугурациялық сөзінде Линкольн сендіру әдісі арқылы оңтүстік штаттарды республикалық әкімшіліктен қауіптенбеуге шақырды, Одақтың мызғымастығын және Оңтүстікпен даудың бейбіт түрде шешілу мүмкіндігін жақтайтынын білдірді. Линкольн сецессионистерді өзінің құлдық өмір сүріп тұрған штаттардың ісіне тікелей немесе жанама түрде болса да араласу ниетінің жоқтығын айтып, көндіруге тырысты. Алайда президент бүлікшіл күштерге бірде-бір штаттың өз бастамасымен Одақтан шығу құқығының жоқтығын ескертуді қажет деп білді, себебі мұндай әрекеттің заңдық күші жоқ еді. Линкольн өз саясатын жүргізуде қан төгіс пен күш қолдануды болдыртпауға тырысатындығын білдірді.

Алайда жағдай мәселені күшпен шешу жағына қарай ойыса берді. Жаңа президенттің алдында өте күрделі міндет тұрды. Солтүстік әскери қимылдар жүргізуге дайын емес еді. Әскери қабілетті армияны құру қажет болды, алайда бұл қиын іс еді, себебі АҚШ-тың Вест-Пойнттегі ең таңдаулы әскери академиясында оқыған барынша қабілетті офицерлер қызметтен кетіп жеке кәсіпкерлікпен айналысты немесе Конфедерацияның армиясына қызметке тұрған болатын. Линкольн Оңтүстік Каролинадан Техасқа дейінгі оңтүстік штаттардың қоршау жағдайында екенін және сәл кейінірек бұл шешімнің Солтүстік Каролина мен Вирджинияға да таралатындығын жариялады. Сонымен бірге бұл кезде Солтүстік пен Оңтүстіктің арасында кезекті келісімге ұмтылыс жасалды: Кентукки штатынан Дж. Критенден конституцияға түзетуді ұсынды, ол бойынша құлиеленушілік және еркін штаттар арасындағы шекараны 36°30' с.е. бойынша орнату көзделді. Алайда республикашыл-конгрессмендер құлдықтың таралу ареалын кеңейтуге және оның салдары ретінде құлиеленуші штаттардың елдің саяси және экономикалық өміріне ықпалының артуына қарсы бодлып, Критенден ұсынысын қабылдамады.

1861 жылғы сәуірге қарай федералдық әскерлер бақылауын сақтаған форттардың бірі Форт-Самтерде азық-түлік қорлары таусыла бастады. Федералдық билік фортты беруді ойламады, себебі бұл сецессия фактісін және Конфедерацияны жанама түрде мойындау болып бағаланатын еді. Федералдық үкімет форт гарнизонына әскери көмек жіберуге де батылы бармады, себебі бұл соғыстың басталу қаупін күшейтетін еді. Президент Линкольн үшінші нұсқаны таңдады, ол фортқа азық-түлік қана жіберді және Чарльстон билік орындарына, егер осы экспедицияның келуіне олардың тарапынан кедергі болмаса, онда

күш қолданбауды тапсырды. АҚШ-тағы азамат соғысы 1861 жылы 12 сәуірде Форт-Самтердегі федералдық әскерлерге қарсы Конфедерацияның артиллериялық әскерлерінің алғашқы дүркіндете оқ атуымен басталды. Келесі күні 34 сағаттық бомбалаудан кейін форт тізе бүкті және 15 сәуірде Линкольн көтеріліс жағдайын жариялап, 75 мың еріктіні қаруландырды, олармен 3 айға келісім-шарт жасалды. Федералдық билік оңтүстіктегілердің бүлігі одан да ұзаққа созылады деп ойламады.

Конфедерация президенті Америка Конфедеративті Штаттарының конгресіне 1861 жылғы 29 сәуірдегі үндеуінде болып жатқан оқиғаларға өз түсіндірмесін берді, тарихи фактілерді жиналғандардың есіне салды. Ол өз сөзінде кезінде Солтүстіктің климаты мен топырағының онда құлдықты дамытуға мүмкіндік бермегендігін, нәтижеде солтүстіктегілердің өз құлдарын климаты мен топырағы ауыл шаруашылығын дамытуға қолайлы болған оңтүстіктегілерге сатуға шешім қабылдағанын атап өтті. Алайда Оңтүстіктің тұрғындарының санының өсуі АҚШ Конгресіне солтүстік штаттардың саяси бақылауына қауіп төндіре бастағанда, республикашылдардың федералдық үкіметі оңтүстік штаттарда құлдарға деген жеке меншік институтын бұзу саясатын жүргізе бастады. Конфедерацияның Солтүстікпен әскери қақтығысқа бармауға тырысу әрекеттерін Вашингтон қабылдамады, сондықтан әскери іс-қимылдардың басталуына Вашингтон жауапты деп атап көрсетті Дэвис.

Солтүстіктің саяси топтары арасында оңтүстік штаттардың сецессиясы мәселесінде бір пікір болмады. Саясатшылардың бір бөлігі болып жатқан оқиғалардың шынымен маңызы бар оқиғаларға айналғандығына сенбеді, ал екіншілері оңтүстік штаттарға Одақтан шығуға рұқсат беру қажет деп есептеді. Алайда көпшілігі сецессионистерге игі ниетпен қарау дұрыс емес деп, тез арада әскери қимылдар бастауды жөн санады. Нәтижеде оның бұйрығы бойынша Вашингтон мен оның маңында шоғырланған армияға президент шабуылға шығуға бұйрық берді. Соғыстың басталуы сецессия үшін қозғалысты күшейтті. Президент Одаққа адалдығын сақтайды деп есептеген Вирджиния 1861 жылы 17 сәуірде Одақтан бөлінді, одан кейін Арканзас, Теннесси және Солтүстік Каролина Одақтан шықты. Әсіресе федералдық билікке Вирджинияның бөлінуі моралдық соққы берді, оның нәтижесінде сецессионистерфедералдық астанаға тіптен жақындай түсті. Президент Линкольн Солтүстіктің штаттарымен шекарада орналасқан «шекаралық штаттар» деп аталған төрт құлиеленушілік штаттарға – Делавэр, Кентукки, Миссури және Мэрилендке қатысты конфедераттардың жоспарларын бұзуға мүмкіндік алды, ал бұл Одаққа қосымша күш болып, сонымен бірге конфедерацияны әлсіретті.

Бұл құлиеленушілік штаттарға Линкольннің ерекше көңіл аударуы олардың республикалық әкімшілік үшін стратегиялық және саяси жағынан маңыздылығымен анықталды. Бұл штаттардағы құлдыққа конституциялы түрде бекітілген институт деген көзқарастың бар екендігін және бұл штаттарды Конфедерацияның өз жағына тартуға тырысуға күш салуын есепке алсақ, олардың сецессионистерді нақты қолдау мүмкіндігі бар екені белгілі. Бұл штаттардың бейтараптығына қол жеткізу үшін Линкольнге Мэрилендке

федералдық әскерлерді жіберуге тура келді, ал бұл үшін ол диктатор деп айыпталды. Одан әрі оқиғалардың барысы көрсеткендей, президенттің шекаралық штаттардың формалды бейтараптығына қол жеткізу шараларының жеткіліксіз болғандығы білінді. Делавэр бүкіл Азамат соғысы барысында бейтарап болып қалды. Ал Кентукки мен Миссури бейтараптығын жариялағандарына қарамастан, олар жікке бөлінген болып шықты – олардың тұрғындары Конфедерация жағында да, Одақ жағында да соғысты. Бұл екі штатта жауласушы екі жақтың мүддесін көздеген үкіметтер құрылды. Алайда конфедераттардың белсенді позициясының нәтижесінде формалды түрде бейтарап болған екі штат та 1861 жылы қараша-желтоқсанда Конфедерацияның құрамына қабылданды және ақырында олар соғыс барысында толық күйреді.

Линкольн әкімшілігінің жүргізген шараларының нәтижесінде елде Солтүстік пен Оңтүстіктің арасында күштердің күрделі орналасуы қалыптасты. Жанжалдың бір жағында, формалды түрде болса да, жалпы тұрғындарының саны 22 млн. адам болған 23 штат, ал екінші жағында 9 млн.-ға жуық ақ нәсілді тұрғындары мен 4 млн.-дай қара нәсілді еріксіздері бар 11 штат тұрды. Солтүстік армияны қажетті қарумен, оқ-дәрімен, әскери жабдықтармен және азық-түлікпен жабдықтауға мүмкіндік берген жоғары экономикалық даму деңгейімен, әкімшілік басқарудың алдыңғы қатарлы формаларымен, дамыған өнеркәсібімен және механикаландырылған ауыл шаруашылығымен ерекшеленді. Солтүстікте елдің негізгі қаржы капиталы шоғырланды. Сонымен бірге солтүстіктегілер саны жағынан конфедераттардың армиясынан басым болған армияның қажеттіліктерін барынша сенімді қамтамасыз еткен ішкі темір жолдар мен су коммуникацияларының жетілген жүйесіне ие еді. Алайда, соғыстың бастапқы кезеңінде Солтүстіктің штаттары санының, ондағы тұрғындарының санының басымдығы немесе экономикалық даму деңгейі мен қаржы мүмкіндіктері басты роль атқармады. Солтүстіктегілердің бұл басымдықтары кейінірек көрінді, ал Оңтүстіктің басымдығы бастапқы кезде талантты және тәжірибелі әскери қолбасшылығының болуында еді, атап айтқанда Конфедерация армиясының басында өте тәжірибелі әскери адам – полковник Роберт Э.Ли тұрды. Барлық өндіруші жұмысты атқарған құлдары бар Оңтүстік барлық әскери қабілетті ақ түсті тұрғындарды әскери жағдайға келтірді.

1861 жылы 21 шілдеде Булл-Ран өзенінде (Вирджиния штаты) Азамат соғысының алғашқы ірі шайқасы болды. Одақ армиясы ауыр жеңіліске ұшырап, кейін шегінді. Федералды астананы үрей жайлады, алайда тынығуды қажет еткен конфедераттар армиясы жеткен табысын пайдаланбады. Булл-Ран өзеніндегі жеңіліс солтүстіктегілердің соғыстың тез аяқталуы туралы есебінің ақталмайтындығын көрсетті. Құрама Штаттар Конгресі үшжылдық келісім-шартқа қол қоюға дайын еріктілерден 500-мыңдық федералдық армияны құру туралы шешім қабылдады. Булл-Ран өзеніндегі шайқас тағы бір мәселені туғызды – солтүстіктегілердің армиясын басқаруға қабілетті әскери қолбасшыны табу қажет болды. Мұндай қолбасшы – генерал Улисс Грант болды, Азамат соғысындағы Солтүстіктің табыстары болашақта оның есімімен

байланыстырылатын болады.

Линкольннің алғашқы президенттілігі кезіндегі ішкі және сыртқы саясат саласындағы барлық әрекеттері белгілі бір дәрежеде соғыспен байланысты болды. Кедендік тарифтерді көтеру туралы мәселе шешілді. АҚШ Конгресі 1857 жылғы кедендік мөлшерлемелерді импорттық жобалардың құнының 47 %-ына дейін екі есеге көбейткен тарифтер жөніндегі Морилла Заңын қабылдады. Бұл шешім Оңтүстікпен келісімге келу мүмкіндігін жойды. Алайда Линкольннің басқа жолы болмады: Оңтүстіктің бүкіл аймағы еркін сауда зонасына іс жүзінде біріккеннен кейін Солтүстіктің импортерлері президентке ультиматум жариялады – Оңтүстікте солтүстік штаттарда төлеуге мәжбүр болғандай кедендік тарифтер орнатылады, немесе өздерінің импорттық тауарға баж салығын төлеуден бас тартатындығын жариялады.

Құлдық туралы мәселе бөлініп кеткен штаттардың талаптарында маңызды болғанымен, алайда шешуші орын алған жоқ, сонымен бірге Линкольн әкімшілігі бастапқыда елдің Оңтүстігінде таралған құлдық институтының өмір сүру құқығына сенімсіздік білдіру ниетінің жоқтығын мәлімдеген болатын. Қаржымен, салықпен және сауда-экономикалық саясатпен байланысты мәселелер маңызды деп саналды, себебі оңтүстіктегілердің сенімінше, орталық үкімет бұл саясатты Солтүстіктегілердің мүддесіне орай, федералдық бюджетке түсіп отырған барлық салықтық түсімдердің 80%-ы оңтүстіктегілердің үлесіне тиіп отырса да, олардың мүддесіне сай емес түрде жүргізуде. Елдің аграрлық аймағы болған Оңтүстік негізінен ауыл шаруашылығы өнімдерін – мақта мен астықты өндірді және Солтүстіктің өнеркәсіп тауарларының ірі тұтынушысы болды. Оңтүстіктің экспортқа шығарып отырған ауыл шаруашылығы өнімдері жылына 213 млн. долларды құраса, ал Солтүстік жылына 47 млн. долларды құрайтын өз өнімін шығарып отырды. Оңтүстік порттардан шығарылатын бүкіл экспорт солтүстік штаттардың кеме иелеріне тиісті кемелермен шығарылды.

Протекционистік тарифтерді өсіру арқылы федералдық үкімет ең алдымен штатаралық және Оңтүстіктің сыртқы саудасына кедергілер жасау ниетін жасырмай отырған Солтүстіктің өнеркәсіпшілері мен саудагерлерінің мүдделерін көздеуінен өздерінің мүдделеріне қысым жасауда деп білді. Импортқа жоғары салық салуды енгізу, Оңтүстіктегілердің пікірінше, оңтүстіктегілердің ақшасы есебінен солтүстіктегілердің қалтасын толтырудың тиімді жолы. Кедендік салықтарды өсіру бағаның өсуіне, ал бұл өз кезегінде оңтүстіктегілердің өмір сүру деңгейінің төмендеуіне әкелетін еді.

Одақтан бөлінуге шешім қабылдаған оңтүстіктің жетекшілері дербес өз мемлекетін құру америкалық Оңтүстікті Солтүстікке ірі сауда-экономикалық бәсекелеске айналдырады және Чарльстонды, Нью-Орлеанды және Саваннаны Жаңа Дүниенің басты сауда порттарына және Нью-Йорк, Бостон және Филадельфияның бәсекелесіне айналуына мүмкіндік береді деп есептеді. Бұл жоспарлар бөлінген штаттар 1861 жылы 11 наурызда қабылдаған конституцияда көрініс тапты. Моррилла Тарифін жойған оңтүстіктегілербүкіл оңтүстік аймағын еркін сауда зонасы деп жариялады, бұл Линкольнді оңтүстік порттарды қоршау жағдайында деп жариялауға итермеледі. Мұндай шешімсіз

европалық тауарлардың ағылып келуінен еш қорғалмаған оңтүстіктік нарық солтүстіктің өнеркәсіп тауарлары үшін жабылар еді, ал оңтүстіктік шикізат-мақта Солтүстіктің тоқыма өнеркәсібі үшін өте қымбат болар еді, ал бұл ағылшын тоқымашылары үшін үлкен басымдық болар еді.

Өз тоқыма өнеркәсібі үшін қажетті америкалық шикізат-мақтаны алу мүмкіндігінен айырған Линкольннің бұл шешімі Англия мен Францияның жағымсыз реакциясын тудырды. Линкольн әкімшілігінің әрекеті нәтижесінде экономикасына күрделі шығын келген европалық державалардың бүкіл Азамат соғысының барысында Конфедерацияны моралдық және материалдық тұрғыдан қолдауының басты себебі де осында еді. Лондон оңтүстіктегілерге көмек ретінде бірнеше кемелерді жіберуді ұйғарды, оларды Конфедерация үкіметі Солтүстік жариялаған оңтүстік порттарды қоршаумен күресу үшін белсене қолданды.

Линкольнның әлі де болса күштеу емес әдісті қолдану ниеті болды. Ол солтүстік және батыс штаттардың фермерлерінің және өзінің соғысқа қатынасын анықтамағандар тарапынан қолдау табуға тырысты. 1862 жылы мамырда гомстед туралы Заңға қол қойылды, ол бойынша ел азаматы немесе азамттық алуға тырысқан әрбір адам мемлекеттік жер қорынан бөлінген 160 акрға (65 гектар) дейінгі мөлшерде жер бөлігін тегін алуға құқылы болды. Бес жылдан кейін жер бөлігі азаматтың толық жеке меншігіне айналды. Сонымен бірге жер бөлігін АҚШ аумағында алты ай тұрақты түрде тұрғаннан кейін де алуға болатын еді, алайда бұл жағдайда 1 акр жер үшін 1,25 цент мөлшерінде төлем төленуі тиіс болды. Сонымен бір мезгілде федералдық астана Вашингтон орналасқан Колумбия округінде құлдық жойылды, ал бұрынғы құл иеленушілерге ақшалай орнына төлеу (компенсация) төленді. 1863 жылғы 4 шілдеден кейін негрлер отбасында дүниеге келген барлық балалар ерікті деп жарияланды. Федералдық армияның бақылауына өткен бүлікші штаттардың қара түсті еріксіздеріне құлдықтан бірте-бірте босатылу принципі қолданыла бастады. Олардан конфедераттарға қарсы шайқастарға қатысқан полктер құрыла бастады.

1862 жылы қабылданған ұлттық ақша айналымы туралы Заң алтын мен күміске айырбастауға болмайтын қағаз ақшаларды айналымға енгізді және орталықтандырылған ақшалай несие жүйесі мен экономиканың өмірлік маңызды салаларын қаржыландыруды жетілдірудің бірқатар шараларын көздеді. Конгресс темір жол құрылысын салуға, кеме жасауға және өнеркәсіптің басқа да тиімді салаларына ірі қаржы бөлді. Салықтар мен оны жинау бойынша тиімді мемлекеттік аппарат құрылды және бүкіл үкіметтік аппарат бұрынғыдан да орталықтандырылды. Линкольн әкімшілігінің қаржы-экономикалық салада қабылдаған шешімдерінің логикалық қорытындысы 1863 – 1864 жылдары федералдық биліктің қолына мемлекеттің бүкіл қаржы ағымын шоғырландыруға мүмкіндік берген жалпыұлттық банк жүйесінің құрылуы болды. 1862 жылы қол қойылған Тынықмұхиттық темір жол туралы Заң да маңызды болды.

1861 жылы күзде америкалық кеме бортында Европаға құпия асығыс

хабармен бара жатқан құлиеленушілік Оңтүстіктің эмиссарлары бар ағылшындық «Трент» кемесін ұстап, тінту жүргізді. Халықаралық құқыққа қарама-қайшы келген, бірақ Солтүстікте қолдау толқынын туғызған бұл инцидент «Трент ісі» деген атаумен белгілі болды. «Трентпен» болған оқиға АҚШ-пен Англияның арасын шиеленістіргені соншалық, Лондон Канадаға 8-мыңдық әскерді жібереді. Алайда Англия да, Францияда Солтүстік пен Оңтүстіктің арасындағы жанжалға тікелей араласу әрекеттерін жасамады. Англияның АҚШ-тың солтүстік штаттарына деген экономикалық мүдделілігіне қарамастан, Лондон мен ағылшын баспасөзінің жағымды көзқарасы айқын көзге көрініп тұрды. «Трентпен» болған инцидент халықаралық дауға дейін ушықтырылды. Федералдық үкімет Ұлыбританиямен елде азамат соғысы болып жатқан тиімсіз кезеңде соғысуды қаламады. «Бір соғыстан артық соғысты бізге жүргізу қажет емес», - деп есептеді А.Линкольн. 1862 жылы құл сату саудасына тыйым салған Англиямен келісімге қол қойылды және америка-канада шекарасын Конфедерация агенттерінің бұзуына байланысты туған ағылшын-америка қатынастарындағы келіспеушіліктер реттелді.

АҚШ пен Ресей арасындағы қатынастарға келетін болсақ, император II Александр мен канцлер князь А.М.Горчаков америкалық одақтың сақталуының қажеттілігін батыл қолдады және АҚШ басшылығын жанжал барысында екі жақтың бірінің «толық күйреуіне» жол бермеуге бар күшін салуға шақырды, себебі ерте ме кеш пе қандай да болсын келісімге келу қажеттігін көрсетті. Ресей үкіметінің болып жатқан оқиғаларға қатынасы оның нақты әрекеттерінен көрінді: 1862 – 1864 жылдары орыс әскери-теңіз эскадралары Нью-Йорк (адмирал С.С.Лесовский басшылығымен) және Сан-Франциско (адмирал А.А.Попов басшылығымен) порттарына жіберілді. Америкалық дипломат және мемлекет қайраткері Э.Кертин, соғысқа Англия кірісетін болса, орыс эскадрасын президент Линкольннің құзырына беру туралы Лесовскийге құпия бұйрық берілген болатын деп тұжырымдады.

Сонымен бірге ресейлік кемелердің америкалық порттарға кіруін түсіндірген тағы бір сыншылардың өзіндік болжамы бар: Ресей үкіметінің Ұлыбритания және басқа да европалық державалар Поляк көтерілісіне араласқан жағдайда Балтық теңізінде ағылшын флотының қоршауынан өз кемелерін құтқаруға тырысуы. Олардың тұжырымдамалары бойынша, Ресей АҚШ-ты қолдауды ойлаған жоқ және қайта Құрама Штаттар орыстарға өз достық ниетін білдіріп, күйреуге душар болатын орыс кемелерін өз бейтарап порттарында қабылдауға келісті. Америкалық тарихшылар тіпті ресейлік флот Балтикадан Англияның сауда кемелеріне шабуыл жасап, оларды тонау үшін жіберілген деп те тұжырымдады. Ресейлік жақтың бұл қадамының себебі қандай болса да, Линкольн әкімшілігі қалыптасқан жағдайда өзіне қажет қолдауға ие болды.

Белсенді әскери қимылдарға қарамастан үкімет пен президент Оңтүстікпен қатынастарын бұзбауға және соғысты конституциялық әдістермен жүргізуді жақтады. Алайда 1862 жылы қарашадағы конгреске аралық сайлауда республикашылдар және президент жеңілгеннен кейін жағдай біраз өзгерді.

1862 жылғы сайлауда демократтар жеңгеннен кейін Линкольн алдында бір ғана таңдау тұрды – Солтүстіктің әскери басшылығынан Оңтүстікпен келісімге келуді жақтаушыларды, атап айтқанда солтүстіктің армиясының бас қолбасшылығынан генерал Макклелланды алып тастау қажет болды. Линкольнды бұл қадамға конфедераттармен 1862 жылы қыркүйекте Антиетам-Крик өзеніндегі шайқас кезіндегі генералдың батылсыздығы итермеледі. Макклелланды Солтүстіктің армиясын басқарудан алып тастаумен бір мезгілде «тазалау» жүргізілді, сенімсіздер тұтқындалды немесе армиядан кетірілді.

Іс жүзінде Аниетам шайқасы Линкольнге шешуші қадам жасауға мүмкіндік берді. Бастапқыда президенттің мақсаты біреу ғана болды, ол – Одақты қалпына келтіру еді. Алайда әскери іс-қимылдардың барысында солтүстіктегілердің көпшілігі құлдықты жоюды жақтай бастады. 1862 жылы 22 қыркүйекте Линкольн прокламация жариялады, онда көтеріліске шыққан штаттар 1863 жылдың 1 қаңтарына дейін Одаққа қайта оралмаса, онда олардың аумағындағы барлық құлдар «мәңгілікке азат» деп жарияланады деген ескерту жасалды. Конфедерация штаттары прокламацияға көңіл аудармады, сонда екінші прокламация жарияланды, ол елдің кейбір аймақтарына қатысты болып, сецессионистердің меншігіндегі құлдардың ғана азат етілетіндігі жарияланды. Федералдық әскерлер алған штаттардағы құлдар, Конфедерацияға кірмеген шекаралық және оңтүстік штаттардағы құлдар сияқты азат етілмеді, себебі мұндай шешім бұл штаттардың федералдық үкіметке «ниеттес» плантатор-құл иеленушілерінің ашуын тудырып, олардың федералдық үкіметті қолдауын әлсірететін еді. Негрлерді азат ету туралы Прокламацияны шығара отырып, Линкольн Солтүстіктің армиясының қатарында шайқасқан қара түсті солдаттарды өзіне тартуға тырысты.

Негрлерді азат ету, яғни құлдықты жою шын мәнінде революциялық қадам болар еді, алайда президент бұған бармады. Линкольн прокламацияның кемшіліктерін түсінді және ниеттестігін сақтаған шекаралық құлиеленушілік штаттардан шыққан конгресс мүшелерін құлдарды азат етудің ұзақ уақытқа арналған Бағдарламасын қолдауға көздерін жеткізуге тырысты. Алайда консервативті республикашылдар оны шамадан тыс радикалды, конституцияға қайшы және тиімді емес деп атаған аболюционистер сияқты, оған өз наразылығын білдірді. Елде, оның ішінде ерікті штаттарда негрлермен бірге қатар өмір сүріп, бірге еңбек еткісі келмеген ақ түсті азаматтар көп еді. 1863 жылы қаңтарда Линкольн негрлерді азат ету туралы тағы бір Прокламацияны жариялады, онда құлдарды азат ету соғыстың мақсаты деп көрсетілді, бұл ақырында бүкіл елде құлдықтың жойылуына әкелді.

1863 жылы соғыстың барысы өзгерді. Федералдық армия Фредериксберг маңында (1862 жылы желтоқсан) және Ченселлорсвилде (1863 жылы мамыр) бірнеше жеңілістерге ұшырағанымен, оның жаңа қолбасшысы генерал Дж. Мид Геттисберг түбінде (1863 жылы шілде) генерал Ли армиясына күшті соққы берді. Келесі күні Виксберг түбінде (Миссисипи штаты) генерал У. Грант генерал Пембертон бастаған конфедераттар армиясын тізе бүктірді, осылайша Одақ әскерлерінің Миссисипиге шығуына жол ашты және Конфедерацияны

екіге бөліп тастады. Күзде Грант Чаттануги қоршауын бұзып шығып, Лукаут-Маунтин және Мишинери-Ридж таулары ауданындағы шайқастарда (1863 жылы қараша) тамаша жеңістерге жеткеннен кейін, Линкольн Грантқа толық сенім артып, оны 1864 жылы 10 наурызда Солтүстіктің барлық армияларының қолбасшысы етіп тағайындайды.

1861 жылы Линкольн жариялаған Конфедерация порттарын блокадалаудың соғыстың бастапқы кезеңінде тиімділігі аз болды, ол тек 1863 жылы ғана, Оңтүстік өз мақтасын Европаға шығару мүмкіндігінен толық айырылып, ол жақтан әскери жабдықтар, киім-кешек және медициналық препараттар ала алмайтын болғанда ғана пайдалы бола бастады. Әсіресе Д.Фэррагат бастаған федералдық әскери-теңіз күштерінің әрекеттері табысты болды: Нью-Орлеанды басып алып, Алабаманың маңызды порттардың бірін толық қоршап алды. 1863 жылы құрлықта да Солтүстіктің күштерінің пайдасына бетбұрыс жасалды. Геттисберг түбіндегі (Пенсильвания штаты) шілдедегі шайқас оңтүстіктегілер үшін әскери апат болды. Теннесидегі конфедераттардың да қарсылығы тойтарылды, нәтижеде федералдық әскерлер штаттың біраз бөлігін иеленді; сонымен бірге олар Миссисипи өзені шатқалындағы маңызды өзендік порт Мемфис қаласын да алды. Бұл шайқастардың барысында екі жақ та үлкен шығындарға ұшырады. Бір ғана Геттисберг шайқасында 7 мыңға жуық солтүстіктегілер мен конфедераттар қаза болды, олардың көпшілігі сол жылы қарашада Линкольнның өзі ресми түрде ашқан Геттисбергтегі ұлттық қабірге жерленді. Оның ашылуы кезінде сөйлеген қысқа сөзінің мәтініндегі «халық үшін, халық сайлаған халық билігі жер бетінен ешқашан жоғалмайды» деген үміттенушілік сөздері Вашингтондағы Линкольнге арналған мемориалдың бір жақ бетіне ойып жазылды.

1863 жылғы 8 желтоқсандағы президенттің АҚШ Конгресіне жолдауы Линкольннің соғыстан кейінгі елдің құрылысына деген көзқарастарына арналды. Ол жариялаған кешірім беру мен қайта құру (реконструкция) Прокламациясы әкімшіліктің елден бөлінген штаттардың экономикалық және саяси өмірін қалпына келтіруді жүзеге асыратын шараларын қарастырды. АҚШ Конституциясына адалдығы туралы ант берген барлық адамдарға кешірім жариялаған президент Конфедерацияның жоғарғы дәрежелі ресми тұлғалары мен армияның жоғары шеніндегі тұлғаларына кешірім беруден бас тартты. Кешірім берілген азаматтарға олардың құлдарынан басқа меншігін қайтаруға уәде етілді, ал Конфедерацияның бұрынғы штаттарына, тұрғындарының 10 %-ы АҚШ Конституциясына адалдығы туралы ант берсе, ол штаттардың аумағында құлдыққа тыйым салына отырып, олардың Одақ штаты ретінде құқықтарының қалпына келтірілетіндігіне уәде берілді.

1864 жылы А.Линкольннің президенттілігінің бірінші кезеңі аяқталды. Өткен төрт жыл оның әкімшілігі үшін табыс пен сәтсіздік, салтанатты жеңіс пен қайғы-қасірет жылдары болды. Келесі президенттік сайлау науқанының басына қарай азамат соғысы аяқталып қалған болатын. Линкольннің өз партиясында, конгресте де, үкіметте де оның көптеген жауларының болуына қарамастан, олар оның үміткерлігін қайта ұсынуға қарсы тұра алатындай күшті

емес еді. Соған қарамастан, 1864 жылы жазда президент өзінің жеңісіне сенімді болмады. Осы кезге қарай қалыптасқан жағдайда, генерал У.Шерман Атланта түбінде қалдырылды, ал У.Грант ірі шығындарға ұшырай отырып, ақыры Ричмондты ала алған жоқ, ал соғыстан шаршаған көптеген солтүстіктегілер қайткен күнде де бейбітшілікке жетуді жақтады. Бұл көңіл-күйлерді Демократиялық партия пайдаланды, ол 1864 жылы тамызда ұлттық съезіне жиналып, соғысты аяқталды деп жариялады және президентке үміткер ретінде Линкольн «репрессиялаған» генерал Дж. Макклелланды ұсынды. Демократтардың бұл таңдауы Линкольнді өзін сайлауда жеңіліс күтіп тұр деген сенімге әкелді.

Алайда оның сенімсіздігінің басты себебі, бұрынғы бүлікшілерге бірдей саяси құқықтар беру туралы Линкольннің жоспарымен келіспеген Республикалық партияның радикалды көңіл-күйдегі қанатының келіспеушілігіне байланысты туған партияның өз ішіндегі жіктеліс еді. Радикалды республикашылдар құлдық туралы мәселені түбірлі өзгерістермен шешуді талап етті. Негрлерді азат ету туралы Прокламация шыққаннан кейін олар Оңтүстікке қатысты ауыр жазалау шараларын қолдануды талап етті, ал бұл Линкольннің көзқарастарына қарама-қайшы еді. Ол өз позицияларының себептерін былайша түсіндірді: президенттің либералдық ой-ниеттері жүзеге асса, онда бұл штаттарда билікке құлдықты жоюға жол бермейтін қайтадан бұрынғы бүлікшілер келеді. Іс жүзінде олардың қауіптенуі одан да маңыздырақ мәселеге байланысты еді – Азамат соғысын жүргізген саяси күштердің билігі қалпына келтірілгеннен кейін, Солтүстік пен Оңтүстіктің саяси және экономикалық мүдделерінің қарсы тұруы қайтадан жаңа күшпен басталар еді. Радикалдар ұсынған Уэйд Дэвистің заң жобасы оңтүстік штаттарды қайта құрудың барынша қатаң үлгісін ұсынды, ол бойынша Одаққа адалдығы туралы ол штаттар тұрғындарының 50%-ы беруі тиіс, осылайша өткенге қайта оралудың іске аспайтындығына белгілі бір кепілдікті қамтамасыз ету көзделді. Алайда Линкольн бұл заң жобасын кейінге қалдырды және өзінің Одаққа 10-пайыздық адалдықты ғана талап ететіндігін тағы да білдірді. Бұған келіспеушілігін радикалдар радикал-демократтар партиясына бірігуге ұмтылумен және тіпті президентке өз үміткері ретінде Дж.Фрименді ұсынумен көрсетті. Генерал У.Грант радикалдардан үміткер ретінде ұсынылудан бас тартты, бұған риза болған Линкольннен ол генерал-лейтенант атағын алды.

1864 жылдың жазының соңына қарай майдандардағы жағдай федералдық армияның пайдасына өзгере бастады: солтүстіктің әскерлері оңтүстік штаттар Конфедерациясының аумақтарына ішкерілей ене берді, олардың әскерлері жеңіле берді, радикалдар президентті жақтаушылар лагеріне қайта оралды. Атлантаның тізе бұгуі (1864 жылы 1 қыркүйек) Солтүстіктің әскери жеңіске деген және белгілі бір дәрежеде Линкольннің сайлауда жеңіске жетуге деген сенімін қалпына келтірді. Сайлау алды науқаны бәсекелесуші партиялардың бір-бірін өзара айыптауларына, әсіресе президентті айыптауларға толы болса да, бірде-бір саяси күштің соғысты аяғына дейін жеткізудің қажеттігіне сенімсіздігі болмады. Республикашылдардың саяси платформасы келісімге

келмейтін сипатта болды. Олар Конфедерацияны талқандауды және оның сөзсіз тізе бұғуын, бүлікшілдердің жетекшілерін жазалауды талап етті, құлдыққа тыйым салатын конституцияға түзетуді енгізуді және соғыс ардагерлеріне көмек ақша төлеуді қолдады. 1864 жылы 22 желтоқсанда генерал У.Шерман Саваннаны алды, ал 15-16 желтоқсанда генерал Дж.Томас Нашвилл түбінде конфедераттардың теннессиілік армиясын талқандады.

1865 жылы 4 наурызда Линкольн президенттікке екінші рет ант берді, алайда оның президенттігі қысқа уақытқа созылды, 14 сәуір күні кеште Вашингтондағы Форд театрына барған кезде актер Джон У.Бут оның өміріне қастандық жасады. Өзі-өзіне келе алмаған Авраам Линкольн келесі күні тәңертең қайтыс болады. Азамат соғысының қорытынды ұрыстары Линкольннің өлімінің қарсаңындағы және жаңа 17-ші президент Эндрю Джексонның кезінде (1865 – 1869 жж.), 1865 жылы сәуір күндері өтті.

1865 жылы 3 сәуірде Конфедерацияның астанасы Ричмонд қаласы құлады, ал 9 сәуірде Конфедерация армиясының қолбасшысы генерал Р.Ли Аппоматокс түбінде (Вирджиния штаты) генерал У.Грант алдында тізе бүкті. Соғыс генерал Дж.Джонстонның генерал У.Шерман басқарған федералдық әскерлермен болған Солтүстік Каролинадағы Дарем қаласы түбіндегі шайқасы кезінде тізе бұғуімен аяқталды. Конфедераттар армиясының қалдықтары 1865 жылы мамырда берілді.

Осылайша, АҚШ-тағы азамат соғысы адам шығындары тұрғысынан алғанда ел тарихындағы ең қымбатқа түскен соғыс болды (екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі шығындарды есептемегенде). 1861 – 1865 жылдары өлгені, жараланғаны және басқа да себептермен өлгені бар екі жақ 800 мыңға жуық адамнан айырылған. Соғыс елде капитализмнің дамуына жағымды жағдай жасаған бірқатар буржуазиялық-демократиялық қайта құрулардың жүзеге асырылуына әкелді. АҚШ-тың орталықтандырылған унитарлық мемлекетке айналуына жағдайлар жасалды. Соғыстың жағымды нәтижелеріне ауыл шаруашылығында капитализмнің дамуының америкалық жолының жеңіске жетуін де жатқызуға болады. Батыстағы жерлер туралы мәселе демократиялық жолмен шешілді. 1865 жылы 31 қаңтарда АҚШ Конгресі АҚШ Конституциясына құлдықты ұлттық ауқымда жойған XIII түзетуді қабылдады. Оның бекітілуі сол жылы желтоқсанда жаңа президент кезінде жүзеге асты. Құлдықты барлық жерде жоюды жүзеге асырудың алғашқы қадамдары ішкі

Соғыс аяқталғаннан кейін АҚШ Конгресіндегі республикалық көпшілік Джонсонның оңтүстіктің демократтары Одаққа адалдығы туралы ант берсе, олардың АҚШ-тың толық құқықты азаматтары статусын, конгреске де сайлану құқығын да мойындау туралы ой-ниетіне қарсылық көрсетті. Радикалды республикашылдар барлық сецессионистерді қатал жазалауды үзілді-кесілді талап етті. Олар ақ түсті оңтүстіктегілердің елдің жоғарғы заң шығарушы органына сайлануына кедергі жасай алмаса да, республикалық көпшілік оңтүстік штаттардың сайланған өкілдерінің саяси қызметін шектеген заң шығарды – осы заңға сай олардың сенатқа және Палатаға өтуіне жол жабылды. Республикашылдарды оңтүстік штаттардың басшылығы мен АҚШ Конгресіне

олардың өкілдерінің арасында сецессияның бұрынғы жетекшілерінің немесе идеялық және саяси жағынан олармен байланысты тұлғалардың көптеп болуы одан да көбірек мазасыздандырды. Жеңіске жеткен республикашылдар олармен билікті бөліскісі келмеді.

Президент Джонсон Оңтүстіктен сайланғандардың құқықтарын шектеген заңға вето қойды, оның себебін бұл заңның олардың конституциялық құқықтарын шектейтіндігімен түсіндірді. Конгресс президенттік ветоны тойтарып қана қойған жоқ, сонымен бірге 1866 жылы елдің кара түсті азаматтарына ақ түстілермен бірге бірдей құқық берген және негрлердің құқықтарына қысым жасауға тыйым салған азаматтық құқықтар туралы Заңды қабылдады. Бұл заң негрлер мен ақ түсті кедейлердің елдің саяси өміріне белсенді қатысуына, атап айтқанда Қайта құру (Реконструкция) үкіметтері деп аталған оңтүстік штаттарда жаңадан құрылған үкіметтердің жұмысына қатысуына ықпал етті. АҚШ тарихында алғаш рет негрлер қайраткерлері конгреске сайланды. Жергілікті жерлерде де негрлердің қоғамдық-саяси қызметі белсенді бола бастады. Олар негрлік милиция отрядтары мен негрлік атқыштар клубтарын құрған Одақтық лигалар деп аталғандарды ұйымдастырды. Нәсілдік сипаттағыдан гөрі, көбінесе жалпысаяси және экономикалық ұйымдар болған бұл бірлестіктер плантаторлардың террорына қарулы қарсылықты басқарды және негрлердің жер үшін күресінде маңызды роль атқарды. Негрлер жер бөліктерін басып алды және ірі плантацияларды бөлуді талап етті. Күні кешегі құлдардың саяси белсенділігі Оңтүстіктің плантаторларын қорқытты және Қайта құру міндеттеріне байыпты көзқарас ұстанған Солтүстіктің буржуазиясының бір бөлігін сақ болуға итермеледі.

1866 жылы маусымда республикашылдардың АҚШ Конституциясына ұсынған XIV түзетуі штат билік орындары азаматтардың құқықтарын бұзған жағдайда федералдық билік орындарының оларды қорғап араласуын қарастырды. Бұл түзету Оңтүстікте жағымсыз қарсы алынып, Джонсонның шыққан штаты Теннессиден басқа штаттардың барлығы оны бекітуден бас тартты. Бірнеше штаттарда федералдық әскерлермен қанды қақтығыстар болды, бұл «Мэйсон-Диксон» сызығының екі жағындағы Джонсонның жағдайын күрделендірді және Солтүстіктің де, Оңтүстіктің де баспасөзі мен саяси топтарының арасында жаңа антипрезиденттік наразылықты туғызды.

1867 жылы наурызда Қайта құру туралы алғашқы Заң қабылданды. 1865 – 1875 жылдар аралығындағы кезең Қайта құру (Реконструкция) кезеңі деп аталды, бұл жылдары кезінде Одақтан бөлінуге тырысқан оңтүстік штаттардың саяси және экономикалық өмірін қалпына келтіру процесі жүргізілуі тиіс болды. Қайта құрудың алғашқы заңына сай оңтүстіктің он штатының аумағында өз бақылауындағы аумақта бүкіл билікті жүргізуге өкілетті генерал басқарған бес әскери округ құрылды. Сонымен бір мезгілде президенттің армия бойынша жарлықтарды тек қана оның басшысы генерал Грант арқылы ғана шығара алатындығы жөніндегі армияны басқару туралы Заңның және сенаттың келісімінсіз президенттің жоғарғы қызметтік тұлғаларды орнынан алуына тыйым салған жоғарғы қызметтерді иелену туралы Заңның қабылдануы

радикалды Қайта құрудың бастамасын білдірді.

1868 жылы маусымда қабылданған әскери қайта құру туралы Заң арқылы Арканзас, Солтүстік және Оңтүстік Каролина, Луизиана, Джорджия, Алабама және Флориданың штат ретіндегі құқықтары қалпына келтірілді. Олардың губернаторлары, сенаторлары және конгрессмендері болып «жылы орын» іздеп Оңтүстікке қарай жылжыған солтүстік штаттардан шыққандар болды.

Ішкі саясат саласында президент пен конгрессмендердің арасында өткір келіспеушіліктің болғандығын атап айту қажет, олар президентті бұл салада еш әрекет жасамады деп айыптады, ал сыртқы саясатта белсенді шаралар жүргізілді. Ең алдымен олар АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Уильям Сьюардтың есімімен байланысты болды. Ол нық сенімді экспанионист болды, «Монро доктринасы» тұжырымдаған америкалық мемлекеттің сыртқы саяси бағытын жалғастырды. 1867 жылы оның күш салуымен Тынық мұхиттағы Гавай аралдарынан солтүстік-батыста орналасқан Мидуэй коралдық аралдары аннексияланды. 1867 жылы наурызда Сьюард және ресейлік императорлық сарайдың тапсыруымен АҚШ-тағы ресейлік елші Э.А.Стекл Орыс Аляскасын АҚШ-қа сату туралы Келісімге қол қойды. Ресей сатып отырған аумақтың жалпы көлемі 1519 мың км²-ді құрады, онымен бірге Құрама Штаттарға ондағы жылжымайтын мүлік, отарлық архивтер, ресми және тарихи құжаттар да берілді. Жергілікті тұрғындардың үш жыл ішінде Ресейге оралу құқығы болды, немесе АҚШ-та қала алды. АҚШ Ресейге бұл аумақтар үшін бекітілген құжаттармен алмасу басталған күннен бастап 10 ай мерзім ішінде алтынмен 7,2 млн. доллар, яғни 1 км² жер үшін шамамен 4,7 доллар төлеуге міндеттенді. Құрама Штаттарға Алясканы сату туралы шешім қабылдаған ресейлік үкімет ең алдымен қаржылық емес, саяси ой-мүдделер басшылыққа алды. II Александр бұл актінің Ресей мен АҚШ-тың арасындағы болашақ қайшылықтарды жояды және екі ел арасындағы одақты нығайтуға ықпал етеді деген сенімде болды. Бұл жасалған келісім-шартты оны жасаушылар сарай маңы топтары арасында алыстағы аумақтарды «теңіз қожайыны» Ұлыбританияның агрессивті жоспарларынан және америкалық алтын өндірушілер мен аңшылардан тарапынан болатын қол сұғушылықтан қорғаудың мүмкін еместігімен байланысты деп жасалды түсіндірді. 1868 жылы америка-қытай Берлингем Келісіміне қол қойылды, ол Қытайдағы америкалық құқықтарды нақтылады, екі жақты сауда мәселелерін реттеді және қытайлықтардың Құрама Штаттарға шексіз иммиграциясына кепілдік берді.

Джонсонның өз үміткерлігін екінші рет президенттік сайлауға ұсыну мүмкіндігі қалмады, себебі билік орындарында оның нақты қолдаушылары болмады. АҚШ-тың 18-ші президенті болып Улисс Грант сайланды (1869 – 1877). Ол өзінің сіңірген әскери еңбегінің арқасында сол кездегі танылмал қайраткерлердің бірі еді, алайда саяси көзқарасы жағынан әлі толық анықталмаған, бірақ республикашылдарды жақтауға көбірек бейім тұлға еді. Оның әкімшілігінің құрамына кірген тұлғалардың ішінде оның достары және аukatты адамдар басым болды, олардың көпшілігінің мемлекеттік қайраткерлерге тән қасиеттері болмаған. Президент үкіметті армияны

басқарғандай басқаруға тырысты, яғни қол астындағылардан жарлықтарының сөзсіз орындалуы талап етілді. Сондықтан көп ұзамай оның жалпы саясаты, атап айтқанда Оңтүстікке қатысты саясаты Қайта құрудың жүзеге асырылуымен қанағаттанбаған көптеген адамдардың пайда болуына әкелді. Бүкіл Оңтүстікте президенттің қолдауымен әскерлерді пайдалану және Гранттың азаматтық қызметтің принциптеріне жаулық пиғылдағы қатынасы либералдық республикалық қозғалыстың ұйымдасуына әкелді.

Грант әкімшілігі кезінде үндістер туралы мәселе көтерілді. Азамат соғысы мен Қайта құру жылдары кейінге ысырылған бұл мәселе ақыры шешімін таппады. Азамат соғысы кезінде үндістердің арасында жіктелістің болғанын атап айту қажет, құл еңбегін қолданған чокто, чиксо, крик, семинол және чероки тайпалары Конфедерацияны жақтап, олардың жағында соғысты. Жазықтағы үндістер - арапахо, шайендар, пуни, кайова, команчи, навахо, уичита және черокилердің бір бөлігі федералдық билікті жақтады. Тек қана сиу тайпасы ақ түсті қоныс аударушылармен 1862 жылы соғыс бастап, федералдық әскерлермен 1876 жылға дейін қанды шайқастар жүргізді. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін үндіс тайпалары соғыс кезінде қай жақты қолдағанына қарамастан федералдық әскерлер оларды шектеулі бір жерлерге – резервацияларға ығыстырды.

Өнеркәсіптік Солтүстіктің елдің экономикалық және саяси өміріне бақылауының қалпына келтірілуімен және 1870 жылы наурызда АҚШ Конституциясына нәсіліне, терісінің түсіне және бұрынғы еріксіздік жағдайына қарамастан, Құрама Штаттардың барлық азаматтарына тең сайлау құқығына формалды түрде кепілдік берген XV түзету бекітілгеннен кейін, елдің қара түсті тұрғындарының статусы туралы мәселе шешілгендей болды. Бұрынғы бүлікшілдік штаттардағы жағдай олардың кейбіреулерінде орналасқан конституцияның бұзылуына жол бермеуге тиісті болған федералдық әскерлермен бақыланды. Алайда оңтүстік штаттардың легислатураларындағы ақ түсті расистер әлеуметтік реформаларға кедергі жасауға тырысты. Мысалы, бұл жылдары елдің Оңтүстігінде (1869 жылы тыйым салынғанына қарамастан) бұрынғы конфедераттар мен сецессионистердің қызметі кеңейді, олар 1865 жылы Ку-клукс-клан деп аталған құпия террорлық ұйымға бірікті. Басқа да осындай бірлестіктер құрылды: «Ақ камелия рыцарлары», «Ақ роза қоғамы», «Ақ ағайыншылдық» және т.б. Жергілікті қара түсті тұрғындар үшін террор әдеттегі құбылысқа айналды. 1873 жылы АҚШ-тың жоғарғы сотының шешімімен конституцияға XIV түзетуі қара түсті азаматтардың құқықтары жеке адамдар мен компаниялар тарапынан емес, билік орындары тарапынан бұзылған жағдайда ғана қорғауды көздейтіндігі туралы түсініктеме берілді. Бұрынғы құлдарға еркін сөз жүзінде ғана (формалды түрде) берілді, ал іс жүзінде теңдік орнаған жоқ болатын.

Гранттың президенттілігінің аяқталу кезеңі он жылдан аса уақытқа созылған Қайта құру кезеңінің де аяқталуын білдірді. 1872 жылы мамырда АҚШ Конгресі қабылдаған жалпы кешірім туралы Заң оңтүстік штаттардың барлық азаматтарының (сецессияның 500 барынша белсенді жақтаушыларынан

басқа) азаматтық құқықтарын қалпына келтірді. Бұл штаттардың саяси қайраткерлері жергілікті билік орындарындағы және Демократиялық партияның бөлімдеріндегі жауапты қызметтерден Солтүстіктен келгендерді ығыстырып, өз қолдарына шоғырландыра бастады. Гранттың Ақ үйдегі билігінің соңына қарай республикашылдар Оңтүстіктің үш штатында ғана мұндай қызметтерді өз қолдарында сақтады.

Азамат соғысы елден оның барлық күштерінің орасан зор күш салуын қажет етті, «Мэйсон-Диксон» сызығының екі жағындағы да экономикалық потенциал мен шаруашылық және әлеуметтік жүйелердің кемшіліктерін көрсетті. Сонымен бірге ол экономиканың жас және перспективалы салаларын өрге сүйреген локоматив ролін атқарды. Азамат соғысы нәтижесінде елге келтірілген орасан зор шығындар, америкалықтардың алдына мемлекеттің экономикалық мүмкіндіктерін тез арада қалпына келтіру қажеттігін қойды. Бұл міндет қалпына келтіру процесіне тұрғындардың барлық топтарының: бүлікшіл Оңтүстіктегілердің де, жеңіске жеткен Солтүстіктегілердің де және әлі толық игерілмеген Батыстың да тұрғындарының қатысуын талап етті.

Оңтүстікке қарағанда өнеркәсібі дамыған және экономикалық жағынан дербес болған Солтүстік басым болды. Соғыстың нәтижесінде оңтүстік штаттар саяси алауыздық және шаруашылық күйреу жағдайында болды. Экономикалық жағдай федералдық биліктің Конфедерацияның барлық активтерін ұлттандырумен, бұрынғы сецессионистердің меншігін тәркілеумен ғана емес, сонымен бірге оңтүстік штаттарға жоғары салықтар салумен де күрделенді. Салыстырмалы түрде алғанда азаттық алған 4 миллион негрлер ерекше мәселе туғызды, олардың енді өмір сүруі үшін ең қарапайым мүмкіндіктері болуы тиіс болды. Еркіндік алған негр үшін «қырық акрден және бір муладан» жер алу ұраны іске аспайтын иллюзия болды. Соғыстан күйзелген Оңтүстіктің ірі жер иеленушілері қалыптасқан жағдайдан капитал салуды қажет еткен плантацияларды кішігірім фермаларға бөлу және оларды кедей ақ фермерлерге және бұрынғы құлдарға жалға беру арқылы шықты. Олар кроппер-сыбағаластарға (издольщиктерге) айналып, бұрынғы плантаторларына жалға алған жері және тұқым себу материалдары үшін түскен өнімнің ең аз дегенде жартысын беріп отырды. Соғыстан кейінгі алғашқы жылдары кропперлердің қатарында Оңтүстіктің ақ түсті фермерлерінің 40%-ы, ал қара түстілердің 80%-ы болды. XIX ғасырдың ортасына қарай бірте-бірте қол еңбегінен бас тарту, ауыл шаруашылығын тез механикаландыру және ауыл шарушылығы мәдениеттерін селекциялау әдісі нәтижесінде мақтаның, астықтың, жүгерінің түсімі соғысқа дейінгі дәрежеге жетті. Алайда бағаның төмендеуімен байланысты жағымсыз жағдайлар да орын алды. Мысалы, XIX ғасырдың 70-жылдары мақтаның бір фунты үшін баға 15 центтен 1890-жылдары 5 центке дейін түсті, бұл оңтүстік штаттардың фермер-сыбағаластарын қайыршылыққа түсіріп, олардың селоларды тастап, қалаға көшуіне әкелді, қалаларда олар металлургиялық заводтарға, ағаш өңдеу, тоқыма және темекі фабрикаларына, сонымен бірге қарқынды жүріп жатқан темір жол құрылысына жұмысқа тұрды.

Азамат соғысы америкалық экономиканың, ең алдымен әскери іс-

қимылдарды табысты жүргізуді қамтамасыз ететін салалары – металлургиялық және электротехникалық өнеркәсіптің, сонымен бірге транспорт пен байланыстың дамуына ықпал етті. Құрама Штаттардағы өнеркәсіп төңкерісінің тез жүруіне ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы ірі техникалық жаңалықтар ықпал етті. 1860 жылдың алдында елде білімнің түрлі салаларындағы (оның ішінде тігін машинасына, телеграф аппаратына, лифтіге, ротациялық баспа станогына) өнертапқыштыққа 36 мың патент берілген болса, ал одан кейінгі 30 жыл ішінде 440 мың патент берілген. Әсіресе 1860-1880-жылдары өнертапқыштық пен жаңалықтар көп ашылған. Бұл жылдардағы техникалық жаңалықтарға: телефон аппаратының, электротрансформатордың, телетайптың, кинопроектордың т.б. ашылуы жатады.

Аграрлы елдің өнеркәсібі дамыған елге айналу процесі негізінен солтүстік-шығыс және батыс аймақтарда жүрді. Біраз бөлігі өнімді жер шаруашылығы үшін жарамсыз болып шыққан батыстағы жерлер орасан зор жайылымдарға айналдырылды. Оңтүстіктен және Шығыстан мұнда ірі мүйізді мал мен жылқылардың табындары әкелінді, олардың әкелінуі жүз мыңдаған мал өсірушілерді, бақташыларды, мал шаруашылығы жұмысшыларын, сонымен бірге ет және тері өңдейтін кәсіпорындарды жұмыспен қамтамасыз етті. Бұл орасан зор кеңістікте қалалар өсті, фабрикалар мен заводтар, кен орындары мен темір жолдар салынды. «Жабайы Батыс» өзінің соңғы күндерін басынан өткізді – бүкіл елде тұрғындардың қалаларға шоғырлану процесі қызу қарқынмен жүрді. 1860 жылы АҚШ-та миллион тұрғыны бар бірде-бір қала болмаса, ал 1890 жылы Нью-Йорктың тұрғындарының саны 1,5 млн.-ды құрады, ал Чикаго мен Филадельфияда 1 млн.-нан асты.

Өзіне өнім өткізудің жаңа нарықтарын табуға үлгермеген өнеркәсіп өндірісі кәсіпкерлердің күштері мен мүмкіндіктерін шоғырландыруды қажет етті. Өнеркәсіптік және аграрлық трестер мен корпорациялар құрыла бастады. Олардың басты мақсаты өндірген тауарларының пайдасын қамтамасыз ететін бағаның дәрежесіне бақылау орнату және корпоративті мүдделерге төнуі мүмкін саяси, экономикалық және әлеуметтік катаклизмдерді болғызбау үшін әрекеттерін біріктіру болды. ХІХ ғасырдың 60-жылдары металлургиялық, мұнай, химия, тамақ, тоқыма өнеркәсіптері, сонымен бірге транспорт пен байланыс салаларындағы ірі өндірістік бірлестіктер қалыптасып, экономикалық күшке, ал одан кейін саяси ықпалға да ие бола бастады.

Капиталдың өз күштерін біріктіруі барған сайын ұйымдасқан форма ала бастаған жұмысшы қозғалысын белсенді етті. Өндіріс пен қызмет көрсетудің барлығына жуық салаларында жалпыұлттық тред-юниондардың құрылуынан көрініс тапқан кәсіподақ қозғалысы белсенді дамыды. Фермерлік тұрғындардың мүдделерін қорғау қажеттігі 1867 жылы Орта Батыстың штаттарында ұйымдасқан грейнджерлер қозғалысының пайда болуына әкелді.

Осылайша, АҚШ ерекше белгілері қоғамның саяси, экономикалық, әлеуметтік және интеллектуалдық дамуының жоғары деңгейі болған және халықтық бұқараның өзіндік сана-сезімі мен белсенділігінің өсуі қатар жүрген қоғамдық дамудың жаңа дәуіріне енді.

Бақылау сұрақтары:

1. «Мэйсон-Диксон» бөлуші сызығы нені білдірді?
2. 1850 жылғы мәміленің себептері мен салдарлары қандай болды?
3. Республикалық партия қашан және қалай құрылды?
4. Конфедерацияның құрамына қандай штаттар кірді?
5. Қайта құрудың мәні мен мақсаты неде болды?

Өзіндік жұмыс тапсырмасы:

1. Азамат соғысының нәтижесінде АҚШ-та болған саяси, экономикалық, әлеуметтік өзгерістердің кестесін құрастырыңыз.

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Адамдар Америка құрлығына алғаш рет қандай жолмен келді?
А) Беринг бұғазы арқылы;
В) Магеллан бұғазы арқылы;
С) Панама шығанағы арқылы;
D) Атлант мұхиты арқылы;
E) Солтүстік мұзды мұхит арқылы.
2. Американың алғашқы қоныстанушылары кімдер?
А) Ағылшындар;
В) Үндістер мен эскимостар;
С) Испандар;
D) Голландтар;
E) Португалдар.
3. Америка құрлығын алғаш ашқан кім?
А) 1492 ж. Колумб;
В) 1502 ж. Америго Веспуччи;
С) 1507 ж. Вальдзмюллер;
D) 1603 ж. Граве;
E) 1541 ж. Эрнандо.
4. Америкадағы алғашқы ағылшын қонысы Вирджиния қай жылы пайда болды?
А) 1565 ж.;
В) 1605 ж.;
С) 1580 ж.;
D) 1607ж.;
E) 1551 ж.
5. Кеме жасау ісіне негізделген америка өнеркәсібі алғаш рет қай отарларда пайда болды?
А) Солтүстік-Шығыс;

- В) Оңтүстік-Шығыс;
- С) Батыс;
- Д) Орталық;
- Е) Дұрыс жауап жоқ.

6. «Еркіндіктің ұлдары» революциялық тобының көшбасшысы кім?

- А) Томас Джефферсон;
- В) Джон Адамс;
- С) Джордж Вашингтон;
- Д) Александр Гамильтон;
- Е) Сэмюэль Адамс.

7. I Континенталдық конгресс қашан жиналды?

- А) 1775 ж. тамызда;
- В) 1775 ж. мамырда;
- С) 1775 ж. қыркүйекте;
- Д) 1775 ж. желтоқсанда;
- Е) 1775 ж. қарашада.

8. «Дұрыс мағына» памфлетінің авторы кім?

- А) Томас Пейн;
- В) Томас Джефферсон;
- С) Генри Адамс;
- Д) Александр Гамильтон;
- Е) Джон Адамс.

9. Тәуелсіздік Декларациясының авторы кім?

- А) Томас Пейн;
- В) Томас Джефферсон;
- С) Генри Адамс;
- Д) Александр Гамильтон;
- Е) Джон Адамс.

10. Тәуелсіздік Декларациясы қашан қабылданды?

- А) 1775 ж. 4 шілдеде;
- В) 1777 ж. 4 шілдеде;
- С) 1774 ж. 4 шілдеде;
- Д) 1776 ж. 4 шілдеде;
- Е) 1783 ж. 4 шілдеде.

11. Конституциялық конвент қашан жиналды?

- А) 1787 ж. 4 шілдеде;
- В) 1775 ж. 10 тамызда;
- С) 1783 ж. 2 қыркүйекте;

- D) 1773 ж. 9 тамызда;
- E) 1787 ж. 25 мамырда.

12. 1787 жылғы Конституцияға алғашқы он түзетулер қашан енгізілді?

- A) 1789 ж.;
- B) 1790 ж.;
- C) 1797 ж.;
- D) 1791 ж.;
- E) 1792 ж.

13. Томас Пейннің 50 беттік «Дұрыс мағына» атты памфлеті қай жылы шықты?

- A) 1776 мамыр;
- B) 1776 ақпанда;
- C) 1777 ақпан;
- D) 1775 ақпан;
- E) 1778 мамыр.

14. 1800 жылы президенттілікке сайланған республикалық партия өкілі?

- A) Т.Джефферсон;
- B) Дж.Вашингтон;
- C) С.Адамс;
- D) Д.Шейсе;
- E) Т.Лювентюр.

15. Монро доктринасының жариялануы.

- A) 1823 ж. 2 желтоқсан;
- B) 1824 ж. 2 желтоқсан;
- C) 1825 ж. 2 желтоқсан;
- D) 1826 ж. 2 желтоқсан;
- E) 1827 ж. 2 желтоқсан.

16. АҚШ-тағы азамат соғысы қай жылдары болды?

- A) 1860-1866 жж;
- B) 1858-1868 жж;
- C) 1861-1868 жж;
- D) 1862-1866 жж;
- E) 1861-1865 жж.

17. АҚШ-та Республикалық партия қашан құрылды?

- A) 1854 ж.;
- B) 1828 ж.;
- C) 1861 ж.;
- D) 1860 ж.;
- E) 1859 ж.

18. АҚШ-тағы азамат соғысы қарсаңындағы құлдыққа қарсы болған Джон Браун көтерілісі қашан болды?

- A) 1854 ж;
- B) 1828 ж;
- C) 1861 ж;
- D) 1860 ж;
- E) 1859 ж.

19. Капиталистік солтүстік пен құлиеленушілік оңтүстік арасындағы қайшылық АҚШ-та неге әкелді?

- A) Испан-американ соғысына;
- B) тәуелсіздік үшін соғысқа;
- C) азамат соғысына;
- D) отар иелік үшін соғысқа;
- E) құлдар көтерілісіне.

20. 1815 жылдан 1828 жылға дейінгі кезеңде бір партиялы жүйе өмір сүрді. Ол қай партия болды?

- A) «джефферсондық республикашылдар»;
- B) «ұлттық республикашылдар»;
- C) «демократияшылдар»;
- D) «федералдық демократтар»;
- E) «антифеодалдықтар».

21. «Фрисойл» - бұл ...

- A) Құл иеленуші;
- B) Фермерлер;
- C) Азат жер;
- D) Одақтастық;
- E) Құқық заңдары.

22. 1831 жылы 1 қаңтарда шыққан «Либерейтор» - газетінің авторы кім?

- A) Уильям Л. Гаррисон;
- B) Джеймс Ф.Купер;
- C) Дж.Спаркс;
- D) Гэнри У.Лонгфелло;
- E) Джон Г.Уитьер.

23. 1860 жылы сайлауда президенттілікке ұсынылған А.Линкольн қай партияның өкілі болды?

- A) демократиялық;
- B) федералдық;
- C) республикалық;

- D) либералдық;
- E) коммунистік.

24. Сецессия –

- A) мемлекеттен бөліну;
- B) одақ құру;
- C) одақтың бірігуі;
- D) елдің жойылуы;
- E) мемлекеттің пайда болуы.

25. Америка штаттарының Конфедерациясы қашан құрылды?

- A) 1860 ж. 21 сәуірде;
- B) 1861 ж. 8 ақпанда;
- C) 1862 ж. 4 наурызда;
- D) 1863 ж. 13 маусымда;
- E) 1864 ж. 18 желтоқсанда.

36. Джефферсон екінші рет қай жылы президенттікке сайланды?

- A) 1801 жылы;
- B) 1803 жылы;
- C) 1805 жылы;
- D) 1800 жылы;
- E) 1804 жылы.

27. Қай жылы Джеймс Мэдисон Джефферсонның орнына АҚШ президенті болды?

- A) 1809;
- B) 1807;
- C) 1810;
- D) 1812;
- E) 1815.

28. 1812 жылы Құрама Штаттар

- A) Францияға соғыс жариялады;
- B) Италияға соғыс жариялады;
- C) Англияға соғыс жариялады;
- D) Ресейге соғыс жариялады;
- E) Мексикамен соғысты.

29. Құқық туралы Билль қай жылы енгізілді?

- A) 1787 ж.;
- B) 1788 ж.;
- C) 1789 ж.;
- D) 1790 ж.;

Е) 1791 ж.

30. 1801 жылы Луизиана жері...

- А) Испанияға өтті;
- В) Францияға өтті;
- С) Англияға өтті;
- Д) Португалияға өтті;
- Е) Пруссияға өтті.

31. 1820 жылы қай штаттар ашылды?

- А) Миссури, Мэнн;
- В) Делавэр, Нью-Хэмпшир;
- С) Луизиана, Батыс Флорида;
- Д) Мексика, Коннектикут;
- Е) Нью-Джерси, Колорадо.

32. 1867 жылы АҚШ өз құрамына Ресейден қай штатты сатып алды?

- А) Алабама;
- В) Аляска;
- С) Мэн;
- Д) Нью-Мексика;
- Е) Нью-Хэмпшир.

33. 1823 жылы қабылданған Монро доктринасы нені білдірді?

- А) Европа державаларының АҚШ пен Латын Америкасы ісіне араласпауын;
- В) Европаға жүргізілген саясатын белгіледі;
- С) АҚШ-қа Европа интеграциясын белгіледі;
- Д) Африкаға отаршылдық саясатын белгіледі;
- Е) Құлдық пен құл сатуға тыйым салды.

34. АҚШ-тағы Миссури келісімі қашан қабылданды?

- А) 1823 ж;
- В) 1803 ж;
- С) 1828 ж;
- Д) 1807 ж;
- Е) 1820 ж.

35. XIX ғ. ортасында АҚШ-та құлдықты жоюды жақтаушыларды кімдер деп атады?

- А) аболиционистер;
- В) сервенттер;
- С) ку-клукс кланшылар;
- Д) фермерлер;
- Е) фримендер.

36. АҚШ-тың бірінші президенті кім?

- A) В. Вильсон;
- B) Б. Франклин;
- C) Дж. Кеннеди;
- D) Т. Рузвельт;
- E) Дж. Вашингтон.

37. АҚШ конституциясы қабылданған жыл?

- A) 1787 ж.;
- B) 1783 ж.;
- C) 1789 ж.;
- D) 1781 ж.;
- E) 1773 ж.

38. Англияда «Лондон» және «Плимут» компаниялары қай жылы құрылды?

- A) 1606 ж.;
- B) 1618 ж.;
- C) 1625 ж.;
- D) 1620 ж.;
- E) 1610 ж.

39. Вирджинияға алғашқы қара африкалықтар қай жылы әкелінді?

- A) 1619 ж.;
- B) 1620 ж.;
- C) 1618 ж.;
- D) 1610 ж.;
- E) 1625 ж.

40. 102 пуритан кальвинисі бар Мейфлауер кемесі Америкаға қай жылы келді?

- A) 1620 ж.;
- B) 1621 ж.;
- C) 1618 ж.;
- D) 1610 ж.;
- E) 1625 ж.

41. «Бостондағы шай ішу» оқиғасы қашан болды?

- A) 1774 ж. 10 тамыз;
- B) 1773 ж. 16 желтоқсан;
- C) 1775 ж. 1 ақпан;
- D) 1783 ж. 4 шілде;
- E) 1783 ж. 1 шілде.

42. Тәуелсіздік жолындағы соғыстың барысына түбірлі бетбұрыс енгізген қандай шайқас?

- A) Банкер-Хилл;
- B) Саратога;
- C) Коупенс;
- D) Квебек;
- E) Йорктаун.

43. Ағылшын-американ соғысы қашан басталды?

- A) 1801 ж. 19 маусым;
- B) 1800 ж. 19 маусым;
- C) 1799 ж. 19 маусым;
- D) 1812 ж. 19 маусым;
- E) 1776 ж. 4 шілде.

44. Ағылшын-американ соғысын басқаша қалай атайды?

- A) «Қасиетті соғыс»;
- B) «Әділетті соғыс»;
- C) «Қырғи-қабақ соғыс»;
- D) «Оғаш соғыс»;
- E) «Тәуелсіздік жолындағы екінші соғыс».

45. Джеймс Мэдисонның билік еткен жылдары:

- A) 1709-1817;
- B) 1743-1826;
- C) 1817-1825;
- D) 1801-1809;
- E) 1789-1907.

46. АҚШ конгресі 1800 ж. қандай шешім шығарды?

- A) Әйелдерге сайлау құқығын беруді;
- B) Ағылшындармен соғыс бастауды;
- C) Луизиананы сатып алуды;
- D) Жаңа федералдық астананы Вашингтонның атымен атауды;
- E) Барлық жауап дұрыс.

47. Америкалық миссионерлер Орегон аумағын игеруді қашан бастады?

- A) 1830 ж.;
- B) 1834 ж.;
- C) 1836 ж.;
- D) 1840 ж.;
- E) 1829 ж.

48. Миссури келісімінің мәні неде?

- A) Құлдыққа мүлдем тыйым салынды;
- B) Барлық штаттар ерікті деп жарияланды;
- C) 38^о-тан солтүстікке қарай құлдыққа тыйым салынды;
- D) Құл иеленушілікке рұқсат берді;
- E) Ағылшын-америка сауда қатынастарын реттеді.

49. Джексондық демократтар дегеніміз кімдер?

- A) Дж. Вашингтонның идеалдарын қалпына келтіруге тырысатындар;
- B) Дж. Адамстың идеалдарын қалпына келтіруге тырысатындар;
- C) Т. Джефферсонның идеалдарын қалпына келтіруге тырысатындар;
- D) Дж. Мэдисонның идеалдарын қалпына келтіруге тырысатындар;
- E) Дж. Монроның идеалдарын қалпына келтіруге тырысатындар.

50. «Абсолютционистік қозғалыс» деген не?

- A) Ағылшын билеушілеріне қарсы қозғалыс;
- B) Президентке қарсы қозғалыс;
- C) Демократиялық қозғалыс;
- D) Құлдыққа қарсы қозғалыс;
- E) Жоғары салықтарға қарсы қозғалыс.

ӘБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі:

1. Американские просветители. Избранные произведения в 2 т. - М., 1969.
2. Бурова И.И., Силинский С.В. США. – Спб., 2002.
3. Иванян Э.А. История США.- М., 2004.
4. Инаугурационные речи президентов США от Джорджа Вашингтона до Джорджа Буша 1789-2001 / Под ред. Э. А. Иваняна. - М., 2001.
5. История США / Под ред. Г. Н. Севостьянова: В 4 т. - М., 1983 -1987
6. История внешней политики и дипломатии США. 1775-1877 / Под ред. Н. Н. Болховитинова. - М., 1994.
7. Конституция и законодательные акты США. - М., 1993.
8. Новая история стран Европы и Америки./ Под.ред проф.А.В.Адо.- М., 1986.
9. Новая история стран Европы и Америки./ Под.ред И.М. Кривогуза.- М., 2002.
10. Слезкин Л. Ю. У истоков Американской истории: Виргиния, Новый Плимут. 1608-1642. - М., 1978.
11. Слезкин Л. Ю. У истоков американской истории: Массачусетс, Мэриленд. 1630-1642. - М., 1980.
12. Словарь американской истории / Под ред. А. А. Фурсенко. - СПб., 1997.
13. Современные Соединенные Штаты Америки: Энциклопедический справочник / Под. ред. Э.А.Иваняна. - М., 1989.
14. Становление американского государства / Под ред. А. А. Фурсенко. – СПб., 1992.

Қосымша:

1. Американская цивилизация как исторический феномен / Под ред. Н. Н. Болховитинова. - М., 2001.
2. Американский экспансионизм. Новое время / Под ред. Г. Н. Севостьянова. - М., 1985.
3. Гаджиев К. С. Американская нация: национальное самосознание и культура.- М., 1990.
4. Иванов Р. Ф. Авраам Линкольн и гражданская война в США. - М., 1964.
5. Иванян Э. А. От Дж. Вашингтона до Дж. Буша. Белый дом и пресса. - М., 1991.
6. Печатнов В. О. Гамильтон и Джефферсон. - М., 1984.
7. Мишин А. А. Принцип разделения властей в конституционном механизме США. - М., 1984.
8. Романова Н. Х. Реформы Э. Джексона. 1829-1937. - М., 1988.
9. Согрин В. В. Идеология в американской истории. От отцов-основателей до конца XX века. - М., 1995.
10. Согрин В. В. Политическая история США. - М., 2001.
11. Фурсенко А. А. Американская революция и образование США. - Л., 1978.

Пішімі 60x84 1/12
Көлемі 135 бет 11,25 шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 32 ш/а.